11. AP RK, F. 708, Op.10, D. 1385, L.26-28.
12. Mustafaeva A.A. *Istoricheskij obzor evolyucii islama v sovetskom Kazahstane [Historical overview of the evolution of Islam in Soviet Kazakhstan]//KazNU Bulletin. Oriental series.* – №3 (60). – 2012. – P.31-35. [in Russian]
13. Saktaganova Z.G. *Sovetskaya model' gosudarstvennoj religioznoj politiki v Kazahstane i religioznaya povsednevnost' kazahstancsev vo vtoroj polovine HKH v. [The Soviet model of state religious policy in Kazakhstan and the religious everyday life of Kazahstanis in the second half of the twentieth century]* Available at: – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovetskaya-model-gosudarstvennoj-religioznoj-politiki-v-kazahstane-i-religioznaya-povsednevnost-kazahstancsev-vo-vtoroj-polovine-hh-v> [in Russian] (accessed: 03.2024).
14. Mambetova G.A., Muminov A.K., 2023 – Mambetova G.A., Muminov A.K. *Politika sovetskogo gosudarstva v otnoshenii religioznyh deyatelej (Kazahstan. Aktyubinskaya oblast') [The policy of the Soviet state in relation to religious figures (Kazahstan. Aktobe region)].* 2023. №26 (2), Pp.310-326. [in Russian].
15. Potapova A.N. *Religioznaya politika Sovetskogo Gosudarstva i ee osushchestvlenie na YUzhnom Urale v 1941-1958 gg. [Religious policy of the Soviet State and its implementation in the Southern Urals in 1941-1958]* Available at: – URL: <https://www.dissercat.com/content/religioznaya-politika-sovetskogo-gosudarstva-i-ee-osushchestvlenie-na-yuzhnom-urale-v-1941-1> [in Russian] (accessed: 07.2024)

*Список использованной литературы:*

1. Балтабаева А.М. *Некоторые вопросы антирелигиозной борьбы в Казахстане в 20-30-е годы XX века //Вопросы истории Казахстана. Исследования молодых ученых.* – Алматы: Институт истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова МОН РК, 2000. – С.38-48.
2. Тасмагамбетов А.С. *Политика Советской власти в Казахстане в отношении ислама в 1917-1940 гг. Автореферат на соиск. канд.ист.наук.* – Алматы 1998. – 31 с.
3. *Архив Президента Республики Казахстан (АП РК) Ф. 708, оп.5/1, д. 617, л.9-14*
4. АП РК Ф.708, оп.5/1, д.617, л.25-27.
5. АП РК Ф. 708, оп.5/1, д. 670, л.28-31
6. АП РК Ф. 708, оп.5/1, д. 617, л.21-23
7. АП РК Ф. 708, оп.5/1, д. 617, л.35-36
8. АП РК Ф. 708, оп.5/1, д. 617, л.5-6
9. АП РК Ф. 708, оп.10, д. 1385, л.66
10. АП РК Ф. 708, оп.10, д. 1385, л.2-13
11. АП РК Ф. 708, оп.10, д. 1385, л.26-28.
12. Мустафаева А.А. *Исторический обзор эволюции ислама в советском Казахстане // KazNU Bulletin. Oriental series.* – №3 (60). – 2012. – С.31-35.
13. Сактаганова З.Г. *Советская модель государственной религиозной политики в Казахстане и религиозная повседневность казахстанцев во второй половине XX в. [Электронный ресурс]* – URL:

<https://cyberleninka.ru/article/n/sovetskaya-model-gosudarstvennoy-religioznoy-politiki-v-kazahstane-i-religioznaya-povsednevnost-kazahstantsev-vo-vtoroy-pолоvine-hh-v> (дата обращения: 03.02.2024).

14. Мамбетова Г.А., Муминов А.К., 2023 – Мамбетова Г.А., Муминов А.К. Политика советского государства в отношении религиозных деятелей (Казахстан. Актыобинская область) // Отан тарихы. 2023. № 26 (2). С.310-326.

15. Потапова А.Н. Религиозная политика Советского Государства и ее осуществление на Южном Урале в 1941-1958 гг. [Электронный ресурс] – URL: <https://www.dissercat.com/content/religioznaya-politika-sovetskogo-gosudarstva-i-ee-osushchestvlenie-na-yuzhnom-urale-v-1941-1> (дата обращения: 07.06.2024).

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20  
ӘӨЖ / УДК / UDC 93

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2024.83.4.005>

З.Б. Мырзатаева \*<sup>1</sup>, А.Е. Каримова <sup>2</sup>, Б.Н. Абдрахманов <sup>3</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, «Айтылған тарих» ғылыми лабораториясының жетекшісі, т.ғ.к.  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы, E-mail: [zabyra73@mail.ru](mailto:zabyra73@mail.ru)

<sup>2</sup>Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің  
қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к. Павлодар қ., Қазақстан Республикасы,  
E-mail: [ake073@mail.ru](mailto:ake073@mail.ru)

<sup>3</sup>Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің  
қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к., Павлодар қ., Қазақстан Республикасы,  
E-mail: [abdrahmanov\\_bayr@mail.ru](mailto:abdrahmanov_bayr@mail.ru)

### БІРІНШІ СІБІР КОМИТЕТІНІҢ<sup>1</sup> ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ 1822 Ж. «СІБІР ҚЫРҒЫЗДАРЫ ТУРАЛЫ ЖАРҒЫ»: ТАРИХНАМАСЫ МЕН ДЕРЕКТІК НЕГІЗІ

Аңдатпа

XIX ғасырдың 20-жылдарында қазақ мемлекеттілігінің іргесі сөгіліп, дағдарысты жағдайды бастан өткерді. 1822 жылдың 22 шілдесінде орта жүз хандығын саяси статусынан айырған «Сібір қазақтарының Жарғысы», 1824 жылы кіші жүз жерінде «Орынбор қазақтарының Жарғысы» енгізілді. «Сібір қазақтары Жарғысының» авторы – Ресей империясының реформаторы, бірінші Сібір комитетінің негізін қалаушы граф М.М. Сперанский еді. М.М. Сперанскийдің «Жарғыны» даярлаудағы мақсаты орта жүз қазақтарын басқаруды біржолата «жақсарту» арқылы өлкенің жер асты және жер үсті ресурстарын империя мүддесіне орай түпкілікті заңдастыру болды. Дәстүрлі хандық биліктің орнына орыстық басқару тәртібінің енгізілуі қазақ елінің тұрмысын ауырлатты, алым-салықтар саны ұлғайып, көшіп қонатын жер аясы тарылды. Бұл халықтың наразылығын тудырды.

Мақала авторлары мәселені тарихнамалық және деректемелік тұрғыдан қарастырады. Бұрын-соңды назардан тыс қалып келген империялық тарихтың жаңа қырларына, яғни, бірінші Сібір комитетінің отарлық мақсатта құрылған орган ретіндегі қызметін сыни әдістермен баяндайды. Оның қазақ жеріндегі ауыр салдарына тоқталады.

Сондай-ақ, авторлар ұжымы Сібір комитетінің бекітуімен және басқаруымен өмірге келген «Сібір қазақтары жарғысының» іске асырылуы, соның салдарынан Арқада үздіксіз жүрген ұлт-азаттық көтерілістер тарихнамасын және деректемесін талдауға алады. Аталған мәселе еліміздің тәуелсіздігі жылдарында ашық айтыла бастады. Соған сәйкес, Сібір комитетінің құрылған 1821-1838 ж. дейінгі қызметі, 1822 жылдан бастап Арқа даласында аталған реформаға қарсы халық наразылығының болғанын фактілік тұрғыдан көрсетеді, яғни, Арқадағы көтерілістің ерекшелігі ретінде, оның бұқаралық сипат алғаны, ұзаққа созылғаны, табанды және ұйымдасқан түрде жүргізілгендігі атап көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** Сібір комитеті, «Сібір қазақтары туралы жарғы», реформа, реформатор, тарихнама, деректер, хандық билік институты, Сарыарқа, патша отаршылдығы.

Жұмыс ҚР БҒМ ІРН АР23487874 «Ресей империясының Солтүстік-Шығыс Қазақстанда ресми саясатын қалыптастыру және іске асыру бағытындағы Сібір комитетінің қызметі: деректерді талдау және контекст» атты жоба аясында орындалды.

<sup>1</sup> Бірінші Сібір комитеті (28 шілде 1821 – 9 қаңтар. 1838). Санкт-Петербургте жұмыс істеген Сібір істері жөніндегі Жоғарғы әкімшілік және заң шығару органы. Сібір генерал-губернаторы М.М. Сперанскийдің 1822 жылғы Сібір реформаларын әзірлеу және жүзеге асыру туралы есебін қарау үшін құрылған.

З.Б.Мырзатаева \*<sup>1</sup>, А.Е. Каримова <sup>2</sup>, Б.Н. Абдрахманов <sup>3</sup>

<sup>1</sup> КазНПУ имени Абая, Руководитель научной лаборатории «Айтылган тарих»,  
кандидат исторических наук, г. Алматы, Республика Казахстан,  
E-mail: [zabyra73@mail.ru](mailto:zabyra73@mail.ru)

<sup>2</sup> Ассоциированный профессор Павлодарского педагогического университета  
имени Ә. Марғұлан, кандидат исторических наук, г. Павлодар, Республика Казахстан,  
E-mail: [ake073@mail.ru](mailto:ake073@mail.ru)

<sup>3</sup> Ассоциированный профессор,  
Павлодарского педагогического университета имени Ә. Марғұлан, кандидат исторических наук  
г. Павлодар, Республика Казахстан, E-mail: [abdrahmanov\\_bayr@mail.ru](mailto:abdrahmanov_bayr@mail.ru)

## О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕРВОГО СИБИРСКОГО КОМИТЕТА И «УСТАВ О СИБИРСКИХ КИРГИЗАХ» 1822 г.: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ И ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

### *Аннотация*

В 20-е годы XIX века казахская государственность пережила кризисную ситуацию. 22 июля 1822 года был введен «Устав о сибирских киргизах», лишивший политического статуса ханскую власть Среднего жуза, в 1824 году - «Устав об оренбургских киргизах» на территории Младшего жуза. Автором «Устава о сибирских киргизах» был граф М.М. Сперанский, реформатор Российской империи, основатель Первого Сибирского Комитета. Целью М.М. Сперанского в подготовке «Устава» была окончательная легализация полезных ископаемых края в интересах империи посредством постоянного «улучшения» управления казахами Среднего жуза. Введение нового порядка управления вместо традиционной ханской власти отягощало быт казахского народа, увеличивалось количество налогов и вводились ограничения на земельные угодья, что ограничивало маршруты кочевания казахов, и в целом, возникали спорные вопросы по землепользованию. Это вызывало недовольство населения.

Авторы статьи рассматривают проблему с позиции историографического анализа и через призму источниковой базы. К новым граням имперской истории, которые когда-то игнорировались, относятся критические методы, описывающие деятельность Первого Сибирского комитета как органа, созданного для колониальных целей. Внимание акцентировано на тяжелых последствиях для казахского народа.

Кроме того, коллектив авторов проводит критический анализ историографии и источников, в частности, «Устава о сибирских киргизах», воплощенного в жизнь при утверждении и под управлением Сибирского комитета, и, как следствие, продолжающихся национально-освободительных восстаний на территории Сарыарки. Данная проблема начала освещаться в годы обретения независимости нашей страны. Соответственно, деятельность Сибирского комитета, существовавшего в 1821-1838 гг., фактически, начиная с 1822 года сопровождалась народными протестами против указанной реформы, потому как они носили массовый характер, были затяжными и хорошо организованными.

**Ключевые слова:** Сибирский комитет, «Устав о сибирских киргизах», реформа, реформатор, историография, источники, институт ханской власти, Сарыарка, царский колониализм.

*Работа выполнена в рамках проекта ИРН AP23487874 МОН РК «Деятельность Сибирского Комитета по формированию и реализации официальной политики Российской империи в Северо-Восточном Казахстане: анализ данных и контекст».*

Z.B. Myrzataeva <sup>1\*</sup>, A.E. Karimova <sup>2</sup>, B.N. Abdрахmanov <sup>3</sup>

<sup>1</sup> KazNPU named after Abai, Head of the scientific laboratory "Aitylgan Tarikh", Candidate of Historical Sciences, Almaty, Republic of Kazakhstan, E-mail: [zabyra73@mail.ru](mailto:zabyra73@mail.ru)

<sup>2</sup> Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan Associate Professor, Ph. D. Pavlodar, Republic of Kazakhstan, E-mail: [ake073@mail.ru](mailto:ake073@mail.ru)

<sup>3</sup> Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan Associate Professor, Ph. D. Pavlodar, Republic of Kazakhstan, E-mail: [abdrahmanov\\_bayr@mail.ru](mailto:abdrahmanov_bayr@mail.ru)

## ABOUT ACTIVITIES OF THE FIRST SIBERIAN COMMITTEE<sup>2</sup> AND THE «LAW ON THE SIBERIAN KIRGHIZ» OF 1822: HISTORIOGRAPHICAL AND SOURCE ANALYSIS

### Abstract

In the 20s of the XIX century, the Kazakh government experienced a crisis situation. On 22 July 1822, the 'Statute on the Siberian Kirghiz' was introduced, which deprived the khan power of the Middle zhuz of political status, and in 1824 - the 'Statute on the Orenburg Kirghiz' on the territory of the Younger zhuz. The author of the 'Statute on the Siberian Kirghiz' was Count M.M. Speransky, a reformer of the Russian Empire and founder of the First Siberian Committee. The purpose of M. M. Speransky in the preparation of the 'Statute' was the final legalisation of the mineral resources of the region in the interests of the Empire by means of constant 'improvement' of the management of the Kazakhs of the Middle Zhuz. The introduction of a new order of governance instead of the traditional khan's authority burdened the life of the Kazakh people, the number of taxes was increased and restrictions were imposed on land, which limited the routes of nomadic Kazakhs, and in general, there were controversial issues on land use. This caused discontent among the population.

The authors of this article examine the problem from the perspective of historiographical analysis and through the prism of the source base. New facets of imperial history that were once ignored include critical methods describing the activities of the First Siberian Committee as a body created for colonial purposes. Attention is emphasised on the dire consequences for the Kazakh people.

In addition, the team of authors conducted a critical analysis of historiography and sources, in particular, the 'Statute on the Siberian Kirghiz', implemented under the approval and administration of the Siberian Committee, and, as a consequence, the ongoing national liberation uprisings in the territory of Saryarka. This problem began to be highlighted in the years of independence of our country. Accordingly, the activities of the Siberian Committee, which existed in 1821-1838, in fact, since 1822 were accompanied by popular protests against the reform, because they were mass, protracted and well-organised.

**Keywords:** Siberian Committee, Statute on Siberian Kirghiz, reform, reformer, historiography, sources, institution of khan's power, Saryarka, tsarist colonialism.

*The work was carried out within the framework of the project IRN AP23487874 MES RK 'Activities of the Siberian Committee on the formation and implementation of the official policy of the Russian Empire in North-Eastern Kazakhstan: data analysis and context'.*

**Кіріспе.** XIX ғасырдың 20-жылдарында Арқа жерінде орыс басқару жүйесі енгізіле бастады. Қазақ мемлекетінің саяси тағдырына зор нұқсан келтірген оқиғалар нақ осы кезеңде болып өтті. Патша реформаторы М.М. Сперанский қазақ жерінде әкімшілік-территориялық басқару жүйесін енгізу арқылы оның табиғи дамуына тежеу қойды. Сонымен қатар, аталған реформа әскери тұрғыдан басқаруға негізделіп даярланды: жаңа басқарма саяси тұрғыдан өлкеге бекініп, бұдан әрі қарай қазақ даласына ішкері ену көзделінді. Реформа Арқа жеріндегі тұтас хандықты бөлшектеп басқаруға бағытталды. Түрлі салықтар енгізу арқылы жер үсті және жер асты байлықтары тонауға ұшырай бастады. Алайда, 1822 ж. «Жарғыда» бұл шебер бүркемеленді, оның мазмұнына қарағанда «Жарғы» жергілікті өңірге игілік пен өркениет әкелетін сияқты көрсетілді. Революцияға дейінгі және кеңестік тарихнама оған объективті бағасын бере алған жоқ, ал бүгінгі таңда бұл мәселенің жаңа технологиялық құралдармен қарастырудың маңызы зор. Мемлекеттілікті сақтау, отаншылдықты ұрпақаралық сабақтастықта жеткізу және тарихи

---

<sup>2</sup> The First Siberian Committee (July 28, 1821 – January 9, 1838). The Supreme Administrative and Legislative Body for Siberian Affairs, which operated in St. Petersburg. It was established to review the report of the Siberian Governor-General M.M. Speransky on the development and implementation of the Siberian reforms of 1822.

жадты қалыптастыруда аталған тақырыпты зерттеудің маңызы зор және өзекті тақырыптардың бірінен орын алады.

**Материалдар мен әдістер.** Мақалада тарихнамалық, деректемелік талдау әдістері және тарихи-жүйелілік, тарихи-салыстырмалылық, тарихи-антропологиялық әдіс-құралдары пайдаланылды. Мәселе мазмұнын ашуда қазіргі таңдағы зерттеудің «жаңа империялық тарих» аталып кеткен тарихи зерттеудің методологиялық құралдарына ғылыми-теориялық талдау жасалынады. Тарихнамалық талдау тарихи хронологиялық негізден қарастырылады.

**Талқылау.** Сонымен, алғашқы Сібір комитетінің ұйымдастырылуы патша сарайының қызметкері, реформатор Михайл Михайлович Сперанскийдің есімімен байланысты. 1819 жылы 22 наурызда Александр І М.М. Сперанскийді Ресей империясының кең аумағында - Сібір генерал-губернаторы етіп тағайындау туралы Жарлыққа қол қояды. М.М. Сперанский Сібірдің бай ресурстарымен (құнды аң терісі, қазақтың шұрайлы жерлері, жер асты мен жер үсті) қазына байлығын ұлғайту арқылы империяның отаршылдық саясатын жүргізуді көздеді, оның бұл бағыттағы еңбегі тез-ақ «ақталып» зор беделге ие болды. М.М. Сперанский Тобольск, Томск, Иркутск қалаларын қамтитын Сібір аймағы мен қазақ даласына түбегейлі реформа жасамай, қажетті деңгейде Ресей капитализмі үшін пайда келтіру мүмкін емес деп түйіндейді. Осындай мақсатпен Азия департаментінде, 1819 жылы тек қана қазақ даласына қарасты саяси-экономикалық мәселелермен айналысатын Азиялық комитет атты ерекше орган құрылған-тын. Бұл комитеттің тапсырмасы бойынша сол кезеңге дейінгі орыс-қазақ қатынастарын анықтау үшін М.М. Сперанский 1819 жылы Солтүстік шығыс Қазақстанға келеді. Қазақ қоғамымен таныса келе, түйген пікірін, ол қызына жолдаған хатында қазақ қоғамын «жабайы», «тағы» ел деп көрсетеді. Сонымен қатар ол «Мен Сібірдің нағыз саяси мәселесін аштым. Бұл тұрғыда, менімен тек қана, Ермак теңесе алады» [1, 143 с.] дейді. Ермак – Көшім хан билеген Сібір хандығына қарақшылық жорық жасаған казак атаманы екені белгілі. Сондықтан М.М. Сперанскийдің бұл ойларынан отарлық мақсатты көздеген ресейлік шенеуніктер қатарынан екендігін байқау қиын емес.

Арқада орыстық үстемдіктің орнай бастауына арналған зерттеу жұмыстары бүгінде аз емес. Аталған мәселеге қатысты тарихнаманы үш кезеңге бөліп қарастырамыз. Алғашқысы патша өкілдерінің қаламынан шыққан еңбектер: әскери-шенеуніктердің күнделік жазбалары, мерзімді басылымдар және заңдық құжаттар құрайды. Екінші топқа кеңестік империя тұсындағы зерттеулер және үшінші топқа – қазіргі таңдағы ғалымдар еңбектері.

XIX ғасыр зерттеушілерінен Ш.Уәлиханов еңбектерін [2, 18 б.] ерекше атауға болады. Ш. Уәлиханов хан билігіне, билер сотына, әкімшілік реформаларға қатысты пікір білдірген. Ол орыстық басқарудың қазақ жерінде мүлдем қажетсіз болғандығын, керісінше мұндай басқарманың қазақ өмірі үшін қайғы әкелгенін ашық жазды. Сондай-ақ, Арқадағы «Жарғы» негізінде құрылған дуандардың (округтардың) салдарынан елдің жұтқа ұшырай бастағанын да айтты.

Сол сияқты, 1822 ж. даярланған әкімшілік-территориялық реформа – «Сібір қырғыздары туралы Жарғыға» объективті баға беруге талпынған автор Н.Ядринцев [3] болды. Н.Ядринцев жалпы Сібір халықтарының отарға айнала басталуы кезеңі жайында, Сібір басқармасы жөнінде ауқымды еңбек жазды. Онда ол «Жарғылардың» жергілікті халықтар үшін зардапты болғанын айтады. Әсіресе империя саясатын жүргізуде адал атсалысқандардың бірі - М.Красовский. Алайда, орта жүз хандығына енгізілген өзгерістер бойынша жергілікті басқару аппаратына тоқталған еңбегінің орны ерекше [4]. Ол Арқадағы орыстық басқарманың әрбір бөлігін жеке-дара талдауға алады. Автордың өңір жөнінде жинаған статистикалық мәліметтері мәселені жан-жақты зерттеуде көмегі айтарлықтай болды.

Зерттеу тақырыбының кейбір аспектілеріне Н.Г. Путинцев, И.В. Щеглов та [5] өз еңбектерінде қысқаша тоқталған. Бұл еңбектерде Батыс-Сібірге басып кірген Сібір казак әскерлерінің тарихы мерзімдік дәйектілікпен көрсетіледі.

Омбы облысының бастығы Броневскийдің, орыс географы Завалишиннің, Орынбор генерал-губернаторы Крыжановскийдің Арқа жері туралы айтқан ой-пікірлері аса көңіл аударарлық. Мұнда Броневский XIX ғасырдың 30-жылдарындағы (Арқа жеріндегі) қазақ өмірі жайында құнды мәліметтер қалдырса [6, 165-192 с.], Завалишин патшалықтың отаршылдық саясаты үшін Арқа жерін «Алтын дала» [7] болып табылатынын ашық айтты. Ал, Крыжановскийдің қазақ жеріне деген метрополиялық көзқарасы ерекше. Ол: «Қырғыз (казак-автор.) даласы Ресей империясы үшін аса қажет. Бұл жерді басқа отаршыл империя жаулап алған күннің өзінде, біз ол үшін күрескен болар едік» [8], – деп жазады. Міне, бұл фактілік материалдар патшалық Ресейдің жаулап алуды көздеген көңіл-күйін толық жеткізсе керек. Қарастырғалы отырған кезеңге байланысты, жалпы қазақтардың шаруашылығы мен әлеуметтік құрылымы және Орта Азиядағы сауданың жәй-күйі, сондай-ақ, жекелеген әлеуметтік топтардың –



сұлтандардың, билердің қоғамдағы орны мен саяси жағдайы туралы зерттеу үшін маңызы бар келесі еңбек – Орынбор Шекара Комиссиясының төрағасы, генерал Г.Ф. Генійстің күнделік жазбасы. Арқа жерінде болғанда, көрген-білгенін сол қалпында жазған оның бұл еңбегінен қазақ даласының күнделікті өмірін жақыннан тануға болады [9].

Сондай-ақ, XIX ғасырда өмір сүрген орыстың белгілі тарихшысы М.С. Соловьевтің еңбегінен патшалықтың жүргізген «Шығыс саясатындағы» қылмыстардың бет-пердесін ашып жазғанын байқаймыз. Ол, патша І Петрдің империялық пиғылдарын, шығысқа көз алмай қарауда болғанын, болашақта қазақ даласын, Орталық Азияны басып алуды армандағанын ашық жазады. Оның Арқада бекінуі үшін орыс шаруаларын сан жағынан ұлғайтып, жергілікті халықты христиандандыру керек» [10] деген ойларын еш өзгеріссіз баяндаған.

Төңкеріске дейінгі зерттеулердің басым көпшілігі Сібір орыс-казактарының Сібір шебіне ентелеп енуі жылдық мерзім бойынша статистикалық мәліметтермен көрсеткен. Мұндай зерттеулер қатарына «Памятка Семиреченского казака с кратким очерком завоевание Средней Азии», «Военно-статистическое обозрение Российской империи» [11], сондай-ақ, зерттеуші Ф.Н. Усов, Г.Е. Катанаев, Н.В. Леденев [12] еңбектерін жатқызуға болады.

**Нәтижесі.** Сөйтіп, революцияға дейінгі еңбектерді саралай келе мынаны атап айту маңызды: біріншіден, бұл кезең авторлары 1822 жылғы «Сібір қырғыздары Жарғысын» қазақ қоғамының қалай қарсы алғандығын, орыс үстемдігінің Арқа жеріндегі зардапты салдарын ашып көрсетуден бойын аулақ ұстайды. Екіншіден, қазақ даласындағы орыс-казак әскерилерінің халыққа көрсеткен озбырлықтарын сөз етпейді. Үшіншіден, орыс-казак отрядтарының шабуымен опат болған жергілікті тұрғындар, сарбаздар саны еш жерде тіркелмеген. Міне сөйтіп, революцияға дейінгі зерттеушілер, XIX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ сахарасының қайғылы тарихын ақиқат-шындық тұрғысында көрсете алмады.

Жалпы Сібір тарихына арналған еңбектерді Г.Ф. Миллер, П.А. Словцов, С.М. Прутченко, В.К. Андриевич, В.Вагин жазады [13]. Батыс Сібір тарихына қатысты кейбір мәліметтерді аталған авторлар еңбегінен табамыз.

Семей баспасынан алғашында «Естелік кітапша» деген атпен Семей облыстық статистикалық комитетінің басшылығымен, содан соң «Орыс-географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі жазбасында» мұрағат құжаттары негізімен «Дала өлкесі тарихына арналған құжаттар» деген атпен Н.Коншиннің көлемді еңбектері жарық көрген [14]. Н.Коншин - Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесіндегі статистикалық комитетте қызмет еткен, жер аударылып келген орыс ғалымы. Оның еңбектерінің басым көпшілігі Аягөз, Көкпекті, Қарқаралы сыртқы дуандардың құрылу тарихына қатысты құжаттар жинағынан тұрады. Мұнда, сыртқы округтер тарихының XIX ғасырдың 30-40 жылдарындағы оқиғалар қамтылған. Бұл еңбектердің құндылығы, Семей мұрағатындағы деректерді түпнұсқасында жинақтап бір жүйеге келтіруінде. Әсіресе, әрбір еңбек соңындағы қосымша деректердің маңызы зор.

М.М. Сперанскийдің қызметі мен өмірі туралы мәліметтерді С.А. Чибиряев, Қ.А. Колягин, М.Ф. Корф, А. Фатеев [15] және т.б. [16] авторлар еңбектерінен табамыз. Аталған авторлардың барлығы дерлік М.М. Сперанскийді жоғарыдан (тек мадақтаумен) көрсетеді. Олардың тұжырымдауынша, Сперанский Сібір халқы мен қазақ халқына тек игілікті іс жасаушы тұлға қатарынан көрсеткісі келеді. Ал, шын мәнінде реформадағы басты отарлау мәселесінің қойылғанын аталған авторлар көрмеуге тырысты.

Патшалық дәуір өтіп, билік кеңестер қолына көшкеннен кейін де Қазақстан тарихы объективті зерттелмей қалды. Қазақстан тарихы 1940-1941 жылы профессор М.Вяткиннің редакциялауымен «ҚазССР тарихы бойынша материалдар (1785-1828 ж.)» және «Қазақ ССР-нің тарихы бойынша очерк» жарық көрді [17]. Бұл еңбектердің құндылығы, осы кезең оқиғаларының деректік негіздермен берілуінде. Алайда біз қарастырғалы отырған мәселелер аталған еңбекте арнайы қойылмаған.

Төңкерістен кейінгі Қазақстан тарихын зерттеуші ғалымдар ішінен А.Баймурзиннің еңбегін ерекше атауға болады [18]. Орта жүзде патшалықтың отаршылдық саясатының бет-пердесін ашып, әшкерелеген автордың бұл еңбегін біз жоғары бағалаймыз. Сондай-ақ, 40-жылдардағы зерттеушілер қатарынан байыпты тұжырым жасаған тарихшы Г.Ф. Бутлердің, кандидаттық диссертациясының орны ерекше. Автор бұл жұмыста, бүгінге дейін мәнін жоймаған салмақты қорытындылар түйген. Жалпы, еңбек кеңестік билік жағдайында жазылғандықтан, Ресей империясының Қазақстан үшін «игілікті ықпалы» да назардан тыс қалмайды. Дегенмен Г.Ф. Бутлер, 1822 ж. «Жарғының» іске асырылуын әділ қорытады. Ол: «Жарғыда жаңа басқару жүйесі ақырын, бейбіт жолмен жүргізілсін делінгенімен, шын мәнінде бұл тек декларация күйінде қалып, нағыз басқыншылық, зорлық, күштеу жолымен іске асты» [19, 94 с.] - деп жазады.

1950–1960 жылдарда ерекше көзге түсетін ғалым, профессор Ермұхан Бекмаханов. XIX ғасырдың 20–40 жылдардағы отан тарихын тұңғыш рет терең зерттеп, өткен тарих беттеріне жаңаша ғылыми баға

берген. Оның көлемді монографиялық зерттеуі [20] бүгінге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Сондай-ақ, біз патшалық Ресейдің орта жүз жеріне дендеп енген кезеңі жөнінде тарихшы Н.Бекмаханованың еңбектерінен де кездестіреміз [21, 30-38 с.]. Ал тарихи-құқықтық тұрғыдан жүргізілген бірнеше ғылыми зерттеулердің авторы академик С.З. Зиманов құжаттық деректер мен материалдар даярлаған [22].

1980-жылдары да, Қазақстан тарихын бұрмалау, шындықты жасыру жалғасын тапты. Тоталитарлық жүйе қыспағы салдарынан орыстық басқару жүйесінің зардаптарын айтуға мүмкіндік болмады. Сондай жүйеде өмірге келген еңбектер қатарынан тарихшы Ө.Өмірзақовтың зерттеу жұмысын атай аламыз [23].

Отан тарихына жаңа көзқарас қалыптасып, тарихи шынайылықты айтуға мүмкіндік туған тәуесіздік жылдарында профессор Ж.Қасымбаев бірқатар еңбек [24] даярлады. Әсіресе, ол Ақмола, Семей тарихына қатысты тың ойлар айтты, монографиялық еңбектер даярлады. Зерттеуші бұрын назардан тыс қалған көптеген деректермен, қаланың 1832 жылдан 1917 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық тарихын баяндайды.

Сондай-ақ патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын жаңа концептуалды тұжырымдармен берілетін еңбектер қатарын профессор С.Қ. Жақыпбек [25] даярлады. Автор патшалық Ресейдің қазақ халқын отарлау мақсатында жүргізген орыстандыру саясатының түпкі мәнін ашқан. Әсіресе, отаршылдықтың ауыр зардабы – рухани жаулау әдісінің, ең ауыр жолы орыстандыру, діннен айыру болғанын ескертеді.

К.Абуов, С.Ақтаев, К.Жиренчин, Б.Абдрахманова [26] аталған тарихи кезеңге қатысты еңбектерді өмірге әкелді. Көкшетау қаласы бойынша даярланған тарихи очерк авторы К.Әбуов орыстық басқару жүйесінің қазақ халқы үшін ауыр болғанын айтады [26, 205 б.]. Алға тартылған мәселені, С.Ақтаев филология саласынан, К.Жиренчин заң ғылымы жағынан алып қарастырған. Тарихи тұрғыдан зерттелмеген бұл еңбектер, жалпы қазақ даласындағы басқару жүйелері туралы хабар береді. Сондай-ақ, ХІХ ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап, соңына дейінгі Қазақстан территориясындағы ресейлік билеу және басқару органдарының құрылуы мен қызметін талдауға алған тарихшы Б.Абдрахманованың еңбегі [27] айтарлықтай. Еңбек отан тарихын зерттеушілер үшін аса маңызды болып табылады.

Диссертациялық және ізденістік жұмыстарды Медетов Б., Таскужина А.Б., Алпысбаева, Оразмагамбетова Д.И. [28] даярлады. Медетов Б. [28] өз еңбегін Көкшетау қаласының құрылу тарихына арнаса, Алпысбаева Ақмола қаласының тарихына арнаған. Таскужина Омбы қаласының даму тарихын зерттеген. Жалпы бұл еңбектерде Орталық Қазақстанның Ресей империясының отарына айналу процесі толық қамтылмағанымен, қалалар тарихына жаңаша көзқарас қалыптастыруда қосқан үлестері зор. «Сібір қазақтары басқармасының» қызметін арнайы қарастырған кандидаттық диссертацияның авторы Е.Тоғжанов [29] заң ғылым саласында үлес қосты. Автор құнды деректер мен материалдар арқылы назардан тыс қалған мәселелерді жаңаша ғылыми теориялық және методологиялық тұрғыдан қарастырады.

*Деректер қорын екі топқа бөліп қарастыруға болады.* Бірінші топты мемлекеттік мұрағат қорлары, яғни Қазақстан республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты қорында сақталған 1822-1838 жылдар аралығындағы Омбы облыстық басқармасы аталатын № 338 қор құжаттарын құрайды. Қорда Арқада құрылған сыртқы дуандардың тарихы, статистикалық мәліметтер, әрбір сыртқы дуандардың бастықтарының қолдары мен гербтік мөрі қойылған рапорттар, санақ тізімдері мен хаттары тіркелген. Алайда, қордағы кездескен құжаттардың уақыт өтуі салдарынан ескіруі, онда хронологиялық дәйектіліктің сақталмауы, сондай-ақ, отаршылдық әкімшіліктің мақсат-мүддесі қоғамдық пікірден жасырын қалуы және Арқадағы саяси маңызды істердің өрескел бұрмалануы зерттеу жұмысы барысында қиыншылықтар туғызды. Сонымен қатар аталған қорды пайдалану барысында байқағанымыз, құжаттардың басым көпшілігі сыртқы дуандардың құрылымы туралы, яғни жөндеу (ремонт) жұмысы жағдайындағы хабарламалардан тұрады. Сондай-ақ мал саны, халық санағы және ондағы қазақтардың көшіп-қонатын орындары туралы мәліметтер сақталған. Бірақ хан билігін сақтау жолында күрескен Ғұбайдолла және өзге де қазақ сұлтан-билерінің тағдыры жөнінде, жалпы Сары-Арқадағы аласапыран кезең туралы, яғни халық басына түскен қасіретті 1820–1840 жылдар жөнінде мәліметтер өте аз. Қазақстан республикасының орталық мемлекеттік мұрағатындағы № 374 қорда 1826-1857 жылдар аралығын қамтитын мәліметтер кездеседі. Бірақ, басым көпшілік құжаттар Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліс жөнінде топтастырылған. Бұл қордағы құжаттар да, орта жүздегі хан билігінің жойылуын толық анықтап бере алмайды.

Омбы облысының мемлекеттік мұрағатында № 366-қор – Катанаяевтың жеке қоры деп аталады, ал № 3 қор – Батыс Сібірдің бас басқармасының құжаттарынан тұрады. Біз № 366 қор құжаттарын пайдалана отырып, Қазақстан мұрағатынан кездеспеген бірнеше құнды материал табылды. Атап айтсақ, патша әкімшілігінің, генерал-губернаторлардың хан, сұлтан, би, тархандармен өзара жазған қатынас хаттары бар. Мұндай дереккөзі, патшалық әкімшіліктің Арқадағы саяси агрессиясын тануға мүмкіндік береді. Аталған қордан Орта жүз ханы Уәлидің заңды мирасқоры Ғұбайдолла төренің қудалануы,

патшалық әкімшіліктің жүргізген әділетсіз озбырлығы, Арқадағы орыс әскери-басқыншы отрядтардың қатыгез іс-қимылдары, қазақ сұлтандарының арыз-шағым хаттары және орыс офицерлерінің отарлық қызметі жөнінде мағлұматтар алуға болады. Батыс-Сібірдің бас басқармасы деп аталатын № 3-қорда мәселеге қатысы бар құнды құжаттар мол.

Деректердің екінші тобын Омбы кітапханаларындағы және ондағы сирек кездесетін қор бөліміндегі, тарихи-өлкетану мұражайындағы материалдар құрайды. Әсіресе, А.С. Пушкин атындағы Омбы облыстық кітапханасында және Омбы тарихи өлкетану мұражайында сақталған мерзімді басылым [30] материалдары жұмыс мазмұнын байытып кенейте түсті. Бұл орындардан орыс-географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімшесі басылымдарындағы, оның «Жазбалары» мен «Хабарларында» жарияланған материалдар, сондай-ақ, Омбы, Ақмола облыстарының «Естелік кітаптары мен адрес календарлары» нақты тарихи оқиғалар туралы хабар алуға мүмкіндік береді. «Сібір қырғыздарының Жарғысы» және оның негізінде сыртқы дуандардың құрылу тарихы өткен ғасырдағы мерзімді басылым беттерінде жарық көрген мақалалардан тұрады. Санкт-Петербургте, 1876 ж., «Сібір» газетінің жинағы жарыққа шықты [31]. Мұнда 1823-1826 жж. аралығында, 1822 жылғы заңдық құжаттың іске асырылуы туралы 8 ресми құжат жарияланған. Бұл құжаттарда Арқа жеріндегі патшалықтың басқыншылық саясаты жөнінде мол мәліметтер беріледі. Дәл осы секілді хабарламалар «Киргизская степная газета» [32] атты басылымда Көкшетау сыртқы дуанының «салтанатты» ашылу сәті баяндалған. «Той-думан» секілді етіп көрсетуге тырысқанмен жергілікті тұрғындар үшін мереке емес екенін байқау қиын емес. Арқа еліндегі жер-су байлықтарына патшалық отаршылардың өлшеусіз қол сұққаны ж.б. жөнінде «Восточное обозрение» газетінен көп кездестіруге болады. Аталған газетте әсіресе, «Қазақ халқының тағдыры» аталатын тақырыпта үлкен мақала жарияланған. Мақалада патша отаршыларының үстемдігінен зардап шеккен халық өмірі сөз етіледі. Ал «Степной край» газеті нөмірлерінде XIX ғасыр соңындағы империялық езгідегі қазақ қоғамының азапты күнделікті өмірі туралы хабарларды оқуға болады.

Сонымен қатар, деректер мен материалдар топтастырылған жинақтар аталған мәселені қарастыруда аса пайдалы. Мәселен, XVIII-XIX ғасырлардағы орыс-қазақ қатынастары атты деректер жинағында патша заңдары мен жарлықтары топтастырылған. Әсіресе, құжаттар мен патшалық шенеуніктерінің құпия іс-қағаздары И.Крафт даярлаған заңдар жинағында [33] қамтылған.

1822 ж. «Жарғы» мазмұны «Материалы по истории политического строя Казахстана» атты деректер жинағында жарияланған. «Жарғы» мазмұнын Ресейдің толық заңдар жинағымен (ПСЗ) салыстырғанда, оның бірегей (аутентично) екендігіне көз жеткізуге болады. Сондай-ақ «Учреждение для управления с Сибирской губерний» атты заңдық құжаттар жинағынан Н.Сперанскийдің жалпы Сібір «бұратаналарына» арнаған «Жарғысын» пайдалануға болады. Бұл құжат, «Сібір қазақтарының Жарғысымен» салыстыруда, жалпы, Сібір заңдылықтарының қаншалықты деңгейде дайындалғаны туралы мәлімет алу үшін көмегі айтарлықтай. Аталған деректік құжаттар қатарын толықтыра түскен, келесі еңбек – «Қазақстанда орыс басқару жүйесінің енгізілуі туралы материалдар» атты жинақ [34].

**Қорытынды.** Тақырып тарихнамасына және деректік негізіне шолу жасай келе, қорытатынымыз патшалық үкіметтің Сібір комитеті қызметінің негізгі және маңызды болып табылатын Батыс-Сібір қазақтарының жеріне ерекше назар аударғаны байқалады. Арқаны жаулап алуда патшалық әкімшілік тұтас хан билігін «бөліп ал да, билей бер» принципіне сүйенді.

Тарихнамалық және деректік талдаулар Бірінші Сібір комитетінің негізін қалаған, реформатор М.М. Сперанскийдің Орта жүз жеріндегі мемлекеттіліктің іргесін шайқалтып, ол өңірлердің толық орыстық басқару жүйесіне енгізуге жол ашқанын көре аламыз. Қарастырып отырған мәселенің тарихнамасы бай, бірақ, қазіргі технологиялық құралдар, тарихи антропологиялық тұрғыдан қарастырылған еңбектер қатары жоқтың қасы деуге болады. Микротарихи тұрғыдан мәселені қарастырудың маңызы сол тарихи кезеңдегі қарапайым халық өмірінің тыныс-тіршілігі арқылы тануға жетелейді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Чибиряев А.С. Великий русский реформатор. Жизнь, деятельность, поли. Взгляды М.М.Сперанского. – М., 1993. –227.
2. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
3. Ядринцев Н. Управление Сибирью и реформа Сперанского //Сибирь как колония. – СПб., 1892. – 521 с.
4. Красовский М. // Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Область Сибирских киргизов. Часть 1. – СПб., 1868. – 472 с.
5. Путинцев Н.П. Хронологический перечень событий из истории Сибирского казачьего войска со

времени водворения Западно-сибирских казаков на занимаемой ими ныне территории. – Омск, 1891. – 256 с.; Щеглов И.В. Хронологический перечень важнейших данных из истории Сибири 1032-1882 гг. – Иркутск: Изд. Сиб. Отд. РГО., –1883. –778 с.

6. Броневский С. Записки о киргиз-кайсаках Средней Орды // Отечественные записки. 1830. Ч.42. Кн.121. –С. 165-192. Броневский С.В. О первой оседлости и хлебопашество киргизов во вновь образуемом Кокбухтинском округе в Киргизской степи // Земледельческий журнал. –1832. –№8. –625 с.

7. Завалишин И. Описание Западной Сибири. Т.III. –СПб., 1867. –145 с.

8. Оренбургский генерал-губернатор Н.Х. Крыжановский // Записки Оренбургского отделения ИРГО. Вып.1. –Казань, 1870. –21 с.

9. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. Т.1. –СПб., 1897. –589 с.; Т.2. –СПб., 1898. –589 с.

10. Соловьев С.М. Чтения и рассказы по истории России / Сост. и вступ. ст. С.С. Дмитриева. –М.: Правда, 1989. –768 с.

11. Памятка Семиреченского казака с кратким очерком завоевания Средней Азии. –СПб., 1909.; Военно-статист. обозрение Российской империи. Т.ХVII. Ч.3. Киргизская степь Западной Сибири. –СПб., 1852. –182 с.

12. Усов Ф.Н. Статистическое описание Сибирского казачьего войска. –СПб., Изд.: Гл. упр. иррегулярных войск, –1879. 284 с.; Катанаев Г.Е. Киргизский вопрос в Сибирском казачьем войске. –Омск, 1901.; Леденев Н.В. История Семиреченского казачьего войска. –Верный, 1908.

13. Миллер Г.Ф. История Сибири. Л.: АН СССР. 1941. Т.2. –638с.; Слоцов П.А. Историческое обозрение Сибири. Кн.1. –СПб. –256 с.; Прутченко С.М. Сибирские окраины. –СПб., 1899. –532 с.; Андриевич В.К. Исторический очерк Сибири. –СПб., 1887. –756 с.; Вагин В. Исторические сведения о деятельности гр. М.М. Сперанского в Сибири с 1819–1822 гг. –Т.2. Иркутск, 1872.

14. Коншин Н. Материалы для истории степного края. К истории Каркаралинского и Аягузского округов 30–40-х г. XIX в. // Записки Семипалатинского отд. РГО. –Вып. I. –1903; Материалы для истории степного края. К истории Кокпектинского округа. С приложением. // Записки Семипалатинского отделения РГО. –Вып. II. –1905; Краткий исторический очерк Семипалатинского края (до 1917 г.) // Нашего хозяйства. –1927. –8-13 с.

15. Чибиряев С.А. Великий русский реформатор. Жизнь, деятельность и политические взгляды М.М. Сперанского. –М.: Наука, 1989. –216 с.; Колягин В.А. Политические взгляды М.М. Сперанского. –Саратов: Саратов. ун-т, 1973; Корф М.Ф. Жизнь графа Сперанского. –Т.II. –СПб., 1886; Фатеев А., М.М. Сперанский – генерал-губернатор Сибири. // Записки Русского научно- исследовательского объединения в Праге. Т.П. –Прага, 1942.

16. Светило российской бюрократии: исторический портрет М.М. Сперанского. – М.: Молодая гвардия, 1991; Сперанский М.М. Проекты и записки. – М., 1961; Сперанский М.М. В память графа Михаила Сперанского 1772–1872. –Спб., Изд. Импер. Публич. Биб-ки, 1872. –855 с.

17. Материалы по истории Казахской ССР. Т.IV. 1785-1828. –М.-Л.: изд-во АН СССР, 1940. –543с.; Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. –Т.1. –Л.: ОГИЗ, 1941. –368 с.

18. Баймурзин А. Из истории захвата царизмом Большой и Средней Орд. // Известия Каз ФАН. Вып. 1. 1940.

19. Бутлер Г.Ф. Ликвидация ханской власти и открытие внешних округов в Среднем жузе. Дис. канд. ист. наук. –Алма-Ата, 1946. –233 с.

20. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40-жылдарында (Оқу құралы). – Алматы: Санат, 1994. –416.

21. Бекмаханова Н.Е., Сайкина Ф.А. Законодательная политика Царского правительства в 20-х годах XIX в. в Казахстане // История. Вып.3. – А., 1968; Бекмаханова Н.Е. Царское правительство и институт султана в Среднем жузе в XIX в. // Известия АН КазССР. –Сер.общ.наук. –1968. –N 2. –С.30-38.

22. Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. –Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1960. –296 с.

23. Умурзаков У.А. Ликвидация ханской системы управления в Центральном и Северо-Западном Казахстане: сущность, прогрессивные последствия: дис. канд. ист. наук. –Алма-Ата, 1985. –177 с.

24. Касымбаев Ж.К. О некоторых вопросах истории национально- освободительного движения в Казахстане второй половины XIX в. // История и историографии национально-освободительных движений второй половины XIX–нач. XX вв. в Средней Азии и Казахстане. –Ташкент, 1989. –С. 84-93; Касымбаев Ж., Азубаев Н. История Акмолы (XIX–нач. XX века): Исследование. –Алматы: «Жеті Жарғы», 1998. –176с.; // Ленинийіл жас, 1991. 9 тамыз; История города Семипалатинска (1718–1917 гг.). –Алматы. Өлке. 1998. –276 с.; Устав о «Сибирских киргизах» 1822 г. и вопросы упразднения ханской

власти в Среднем жузе // Вестник КазГУ им. аль-Фараби. Серия историческая. N 15. 2000. –Алматы. –С.64-71; Акмолинский округ // Казахская советская энциклопедия в 4-х т. Т.1. –Алма-Ата. –С.66.

25. Жақыпбек С.Қ. Қазақ қалай шоқындырылды? // Ақиқат. –1997. –N 3. –46-49 б.; Хазіреттер қарсылығы // Ақиқат. –1997. –N 11. –22-24 б.

26. Абуев К.К. Кокиетау: Исторические очерки. –Кокшетау. 1997. –С. 300.; Ақатаев С. «Жаңа ереже» деген не? // Ақиқат. –1998. –N 12. 51 – 58 б.; Ханзаданың қасіреті. Ғұбайдолла қалай хан болмай қалды. // Ақиқат. –1997. –N 7. –28-34 бб.; Жиренчин К.А. Политические развития Казахстана в XIX- нач. XX веков. Алматы: Жеті Жарғы, 1996. –352 с.

27. Абдрахманова Б.М. Разработка М.М. Сперанским «Устава о Сибирских Киргизах» 1822 г. Социально-политические институты Казахского общества // Вестник Московского университета. Серия историческая. 1991. N 8; История Казахстана. Власть. Система управления, территориальное устройство в XIX веке. –Астана, 1998. –132 с.

28. Медетов Б.О. Социально-экономическое и культурное развитие г.Кокчетова и его уезда (20-е г. XIX в.-нач. XX в.): Автореф. дис.канд. ист. наук. - Алма-Ата., 1992. -29 с.; Таскужина А.Б. Развитие города Омска как центра политических хозяйственных и культурных отношений в степном крае. (1822-1914). Автореф. дис. канд. ист. наук. - Алматы, 1997. -28 с.; Алпысбаева К. Проблемы социально-экономического и культурного развития г.Акмолы (1832-1914). Автореф. дис. канд. ист. наук. - Алматы, 1997. -28 с.; Оразмагамбетова Д.И., Шотбакова Л.К. «Устав о сибирских киргизах» 1822 года и причины принятия «Положения об отдельном управлении сибирскими киргизами» 1838 года [Электронный ресурс] // Научные статьи Казахстана: [сайт]. Режим доступа: [https:// articlekz.com/article/5343](https://articlekz.com/article/5343) [дата обращения 08.09.2024].

29. Тоғжанов Е.Ұ. «Сібір қазақтары облысының басқармасы» және оның Ресей Шығыс саясатындағы орны (1822-1868 ж.). Заң ғыл-н канд. ғылыми дәр. алуға жаз. дисс. –Алматы, 1995. 190б.

30. // Новости. – 1899. – № 3; // Сын отечества. – 1822. – N 76, 77, 80. – С.169-174; // Восточное обозрение. – 1859. – N 28; // Сборник газеты Сибирь. 1877. Т.1; // Сибирские огни. – 1992. – № 5-6; // Сибирская газета, – 1885. – N 1, 4, 6. // Отечественные Записки. – 830. № 120; // Земледельческий журнал. – 1832.

31. // Сибирь. –1876. –Т.1 (Материалы для истории Киргизской степи).

32. // Киргизская степная газета. –1896. –№ 15.

40. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках. Сб. док. и мат. Алма-Ата: АН КазССР, 1961. –575 с.; Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизских степных областей. – Оренбург, 1898. – 532 с.; Материалы по истории политического строя Казахстана. - Т.1. –Алма-Ата: АН КазССР, 1960. –441 с.

33. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизских степных областей. – Оренбург, 1898. – 532 с.

34. Материалы по введению русской политической системы управления в Казахстане Сост.: С.К. Жакыпбек, А.Д. Бельбаева. Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 257 с.

#### References:

1. Chibiryayev A.S. Velikii russkii reformator. Jizn, deyatelnost, poli. Vzglyady M.M.Speranskogo. – М., 1993. –227.

2. Uälihanov Ş. Таңдамалы шығармалар жинағы. –Алматы: Жазушы, 1985. –560 б.

3. Yadrintsev N. Upravlenie Sibiryu i reforma Speranskogo // Sibir kak koloniya. – SPb., 1892. – 521 s.

4. Krasovskii M. // Materialy dlya geografii i statistiki Rossii, sobrannye ofitserami generalnogo ştaba. Oblast Sibirskih kirgizov. Chast 1. – SPb., 1868. –472 s.

5. Putintsev N.P. Hronologicheskii perechen sobytii iz istorii Sibirskogo kazachego voiska so vremeni vodvoreniya Zapadno-sibirskih kazakov na zanimae moi imi nyne territorii. – Omsk, 1891. – 256 s.; Щеглов Í.V. Hronologicheskii perechen vajnejših dannyh iz istorii Sibiri 1032-1882 gg. – Írkutsk: Ízd. Sib. Otd. RGO., – 1883. –778 s.

6. Bronevskii S. Zapiski o kirgiz-kaisakah Srednei Ordy // Otechestvennye zapiski. 1830. Ch.42. Kn.121. – S. 165-192. Bronevskii S.V. O pervoi osedlosti i hlebopashestvo kirgizov vo vnov obrazuemom Kokbukhtinskome okruge v Kirgizskoi stepi // Zemledelcheskii jurnal. –1832. –N8. –625s

7. Zavalishin Í. Opisaniya Zapadnoi Sibiri. T.III. –SPb, 1867. –145 s.

8. Orenburgskii general-gubernator N.H. Kryjanovskii // Zapiski Orenburgskogo otdeleniya ÍRGO. Vyp.1. – Kazan, 1870. –21 s.

9. Geins A.K. Sobranie literaturnyh trudov. T.1. – SPb., 1897. – 589 s.; T.2. – SPb., 1898. – 589 s.

10. Solovlev S.M. Chteniya i rasskazy po istorii Rossii / Sost. i vstup. st. S.S. Dmitrieva. – М.: Pravda, 1989. – 768 s.

11. Pamyatka Semirechenskogo kazaka s kratkim ocherkom zavoevaniya Srednei Azii. – SPb., 1909.; Voennostatist. obozrenie Rossiiskoi imperii. T.HVII. Ch.3. Kirgizskaya step Zapadnoi Sibiri. – SPb., 1852. – 182 s.
12. Usov F.N. Statisticheskoe opisaniye Sibirskogo kazachego voiska. – SPb., İzd.: Gl. upr. irregulyarnykh voisk, – 1879. 284 s.; Katanaev G.E. Kirgizskii vopros v Sibirskom kazachem voiske. – Omsk, 1901.; Ledenev N.V. İstoriya Semirechenskogo kazachego voiska. – Vernyi, 1908.
13. Miller G.F. İstoriya Sibiri. L.: AN. SSSR. 1941. T.2. – 638s.; Slovtsov P.A. İstoricheskoe obozrenie Sibiri. Kn.1. – SPb. – 256 s.; Prutchenko S.M. Sibirskie okrainy. – SPb., 1899. – 532 s.; Andrievich V.K. İstoricheskii ocherk Sibiri. – SPb., 1887. – 756 s.; Vagin V. İstoricheskie svedeniya o deyatelnosti gr. M.M. Speranskogo v Sibiri s 1819–1822 gg. – T.2. İrkutsk, 1872.
14. Konşin N. Materialy dlya istorii stepnogo kraya. K istorii Karkaralinskogo i Ayaguzskogo okrugov 30-40-h g. XIX v. // Zapiski Semipalatinskogo otd. RGO. – Vyp. I. – 1903; Materialy dlya istorii stepnogo kraya. K istorii Kokpektinskogo okruga. S prilozheniem. // Zapiski Semipalatinskogo otdeleniya RGO. – Vyp. II. – 1905; Kratkii istoricheskii ocherk Semipalatinskogo kraya (do 1917 g.) // Naşego hozyaistva. – 1927. – 8-13 s.
15. Chibiryaev S.A. Velikii russkii reformator. Jizn, deyatelnost i politicheskie vzglyady M.M. Speranskogo. – M.: Nauka, 1989. 216 s.; Kolyagin V.A. Politicheskie vzglyady M.M. Speranskogo. – Saratov: Saratov. un-t, 1973; Korf M.F. Jizn grafa Speranskogo. – T.II. – SPb., 1886; Fateev A., M.M. Speranskii – general-gubernator Sibiri. // Zapiski Russkogo nauchno- issledovatel'skogo ob'edineniya v Prage. T.II. – Praga, 1942.
16. Svetilo rossiiskoi byurokratii: istoricheskii portret M.M. Speranskogo. – M.: Molodaya gvardiya, 1991; Speranskii M.M. Proekty i zapiski. – M, 1961; Speranskii M.M. V pamyat grafa Mihaila Speranskogo 1772-1872. – Spb., İzd. İmper. Publich. Bib-ki, 1872. – 855 s.
17. Materialy po istorii Kazahskoi SSR. T.IV. 1785-1828. – M-L.: izd-vo AN SSSR, 1940. – 543s.; Vyatkin M.P. Ocherki po istorii Kazahskoi SSR. – T.1. – L.: OGİZ, 1941. – 368 s.
18. Baimurzin A. İz istorii zahvata tsarizmom Bolşoi i Srednei Ord. // İzvestiya Kaz FAN. Vyp. 1. 1940.
19. Butler G.F. Likvidatsiya hanskoi vlasti i otkrytie vneşnih okrugov v Srednem juze. Dis. kand. ist. nauk. – Alma-Ata, 1946. – 233 s.
20. Bekmahanov E. Qazaqstan XIX ğasyrdyñ 20-40-jyldarynda (Oqu qūraly). – Almaty: Sanat, 1994. – 416.
21. Bekmahanova N.E., Saikina F.A. Zakonodatelnaya politika Tsarskogo pravitelstva v 20-h godah XIX v. v Kazahstane // İstoriya. Vyp.3. – A., 1968; Bekmahanova N.E. Tsarskoe pravitelstvo i institut sultana v Srednem juze v XIX v. // İzvestiya AN KazSSR. – Ser.obuċ.nauk. – 1968. – N 2. – S.30-38.
22. Zimanov S.3. Politicheskii stroi Kazahstana kontsa XVIII i pervoi poloviny XIX vekov. – Alma-Ata: İzd-vo AN KazSSR, 1960. – 296 s.
23. Umurzakov U.A. Likvidatsiya hanskoi sistemy upravleniya v Tsentralnom i Severo-Zapadnom Kazahstane: suuynost, progressivnye posledstviya: dis. kand. ist. nauk. – Alma-Ata, 1985. – 177 s.
24. Kasymbaev J.K. O nekotoryh voprosah istorii natsionalno- osvoboditelnogo dvijeniya v Kazahstane vtoroi poloviny XIX v. // İstoriya i istoriografii natsionalno-osvoboditelnykh dvijenii vtoroi poloviny XIX–nach. XX vv. v Srednei Azii i Kazahstane. – Taşkent, 1989. – S. 84-93; Kasymbaev J., Agubaev N. İstoriya Akmoly (XIX–nach. HH veka): İssledovanie. – Almaty: «Jeti Jarğy», 1998. – 176s.; // Leniñsil jas, 1991. 9 tamyz; İstoriya goroda Semipalatinska (1718-1917 gg.). – Almaty. Ölke. 1998. – 276 s.; Ustav o «Sibirskih kirgizah» 1822 g. i voprosy uprazhneniya hanskoi vlasti v Srednem juze // Vestnik KazGU im. al-Farabi. Seriya istoricheskaya. N 15. 2000. – Almaty. – S.64-71; Akmolinskii okrug // Kazahskaya sovet'skaya entsiklopediya v 4-h t. T.1. – Alma-Ata. – S.66.
25. Jaqypbek S.Q. Qazaq qalai şoğyndyryldy? // Aqiqat. – 1997. – N 3. – 46-49 b.; Haziretter qarsylyğy // Aqiqat. – 1997. – N 11. – 22-24 b.
26. Abdrahmanova B.M. Razrabotka M.M. Speranskim «Ustava o Sibirskih Kirgizah» 1822 g. Sotsialno-politicheskie instituty Kazahskogo obuęstva // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya istoricheskaya. 1991. N 8; İstoriya Kazahstana. Vlast. Sistema upravleniya, territorialnoe ustroistvo v XIX veke. – Astana, 1998. – 132 s.
26. Abuev K.K. Kokşetau: İstoricheskie ocherki. – Kokşetau. 1997. – C. 300.; Aqataev S. «Jana ereje» degen ne? // Aqiqat. – 1998. – N 12. 51- 58 b.; Hanzadanyñ qasireti. Ğūbaidolla qalai han bolmai qaldy. // Aqiqat. – 1997. – N 7. – 28-34 bb.; Jirenchin K.A. Politicheskie razvitiya Kazahstana v XIX- nach. XX vekov. Almaty: Jeti Jarğy, 1996. – 352 s.
27. Abdrahmanova B.M. Razrabotka M.M. Speranskim «Ustava o Sibirskih Kirgizah» 1822 g. Sotsialno-politicheskie instituty Kazahskogo obuęstva // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya istoricheskaya. 1991. N 8; İstoriya Kazahstana. Vlast. Sistema upravleniya, territorialnoe ustroistvo v XIX veke. – Astana, 1998. – 132 s.
28. Medetov B.O. Sotsialno-ekonomicheskoe i kulturnoe razvitie g.Kokchetava i ego uezda (20-e g. XIX v.- nach. HH v.): Avtoref. dis.kand. ist. nauk. - Alma-Ata., 1992. - 29 s.; Taskujina A.B. Razvitie goroda Omska kak tsentra politicheskikh hozyaistvennykh i kulturnykh otnoşenii v stepnom krae. (1822-1914). Avtoref. dis. kand. ist. nauk. – Almaty, 1997. - 28 c.; Alpysbaeva K. Problemy sotsialno-ekonomicheskogo i kulturnogo razvitiya g.Akmoly

(1832-1914). Avtoref. dis. kand. ist. nauk. -Almaty, 1997. -28 s.; Orazmagambetova D.İ., Şotbakova L.K. «Ustav o sibirskih kirgizah» 1822 goda i prichiny prinyatiya «Polojeniya ob otdelnom upravlenii sibirskimi kirgizami» 1838 goda [Elektronnyi resurs] // Nauchnye stati Kazahstana: [sait]. Rejim dostupa: <https://articlekz.com/article/5343> [data obraçeniya 08.09.2024].

29. Toğjanov E.Ü. «Sibir qazaqtary oblysynyň basqarmasy» jäne onyň Resei Şyğys sayasatyndaғы orny (1822-1868 j.). Zañ ğyl-n kand. ğylymi dār. aluğa jaz. diss. –Almaty, 1995. 1906.

30. // Novosti. –1899. –N 3; // Syn otechestva. –1822. –N 76, 77, 80. –S.169-174; // Vostochnoe obozrenie. –1859. –N 28; // Sbornik gazety Sibir. 1877. T.1; // Sibirskie ogni. –1992. –N 5-6; // Sibirskaya gazeta, –1885. –N 1, 4, 6. // Otechestvennye Zapiski. –830. N 120; // Zemledelcheskii jurnal. –1832.

31. // Sibir. –1876. –T.1 (Materialy dlya istorii Kirgizskoi stepi).

32. // Kirgizskaya stepnaya gazeta. –1896. –N 15.

33. Kraft İ.İ. Sbornik zakononii o kirgizskih stepnyh oblastei. –Orenburg, 1898. –532 s.

34. Materialy po vvedeniyu russkoi politicheskoi sistemy upravleniya v Kazahstane / Sost.: S.K. Jakyrbek, A.D. Belbaeva. Almaty: Qazaq universiteti, 1999. –257 s.

ҒТАХР/ МРНТИ / IRSTI 03.20  
ӘӨЖ/УДК/ UDC 974.16

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2024.83.4.006>

Б.Р. Найманбаев \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті.  
т.ғ.д., ҚР ҰҒА-ның профессоры. Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы.

E-mail: [naimanbaev\\_b@mail.ru](mailto:naimanbaev_b@mail.ru)

## ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ХАЛҚЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ (XX ғ. АЯҒЫ-XXI ғ. БАСЫ)

### Аңдатпа

Еліміздің егемендік алған отыз жылдан астам уақыт ішінде болып жатқан әлеуметтік экономикалық саяси жағдайлар халықтың демографиялық жағдайына көп ықпалын тигізді. Бүгінгі Қазақстан Республикасының алдында тұрған ең маңызды зерттеулердің бірі демографиялық мәселелер болып, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысы, яғни қазіргі Түркістан облысының демографиясы өз алдына маңызды тақырыптардың бірі саналады. Халықтың саны мен оның демографиялық жағдайында бұрын-соңды болмаған өзгерістер орын алды. Солардың бірі ретінде Оңтүстік Қазақстан облысы халқының демографиялық ахуалында өзіндік ерекшеліктер мен артықшылықтар орын алды. Бұл туралы жүргізілген ғылыми зерттеулер жаңа тұжырымдарды алға тартуда. Ұсынылып отырған ғылыми мақалада, XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында Оңтүстік Қазақстан облысы халқының демографиялық жағдайы тарихи аспектіде қарастырылады. Ғылыми жұмыста аймақ халқының демографиясы әр түрлі қырынан зерттеледі. Зерттеу жұмысының басты ғылыми міндеттерінің бірі – өңір халқының демографиясы мен аймақтағы демографиялық процестерді көрсету болып табылады. Оңтүстік Қазақстан облысы халқы арасында ішкі-сыртқы көші-қон, неке қатынастары мен туу көрсеткіштері және басқа да жағдайларды басшылыққа ала отырып өңірдің демографиясы сипатталады. Тақырыпқа қатысты статистикалық материалдарға талдау жасалып, оның мазмұны ашылады.

**Кілт сөздер.** Оңтүстік Қазақстан облысы, халық, демография, көші-қон.

Найманбаев Б.Р. \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова.  
д.и.н., профессор НАН РК. г. Шымкент, Казахстан. E-mail: [naimanbaev\\_b@mail.ru](mailto:naimanbaev_b@mail.ru)

## ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (КОНЕЦ XX В - НАЧАЛО XXI В.)

### Аннотация

Социально-экономические и политические события, происходящие за более чем тридцать лет независимости страны, оказали большое влияние на демографическую ситуацию населения. Одним из важнейших исследований, стоящих сегодня перед Республикой Казахстан, являются демографические вопросы, в том числе демография Южно-Казахстанской области, то есть Туркестанской области, сама по себе считается одной из важнейших тем. Произошли беспрецедентные изменения в численности населения и его демографической ситуации. Одним из них стали особенности и преимущества демографической ситуации населения Южно-Казахстанской области. Научные исследования, проведенные по этому поводу, выдвигают новые концепции. В данной научной статье рассматривается демографическая ситуация населения Южно-Казахстанской области в конце XX-начале XXI веков в историческом аспекте. В научной работе демография населения региона исследуется с разных сторон. Одной из главных научных задач исследовательской работы является демонстрация демографии населения региона и демографических процессов в регионе. Описывается демографическая ситуация Южно-Казахстанской области учитывая (такие факторы как:) внутренние и внешние миграции, брачные отношения и показатели рождаемости и другие обстоятельства. Проводится анализ статистических материалов, относящихся к теме, и раскрывается ее содержание.

**Ключевые слова.** Южно-Казахстанская область, народ, демография, миграция.

*Naimanbayev B.R.\*<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekova.*

*Doktor of Historical Sciences, Professor NAS RK. Shymkent, Kazakhstan. E-mail: naimanbaev\_b@mail.ru*

## **DEMOGRAPHIC SITUATION OF THE POPULATION OF THE SOUTH KAZAKHSTAN REGION (END OF THE 20th CENTURY - BEGINNING OF THE 21st CENTURY)**

### *Abstract*

Socio-economic and political events that have taken place over more than thirty years of the country's independence have had a great impact on the demographic situation of the population. One of the most important researches facing the Republik of Kazakhstan today is demographic issues, including the demography of the South Kazakhstan region, that is, the modern Turkestan region, is considered one of the most important topics in itself. There have been unprecedented changes in the population and its demographic situation. One of them was the features and advantages of the demographic situation of the population of the South Kazakhstan region. Scientific research conducted on this subject brings forward new concepts. This scientific article examines the demographic situation of the population of the South Kazakhstan region at the end of the 20th and beginning of the 21st centuries from a historical perspective. In scientific work, the demography of the region's population is studied from different angles. One of the main scientific objectives of the research work is to demonstrate the demography of the region's population and demographic processes in the region. The demographic situation of the South Kazakhstan region is described, taking into account (such factors as:) internal and external migrations, marriage relations and birth rates and other circumstances. An analysis of statistical materials related to the topic is carried out and its content is revealed.

**Keywords.** South Kazakhstan region, people, demography, migration.

**Кіріспе.** Кез-келген мемлекетте халық қоғамның негізгі тіршілігі, қозғаушы күші, мемлекеттің өмірі мен басты бөлігі саналады. Сондықтан, әрбір мемлекет өз халқының сандық көрсеткішін, ұлттық құрамын, демографиясын жете таныған дұрыс. Сол сияқты Қазақстан Республикасы халқының демографиясын, оның ішінде аймақтар мен өңірлер бойынша халықтың демографиялық жағдайын зерттеу тәуелсіздік жылдарынан бастап отандық тарих ғылымындағы ең өзекті тақырыптардың бірі болып отыр.

Бүгінгі Қазақстан Республикасының алдында тұрған ең маңызды зерттеулердің бірі демографиялық мәселелер болып, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысы, яғни қазіргі Түркістан облысының демографиясы өз алдына маңызды тақырыптардың бірі саналады. Түркістан облысы мәдениет пен тарихи жаңартудың орталығы. Тарихи шегініс жасайтын болсақ, 1932 жылы 10 наурызында Оңтүстік Қазақстан облысы құрылып, 60-шы жылдары Шымкент облысы, егемендік алғаннан кейінгі жылдарда Оңтүстік Қазақстан облысы деп аталған. Бүгінде Түркістан облысы деп аталып, алайда қарастырылып отырған тақырыпта Оңтүстік Қазақстан аталып тұрған кезеңі негізге алынғандықтан, тақырып осы атаумен аталып



отыр. Өңірдің демографиялық тарихын белгілі кезең бойынша көрсету тақырыптың маңыздылығын арттыра түседі.

Оңтүстік Қазақстан облысы тәуелсіздік жылдарынан бастап Қазақстан Республикасында халқы ең көп тығыз орналасқан аймақ саналды. Облыс халқы көп ұлтты болып, оның 68 пайызын қазақтар құрайды. Оңтүстік Қазақстан облысының демографиялық сипатына туу мен өлім көрсеткіштері, миграция, көші-қон процестері әсер етеді. Облыстың демографиялық көрсеткіштерін анықтауда төмендегідей әлеуметтік-демографиялық факторлар ықпал етеді. Олар:

Біріншіден, халық санының өсуіне туу көрсеткішінің әсері;

Екіншіден, көршілес мемлекеттерден облысқа қоныс аударушы қандастардың көші-қон әсері;

Үшіншіден, халықтың облыс, республика және басқа мемлекеттерге қоныс аударуы мен урбанизация жағдайы. Осы аталған бағыттар бойынша мәселені көтеру тақырыптың өзектілігін арттыра түсетіні сөзсіз.

**Материалдар мен әдістер.** Ғылыми мақаланы дайындауда қолданылған материалдардың негізгі бөлігін тақырыптың атауы мен мазмұны көрсетіп тұрғандай халықтың саны мен орналасу жағдайына қатысты материалдар құрайды. Оның ішіндегі статистикалық мәліметтер мен халықтың саны туралы жарияланып отырған санқа материалдары тақырыптың деректік негізі болып табылады. Тәуелсіздік жылдарында жүргізілген санақ қорытындыларының ішінде ең маңызды орынға иеленген санақ 1999 жылғы санақ болып табылады. Бұл жылғы санақ нәтижесі Қазақстанда немістердің саны аса ауқымды түрде азайып, 1989-1999 жылдар аралығындағы онжылдықта елімізде демографиялық тұрғыда дағдарыс жағдайының орнағанын көрсетті. Бұл жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстаннан шет мемлекеттерге орыс, грек, неміс және басқа да халықтар көшіп кетті. 1999 жылғы санақ қорытындылары 1989 жылғы санақ нәтижелерімен салыстыра отырып, басқаша көрсеткіштерді берді.

Сонымен қатар, халықтардың әр кездегі немесе әр уақыттағы саны мен көрсеткішіне қатысты материалдар мерзімді басылымдарда жарияланып отырды. Сондықтан, отандық мерзімді басылымдардың материалдары Еліміздің демографиялық тарихынан хабар беретін негізгі материалдардық қатарынан орын алады.

Зерттеу әдістеріне тоқталсақ, зерттеу тақырыбының мазмұнын ашуда әр түрлі заманауи методология мен оның бағыттарына және қазіргі заманғы жаңа зерттеу әдістері негізге алынды. Халықтың көбею тарихын зерттеумен тарихи демография айналысқандықтан, бұл саланың тарих ғылымының методологиясымен ғылыми байланысы үлкен ғылыми мәнге ие. Халық саны – тарихи демографияның негізгі көрсеткіштерінің бірі. Осыған байланысты оның динамикасын зерттеу маңызды болып, ол тиісті әдістердің көмегімен жүзеге асырылады. Бұл зерттеуде тарихи демографиялық әдістер, соның ішінде: санақты талдау әдісі, статистикалық, кестелік және графикалық-аналитикалық әдістер негізінде жүзеге асырылатын болады.

**Талқылау.** Тәуелсіздік алған жылдардан бастап-ақ отандық ғалымдар аймақтардағы халықтардың демографиясымен, оның тарихымен жеке тақырыптар бойынша айналысты. Соның ішінде Оңтүстік Қазақстан халқының демографиясына қатысты аз да болса зерттеулер жүргізілді. Атап айтқанда демограф-тарихшы ғалымдар М.Х. Асылбеков [1] және В.В.Козина [2] сынды ғалымдар зерттеулер жүргізілді. Аталған зерттеушілер Қазақстан Республикасы халқының демографиясын жалпылама көрсетіп, сонымен бірге Оңтүстік облыстың демографиясын қарастырған.

Оңтүстік Қазақстан облысы халықтарын ұлтына қарай зерттеп, оның осы өңірдің демографиясына әсерін зерттеген тарихшылар да аз болмады, олардың қатарында А.Н. Алексеенко [3] сынды тарихшы, зерттеушілердің еңбектерінде қамтылған. Оңтүстік Қазақстанның әр аудандардағы халықтардың демографиялық тарихын зерттеді. Халықтардың орналасуы мен олардың тұрмыс жағдайы туралы тың зерттеу жұмыстары мен тың тұжырымдар жекелеген зерттеушілер мен ғалымдар тарапынан ұсынылып отырды. Тәуелсіздік жағдайында Оңтүстік Қазақстан облысы халқының демографиясына арнайы және жан-жақты зерттеулер жүргізген Б.Р. Найманбаевтың еңбектерінде [4] өлке халқының тәуелсіздік жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық дамуына қатысты іргелі еңбектердің қатарынан орын алады.

Республика халқының демографиясын өз деңгейінде зерттеу жүргізген отандық ғалымдар өз зерттеулерінде Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның аймақтарын алып ондағы халықтың жалпы әлеуметтік жағдайы мен тұрмыс-тіршілігі туралы жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түркменстан, Ауғанстан және Иран елдерінен келген қандастардың есебінен өңір халқының демографиялық ахуалының өзгеруіне де зерттеулер жүргізілді. Бұл тақырыпта Б.К. Қалшабаеваның, А.Б. Қалыштың еңбектерінің мазмұны құнды саналады [5].

**Нәтижелер.**

**Облыс халқының демографиялық дамуы**

Тәуелсіздігімізді алып, жаңадан кадам басқан ел ретінде әлеуметтік-демографиялық дамуымызды көтеру мемлекеттілігіміздің тірегі болып табылады. Сондықтан да Оңтүстік Қазақстан облысы халқының тарихы тереңде жатқанын өткен тарихымыздан көреміз. 1992 жылы 6 шілдеде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қабылдаған қаулысымен Шымкент облысына Оңтүстік Қазақстан атауы қайтарылды. Оңтүстік Қазақстан облысы өзінің қайта құрылғанынан бастап, өзіндік демографиялық тарихының жаңа беттері ашылды. Аймақтың демографиясын тиісті әкімшілік бөліністер бойынша көрсету үшін мұндағы мемлекеттік- әкімшілік бөліністерді де белгілеу маңызды саналады. Олар, атап айтқанда облыстың әкімшілік-территориясында 11 аудан, 4 қалалық әкімдік, 7 қалалық сипаттағы елді мекендер, 13 кент, 171 ауылдық округ, 932 ауыл болып, оның барлығы облыс басшылығына біріктірілді [6].

Облыс халқы тәуелсіздік жағдайында ерекше өзгерістерге ұшырады. Еуропалық этностардың немістер, орыстар, гректер және басқа да халықтардың өз тарихи отандарына жаппай көшуіне қарамастан аз қарқынмен болса да өсіп, оырды. Оған сырттан көшіп келушілердің қпалы болды.

Осы орайда әр жылдарда көрсетілген санақ нәтижелеріне сүйенсек, халық саны аз да болса өсіп отырған. Төмендегі №1 кестеде халық санының жылдар бойынша өсімі берілген.

1 кесте

№	Жылдар	Көрсеткіш
1	1989 ж.	1 млн 823,5 мың
2	1999 ж.	1 млн 978,3 мың
3	2009 ж.	2 млн 469 мың
4	2020 ж	1 млн 983,9 мың

Кестеде көрсетілгендей, 1989-1999 жылдар аралығында өсім айтарлықтай байқалмайды. Тіпті жоқ деуге де болады. Бұл әрине елімізде 90-жылдары болған әлеуметтік-экономикалық тоқыраумен байланысты болып, ол халықтың демографиялық өсуіне де ықпал етті [7]. Ал, 1999-2003 жылдар аралығындағы өсімді демографиялық дүмпумен теңестіруге болады. Бұл жағдай 2000 жылдан бастап халықтың әлеуметтік-экономикалық ахуалының реттелуімен және елімізге көршілес республикалардан ағылған қандастардың есебімен байланысты. Бұл онжылдықта Оңтүстік Қазақстан облысының демографиялық жағдайы туу мен өсім, көші-кон мен осымен байланысты басқа да бағыттардың дамуы республикада бұрын-соңды болмаған көрсеткішке жетті.

Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының демографиялық дамуындағы басты ерекшелік – олардың саны көбеюінде екенін көреміз. 2009-2019 жылдар аралығындағы, яғни келесі онжылдықтағы демографиялық ахуал тағы да аса ірі көрсеткішке жеткізді. Бұл кезде халықтың көбеюіне байланысты Шымкент қаласын облыстан бөлу мәселесі көтерілді. 2018 жылы президент Н.Ә.Назарбаевтың бұйрығы бойынша Шымкент қаласы жеке республикалық аймақ ретінде бөлініп, қала республикадағы үшінші миллионер қала атанды.

Осы тұста облыс тұрғындарының өсу қозғалысын төмендегідей екі кезеңге бөліп қарастыру қажет. Біріншісі Оңтүстік Қазақстан облысы кезеңіндегі өңір халқының демографиялық дамуы және екіншісі Түркістан облысы кезеңіндегі халықтың демографиясы. Жоғарыда атап өткеніміздей Шымкент қаласы ірі қала ретінде бөлініп шыққанына қарамастан 2020 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша Түркістан облысының халық саны 2 млн-ға жуықтап отыр [8].

Тәуелсіздік жылдары урбандалу процестерінің күшейе түскен, әсіресе қазақтардың қалаға бет бұрған кезеңі десек те болады. Бұл жылдары қала халқы 5,7%-дан 54%-ға түскенімен, Оңтүстік Қазақстан облысында қала тұрғындары арасында қазақтардан 55,8%-дан 70,1%-ға дейін өсті, яғни 1,25 есе көбейді, өзбектер 1 есеге өсті, ал басқа ұлт өкілдерінің үлесі төмендей түсті (№2-кесте қала тұрғындарының ұлттық құрамын көрсетеді.)

2-кесте.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы қала халқының ұлттық құрамындағы пайыздық көрсеткіш (1989-2009 жж.)

Жылдар	1989	1999	2009
Барлығы	100	100	100
Қазақтар	40,8	61,6	59,8
Орыстар	30,7	18,2	12,5
Өзбектер	11,7	11,7	21,5

Немістер	2,4	0,5	0,2
Татарлар	3,6	2,5	1,6
Украиндар	3,3	1,4	0,6
Басқалар	7,5	4,1	3,8

Бұл кестеден қазақтардың 20 жыл ішінде артып, түркі-мұсылман этностары, оның ішінде, өзбек ұлтының көбеюі, басқа еуропа ұлт өкілдерінің азаюын көріп отырмыз. Алдыңғы жылдарға қарағанда, қазақтардың қалалық мекендерде шоғырланғанын көрсетеді [9].

Тәуелсіздік жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы халықтарында урбандалу процесі жоғары болды деуге болады. Себебі, 90-жылдары елімізде орын алған әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың салдарынан ауыл халқы алаға қарай ағылды. Сауда-саттық, жұмыссыздық жағдайлары өңір халқының әлеуметтік-демографиялық жағдайына мейлінше әсер етті. Өңір халқы тек облыстағы қалаларда ғана емес, еліміздің ірі орталықтары саналған Алматы мен Астана қалаларына көптеп көшіп кетті.

3-кесте.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы қала халқының жынысы бойынша пайыздық көрсеткіші (1989-2009 жж.).

	1989		1999		2009	
	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер
Жалпы саны	351891	387056	347786	381801	466177	505895
Пайызы	47,6	52,4	47,7	52,3	47,9	52,1
Барлығы	738947		729587		972072	

Кестеде қарастырып отырғанымыздай, облыста 20 жылда 11,4 мың ерлер өссе, ал әйелдердің көрсеткіші 118,8 мың адамға өсті [10].

### **Өңірде қалыптасқан әлеуметтік-демографиялық ахуал**

Оңтүстік халқының артуына әрине бірінші кезекте жергілікті қалыптасқан салт-дәстүр мен оның ерекшеліктері болып табылады. Атап отырғанымыздай, халықтың артуы да осы дәстүрмен тығыз байланысты. 1989-2009 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысындағы қалалар халқының едәуір өзгерістер орын алғанын статистикалық мәліметтерден көреміз. Оңтүстік Қазақстан облысы әлеуметтік-демографиялық, экономикалық ерекшеліктерімен қатар, салт- дәстүрімен де көзге түседі. Оның дәлелі ретінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың: «Оңтүстік – қазақтың каймағы шайқалмаған жер. Бұл өңір шуақты күнімен, халқының жомарттығымен, салт-дәстүрге беріктігімен, ең бастысы еңбек сүйгіштігімен ерекшеленеді. Сіздерге әр келген сайын Оңтүстік қазақстандықтардың өз өлкесін гүлдендірумен, тұрмыс-тіршіліктерін жақсарту түсуімен қатар өздерінің негізгі түп-тамырын ұмытпай, әдемі жалғастырып жататындығын көреміз» - деп беріп отырған бағалауынан көреміз [10; 85]

Некеге тұрудың жалпы коэффициенті 2001 жыл 100 адамға 6,3 пайыз болса, 2003 жылы 1000 адамға 7,6 ал, 2005 жылы 1000 адамға 8,1 пайыздық некеге тұру көрсеткіші тіркелген. 2006 жылдың тіркеуі бойынша некелесудің коэффициенті халықтың 1000 адамына шаққанда 8,6 некені құрады. 2005 жылдың қаңтар ақпан айымен салыстырғанда 1000 адамға шаққанда 1,9 некеге артты. Некелесудің ең жоғарғы деңгейі 1000 адамнан Түркістан қаласында – 11,1 Сарыағашта – 10,4 төмен деңгейі – Шымкент қаласында – 6,9 некеге тұру көрсеткіші орын алды. 2006 жылы некелесудің ең жоғары деңгейі Шымкент қаласында - 22,6 пайыз Төле би ауданында – 21,1 пайыз тіркелді.

Айта кетерлігі, некеге тұру бар жерде отбасының ажырасу мәселесі де бар. Ажырасу фактілері басқа облыстармен салыстырғанда Оңтүстік Қазақстан облысында аса көп болған жоқ. Осы тұста салыстырмалы түрде атап өтсек, облыс бойынша 2001 жылы 0,98 пайыз болды. Ал, 2003 жылдың бес айында облыс бойынша тіркелген ажырасудың 39,6 пайызы Шымкент қаласына тиесілі болды. Ажырасудың жалпы коэффициенті әр 10000 адамға шаққанда 2002 жылыдың қаңтар-мамыр айларындағы – 0,97 ден 2003 жылдың қаңтар-мамыр айларында 0,96 – ға дейін кеміді. Ажырасушылықтың жоғарғы деңгейі Арыс 2,5, Шымкент 1,6, Кентау қаласында 1000 адамға шаққанда 105 ажырасу көрсеткіштері тіркелген. Мұның бәрі әрине өңір халқының арасында демографиялық өсудің қарқынын айтарлықтай азайтатыны анық [11].

Некеде тұрған отбасылардың санының артуы уақыт санап артты. 2003 жылдың қаңтар – мамыр айларын салыстырған некелесу саны облыстық барлық қалалық әкімшіліктері мен қалаларында артқандық байқалады.

Демографияның ең негізгі жағдайы болатын туу жағдайына келсек, 90-жылдары өңірде туу көрсеткіші жоғары болған жоқ. Оған 1999 жылғы санақ нәтижелері мысал бола алады. Туу деңгейі жаңа ғасырдың басында өзгеріп, оң көрсеткіштер орын ала бастады. 2003 жылы 1000 адам 25,2. 2004 жылы 1000 адамға 27,5. 2005 жылы 30,38. 2006 жылы 30,03 адамнан келген. Туудың жоғары көрсеткіші Кентау қаласында 2005 жылы 23,76. 2006 жылы 22,26. Шымкент қаласында 2005 жылы 28,14. 2006 жылы 27,38 адамнан енген. Сонымен қатар, аудандардағы туудың жоғары көрсеткіштері: Шардара қаласында 2005 жылы 35,53, 2006 жылы 30,04, Сарыағаш қаласында 2005 жылы 32,10, 2006 жылы 34,16, Жетісай қаласында 2005 жылы 35,52, 2006 жылы 35,03 деп көрсетілген [11; 107].

Өңірде өлім-жітімді азайту шаралары ертеден қолға алынған. Бұл жағдай тәуелсіздік жылдарынан басын алды. Өлім деңгейі 2003 жылы 1000 адамға шаққанда 7,3 2004 жылы көрсеткіш бойынша 0,3 адамға кеміген. Шардара қаласында ең төменгі көрсеткіш 2005 жылы 6,17, 2006 жылы 5,19, Жетісай қаласында 2005 жылы 6,51, 2006 жылы 6,13, Сарыағаш қаласында 2005 жылы 7,86, 2006 жылы 6,28 қала бойынша 2005 жылы 8,51, 2006 жылы 7,91. Арыс қаласында 9,51, 2005 жылы бойынша 2006 жылы 8,73. Кентау қаласында 2005 жылы 10,25, 2006 жылы 9,75. Ленгінде 2005 жылы 9,12, 2006 жылы 9,14. Жоғары көрсеткіш өлем деңгейі Шымкент қаласы 2005 жылы 10,59, 2006 жылы 11,11 көрсеткен. Өлім деңгейіне экономикалық факторлардың әсерінен болатын қан қысымының өзгеруі, кездейсоқ жағдайлар және сапасыз тамақтан улану себеп болады.

Оңтүстік Қазақстан облысында халықтың демографиялық жағдайын реттеу мақсатында өлім-жітімді азайту жолға қойылып, ол бойынша әр түрлі шаралар атқарылу ерте кезден-ақ қолға алынған. Облыста әлеуметтік қамтамасыз етуде халықтың неғұрлым «әлжуаз» топтарына қолдау көрсету, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау көрсетудің 2006-2008 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады. 2008 жылдың 1 қаңтарында 2007 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда аз қамтамасыз етілген азаматтардың саны 44,7%-ға кеміп, 17604 адамды құрады немесе облыс халқының – 0,8%-ын құраған. Жыл басынан бері кедейшілік деңгейі 0,6 пайыздық бірлікке төмендеген. 2008 жылдың 1 қаңтарына 1752 азаматқа 11,2 млн теңге өтемақы төленген. Халықтың тұрмысын жақсарту мақсатында 2007 жылы 29585 адамға, 193,8 млн теңге мөлшерінде атаулы әлеуметтік көрсетілген. Сонымен қатар 41862 отбасының 18 жасқа дейінгі 148913 балаларына 1344,2 млн теңге мөлшерінде мемлекеттік жәрдемақы төленген [11; 87].

Сондай-ақ, егде жастағы адамдар мен ардагерлерге көмек көрсету оңтүстік өңір халқының негізгі істерінің бірі. Облыста 2 мыңыншы жылдың алғашқы жылдары 39 мыңнан астам соғыс ардагерлері және оларға теңестірілген тұлғалар, оның ішінде 2166 – Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектері болған. Ардагерлер үйіне жеке санаттағы 5173 адам емделуге жіберілген.

### ***Көші-қон жағдайының демографияға әсері***

Оңтүстік облыстағы демографиялық жағдайға ықпал етуші факторлардың ең негізгілерінің бірі – ол көші-қон факторы болды. Көші-қон факторы негізінен сырттан көшіп келетін қандастардың Отанға оралуымен тығыз байланысты болды. Демографиялық жағдайда халықтың көші-қон қозғалысында әсер етеді. Сонымен бірге, орын алып отырған жағдай, ол оралмандар статусын анықтау жолында 1991 жылдан бастап келелі шаралардың атқарылуы. Ондай шаралар қатарына оралмандарды жаңа Қазақстанға бейімдеу жолындағы құқықтық, мәдени, әлеуметтік экономикалық іс-әрекеттер тізбегін айтуға болады. Елімізде 1991 жылы “Азаматтық” туралы, 1992 жылы “Эмиграция” туралы заң негізінде қайта көшіп келіп жатқан жұрт “оралман”, “репартиант” мәртебесіне ие болса, онда ел Президентінің жылдық квотасы бойынша емін еркін қоныстануына рұқсат берілген [12].

Қазақ диаспорасының дүниежүзінің 40-тан астам елінде, басым көпшілігі Қазақстанмен шекаралас Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан, Қытай, Моңғолия және Ресей елдерінде шоғырланған. Олардың атамекенінен ауа көшуі не тарихи Отаннан бөлініп қалуы сол кездегі саясат пен тарихи жағдайларға байланысты еді. Мысалы тәуелсіздік жылдарында Өзбекстан қазақтары ТМД елдеріндегі ең ірі диаспораны құрады. Олардың саны ресми деректерде 930 мың делінсе [13;7]. бейресми деректерде 1,5 млн адам делінеді. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі стратегиялық саясатының бірі сырттағы этникалық қазақтарды тарихи Отанына қайтару бағыты еді. Қазақстан президенті Н.Ә. Назарбаев «Алыста жүрген ағайындарға ақ тілек» деген айдармен, ата-мекенге келемін деуші ағайындарға жол ашық екенін айтып, ортақ Отанымыз Қазақстанға шақырды [14].

Алыстағы ағайындарға демеу болып, шеттегі қандастарымыздың елге деген ниет-тілегі арта түсті. Сырттағы қазақтардың үлкен бір бөлігін Орталық Азиядағы қазақтар құрайды. Ондағы қазақтардың тарихи тағдыры этнографиялық ерекшелігі, тарихи Отанға оралуы, бейімделуі жөнінде Б.К.Қалшабаева өзінің еңбегінде жан-жақты көрсетеді. Тарихи Отанға оралған репатрианттардың үлкен бөлігін Орталық Азиядан келген қазақтар құрайды. Олардың елге оралуындағы негізгі себептері саяси әкімшілік саясат салдарынан туындаған әлеуметтік-экономикалық қиындықтар оның ішінде қазақ мектептерінің қысқаруы, латын әліппесінің енуі, қазақ жастары мен әйел адамдар арасындағы жаппай жұмыссыздықтың көбеюі, экологиялық қолайсыздықтар оның ішінде Арал теңізінің экологиялық апатының әсері салдарынан деп түсіндіреді. Сонымен қатар еліміздің Отандастарымызға беріп отырған материалдық және моральдық көмегі де себеп болды деуге болады [5:25].

1993-1996 жж. Оңтүстік Қазақстанға Ираннан - 320, Тәжікстаннан 420, Өзбекстаннан - 1300, Ауғанстаннан - 90, Түркіменстаннан - 210. Түрік республикасынан 70 адам қандастарымыз келеді. Ал, 1997-1999 жылғы шетелдерден көшіп келу квотасы бойынша Ираннан Ислам республикасынан - 25, Қытай Халық республикасынан - 15, Ресей федерациясынан - 20, Тәжікстан Республикасынан - 30, Түркменстан Республикасынан - 30, Өзбекстан республикасынан - 170 адам келсе, 2000-2007 жылдары Пәкістан Ислам Республикасынан 71, Ауғанстаннан 171, Түркия Республикасынан - 45, Тәжікстаннан 5, Түркіменстаннан - 320, Өзбекстан республикасынан 6884, ТМД-ның басқа елдерінен 70 отбасы келді [15].

Орталық Азиядан келген оралмандардың негізгі бөлігі Оңтүстік Қазақстан облысына қоныстанды. Оңтүстік Қазақстан облысы алыс және жақын шетелден тарихи отанына оралған отандастарымыз үшін ең жайлы да тартымды аймақ болып саналды. Бұл шамамен Қазақстанда тұрып жатқан барлық оралмандардың 23%-н құрайды. Тәуелсіздік жылдары 1991-2007 жылдар аралығында Қазақстанға Өзбекстаннан қоныс аударған қазақтардың саны, ҚР Еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрлігінің миграциясы бойынша Комитетінің мәліметтеріне қарағанда, 399453 адамды құрайды (102748 отбасы). Оның ішінде Қарақалпақстанмен мен Науаи облыстарынан қоныс аударушы қазақтар көптеп саналады, олар ең алдымен экологиялық қолайсыз аудандардың (алдымен Арал өңірі) тұрғындары болды. Осыған байланысты елімізде көші-қон саясаты, Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы, Нұрлы көш тағы осы сияқты мемлекеттік және қоғамдық орындар жұмыс істеді.

Халықтың көшіп қонуына көптеген жағдайлар себеп болды. Оған, өмір сүру деңгейі, кіріс көзі, айналысу кәсібі жұмыссыздықтың салдары жатады. 2000-2005 жылдар аралығында қалалық жерге миграция және демографиялық департаменттердің анықтамасы бойынша 133216 адам көшіп келген. Көші-қон айырымына келсек, келгендер саны кеткендерден асып түскен. “Қазақстан республикасының көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша басқарманың дерегінше 2002 жылы 3208 отбасы атамекенге қоныс аударса, 2003 жылы 6321 отбасы елімізге көшіп келген. Осындай сандар көрсеткіші 2005 жылдың қыркүйек айына дейін 28580-ге өскен. Республикамыз бойынша оралмандар 105 мыңнан асқан болса, солардың үштен бірі оңтүстік аймақтарға қоныстанған [12; 191].

Көші-қонның нәтижесінде Қазақстанға келген қандастардың Оңтүстік Қазақстан облысында 23 пайызы орналасты. Оның басты себебі, Оңтүстіктің өзге облыстарға қарағанда, табиғи-территориялық қолайлылығында еді. Халық даналығында ылғандай айтады «Ел болам десең бесігінді түзе». Сол себепті де, әлеуметтік-демографиялық тұрақтылығымызды және оның өсуін сақтауға мемлекет тарапынан жағдай қалыптастыру қажет.

### **Қорытынды.**

Ғылыми жұмысты жазуда бірнеше ғылыми қорытындылар қабылданды. Тақырыпты қорыта келе, егеменді еліміздің халық санының өсуіне Оңтүстік облыстың қосқан үлесі де көп болғанын байқаймыз. Ол үшін, Оңтүстік өңірде бала тууды көбейту, ана денсаулығы мықты болып, дүниеге дені сау бала әкелу жұмыстарына мән беріліп, бұл негізінен қалалық жерлерде ерекше қолға алынған деуге болады. Өңірдің демографиясын дамытуда мемлекет тарапынан дұрыс материалдық көмек көрсетілуі мен жас отбасыларға қолдау және жастарды жұмыспен қамту мәселелері өңір халқының басты мәселелері болып саналған. Қазіргі уақытта бұл мәселелер өзінің шешімін тауып келеді. Еліміздің болашағы мен өсіп өркендеуі үшін демография ең өзекті мәселе болғандықтан, туындаған әлеуметтік-демографиялық мәселелерді Оңтүстік Қазақстан облысы басқа өңірлер сияқты бұл мәселені мемлекет болып, қоғам болып, ел болып шешіп келеді.

Басты қорытындылардың бірі өңір халқының демографиясын көтеруде шетелден келген қандастардың үлесі қомақты болып отыр. Өз Отанына оралған отандастарымызды қабылдау, оларды орналастыру үшін қолайлы жағдай жасау, қандастарды әлеуметтік ортаға тезірек кірігуі үшін жағдайды қамтамасыз ету

жұмыстарын Оңтүстік Қазақстан облысы алғашқылардың қатарында қолға алған және ол өз нәтижесін беріп отыр. Шетелдердегі қазақ диаспорасының қабілетті және дарынды балаларын, жасөспірімдері мен жастарын оқуға, еңбекке тарту бұл облысты дамытуда маңызды мемлекеттік бағдарлама екені даусыз.

Оңтүстік Қазақстан облысында қаланың жылдан-жылға кеңейіп, халықтың тығыз орналасуы анық байқалады. Соның ішінде облыс орталығы Шымкент қаласы Қазақстандағы инфрақұрылымы дамыған, өнеркәсіптік және ғылыми-мәдени жағынан маңызын жоймаған қалалардың бірі болып табылады. Алдағы уақытта облыс, өзінің әлеуметтік-экономикалық бағдарламасы арқылы үлкен жетістерге жететініне сенеміз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Асылбеков М.Х. *Демографическое развитие Республики Казахстан в условиях суверенитета*. – Алматы, 2001. – 96 с.
2. Асылбеков М.Х., Козина В.В. *Демографические процессы современного Казахстана*. Алматы, Атамұра, 1995, 128 с.
3. Алексеев Н.В. *Историческая демография Казахстана*. ВКГУ, 2001. – 67 с.
4. Найманбаев Б.Р. *История миграционных процессов в Казахстане в период 1970-1999 гг. Монография*. – Шымкент, издательство «Алем», 2011. – 144 стр.
5. Қалишабаева Б.К. *Орталық Азиядағы қазақтар (тарихи-этнографиялық зерттеу)*. Алматы: Қазақ университеті, – 2011 б.
6. Оңтүстік Қазақстан [Мәтін]: энциклопедия / – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. – 560 б.
7. *Итоги переписи населения 1999 года по Южно-Казахстанской области. Агентство Республики Казахстан по статистике*. - Алматы: Статистический сборник /Под ред. А.А. Смаилова/ 2001. - Том 1. - 157 с.
8. Досымова Гүлдерхан. “Түркістан облысы халқының демографиялық мәселелері”// *Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi*, 2021, (4/2), - Б. 77-86.
9. *Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. 2009 жыл басына Қазақстан Республикасы халқының облыстар, қалалар және аудандар бойынша саны*. / Редакциясын басқарған Ә. Смайылов. - Астана: - 2009. - 47 б.
10. Спабеков Ж.К. *Оңтүстік Қазақстан облысындағы қалалар халқының әлеуметтік-демографиялық дамуы (1989-2009 жж.)*. // Қазақстанның ЕҚБІҰ төрағалығына арналған «Қазақстан Республикасы және әлемдік тарихи процесс» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 2010 жыл. / жауапты ред. С.К. Удербоева. – Алматы: Қазақ университеті. 2011. – 200 б.
11. Исабекова Н.А. *Оңтүстік Қазақстан облысының халқының демографиялық жағдайы*. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2008. – №4(51). – Б. 105-107.
12. Асылбеков Е.С. *Оңтүстік Қазақстан облысының ұлттық құрамының қалыптасуы*. // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2005. – №2(37). – Б. 189-191.
13. Мендикулова Г.М. *Казахская диаспора: История и современность* Алматы: Реуз, 2006. – 343 б.
14. Назарбаев Н.Ә. *Құшағымыз бауырларға айқара ашық*. // Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. Алматы, 1993. 346 б.
15. Бейсегұлова А.Қ., Шәмеева В.Ә. *Оңтүстік Қазақстан облысындағы Репатриаттардың орналасуының кейбір мәселелері*. // «Қазақстан археологиясы мен этнология ғылымының өзекті мәселелері және даму болашағы» атты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің 80-жылдығы аясында ҚР ҰҒА академигі У.Х. Шәлекеновтың 90-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. 16 мамыр 2014 ж. – Алматы: Қазақ университеті. – 327 б.

*References:*

1. Asylbekov M.H. *Demograficheskoe razvitie Respubliki Kazahstan v usloviyah suvereniteta*. – Almaty, 2001. – 96. s.
2. Asylbekov M.H., Kozina V.V. *Demograficheskie processy sovremennogo Kazahstana*. Almaty, Atamura, 1995, 128 s.
3. Alekseenko N.V. *Istoricheskaya demografiya Kazahstana*. VKGU, 2001. – 67 s.
4. Najmanbaev B.R. *Istoriya migracionnyh processov v Kazahstane v period 1970-1999 gg. Monografiya*. – Shymkent, izdatel'stvo «Alem», 2011. – 144.
5. Qalshabaeva B.K. *Ortalyq Azuadagy qazaqtar (tarixi-etnografiyalyk zerttey)*. Almaty: Qazaq yunversiteti, – 2011 b.

6. *Оңтүстік Қазақстан [Мәтін]: энциклопедия / – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. – 560 б.*
7. *Itogi perepisi naseleniya 1999 goda po YUzhno-Kazahstanskoj oblasti. Agentstvo Respubliki Kazahstan po statistike. - Алматы: Statisticheskij sbornik /Pod red. A.A. Smailova/ 2001. - Tom 1. - 157 s.*
8. *Dosymova Gýlderhan. “Türkistan oblysy halqynyń demografialyq máseleleri”. // Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi, 2021, (4/2), - B. 77-86.*
9. *Qazaqstan Respyblikasy statistika agenttigi. 2009 jyl basyna Qazaqstan Respyblikasy halqynyń oblystar, qalalar jáne aýdandar boıynsha sany. 2009. 476.*
10. *Spabekov J.K. Оңтүстік Қазақстан облысындағы қалалар halqynyń áleymettik-demografialyq damýy (1989-2009 jj.). // Qazaqstannyń EQYU tóraǵalyǵyna arnalǵan «Qazaqstan Respyblikasy jáne álemdik tarıhı protsess» atly halyqaralyq ǵylymi-praktikalyq konferentsua materialdary. 2010 jyl. / jayıpty red. S.K. Ýderbaeva. – Алматы: Qazaq ýniversiteti. 2011. – 200 b.*
11. *Isabekova N.A. Оңтүстік Қазақстан облысының halqynyń demografialyq jaǵdayı. Ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ Habarshysy. Tarıh seruası. – 2008. – №4(51). – B. 105-107.*
12. *Asylbekov E.S. Оңтүстік Қазақстан облысының ulttyq quramynyń qalyptasýy. // Ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ Habarshysy. Tarıh seruası. – 2005. – №2(37). – B. 189-191.*
13. *Mendikulova G.M. Kazahskaya diaspora: Istoriya i sovernennost' Алматы: Reiz, 2006. – 343 b.*
14. *Nazarbaev N.Á. Qushaǵymyz baýyrlarǵa atqara ashıyq. // Dúniejúzi qazaqtarynyń quryltayı. Алматы, 1993. 346 b.*
15. *Beiseǵulova A.Q., Shámeeva V.Á. Оңтүстік Қазақстан облысындағы Repatriattardıń ornalasýynyń keibir máseleleri. // «Qazaqstan arheologıasý men etnologıa ǵylymynyń ózekti máseleleri jáne damý bolashaǵy» atly ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ-diń 80-jyldyǵy aıasynda QR UǵA akademıgi Ý.H. Shálekenovtyń 90-jyldyǵyna arnalǵan halyqaralyq ǵylymi-tǵaribelik konferentsuanyń materialdary. 16 mamyr 2014 j. – Алматы: Qazaq ýniversiteti. – 327 b.*

FTAXP/MPHTI / IRSTI 03.20  
ӘӨЖ/УДК/UDC 9.93/94

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2024.83.4.007>

S.K. Tulbassiyeva \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty. E-mail: [sauletulbassieva@gmail.com](mailto:sauletulbassieva@gmail.com)

### COLLECTIVE FARM «MOUNTAIN GIANT» IN ALMA-ATA: HISTORIES OF LABOR VICTORIES AND TRAGEDIES OF THE 1930s

#### Abstract

Recently, interest in the problems of everyday life has noticeably increased in historical science, especially at the regional level during a certain historical process. The last thirty years have become a period of radical rethinking of socio-economic history and testing of new methodological approaches. In addition, this actualizes the topic we have chosen.

The object of our study, we chose a special city of the Semirechye region, the city of Almaty and its history during the period of collectivization.

The subject of the study is the new rural life experienced by the peasantry as part of the city, which underwent a significant transformation during the formation of the Soviet state, associated with the implementation of a targeted state policy that had a tremendous impact on all spheres of life, which makes it possible to reveal key aspects of the history of everyday life, aimed at studying objective and subjective aspects of the historical process of this period for the residents of the city of Almaty.

The purpose of this article is to study the most important aspects of the daily life of the rural population of the city of Almaty in the period 1930-1934. The article covers key aspects of the formation of the Soviet collective farm in the 1920s as part of the collectivization policy aimed at uniting peasant farms into one whole to increase agricultural productivity and strengthen state power.

**Keywords:** Kazakhstan, Almaty, Mountain giant, Semirechye, Soviet period, Soviet power, collectivization, collective farm, everyday life, totalitarianism.

С.К.Тулбасиева \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Республика Казахстан, г.Алматы,  
E-mail: [sauletulbassieva@gmail.com](mailto:sauletulbassieva@gmail.com)

## КОЛХОЗ «ГОРНЫЙ ГИГАНТ» В АЛМА-АТЕ: ИСТОРИИ ТРУДОВЫХ ПОБЕД И ТРАГЕДИЙ 1930-х ГОДОВ

### Аннотация

В последнее время в исторической науке заметно возрос интерес к проблемам повседневности, особенно на региональном уровне в период определенного исторического процесса. Последние тридцать лет стали периодом кардинального переосмысления социально-экономической истории и апробации новых методологических подходов. И это актуализирует выбранную нами тему.

Объектом нашего исследования мы выбрали особый город Жетысуйского региона, город Алматы и его историю в период коллективизации.

Предметом исследования является пережитая крестьянством новая сельская жизнь в составе города, претерпевшая значительное преобразование в период становления советского государства, связанная с проведением целенаправленной государственной политики, оказавшей колоссальное влияние на все сферы жизни, что позволяет раскрыть ключевые аспекты истории повседневности, направленной на изучение объективных и субъективных аспектов исторического процесса этого периода для жителей города Алматы.

Целью данной статьи является исследование важнейших аспектов повседневной жизни сельского населения города Алматы в период 1930-1934 годов.

Статья охватывает ключевые аспекты формирования советского колхоза в 1920-е годы в рамках политики коллективизации, направленной на объединение крестьянских хозяйств в одно целое для повышения производительности сельского хозяйства и укрепления власти государства.

**Ключевые слова:** Казахстан, Алма-Ата, Горный гигант, Семиречье, Советский период, Советское правительство, коллективизация, колхоз, повседневность, тоталитаризм.

С.К. Тулбасиева \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы,  
E-mail: [sauletulbassieva@gmail.com](mailto:sauletulbassieva@gmail.com)

## АЛМАТЫДАҒЫ «ГОРНЫЙ ГИГАНТ» КОЛХОЗЫ: 1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЕҢБЕК ЖЕҢІСТЕРІ МЕН ҚАСІРЕТІНІҢ ТАРИХЫ

### Аңдатпа

Қазіргі таңда тарих ғылымында күнделікті өмірге деген қызығушылық айтарлықтай өсті, әсіресе белгілі бір тарихи процесс кезінде аймақтық деңгейде. Соңғы отыз жыл әлеуметтік-экономикалық тарихты түбегейлі қайта қарау және жаңа әдіснамалық тәсілдерді сынақтан өткізу кезеңі болды. Бұл біз таңдаған тақырыптың өзектілігін ашады.

Зерттеу нысаны ретінде Жетісу өңірінің ерекше қаласын, Алматы қаласын және оның ұжымдастыру кезеңіндегі тарихын таңдадық.

Зерттеу пәні-Алматы қаласының тұрғындары үшін осы кезеңнің тарихи процесінің объективті және субъективті аспектілерін зерттеуге бағытталған күнделікті өмір тарихының негізгі аспектілерін ашуға мүмкіндік беретін, өмірдің барлық салаларына орасан зор әсер еткен мақсатты мемлекеттік саясатты жүргізумен байланысты Кеңес мемлекетінің қалыптасу кезеңінде елеулі өзгеріске ұшыраған қала құрамындағы шаруалар басынан өткерген ауыл өмірі алынды.

Бұл мақаланың мақсаты 1930-1934 жылдар кезеңінде Алматы қаласының ауыл тұрғындарының күнделікті өмірінің маңызды аспектілерін зерттеу болып табылады.

**Кілт сөздер:** Қазақстан, Алматы, Горный гигант, Жетісу, Кеңестік кезең, Кеңес өкіметі, ұжымдастыру, колхоздастыру, күнделікті өмір, тоталитаризм



**Introduction.** The historical period of collectivization was marked by a number of important events in the formation of Soviet society. It was a time of mass socialization, upheavals, as a result of which millions of people changed their occupation and even their place of residence.

**Relevance.** The reforms of the Soviet state that unfolded in those years required huge funds and efforts, since the country was mainly agricultural, collective farms were supposed to become the main source from where the state could draw the necessary resources.

And this was the main reason for the agrarian reforms, which led to a complete change in the social situation and daily life of rural residents. As a result, Soviet reforms, including collectivization, eventually provoked a conflict between the old orders of the rural population and new state administrative organizations - artels, communes and collective farms, which destroyed the former way of life of the rural population.

Therefore, without studying the peculiarities of the development of the rural population, especially in a certain region, it is impossible to recreate a detailed and holistic picture of the daily life of the inhabitants of this region. The study of everyday life allows us to obtain more examples of human perception of new conditions during a period of social upheaval.

Recently, there has been a noticeable increase in interest in the problems of everyday life in historical science, especially at the regional level during a certain historical process. The last thirty years have been a period of radical rethinking of socio-economic history and testing of new methodological approaches. And this actualizes the topic we have chosen.

We have chosen a special city of the Semirechye region, the city of Almaty and its history during the period of collectivization as the object of our research. Specifically, using the example of one collective farm, we want to show the history of the formation of the Soviet economy in the city of Alma-Ata.

The subject of the study is the new rural life experienced by the peasantry as part of the city, which underwent a significant transformation during the formation of the Soviet state, associated with the implementation of a purposeful state policy that had a tremendous impact on all spheres of life, which allows us to reveal key aspects of the history of everyday life aimed at studying objective and subjective aspects of the historical process of this period for residents of the city of Almaty.

The purpose of this article is to study the most important aspects of the daily life of the rural population of Almaty in the period 1930-1934 and to show the objective factors of the transformation of everyday life. In particular, the main goal is to tell the story of the embodiment of Soviet modernization by the example of one collective farm in Almaty.

In accordance with this goal, the following tasks were set in the article:

- to highlight the socio-economic trends that have influenced the daily life of collective farms in Almaty; - to identify the features of social interactions and attitudes of the rural population during the period of collectivization on the example of one collective farm;
- to show the conditions, level, lifestyle and way of life of the rural population of the city of Almaty.

**Materials and Methodology.**

The methodological basis is based on the principles of historicism and a systematic approach. Problem-chronological, historical-comparative, and typological approaches were also used. General scientific research methods (analysis, synthesis, induction, deduction, etc.), special historical research methods, using specific examples, problem-chronological, frontal studies of archival data, etc. were also used. The source base of the topic under study is a complex of archival documents and materials.

**Materials.** During the preparation of the scientific publication, documents from the Fund-174, the City Archive of the city of Almaty were used, such as the Executive Committee of the Alma-Ata City Council of Workers' Deputies and the Fund-1714-List of kulak families who arrived in the city of Almaty. Additionally, materials from the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK) of Fund-44 (People's Commissariat of Workers' and Peasants' Inspections of the Kazakh Autonomous Soviet Socialist Republic since 1929, Alma-Ata) were used; Fund-74 (People's Commissariat of Agriculture of the Kir ASSR (People's Commissariat of Agriculture) since 1929, Alma-Ata); Fonda-83 (People's Commissariat of Labor of the KirASSR (Kyrgyz People's Labor) since 1929 Alma-Ata); Materials of the secret department of the Central State Administration of the Republic of Kazakhstan Fund-251, Case-1102. Cases of the Mobile Supreme Court. Minutes of the Session 1920–1942; Materials of the Presidential Archive of the Republic of Kazakhstan such as Fund-141, materials on the confiscation of property in the Alma-Ata district.

**Control and discussion.**

The relevance of the chosen topic lies in the insufficient study of the daily life of the rural population of the Alma-Ata region in the 1930s-1934s.

On the history of Kazakhstan, there are not enough scientific works on the study of historical data in the context of regions of this period. They were all considered generically and comprehensively. Therefore, one of the ways to create a retrospective of the 30s was the interest of researchers to study the history in the context of the region for a certain period.

The history of the creation, strengthening and activity of mass peasant organizations during the transition period, as well as the work of village councils, were considered in the work of M.K. Kozybaev [1.11-114]. He notes that the activities of peasant organizations were investigated unilaterally for some time.

According to him, the issues of relations between peasant organizations and their relations with village and village councils in the struggle for the construction of socialism, i.e. the mechanism of real participation of workers in historical creativity, have remained out of the field of view of scientists.

In the monograph devoted to the analysis of party leadership with mass organizations, Sh.A. Kusanova gives a general idea of the main directions of development of agrarian policy [2.8-19]. Focusing on the main focus of the party leadership, the author touched upon the issues of ideological and organizational strengthening of rural party organizations.

A significant place in Kazakh historiography is occupied by the works of S. L. Kovalsky [3. 59-70]. His scientific works show the problems of state farm construction in the pre-war period, the activities of production teams under the leadership of the CPSU and the Soviet state, and state farms of large agricultural detachments of the working class in the countryside.

The logical continuation of this problem in the new historical conditions was the work of S. L. Kovalsky and Kh. Madanov "Development of virgin lands of Kazakhstan" [4.56]. Where a wide range of issues related to the organization and development of state farm production on virgin lands of Kazakhstan in the pre-war and post-war periods is studied.

A. B. Tursunbayev was one of the first in Kazakhstan to show the life of the yard and village in the 20s and 30s, revealing the role of party organizations in spreading mass ideas of collectivization, pointing out the help of worker's settlements and yards in the construction of land reclamation systems, that collective farms and collective farmers enjoy a single agricultural tax [5.3-9.247]. Based on archival materials, the author traces the development of collectivization of farms in Kazakhstan and ways to solve two historical problems-the consolidation of personal farms into collective farms and the transition from a nomadic lifestyle to a sedentary one.

General studies of socio-economic problems and specific historical experience of the transition of Kazakh nomads and semi-nomads to a sedentary lifestyle under the Soviet regime are made up of the works of G.F. Dahshleiger and K. Nurpeisov [6.4-20]. They are distinguished by a broad source base, a deep analysis of the material, and the validity of assumptions and generalizations on the most important issues of this period. A concrete historical review of the collective farm's victories in the republics of the Soviet East, including Kazakhstan, is described in the works of B. A. Tulepbaev [7.21, 15-42]. Among them, a special place is occupied by his monograph "Socialist agrarian Transformations in Central Asia and Kazakhstan". His work differs in that they analyze the political, economic and social prerequisites for collectivization.

Thus, it is possible to make a review of scientific works related to this period, but the historical review reveals an insufficient level of research of this period in the regional context.

As a source study basis for our research, we used archival data, primarily from the Almaty City Archive, the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, and especially unused archival documents from an earlier research circle.

Specifically, we used the materials of the Foundation-70 Case of the Alma-Ata City People's Court in 1928-1936 [8.147].

The scientific novelty represents the first attempt at a comprehensive and general study of the daily life of the rural population of Almaty during the period of collectivization, when a new system of Soviet ownership was being formed.

During the period of our research, the city of Alma-Ata was the administrative center of Semirechye province. From September 3, 1928 to 1936, Alma-Ata was the capital of the Kazakh ASSR and the administrative center of the Almaty district.

In accordance with the decree of the Presidium of the Kazakh Central Election Commission dated December 17, 1930 "On new zoning", 126 districts were created in Kazakhstan. As the capital of Kazakhstan, Alma-Ata became the administrative center of a large district. It was joined by the localities of Malo Almatinsky, Leninsky Selsoviet of Kalininsky district and Gorno-Oktyabrsky Selsoviet [9.91]. As a result of the reform, 3,070 farms located on an area of 49,264 hectares were managed by 12 collective farms and 1 agricultural cooperative-artel. The total number of people served by the city council has reached 141,590.

This effect, which reached its highest level especially after the 13th century, is possible to see the Tatar influence in matters that concern the entire society, such as tax collection in Russia, trade rules, and management of local people for 250 years. In connection with this, the problem of how to look at the steppe effect is a fundamental issue that divides the Russian intellectual life and has continuity. As it is known, Westernists and Pan-Slavicists in Russia see the steppe as a disaster threshold that has a deadly effect on Russia. The famous poet Pushkin said that "Russia was given a high mission... its vast plains swallowed the power of the Mongols and stopped their invasion at the very edge of Europe; the barbarians did not dare to leave enslaved Russia behind and returned to the steppes of their east. The nascent Enlightenment was saved by a fragmented and dying Russia..." [3]

The basis of research on the history of the Golden Horde dates back to the 18th century. V.N. Tatischeva, M.M. Sherbatova, P.A. Richkova etc. researchers are among the first representatives of historical studies on the Golden Horde. Nikolay Mikhailovich Karamzin (1766-1826), a Russian writer, poet, historian and critic, was the name that came to the fore with his works. Karamzin, who is considered the founder of the Russian history school, was the first person to emphasize the effect of the Golden Horde domination period, which lasted for 250 years, especially from the 13th century, in the history of Russia. Karamzin is known for his work "The History of the Russian State". Although this work of Karamzin is quite subjective, it has been a source of inspiration for Russian historians and the interest in the history of the Golden Horde has increased in this period. He described this period when Tatar influence was clearly seen in financial, commercial, spiritual, political issues; he defines as "Tatar yoke". Although Karamzin saw this period as the reason for Russia's authoritarian regime, he did not hesitate to state that it had positive aspects: "The invasion of Russia by Batu Khan deeply shook our country, but this disaster contained the seeds of a goodness and our unity. Moscow owes its greatness to the khans" [4].

The historian Sergey Solovyev (1820-1879), one of the leading figures of the westernist movement, is another of those who view Russia's relationship with the steppe negatively. He named the 4th volume of his basic work titled "History of Russia from Ancient Times to the Present", which was published in 29 volumes, as "Russia Under the Tatar Yoke". Solovyev sees this relationship as a fatal one that led to Russia's disaster.

However, unlike Karamzin's subjective approaches based on conquests, Solovyev, who gave importance to the development line of civilization, wanted to see the Norman and Tatar periods as a part of Russian history [5].

Nikola Trubetskoy (1890-1938), one of the architects of the idea of Eurasianism, shared the same view; he argued that Russians inherited their empire from the sons of Jochi. Trubetskoy, said, "For our – that is, the Russians – correct national self-realization, we have to take into account the existence of the Turanian element in us. (...) We owe our Turani ancestors as much gratitude as our Slavic tribes" [6].

The history of relations with the steppe peoples is a topical issue that is frequently brought up in Russian political and scientific life, as seen in Vladimir Putin's comparison of the Kovid virus to the Pechenegs. This issue manifests itself in sometimes positive and sometimes negative approaches. Russian Foreign Minister Sergey Lavrov's article, published in 2016, in which he describes the historical background of Russian foreign policy, has evaluations that make the subject more interesting for us.

*"However, the Russian people have always had their own cultural matrix and spirituality and have never been completely blended with the West. It would be appropriate here to recall a tragic and largely significant period of the Mongol invasion. Alexander Pushkin made the following notes on the subject: "The barbarians did not dare to leave an enslaved Russia, they stood behind the line. They returned to the eastern steppes." This means that the Christian enlightenment has been saved by a devastated and dying Russia. There is also an alternative view expressed by Lev Gumilyov, who wrote that the Mongol invasion facilitated the emergence of a new Russian ethno and that the great steppe gave an additional impetus to our development"* [7].

**Gumilev and the Peoples of Eurasia.** The fact that Lavrov used Lev Gumilev's name as a second opinion here is very important. Because Gumilev is an inspiring thinker who left his mark on the 20th century. Gumilëv, who was held under pressure and sentenced to prison due to being seen as an opponent of the system during the Soviet Union, gained great fame in Russia after the collapse of the state. It even began to be seen as the counterpart of famous historical philosophers such as Herder, Spengler and Toynbee. Gumilev drew on Russian and German natural sciences; He studied history through geography because he studied disciplines such as history, culture, ecology, biosphere and astronomy simultaneously and in interaction. It is possible to say that Gumilev's theory of history emerged from the synthesis of humanities and natural sciences. Gumilëv's two theories draw attention to explain the birth and evolution of ethnic structures: Passionary Theory and Ethnogenesis Theory.

Passion, which expresses the highest level reached by the expansion activities of the tribe, sparked by a leader, bears great resemblance to Ibn Khaldun's concept of "irritability". Like Ibn Khaldun, he claims that every ethnic community develops like a living organism, and that great conquests take place at the highest level of national passion. Gumilev published his thesis on Ethnogenesis and the Earth's Biosphere in 1983, as a product of Passionary Theory and Ethnogenesis Theory. With this thesis, Gumilëv has connected the formation, rise and fall of peoples to certain principles.

Gumilev, developing the views of Konstantin Leontyev and Nikolay Danilevsky, sees the Russians as belonging to the Eurasian steppes. He described the Russians as a "super ethnos", similar to the Turko-Mongol peoples. He reinterpreted the periods of intensifying relations of the Russians with the steppe peoples as the periods of consolidating the Russian power with the steppe forces in order to protect the Russian presence against the destructive influences from Catholic Europe. In line with his Eurasianist views, he supported the national movements of the steppe peoples, especially the Turkic and Mongolian peoples. Thus, his views spread easily among Tatars, Kazakhs and other Turkic peoples, and he gained a well-deserved reputation. All of his works, which reflect his views, which are especially appreciated in Eurasianist circles in Russia, have been republished by the 'Gumilyov World Foundation' established in his name after his death. Gumilev's books have been translated into many languages [8].

Gumilëv's work, in which he directly deals with the effects of steppe peoples on Russian ethnic formation, is *Ancient Russians and the Great Steppe Peoples (Vol. I-II)*. The work consists of seven main parts. Each main section is divided into subsections within itself [9].

Gumilëv's *Ancient Russians and the Great Steppe Peoples (Vol. I-II)* is a study of ethnic history. The work, in time, BC. I millennium-AD 15th century; As a place, it covers the Eurasian geography. Gumilev examined the ethnic history of peoples living in this time and place, such as Russian, Slavic, Khazar, Pecheneg, Guz, Hungarian, Jewish, Mongolian, Tatar, in the light of his Ethnogenesis Theory; He used his own wide-area scanning method to illuminate the issues that remained in the dark. Gumilev, in his work, read the historical events through geography.

In Gumilev's work, it is seen that he benefited from the eastern and western sources and the research works of the leading scholars of the field, used a scientific and fluent language, and did not allow for conceptual confusion. In his work, in which he glorifies the steppe peoples and their cultures, he emphasizes the similarity of interests between the Turkish and Mongolian tribes and the Russians. Gumilëv draws attention to Turkic and Mongolian influence in the transformation of Ancient Russia into Greater Russia and the formation of the Russian Super-Ethnos.

**Results.** As a result, the Russians, who formed their political and spiritual unity during the Golden Horde, were also culturally influenced from music to dance, from statism to linguistics and mythology. I would like to conclude these evaluations with a striking example.

Ivan IV Vasilyevich had appointed the former khan of Kasim, Simeon Bekbulatovich, to head Zemshchina. He was declared the tsar of all Russia with the title of "Grand Knez and Tsar", and Ivan himself was to become only the Knez of Moscow. Ivan IV would bow respectfully in his presence and use the signature "Ivan your slave" in his correspondence with him. Ivan had married him to the sister of Boyar Feodor Mitislavich. Although this behavior, which is said to have lasted until 1577, is considered as a political farce and not considered serious, we have good reasons to take it seriously considering Russia's long relationship with the Golden Horde. This event is important in terms of showing the influence of the Golden Horde legacy on the formation of this policy and Russian state traditions during the reign of Ivan IV, when the Russian imperial policy was formed. In this regard, we should also consider that Ivan suddenly dominated most of the lands of the Golden Horde (Great Horde) [10].

In addition, the high aristocracy of Russia, the boyars, who were the representatives of the old Udel order, had received all their privileges and legitimacy from the khans of the Golden Horde during the Golden Horde domination of nearly two and a half centuries. Declaring one of the Jochi generation as grand tsar during the terrorist acts against the Boyars also means recourse to the old ways of legitimacy for these actions. At the end of this process, most of the boyars were destroyed and the old feudal order was broken in Russia, and a new aristocratic class was formed, which took its legitimacy from the tsar and the Russian state. The large landowners, the boyars, will gradually be replaced by the small landed the dvorians. This process, which started with Ivan IV, found its final form in the time of Peter the Great. The Kasim Khanate had an important role in the Russian state and religious ideology.

#### References:

1. See Orlando Figes, *Natasha's Dance: A Cultural History of Russia*, Penguin Books, New York, 2003.
2. See *La Russie inachevée*, Fayard, 2000.
3. Pushkin A. S., *Sobraniye sochineniy*, volume 6, Moskve, 1958, p. 306.
4. Karamzin, Nikolay Mihailoviç: *İstoriya Gosudarstva Rossiyskogo, C. IV, Sanktpeterburg, 1833; İstoriya Gosudarstva Rossiyskogo, Moskva, İzdatel'stvo AST, 2017.*
5. Sergei M. Soloviev, *History Of Russia From Earliest Times (İstoriya Rossii s drevnéyshikh vremen)*, Vol. 4 "Russia Under the Tatar Yoke (1228-1389)", Translate Helen Y. Prochazka, London, England.
6. Nikolay Sergeevich Trubetskoy, (*K Probleme Russkogo Samopoznaniia*), Turkish translation by Vügar İmanbeyli (İmanov), Küre Publications, Istanbul, 2020, p. 147.
7. Sergey Lavrov's article "Russia's Foreign Policy: Historical Background" for "Russia in Global Affairs" magazine, March 3, 2016. [http://www.mid.ru/en/foreign\\_policy/news/-/asset\\_publisher/cKNonkJE02Bw/content/id/2124391](http://www.mid.ru/en/foreign_policy/news/-/asset_publisher/cKNonkJE02Bw/content/id/2124391)
8. *The Hsiung-nu (1960), Ancient Turks (1964), Searching for an Imaginary Kingdom: The Legend of the Kingdom of Prester John (1970), The Hsiung-nu in China (1974), Ethnogenesis and the Biosphere of Earth (1978), Ancient Rus and the Great Steppe (1989), An End and a New Beginning (1989), 1000 years around the Caspian Sea; Ethno-history of Turkic and other peoples (1991), From the Rus to Russia (1992).*
9. Lev Nikolayevich Gumilöv, *Eski Ruslar ve Büyük Bozkır Halkları*, translated by D.A. Batur, Selenge Publications, Istanbul, 2003.
10. KURAT, Akdes Nimet, *Rusya Tarihi Başlangıçtan 1917'e Kadar*, TTK publications, Ankara 1999, p. 150.

#### References:

1. See Orlando Figes, *Natasha's Dance: A Cultural History of Russia*, Penguin Books, New York, 2003. [in English]
2. See *La Russie inachevée*, Fayard, 2000. [in French]
3. Pushkin A. S., *Sobraniye sochineniy*, volume 6, Moskve, 1958, p. 306. [in Russian]



4. Karamzin, Nikolay Mihailoviç: *İstoriya Gosudarstva Rossiyskago, C. IV, Sanktpeterburg, 1833; İstoriya Gosudarstva Rossiyskogo, Moskva, İzdatel'stvo AST, 2017. [in Russian]*
5. Sergei M. Soloviev, *History Of Russia From Earliest Times (İstoriya Rossii s drevnéyshikh vremen), Vol. 4 "Russia Under the Tatar Yoke (1228-1389)", Translate Helen Y. Prochazka, London, England. [in Russian]*
6. Nikolay Sergeyeovich Trubetskoy, (*K Probleme Russkogo Samopoznaniia*), Turkish translation by Viügar İmanbeyli (İmanov), Küre Publications, Istanbul, 2020, p. 147. [in Turkish]
7. Sergey Lavrov's article "Russia's Foreign Policy: Historical Background" for "Russia in Global Affairs" magazine, March 3, 2016. [http://www.mid.ru/en/foreign\\_policy/news//asset\\_publisher/cKNonkJE02Bw/content/id/2124391](http://www.mid.ru/en/foreign_policy/news//asset_publisher/cKNonkJE02Bw/content/id/2124391) (accessed: 27.04.2024) [in English]
8. *The Hsiung-nu (1960), Ancient Turks (1964), Searching for an Imaginary Kingdom: The Legend of the Kingdom of Prester John (1970), The Hsiung-nu in China (1974), Ethnogenesis and the Biosphere of Earth (1978), Ancient Rus and the Great Steppe (1989), An End and a New Beginning (1989), 1000 years around the Caspian Sea; Ethno-history of Turkic and other peoples (1991), From the Rus to Russia (1992). [in Russian]*
9. Lev Nikolayevich Gumilöv, *Eski Ruslar ve Büyük Bozkır Halkları*, translated by D.A. Batur, Selenge Publications, Istanbul, 2003. [in Turkish]
10. KURAT, Akdes Nimet, *Rusya Tarihi Başlangıçtan 1917'e Kadar*, TTK publications, Ankara 1999, p. 150. [in Turkish]

FTAMP/ГРНТИ/IRSTI 03.20  
ӨӨЖ/УДК/UDC 327

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2024.83.4.009>

А.К. Оспанова \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>PhD доктор, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.  
E-mail: ospanova\_akmaral@mail.ru, ORCID ID:0000-0003-2436-7109

## XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ-ТҮРІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ: САЯСИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Ғылыми мақалада 1921-1990 жылдардағы әлемдік экономикалық дағдарыстың қиын кезеңіндегі КСРО аясындағы қазақ-түрік қарым-қатынастарының даму мәселелері қарастырылған. Зерттеуге алынған кезеңде Қазақ КСР мен Түркия Республикасы арасында тікелей байланыс болмағанын, тек Кеңестік Ресей басшылығы арқылы мәдени байланыстар болғанын архив деректері дәлелдеп отыр. Османлы мен Ресей патшалығының өзара саяси байланыстары XVI ғасырда қалыптаса бастаған болатын. Алайда, 530 жыл бойынша екі мемлекет арасындағы саяси дипломатиялық қарым-қатынас өзара бәсекелестік пен тарихи күрес барысында жалғасын тапты. Тарихи тұрғыдан екі жақты қарым-қатынастар геосаяси субъектілер арасындағы қарама-қайшылықтар мен әскери қақтығыстарға толы болды. Ынтымақтастық пен одақ болып бірлесіп әрекет жасаған кезеңдер тек XX ғасырдың 20 мен 30 жылдар аралығында негізі қаланды. 1923 жылмен басталып 1939 жылмен шектелген бұл кезеңді екі мемлекет арасындағы достық қарым-қатынас пен ынтымақтастық жылдары деп анықтауға болады. Мақалада Кеңес-Түрік қатынастарындағы Кеңес мемлекетінің Түркия саясатына талдау жасалынған. Кеңес басшылары мен Түркия үкіметі арасындағы саяси байланыстар үш тарихи кезеңге бөліп қарастырылған. 1960-1990 жылдары қазақ және Түркия арасындағы мәдени байланыстардың дами бастаған алғашқы кезеңі ретінде сипатталады. Зерттеуде Түрік және Ресей ғалымдарының ғылыми еңбектері басшылыққа алынып, Қазақстан Орталық Архив құжаттары негізгі дерек ретінде пайданылды. Мақалаға салыстырмалы талдау, хронологиялық тарихи әдіс негізінде кең көлемде зерттеу жасалынды.

**Кілт сөздер:** Қазақ КСР, Османлы, Түркия, Ресей патшалығы, Ататүрік, Сталин, Кеңес Одағы, Орталық Азия.

A.K. Ospanova\*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>PhD, Researcher, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan  
E-mail: ospanova\_akmaral@mail.ru, ORCID ID:0000-0003-2436-7109

### KAZAKH-TURKISH RELATIONS IN THE 20th CENTURY: HISTORICAL FOUNDATIONS OF POLITICAL AND CULTURAL TIES

#### Abstract

The scientific article examines the development of Kazakh-Turkish relations within the USSR during the difficult period of the global economic crisis of 1921-1990. Archival data proves that there were no direct contacts between the Kazakh SSR and the Turkish Republic during the period under study, but only through the leadership of Soviet Russia. Political relations between the Ottoman Empire and the Russian Empire began to take shape in the 16th century. However, for 530 years, political and diplomatic relations between the two states continued through mutual rivalry and historical struggle. Historically, bilateral relations have been full of contradictions and military conflicts between geopolitical entities. Periods of cooperation and joint action as a union began only in the 20-30s of the twentieth century. This period, which began in 1917 and ended in 1939, can be defined as years of friendship and cooperation between the two countries. The article analyzes the Turkish policy of the Soviet state in Soviet-Turkish relations. Political relations between Soviet leaders and the Turkish government are divided into three historical periods. The 1960-1990s are characterized as the first period of the beginning of the development of cultural ties between the Kazakhs and Turkey. The study used scientific works of Turkish and Russian scientists, and documents from the Central Archive of Kazakhstan were used as the main data. The article is widely researched on the basis of comparative analysis and chronological historical method.

**Keywords:** Kazakh SSR, Ottoman Empire, Turkey, Russian Empire, Ataturk, Stalin, Soviet Union, Central Asia

Оспанова А.К. \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>PhD, научный сотрудник Национального музея Республики Казахстан, Астана, Казахстан  
E-mail: ospanova\_akmaral@mail.ru, ORCID ID:0000-0003-2436-7109

### КАЗАХСКО-ТУРЕЦКИЕ ОТНОШЕНИЯ В XX ВЕКЕ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ И КУЛЬТУРНЫХ СВЯЗЕЙ

#### Аннотация

В научной статье рассматривается развитие казахско-турецких отношений внутри СССР в сложный период мирового экономического кризиса 1921-1990 годов. Архивные данные доказывают, что прямых контактов между Казахской ССР и Турецкой Республикой в исследуемый период не было, а только через руководство Советской России. Политические отношения между Османской империей и Российской империей начали формироваться в XVI веке. Однако на протяжении 530 лет политические и дипломатические отношения между двумя государствами продолжались в ходе взаимного соперничества и исторической борьбы. Исторически двусторонние отношения были полны противоречий и военных конфликтов между геополитическими субъектами. Периоды сотрудничества и совместных действий в качестве союза наступили лишь в 20-30-е годы XX века. Этот период, начавшийся в 1917 году и завершившийся в 1939 году, можно определить как годы дружбы и сотрудничества между двумя странами. В статье анализируется Турецкая политика Советского государства в советско-турецких отношениях. Политические отношения между советскими руководителями и турецким правительством делятся на три исторических периода. 1960-1990-е годы характеризуются как первый период начала развития культурных связей между казахами и Турцией. В исследовании использовались научные труды турецких и российских ученых, а в качестве основных данных использовались документы Центрального архива Казахстана. Статья широко исследована на основе сравнительного анализа, хронологического исторического метода.

**Ключевые слова:** Казахская ССР, Османская империя, Турция, Российская империя, Ататюрк, Сталин, Советский Союз, Средняя Азия

#### Кіріспе.

1492 жылдан бастау алған Түркия-Ресей қарым-қатынастары 530 жыл бойы тарихи өзара күрес пен геосаяси бәсекестік аралығында жалғасқан болатын. Бұл қарым-қатынастардың шамамен 50 жылы шиеленістерге толы болды [1]. Османлы мен Ресей арасындағы алғашқы дипломатиялық қатынас Мәскеу

княздігінің Осман империясына 1492 (басқа деректерде 1497 жылы) Ресей елшісі Михаэль Плещеевтің Стамбулға келуімен басталған болатын [2;133]. Алғашқы қарым-қатынастардың құрылуына Қырым ханы I Менгли Герай / Гирай (1445-1515) тікелей бастамашы болды. I Менгли Герай Мәскеу княздігінің Алтын Орда мемлекетінің басқыншылығынан шығып, егемендігін қалпына келтіруге көмектескен Қырым хандарының бірі. I Менгли Гирай ханның қызметі мұнымен ғана шектеліп қалмай Мәскеу князі IV Иванмен және Османлы Сұлтаны II Баязид арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың негізін қалауға себепкер болды. Стамбул және Мәскеу арасындағы достық қарым-қатынасты сақтағысы келген IV Иван Османлы Сұлтаны II Баязидтан елшілер мен көпестер үшін сауда-саттық барысында еркін жүруге рұқсат сұрады бұл өтініш оң қабылданды [2; 132-133]. Осы негізде екі мемлекет арасындағы алғашқы байланыс орыс көпестерінің Осман империясына келуімен, сауда-саттық негізінде орнаған болатын.

1492-1512 жылдар аралығында Османлы мен Мәскеу княздігі достық қарым-қатынаста болды [3; 25-26]. Османлы империясы мен Ресей патшалығы (империясы) арасында 12 мәрте соғыс болып, оның 7-і Ресейдің жеңісімен аяқталды [4; 725]. Олардың біріншісі 1568-1571 жылдар аралығында болған Астрахань (Еждерхан) жорығы. 1552 жылы Қазан хандығын басып алған IV Иван 1566 жылы Астраханьды алуға біраз күш салып, іс-шаралар жүргізді [2;169]. Кейін Османлы билігіндегі Еділ өзені Ресейдің қарамағына өтті. Орыс басқыншылығы XVI ғасырдың II жартысынан бастап, Солтүстік Кавказдағы Кабардин аймағымен Терек өзені және Қара теңіз аймағына қарай жылжи бастады [5; 36].

Ресей мен Османлы арасындағы қақтығыстар: 1676-1681 (Османлы жеңісі), 1686-1700 жж. (Ресей және одақтастарының жеңісі), 1700-1711 (Османлы жеңісі), 1735-1739 (Османлы жеңісі), 1768-1774 (Ресей жеңісі), 1787-1792 (Ресей жеңісі), 1806-1812 (Ресей жеңісі), 1828-1829 жж. (Ресей жеңісі), 1853-1856 (Османлы және одақтастарының жеңісі), 1877-1878 (Ресей жеңісі), 1914-1917 [6;120-128]. Бұл соғыстардың ең маңыздысы 1877-1878 жылдар аралығында болды. Ресей патшалығы да үлкен шығынға ұшырады, алайда Осман империясының жеңілуімен аяқталған болатын [6;123].

Жоғарыда атап өткеніміздей Түркия мен Ресей қарым-қатынасының тарихында екі империя арасындағы саяси байланыстар қарама-қайшылыққа толы болды. Ынтымақтастық пен одақ болып бірлесіп әрекет жасаған кезеңдер тек XX ғасырдың 20 мен 30 жылдар аралығы болды. 1917 жылмен басталып 1939 жылмен шектелген бұл кезеңді екі мемлекет арасындағы достық қарым-қатынас пен ынтымақтастық жылдары деп анықтауға болады.

### **Материалдар мен зерттеу әдістері.**

Түркия мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар тарихы тәуелсіздік алған жылдардан бастап зерттеліп, жүйелене бастады. Қазақстан тарихнамасында аталған тақырып негізінде Кеңестік кезеңіндегі қазақ-түрік қарым-қатынастарына арналған зерттеулер жеткіліксіз немесе тақырыпқа байланысты еңбектер болғанымен белгілі бір аспектілер ғана зерттелгенін көруімізге болады. Ғылыми тақырыпты зерттеу барысында Түркиялық Қазақстандық және Ресейлік зерттеушілердің еңбектері басшылыққа алынды.

Түрік-Орыс қарым-қатынастарын жан-жақты зерттеп жүрген түрік тарихшылары: Х. Иналжықтың «Османлы-Ресей байланыстары», А. Кураттың «1917 жылға дейінгі Ресей тарихы», Х. Баймырзаның «Кеңестегі түркілік және ислам мәселелері», А. Андижанның «Османлы кезеңінен басталған Түркия мен Орта Азия арасындағы байланыстар» атты ғылыми монографиялары зерттеу тақырыбының аясын кең тұрғыда жан-жақты зерттеуге негіз болды.

Бозкурт Г.С. «Түркия-Ресей байланыстары: Түркияның сыртқы байланыстары, Иманов В. «Түркия мен Ресей арасындағы сыртқы саясат тарихы», Акмаз А. «Ресей экспансионизмінің жүйелену процесі», Елпут Н. «1877-1878 Османлы-Ресей соғысы және салдары», Салих И., Иакши А. «Османлы мемлекетінен бүгінге дейінгі Түркия-Ресей қарым-қатынастары» атты ғылыми зерттеулерде Түркияның Ресей арасындағы тарихи байланыстары туралы мәліметтер ұсынылған.

Қазақстандық зерттеуші Байгаринова Г.А. «История взаимоотношений Казахстана и Турции в 60-90-е гг. XX столетия» атты диссертациясында 1960-1990 жылдар аралығында Түркия мен Қазақ КСР-ы арасындағы мәдени қарым-қатынастар тарихы талданып, нақты деректер келтіріліп, болжамдар жасалынған.

Түркия мен Кеңестік Ресей арасындағы қарым-қатынастар Ресейлік зерттеушілерінің еңбектерінде де терең зерттелген тақырыптың бірі. Ресейлік ғалымдар: Поцхверия Б.М. «Основные этапы советско-турецких отношений. Проблемы истории Турции (Сборник статей)», Аскеров Э. «Принципы мира, дружбы и сотрудничества СССР с народами стран Востока», Чертков Д., Андреасян Р.Н., Можаяев Ю.И. «СССР и развивающиеся страны: сотрудничество в развитии экономики и культуры» Колобов О.А.,

Корнилов А.А., Озбай Ф. «Современные турецко-российские отношения: проблемы сотрудничества и перспективы развития» атты зерттеулерінде Кеңес-Түрік ынтымақтастығының даму ерекшеліктеріне талдау жасаған.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Орталық архивінің қорынан алынған құжаттар тақырыпты дерекнамалық тұрғыдан зерттеуге негіз болды. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының қор құжаттары пайдаланылды. Архив деректерінде 1960-1990 жылдар аралығындағы Қазақ КСР-ның Түркия арасындағы мәдени қарым-қатынастар туралы деректер жинақталған.

**Әдістеме:** Мақаланың әдіснамалық негізі тарихилық принципке негізделген. Осы принципке сәйкес кеңестік-түрік қатынастарының қалыптасуын қарастыра отырып, екі мемлекеттің ішкі саясатындағы негізгі тенденцияларын зерттеуге, себеп-салдарлық байланыстары мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеуде сонымен қатар, тарихи-салыстырмалы, тарихи-генетикалық, жүйелілік әдістері қолданылды, осы әдістер арқылы зерттелеуге алынған тарихи процестің функцияларын және өзгерістерін деректік негізде талдауға және Қазақстан аумағындағы Кеңес үкіметі саясатының негізгі аспектілері зерттеуге алынды. Халықаралық қатынастарды зерттеудің бірнеше әдіс-тәсілдері: процесті талдау, болжамды әдістер және шешім қабылдау процесін талдау әдістері қолданылды. Зерттеуде қазақ-түрік байланыстарын екіжақты қарастырып ғана қоймай, оны бағалауға мүмкіндік берген тарихи-жүйелік көзқарас әдісі пайдаланылды. Осы әдіс негізінде Түрік-Ресей қарым-қатынастарының эволюциясы мен динамикасы талданды. Архив құжаттарын жинақтау және жүйелеу үшін тарихи салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс дереккөздерді сыни тұрғыдан салыстырмалы негізде талдауға мүмкіндік туғызды.

### **Нәтижелер мен талқылау.**

Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуымен Осман империясы мен Ресей патшалығы арасындағы бәсекелестік қарым-қатынастардың орнына Түркия мен Кеңес республикаларының құрылуымен одақтас-тық және ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынастар 1939 жылға дейін жалғасқан болатын [7;10].

1917 жыл «Қазан төңкерісі» негізінде большевиктер билікке келіп, патша өкіметін құлатып, оның орнына Кеңес Одағы орнаған маңызды жыл болды. Ресей патшалығының құлауымен екі мемлекет арасында үлкен өзгерістер орын алды. 1917 жылы 15 желтоқсанда Брест-Литовск шартына қол қойылды. Осы келісім негізінде екі мемлекет арасындағы соғыс жағдайы аяқталды [8;325].

1917 жылдан 1924 жылға дейінгі кезең Түркия Республикасының жаңа үкіметінің құрылу кезеңі болса, Ресей үшін жаңа тәртіп бекітілген кезең ретінде тарихта қалды. Бұл кезең екі ел үшін де аумалы-төкпелі кезең болса да, бір-бірімен жақын достық қарым-қатынас орнатқан негізгі кезең ретінде сипатталады [8; 326].

1930 жылдардан кейінгі кезең Түркия үшін де, Кеңес Одағы үшін де мемлекеттік жүйенің қалыптасу кезеңі болды. Аталмыш кезеңде екі мемлекет ішкі істерін ретке келтіруге тырысса, екінші жағынан халықаралық жүйеде өз орнын алуға тырысып, жаңа реформалар жасай бастады.

Кеңес-Түрік дипломатиялық қарым-қатынастарын төрт кезеңге бөлу арқылы қарастыра аламыз: Бірінші кезең (1917-1939 жж.) - 1917-шы жылдардағы екі ел арасындағы байланыстар 1930-жылдардың аяғына дейінгі аралықтағы тату қарым-қатынастың басталуы деп сипаттауға болады. Екінші кезең (1939-1951) - екінші дүниежүзілік соғыс пен Түркияның НАТО-ға кіруіне дейінгі кезең, екі ел арасындағы қарым-қатынастың төмендеген кезеңі ретінде қарастырылады. Үшінші кезең (1951-1960) - бұл кезеңде шиеленіс пен қақтығыстар жалғасқан кезең болды. Төртінші кезең (1960-1990) - бұл кезеңді Кеңес Одағы мен Түркия арасындағы қарым-қатынастардағы шиеленістерден, жаңа дамуға көшу кезеңі деп санауға болады [9;20]. Бұл кезеңде Түркия мен Қазақстан арасындағы мәдени қатынастардың жалғасқаны байқалады.

1920 жылы 26 сәуірде Түркия Республикасының үлкен ұлттық мәжілісінің Мәскеуге Ленинге жазған хаты және Сыртқы істер халық комиссары Чичериннің 1920 жылы 3 маусымда берген жауабы негізінде Түркия мен Кеңес Одағы арасындағы алғашқы саяси қарым-қатынастар басталған болатын [10; 60].

Анкарада 1921 жылғы 7 наурыздағы теңіз келісімі туралы жаңа кеңестік-түрік қосымша хаттамасына қол қою мәселесі атап өтіледі, ол мемлекеттер арасындағы достық және бейбітшілік қатынастарды дамыту мен нығайтуда үлкен рөл атқарды. Анкара хаттамасына қол қою Кеңес мемлекетінің жаңа халықаралық жағдайда бейбіт және тең құқылы сыртқы саясатының жалғасын тапты. Анкара келісімі жас Түрік Республикасының одан әрі дамуы үшін үлкен маңызға ие болды. Әлемдік экономикалық дағдарыс жылдарында Кеңес Одағының Түрік Республикасына көрсеткен экономикалық көмегі, оның тәуелсіздігінің нығаюына ықпал еткені көрсетілген.

1921 жылы 16 наурыздағы Мәскеуде «Түркия-Кеңес Ресей достық және бауырластық шарты» түрік-орыс қатынастары негізін құрайтын маңызды келісімге қол қойылды [8; 326]. КСРО мен Түркия арасындағы саяси қарым-қатынастарды ресми түрде орнатқан құжат болды. Дипломатиялық тұрғыдан бұл келісім екі мемлекет үшін де пайдалы болғанын көруімізге болады. Бұл шарт бейбітшілікті сақтауға және қамтамасыз етуде неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға бағытталды, бейбіт келісім екі мемлекет үшін де маңызды болды. Келіссөздер барысында Кеңестер Түрік үкіметінің саяси ұстанымына қарсы ұсыныстар жасады. Шығыс Анадолыдағы армяндарға жер берілуін қалайтындарын алға тартты. Ұзақ уақытқа созылған келіссөздердің нәтижесінде барлық даулы мәселелер шешілді. Бұл ресми келіссөзден кейін 1921 жылы екі мемлекет арасында достық қарым-қатынас туралы шартқа қол қойылды. Кеңестер Севр келісім шартын<sup>3</sup> мойындамаса да, Mîsâk-ı Millî<sup>4</sup> айтылған Түркия шекарасын мойындады [11; 161-162].

Аталған келісім шарттың сегізінші бабына сәйкес екі тарап «Мемлекет ішінде немесе республиканың (Одақтың) территориясына тиесілі кез-кезген аймағына мемлекетке қарсы ұйым құруға, оны бақылауда ұстауға мүмкіндік бермеу туралы» [12; 431] құжатқа қол қойып, бұл құжат заңдық тұрғыдан бекітілген болатын. Осы құжат негізінде Түркия Республикасы: Әзербайжан, Солтүстік Кавказда, Еділ-Оралда және Түркістанда өз тәуелсіздігі үшін КСРО мен күрес жүргізген саяси партияларға көмек көрсетпеуге және КСРО-да Ресейде қызметін жүргізген бұрынғы Иттихат және Теракки<sup>5</sup> мүшелерінің қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермеуге және Армения және Грузия елдерінің Түркияға қарсы күрес жүргізуіне жол бермеуге уәде берілді.

1921 жылы 13 қазанда қол қойылған Карс келісімі Түркия-Кеңес қарым-қатынасының жаңа дәуірінің бастауына негіз болды [13; 77]. Осы негізінде Севр келісімі бұзылды және Кеңестер Түркияның ұлттық тәуелсіздігін мойындады және екі елдің шекарасы нақты белгіленді [8; 326].

1925 жылы 17 желтоқсанда «Достық және бейтараптық туралы шартқа» қол қойды. Бұл шарттың ең маңызды бабы - қатысушы мемлекеттердің кез-келгеніне шабуыл жасалса, екінші ел бейтарап қалады. Бұл келісім де екі ел арасындағы алғашқы шабуыл жасамау және бейтараптық туралы келісім болды [8; 327]. Осы күнге дейін сақталып келген қарым-қатынастар бәсекелестікке толы болғанымен, Түрік-Кеңестік Ресей арасындағы достық қарым-қатынастар алғаш рет алға шықты [14; 181]. 1935 жылы бұл келісім мерзімі 10 жылға ұзартылған болатын. 1925 жылғы келісім шартқа қол қойылғаннан 1933 жылға дейінгі кезең Түркия-КСРО қарым-қатынастардағы ынтымақтастықтың ең жоғары деңгейі болды [14; 187].

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін Батыс елдері ұзақ уақыт бойы Ресейдегі жаңа үкіметті мойындамады және Кеңестерді әлемдік саясаттан оқшаулаған болатын. Сол себепті Батыс елдерінің бұл көзқарасы кеңестіктерді алаңдатты және олар көрші елдермен қарым-қатынас орнатуға күш салды. КСРО, Ұлттар Лигасы көмегімен Женевада өткен «Қарусыздану конференциясына» Түркия да қосылды. Осы конференцияға дайындық комиссиясының құрамында болған Кеңес Одағы Өкілі Максим Максимович Литвинов «Түркияның әлемдік саясаттағы маңызды рөлі мен географиялық орналасуына байланысты» комиссияның жұмысына қатысуы керектігін алға тартты. Осы сөзден кейін Түркия 1928 жылы наурызда конференцияға шақырылды. «Түркия тәуелсіздік соғысынан кейін алғаш рет қатысқан бұл халықаралық конференцияда түрік өкілі толық қарулану мәселесінде Кеңес Одағын қолдады [15; 80].

1927 жылы 11 наурызда екі мемлекет арасында «Сауда және транзиттік тасымалдау туралы келісім» қол қойылды. Осы келісім аясында екі жақты сауда және мәдени салаларда үздіксіз дамуы байқалды. Сонымен бірге сауда өкілдері жартылай болса да дипломатиялық лауазымдарға ауыстырылды [15; 79]. Бұл байланыс екінші дүниежүзілік соғыс басталғанға дейін жалғасқан болатын. Бұл кезеңнің тағы бір ерекшелігі 1920 жылдардың басындағы большевиктер төңкерісінен кейін Түркияға қашып кеткен бұрынғы орыс дворяндары мен лауазымды қызметтегі тұлғалардың басым бөлігі және Ресей территория-

<sup>3</sup> Севр келісім-шарты (французша: Le Traité de Sèvres) 1920 жылы 10 тамызда Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Антанта одақтастары мен Осман империясы арасында Франция астанасы Париждің батысынан 3 км жерде Севр қаласының маңындағы Керамика Музейінде (Musée National de Céramique) қол қойылған негізгі келісім шарт. Түркия Республикасын (Османлы империясы құрамында болған) Араб Азиясына қатысты барлық құқықтардан бас тартуға міндеттеді.

<sup>4</sup> Түркияның тәуелсіздігі туралы декларация

<sup>5</sup> Иттихат (Бірлік) және Теракки (ілгерлеу, прогресс) (осман. اتحاد و ترقی - İttihâd ve Terakkî, түрік. İttihat ve Terakki) — түрік ұлтшыл революцияшыларды - Жас түріктердің саяси партиясы. 1889 жылы 21 мамырда «Османлы бірлігі қоғамы» деген атпен құрылған. Кейіннен жас түріктердің Париждік тобымен қосылып, Османлы одақ және прогресс қоғамы деп аталды.

сынан қоныс аударған ұлттардың бейімделуі процесінің аяқталу кезеңі болды, олар Түркия/Ресей (Кеңестік) мәдени өміріне әкелген қарқыны арта бастаған жылдар ретінде сипатталады [8; 687].

1928 жылдан бастап екі ел арасындағы қарым-қатынас халықаралық саясаттың ықпалы негізінде қалыптаса бастады. 1932 жылы Исмет пашаның Мәскеуге сапары және 1933 жылы Республиканың жарияланғанына 10 жыл толуына сәйкес Ефремович Ворошилов бастаған КСРО делегациясы Түркияға келген болатын [15; 109-110]. 1933-1936 жылдар аралығында дипломатиялық байланыс КСРО мен Түркия тығыз ынтымақтастық деңгейінде жалғасты. Алайда, бұл кезеңде Кеңестік Ресей мен Түркия арасындағы байланыс өте жоғары деңгейде болғанымен, Кеңестік Одақ құрамындағы Қазақстанның Түркия Республикасымен байланыс жасауына мүмкіндік берілмегенін, КСРО-ы құрылғаннан кейін қарым-қатынастың толықтай тоқтағанын көруімізге болады.

КСРО кезеңінде Қазақстан шет мемлекеттермен халықаралық қарым-қатынаста дербес саясат жүргізе алмады. Түркия-Қазақстан қарым-қатынастары Кеңестің Ресейдің Түркияға қатысты саясатына тәуелді болды. Жоғары аталған Кеңестік кезең барысында түрік-қазақ қарым-қатынастары ресми түрде КСРО шеңберінде ғана жалғасын тапқан болатын. Қазақ АКСР-і дербес сыртқы саясат жүргізу құзіреті болмады. Қазақ АКСР-нің федералдық мәртебесі шетелге шығуға және дербес дипломатиялық қатынас орнатуға мүмкіндік берілмеді. Сыртқы істер министрлігі ресми түрде қызметін жалғастырғанымен, республика ішіндегі мәдени істерді шешуімен ғана шектелгенін көруімізге болады. Кеңес өкіметінің жабық саясат ұстануына байланысты Қазақстанның шет елдермен мәдени қарым-қатынасы дамымағаны байқалды. Түркия саяси себептермен қарым-қатынас жасауға тыйым салынған елдердің қатарында болды.

Қазіргі Қазақстан территориясы Кеңес үкіметінің бір бөлігі ретінде қабылданып, Қазақстан Орталық Азия аймағы ретінде қарастырылмады. Түркістан және Орта Азия жөнінде зерттеу жүргізген тарихшы, шығыстанушы Баймырза Хайт: «Кеңес кезіндегі түркілік және ислам мәселері» атты ғылыми еңбегінде төмендегідей баяндайды:

«.....Кеңес Одағының жоғарғы билігі 1924 жылдан, әсіресе П. Дүнежүзілік соғыстан бастап, Орталық Азия және Қазақстан терминологиясын қолданды. Қазақ Кеңестік Республикасын не себепті Орталық Азия құрамына енгізбеді?» деген сұраққа жауап бермеді. Кеңес географтары Қазақ территориясын Орталық Азияның бір бөлігі екенін мойындамады [16; 198].

Қазақстанның Кеңес Одағына қосылу процесі 1936 жылы аяқталып, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы болып өзгертілген болатын. 1930 жылдардың басында Қазақстанның сыртқы әлеммен барлық рухани-мәдени байланыстары үзіліп, аталған кезеңде Қазақстанда саяси, экономикалық және ғылыми салалардағы ірі өзгерістер мен социалистік жаңғыртулар мен мәдени процестер жалғасын тапты. Білім беру жүйесінде көптеген ірі өзгерістер болып, дінге қарсы белсенді күрес басталды. Мұсылмандардың қажылыққа баруына, қасиетті жерлерге зиярат етуге тыйым салынды. Қазақстан және Кеңес үкіметіне тәуелді Орталық Азиядағы мемлекеттерге келетін шетелдіктер үшін жабық күйінде қалды. Сол себепті, кеңестік идеологияға, большевизм қағидаларына қайшы келетін идеялар Қазақстан қоғамына таралуына мүмкіндік берілмеді. Қазақстан жеке мемлекет ретінде большевиктік саясаттың әсерінен сыртқы әлемнен оқшауланып қалды [17; 49]. Бұл саяси жағдайды зерттеуші Х.К.Карпат төмендегідей тұжырым жасайды: «Кеңес үкіметінің Орталық Азия мұсылмандарын жеке республикаларға бөліп, автономия түрінде басқаруы Ресей мұсылмандарының дүние жүзі мұсылмандарымен байланысын толықтай тоқтатуына себеп болды» [18; 129].

Кеңес өкіметі түрік халықтарына, әсіресе Қазақтардың Түркия түріктерімен мәдени байланыстарына үлкен зиян келтірген саяси оқиға әліпби ауыстыру саясаты болды.

1926 жылы Бакуде Түркология конгресі ұйымдастырылып, бұл конгреске Түркия Республикасынан Фуад Көпрүлү мен Хусейнзаде Әли Бей Түркиядан өкіл ретінде қатысады. Аталмыш съездің ең маңызды мәселесі Кеңес Одағында тұратын түріктердің латын әліпбиіне көшу туралы шешімі болды.

I. Баку түркология конгресінде қабылданған шешімнен кейін 1928 жылы Түркияда әліпби төңкерісі болып, латын әліпбиі қабылданды. Түркияның латын әліпбиіне көшуі оның Түркістан халықтарымен мәдени қарым-қатынасының жандануына мүмкіндік берді және бұл жағдай Кеңес Одағына алаңдатушылық тудырды [19; 180-181]. Бұл оқиғалар кеңестік саясатқа да белгілі дәрежеде әсер етті. Бүкіл мұсылмандар қолданатын араб әліпбиінің орнына латын алфавиті қолданылуы олардың өзара рухани бірігуіне жол бермеу мақсатында Ресей билігіндегі аймақтарда кириллица қабылданды. 1929 жылдан бастап Қазақстанда ресми түрде латын әліпбиі қолданыла бастады, алайда Түркия Республикасының латын әліпбиін қолданысқа енгізілуі КСРО-да ұзаққа бармай, кейін орыс әліпбиі Кирилл графикасына көшті [20].

Түркістанда латын әліпбиін қолдануға тыйым салды. Осылайша түрік диалектілеріне бір-бірінен ерекшеленетін кирилл әліпбиін қолдануды міндеттеген болатын. Бұл әліпби өзгерістері түрік тілдес ұлттарды өзара алшақтату болды, әрі ресми қатынас тілі орыс тілі болғандықтан, орыс тіліне бір қадам жақындата түсті. Кеңес өкіметі жүргізген бұл саясаттың тағы бір үлкен зияны – тілі ұқсас халықтың әдебиет пен мәдениет саласында өзара алшақтауына зиянын тигізген болатын. Кеңес Одағының бұл саясаты Түркия мен Түркістан арасындағы мәдени қарым-қатынасты толық үзгісі келетінін айқын көрсеткен болатын.

1933 жылы 29 қазанда Түркия Республикасының 10 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде Түрік Республикасының құрушысы М. Кемал Ататүрік Орталық Азиядағы Түрік мемлекеттері туралы төмендегідей ойымен бөліскен болатын:

Бүгінде Кеңес Одағы біздің досымыз; көршіміз, одақтасымыз. Бұл достық бізге керек. Алайда, ертең не болатынын бүгін ешкім болжай алмайды. Кеңес үкіметі Османлы империясы мен Австрия-Венгрия сияқты ыдырап кетуі мүмкін. Бүгінде олардың құрамында болған халықтар тәуелсіздігін алып, ордақ құрамынан шығуы да мүмкін. Әлем жаңа тепе-теңдікке жетуі мүмкін. Түркия осы уақытта не істеуін білуі қажет. Кеңес құрамындағы тілі бір, діні бір, болмысы бір бауырларымыз бар. Біз оларды қорғауға дайын болуымыз керек. Дайын болу деген тек үнсіз, сол күнді күту деген сөз емес. Бұл процеске дайындау керекпіз. Бұған халықтар қалай дайындалуда? Рухани көпірлерді берік ұстау арқылы. Тіл – бір көпір, сенім - бір көпір, тарих - бір көпір. Біз өзіміздің түп-тамырымызға тереңдей үңіліп, екіге жарылған тарихымызбен бірігуіміз керек. Олардың (Орта Азиядағы түркі тілдес халықтар: Өзбек, Қазақ, Қырғыз, Түркімен) бізге жақындауын күтпеуіміз қажет. Біз оларға жақындауымыз керек [21; 114].

XX ғасырдың 20-30 жылдары республика құру мен мемлекеттілікті қалыптастыру үшін Түркия халқы мен оның құрушысы Мұстафа Кемал Ататүрік үшін үлкен қиындықтарға толы кезең ретінде белгілі. Алайда, қаншама келеңсіздіктер мен саяси қақтығыстарға қарамастан М.К. Ататүрік түріктің жеңісі үшін барынша күрес жүргізген болатын. М.К. Ататүрік қиын-қыстау күндердің өзінде тек Анадолы түріктерінің ғана емес, басқа түрік тілдес ұлттардың да тағдырна алаңдаушылықпен қарады. Алайда, Кеңестік Ресей мен Түркия мемлекеті арасындағы негізгі келісімдер аясында Түрік үкіметі мен Кеңес құрамындағы түркі тілдес халықтардың мәдени және саяси қарым-қатынас орнатуына ресми құжат негізінде тыйым салды.

XX ғасырдың 40-50 жылдары кеңестік-түрік дипломатиялық қарым-қатынастарында біршама қарама-қайшылықтар болғанын көруімізге болады. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы түрік-кеңес қарым-қатынастарына өте жоғары деңгейде әсер еткен болатын. Экономикалық қатынастар мен мәдени байланыстар әлсіреп, саяси қатынастар қиындай түсті. Сауда және мәдени қарым-қатынастар тоқтап, әскери қарым-қатынастар шиеленісіп, саяси қарым-қатынас жоғары деңгейге жетті [8; 688]. Бұл кезеңде Кеңес Одағының құрамындағы Орталық Азиядағы түркі тілдес халықтар қатаң бақылауда болды.

1945 жылы 19 наурызда КРСО Сыртқы істер министрі Молотов түрік елшісі Селим Сарперді арнайы шақыртып Түркия-КСРО қарым-қатынасының жиырма жылдық дамуына негіз болған 1925 жылғы 17 желтоқсандағы «Достық және шабуыл жасамау туралы» келісім-шарт мерзімін ұзарту мүмкін еместігін және екінші дүниежүзілік соғыс кезінде болған түбегейлі өзгерістерге байланысты тоқтатылатындығы туралы мәлімдеме жасады [22; 499-502].

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуымен АҚШ пен КСРО арасындағы қырғи-қабақ соғыс жылдары басталды. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы түрік-кеңестік мәдени қарым-қатынасына өзгеріс әкелмеді, соғыстан кейін қандай да бір экономикалық қарым-қатынас болмағанын көруімізге болады.

Қырғи қабақ соғыс кезінде Түркия Батыс блокта, ал Орталық Азия Кеңес Одағының құрамында Шығыс блокта болды, бұл қарым-қатынастардың толықтай тоқтауына себеп болды [12; 23]. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталып, 1960 жылға дейін жалғасқан және бүкіл әлемді қамтыған саяси поляризация нәтижесінде түріктер мен Орталық Азия түріктері арасындағы байланыстар ең төменгі деңгейге жетті. Бұл кезеңде де саяси себептер барысында Түркия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың орнауына жол берілмеді, қандай да бір мәдени байланыстар орын алмады.

Соғыстан кейінгі Түркия АҚШ пен Англияға жақындай отырып, Кеңес Одағынан келетін қауіптің алдын алуды мақсат етті. Түркияның бұл саяси әрекеті Кеңес Одағымен қарым-қатынасын тоқтатуына себеп болды [8; 688]. 1953 жыл И. Сталиннің өмірден өтуімен екі ел арасындағы мәдени байланыстар қайта жалғасын тапты.

1952 жылы 18 ақпанда Түркия НАТО-ға мүше болып, КСРО-ға қарсы форпост рөлін өз мойнына алды. Бұл саяси әрекет КСРО тарапынан үлкен наразылықтарға ұшырап, Түркия толығымен Американың бақылауында деп айыпталды [7; 10]. Алайда, 1953 жыл Түркия мен Ресей арасындағы қарым-қатынастың оң бағытқа ауысқан кезеңі ретінде сипатталады. 1953 жылы 5 наурыз И. Сталиннің өлімінен кейін, екі мемлекет арасында үлкен өзгерістер орын алып, 1953 жылы 30 мамырдағы КСРО-ғы Түркиядан жер талап ету, бұғаздарды бірлесіп қорғау сияқты талаптарынан бас тартқанын мәлімдеді [7; 11].

И.Сталиннің өлімінен кейін Кеңес Одағы өткен жылдардағы саясатқа шолу жасай отырып, халықаралық қатынастарда барынша бітімгершілік және ымырашылдық саясат ұстана бастады. Бұл көзқарастың Түркияға көрінісі КСРО-ның жер талабынан бас тартып, өз таңдауын жариялап, түрлі себептермен бұзылған түрік-кеңес қатынасын бұрынғы қалпына келтіру туралы жолдаған ресми нотасында, бірігіп ынтымақтастық қарым-қатынас құруға ұсыныс жасады. Бұл ұсыныс Түркия тарапынан оң қабылданса да, соңғы кезеңдегі саяси қақтығыс пен кеңестік көзқарасқа байланысты Түркия үкіметі нотаға мұқият қарады. КСРО тарапынан партия ниетінің Түркия үкіметі үшін әрқашан достық және бейбітшілік байланыста екені жолданған болатын.

1960 жылдан бастап, Анкара мен Мәскеу арасында достық, әрі бейбіт қарым-қатынас орнады. Бұл саяси қарым-қатынас өткен жылдардағыдай саяси байланыс емес, экономикалық және сауда-саттық мәселелер негізінде жалғасты [7;11].

1917-1960 жылдар аралығында Қазақ КСР-ы сыртқы саясатта Кеңестік Ресей басшылығына тәуелді болуына байланысты Түркия Республикасымен қандай да бір мәдени қарым-қатынас орнатуына Мәскеу тарапы мүмкіндік бермеген болатын. Аталмыш осы жылдар аралығында Қазақстан Орталық архив қорларында Қазақ КСР-нің Түркия Республикасымен қандай да бір ғылыми және мәдени байланыстардың болғанын айғақтайтын деректердің кездеспеуі осының басты дәлелі болып отыр.

1965-1979 жылдарда халықаралық қатынастар жүйесінде және елдердің ішкі саясатындағы өзгерістер нәтижесінде қысқа мерзімді тату байланыс пен ілгерілеушілік кезеңі ретінде сипатталады. Түркия мен КСРО арасындағы тату қарым-қатынас 1964 жылғы мәдени және ғылыми байланыстар туралы келісім негізінде жүзеге асты. Бұл құжат Түркия және КСРО-ғы 1920 жылдары Мұстафа Кемал Ататүрік және Ленин белгілеген бейбітшілік, достық және тату көршілік принциптеріне негізделген болатын [7; 11]. Осы кезеңде бірнеше жылдар бойы саяси себептермен үзілген, экономикалық, мәдени қарым-қатынастар қайта жандана бастады. Бұл кезең Түркия мен Қазақстан арасындағы мәдени және экономикалық байланыстардың басталуымен сипатталады. Бұл саяси байланыстар екі мемлекет арасындағы экономикалық, әлеуметтік, мәдени қарым-қатынастардың бастауы ретінде қарастыруға болады.

1967 жылы 25 наурызда Кеңес-түрік экономикалық ынтымақтастығы екі мемлекет арасындағы өнеркәсіп кәсіпорындарын салуда жабдықпен, материалмен қамтамасыз ету, қызмет көрсету келісім-шарттарына негізделген болатын. Бұл келісім бойынша Кеңес Одағы Искендерун қаласында (Түркия) металлургия зауыты мен Сейдишехирде алюминий зауытын, Измирде мұнай өңдеу зауыттарын, Бандырмада күкірт қышқылы зауытын салуға, Сейитөмер-Сейдишехирді электр қуатымен қамтамасыз етуге келісім берді. Жоғарыда аталған келісімге сәйкес, Түркия үкіметі КСРО тарапынан жасалған құрал-жабдықтар, материалдар мен техникалық қызметтерді Түркия тарапы түріктің дәстүрлі экспортының өнімдері: темекі, жаңғақ, мейіз, зәйтүн, т.б өнімдерімен және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдері негізінде төлем жасауға келісім жасалды [23; 68].

1967 жылғы келісім-шартқа сәйкес Кеңес Одағы Түркия экономикасын дамытуда өзара ынтымақтастық орнатып, Түркияға өнеркәсіп кәсіпорындары мен энергетикалық желілерін салуда үлкен көмек көрсетті. Кеңестік-түрік ынтымақтастығы туралы келісім тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, Кеңес үкіметі тарапынан үлкен көлемде техникалық қолдау көрсеткен болатын. Осы кезеңде кеңестік тарап металлургия зауытын, алюминий және мұнай өңдеу зауытын, күкірт қышқыл зауытын салуға және құрылыстың техникалық жобаларын жасауға Түркия үкіметіне көмек көрсеткен болатын.

Аталған кезеңде екі ел арасындағы техникалық ынтымақтастық 1967 жылғы 25 наурыздағы келісім аясында ғана шектелмей, ғылыми сала да байланыстар нығайтқан болатын. 1968 жылы сәуірде техно-экспорт және минералдық ресурстар ғылыми-зерттеу институты қол қойған келісім негізінде үш кеңестік зерттеуші Түркияға жіберіліп, мұнай кен орындары саласында маңызды зерттеулер жүргізді. 1969 жылы маусым айында Алачам компаниясымен жасалған келісім-шарт негізінде Түркиядағы мыс-кен орындарын, асбест қоймасын зерттеу мақсатында Кеңес Одағы тарапынан геолог мамандар арнайы жіберілді. Сондай –ақ, Стамбулдағы метро құрылысы мен стационарлық қозғалтқыш зауыты туралы жалпы есеп дайындауға келісім-шарттар жасалды. Кеңес мамандары Ахурян (Арпачай) ауданында бөгет салудың



техникалық жобасын жүзеге асырды. Бұл жобаның жүзеге асуы Түркияның маңызды құрғақшылық аймағын суаруға мүмкіндік берді [24; 32].

13 Диброва С.П. Трудности усвоения иностранного языка (когнитивные процессы) // НАУ. 2016. №8 (24). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/trudnosti-usvoeniya-inostrannogo-yazyka-kognitivnye-protsessy-1>.

14 Шепеленко Т. М. Психологические аспекты изучения иностранных языков // Вестник ПНИПУ. Проблемы языкознания и педагогики. 2017. №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskie-aspekty-izucheniya-inostrannyh-yazykov>

15 Калганова Г.Ф., Марданишина Р.М. Проблемы языковой тревожности при изучении иностранного языка в вузе экономического профиля // Russian Journal of Education and Psychology. 2015. №11 (55). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/problemy-yazykovoy-trevozhnosti-pri-izuchenii-inostrannogo-yazyka-v-vuze-ekonomicheskogo-profilya>

#### References:

1 *Konceptsiya razvitiya yazykovoj politiki v Respublike Kazaxstan na 2023-2029 gody`. Iyun` 2023 goda. Rezhim dostupa: https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-sayasat/documents/details/481125?lang=ru&ysclid=lr6194w9l3930021909 (data dostupa: 20.02.2024).*

2 Қуандық Е. Қазақ тили – зылым тили болуы тиіс. «Қазақ тили – зылым тили: дәстүр және инновация» симпозиум А.Ясауи ат. ХҚТУ. «Rejting» ақпараттық – сараптамалық апталық,

3 *Yazykovaya situaciya v Aktyubinskoj oblasti. Upravlenie po razvitiyu yazykov Aktyubinskoj oblasti 2022. Rezhim dostupa: https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-til/documents/details/357720?lang=ru&ysclid=lhcyj8qycx577522516 (data dostupa: 22.12.2023).*

4 *Sylejmenova E. Til qozamdyq zhane zyl'mi myddeler tozysynda. Til: barlyq zhol zyl'mza aparady. Karazandy, 2013, B. 3-5.*

5 *Zhang C, Zhao R and Huang Y (2023) The framework and features of language policies in global constitutional texts. Front. Psychol. 13:1064034. doi: 10.3389/fpsyg.2022.1064034*

6 *Kuderinova K.B., «Kazaxskaya publichnaya rech`: yazykovaya norma, e`tika i struktura rechi». Vestnik KazNU, № 1, (2024), tom 193, S. 66.*

7 *Zhəngirbaj D.B., Tankibaeva M. «Formirovanie sociokul`turnoj kompetencii v obucheniiinostrannomu yazyku», Vestnik Kokchetauskogo universiteta im. Sh. Valixanova, Ser. Filologicheskaya, 2022 № 3, S. 124.*

8 *Amen A.Zh., Kenzhegulova A.A. Issledovanie otnosheniya zhitelej Zapadno-Kazaxstanskoj oblasti k gosudarstvennomu yazyku i perspektive ego razvitiya (po rezul`tatam sociologicheskogo issledovaniya) // Vestnik Udm. un-ta. Sociologiya. Politologiya. Mezhdunarodny`e otnosheniya, 2021, T.5, vy`p. 2, S. 155-163. https://doi.org/10.35634/2587-9030-2021-5-2-155-163. № 10-11 (767-168). 13.04 2023 zh. 13-bet.*

9 *Komarov O. E.Sovremennaya yazykovaya situaciya v Pavlodarskoj oblasti:sociologicheskij analiz / Nauchny`j zhurnal PGU im.S.Torajgy`rova, seriya «Gumanitarnaya». 2015. №1. – S.75-85*

10 План мероприятий развития языковой политики в Республике Казахстан на 2023-2029 годы` по реализации концепции департамента юстиции по Туркестанской области. Режим доступа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet-trk/documents/details/668901?lang=ru>

11 Бюро национальной статистики. Туркестанская область. Режим доступа: <https://stat.gov.kz/ru/region/turkestan/>

12 *Manbeteev U. Yazyk mezhdunarodnoj kommunikacii. Rezhim dostupa: https://kazpravda.kz/n/yazyk-mezhkulturnoy-kommunikatsii/*

13 *Dibrova S.P. Trudnosti usvoeniya inostrannogo yazyka (kognitivny`e processy`) // NAU. 2016. №8 (24). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/trudnosti-usvoeniya-inostrannogo-yazyka-kognitivnye-protsessy-1.*

14 *Shepelenko T. M. Psixologicheskie aspekty` izucheniya inostranny`x yazykov // Vestnik PNIPIU. Problemy` yazykoznaniya i pedagogiki. 2017. №1. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskie-aspekty-izucheniya-inostrannyh-yazykov*

15 *Kalaganova G.F., Mardanshina R.M. Problemy` yazykovoj trevozhnosti pri izuchenii inostrannogo yazyka v vuze e`konomicheskogo profilya // Russian Journal of Education and Psychology. 2015. №11 (55). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/problemy-yazykovoy-trevozhnosti-pri-izuchenii-inostrannogo-yazyka-v-vuze-ekonomicheskogo-profilya>*

ҒТАХР/ МРНТИ / IRSTI 03.20  
ӘӨЖ/УДК/ UDC 06.35.51

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2024.83.4.017>

А.Д.Сандыбаева\*<sup>1</sup>, А.Т. Айтимбаев<sup>2</sup>, Ж. Бекболатқызы<sup>3</sup>

<sup>1</sup> т.ғ.к., доцент Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан,

E-mail: [a.sandybaeva@iuth.edu.kz](mailto:a.sandybaeva@iuth.edu.kz)  
<https://orcid.org/0000-0003-1244-3610>

<sup>2</sup> Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

E-mail: [yasawiun@mktu.turkistan.kz](mailto:yasawiun@mktu.turkistan.kz)

<sup>3</sup> «Alikhan Bokeikhan University», Семей, Қазақстан

E-mail: [zhannur.bekbolatkyzy.86@mail.ru](mailto:zhannur.bekbolatkyzy.86@mail.ru)

## АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ

### Аңдатпа

Мақалада ХХ ғасырдың 20-30 ашаршылық жылдарындағы Қазақстанның этнодемографиялық дамуы сөз болады.

Аталған ашаршылық салдарынан қазақ халқы өз жерінде күні кешеге дейін саны жағынан азшылыққа ұшырап, өзгелерге жол берумен келді. Халықтану ғылымының сол ашаршылық азаптың қыр-сырларын зерттей отырып болашақта оның қайталанбауы үшін өз тұжырымдарын алға тартады. Міне, осы тұрғыдан қарағанда, Қазақстандағы кеңестендіру жылдары қолдан жасалған ашаршылықтан қазақ халқының саны мен үлесіне қалай әсер еткенін 1926, 1937 және 1939 жылдары жүріп өткен Бүкілодақтақ халық санақтарының қорытынды нәтижелерін тарихшылардың еңбектерін қолдана отырып, оларды өзара ғылыми түрде салыстыру арқылы үлкен дәлдікпен есептеп шығара аламыз.

Кеңестендіру жылдары Қазақстанда жүргізілген күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландырудың қазақ халқының тарихы мен тағдырына ауыр демографиялық апат тудырғанын шетелдік тарихшылар сол 1930 жылдардың өзінді-ақ айтқан болатын. Содан бері шетел ғалымдарының еңбектері мен басылымдарында Қазақстанда 1930 жылдардың басындағы ашаршылықтан қанша адам шығын болғандығы жөнінде қызу пікірталастар жүрді.

Батыс зерттеушілерінің еңбектерінде ашаршылық жылдарында Қазақстандағы адам шығыны жайлы әркелкі мәліметтер келтіріледі. Қазақстанда 1931-1933 жж. ашаршылық кезеңіндегі адам шығыны туралы көптеген құжаттардың ғылыми айналымға енгеніне қарамастан, отандық зерттеушілеріміз әр түрлі деректік мәліметтер келтіруде.

**Кілт сөздер.** Қазақстан, қазақтар, этникалық топтар, халық санағы, статистика, ашаршылық, демография.

Сандыбаева А.Д. \*<sup>1</sup>, Айтимбаев А.Т. <sup>2</sup>, Бекболатқызы Ж. <sup>3</sup>

<sup>1</sup> к.и.н., доцент Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан,

E-mail: [a.sandybaeva@iuth.edu.kz](mailto:a.sandybaeva@iuth.edu.kz)

<sup>2</sup> Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан,

E-mail: [yasawiun@mktu.turkistan.kz](mailto:yasawiun@mktu.turkistan.kz)

<sup>3</sup> «Alikhan Bokeikhan University», Семей, Казахстан

E-mail: [zhannur.bekbolatkyzy.86@mail.ru](mailto:zhannur.bekbolatkyzy.86@mail.ru)

## ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ КАЗАХСТАНА В ГОДЫ ГОЛОДА: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

### Аннотация

В статье речь пойдет об этнодемографическом развитии Казахстана в 20-30-е годы ХХ века.

В результате этого голода казахское население до вчерашнего дня находилось в меньшинстве на своей земле, уступая место другим. Историческая демография выдвигает свои выводы, исследуя тонкости этой голодной агонии, чтобы она не повторилась в будущем. С этой точки зрения мы можем с большой

точностью вычислить итоговые результаты Всесоюзных переписей населения, которые прошли в 1926, 1937 и 1939 годах, используя труды историков и сравнивая их между собой научно.

О том, что насильственная коллективизация и оседание, проводимые в Казахстане в годы советизации, вызвали серьезную демографическую катастрофу в истории и судьбе казахского народа, зарубежные историки говорили еще в 1930-х годах. С тех пор в трудах и изданиях зарубежных ученых ведутся ожесточенные споры о том, сколько людей погибло в Казахстане от голода начала 1930-х годов.

В работах западных исследователей приводятся неоднозначные сведения о человеческих жертвах в Казахстане в годы голода. Несмотря на то, что в научный оборот в Казахстане вошло большое количество документов о человеческих жертвах в период голода, который длился три года, отечественные исследователи приводят самые разные данные.

**Ключевые слова:** Казахстан, казахи, этнические группы, перепись населения, статистика, голод, демография.

*A.D. Sandybaeva\*<sup>1</sup>, A.T. Aitimbaev<sup>2</sup>, Zh. Bekbolatkyzy<sup>3</sup>*

<sup>1</sup> *Candidate of Historical Sciences, Associate Professor International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan, E-mail: a.sandybaeva@iuth.edu.kz*

<sup>2</sup> *Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, PhD student, Turkestan, Kazakhstan E-mail: yasawiun@mktu.turkistan.kz*

<sup>3</sup> *"Alikhan Bokeikhan University", Semey, Kazakhstan E-mail: zhannur.bekbolatkyzy.86@mail.ru*

## THE ETHNODEMOGRAPHIC SITUATION OF KAZAKHSTAN IN THE YEARS OF FAMINE: HISTORICAL ANALYSIS

### *Abstract*

The article will focus on the ethnodemographic development of Kazakhstan in the 20-30s of the twentieth century.

As a result of this famine, the Kazakh population was in a minority on their land until yesterday, giving way to others. Historical demographics forward its conclusions, exploring the subtleties of this hungry agony, so that it does not happen again in the future. From this point of view, we can calculate with great accuracy the final results of the All-Union Population Censuses that took place in 1926, 1937 and 1939, using the works of our brothers-historians and comparing them scientifically.

Foreign historians said that the forced collectivization and settling carried out in Kazakhstan during the years of Sovietization caused a serious demographic catastrophe in the history and fate of the Kazakh people back in the 1930s. Since then, there have been fierce debates in the works and publications of foreign scientists about how many people died in Kazakhstan from hunger in the early 1930s.

The works of Western researchers provide ambiguous information about human casualties in Kazakhstan during the famine. Despite the fact that a large number of documents on human casualties during the famine, which lasted three years, have entered scientific circulation in Kazakhstan, domestic researchers cite a variety of data.

**Keywords:** Kazakhstan, Kazakhs, ethnic groups, population census, statistics, famine, demography.

**Кіріспе.** Жалпы Қазақстанда ашаршылық жылдарындағы этнодемографиялық жағдай мәселесі зерттелмеген тақырып деп айта алмаймыз. Бірақ мәселе, әміршіл-әкімшіл тоталитарлық жүйе жағдайында оған көлеңке түсіретін тарихи еңбектердің бәрі, тіпті әлі күнге дейін басы ашық қалып отыр. Мұның өзі коммунистік идеологияның ноктасы шешілмеген мәселенің бірі болып отыр. Ақтандақтардың ақиқатын танытуда жаңа ғылыми зерттеулердің айналымға енгізілуі, жаңа ғылыми ашылулардың болуы тақырыптың мазмұнын өзекті ете түспек. Сондықтан, осыған байланысты жаңаша ой түйіп, ғылыми тұжырымдар жасау тарихшылардың міндеті болып отыр.

Бүгінгі күн Қазақстан тарихының сол елде тұрып жатқан халық үшін, халықтың болашағы үшін, санасы сергек танымы жоғары ұрпақ өсіруде мәртебесі биіктей бермек. Жетпіс жыл Кеңес өкіметінің, үш жүз жыл патша өкіметінің саясатының ықпалымен жүрген қазақ халқы өзінің еркіндігін алмаса, бүгінде өзге мемлекетке сіңісіп немесе жерінен айырлар меді! Міне, сондықтанда 20-шы – 30-шы жылдардағы қазақ ауқатты шаруаларын меншігінен айыру және күшпен ұжымдастыру процесі мен аштық салдары күрделі тарихы жаңа зерттеулерге мұқтаж. Қазақстандағы коллективтендіру бүкіл елдегі науқанның құрамдас бөлігі бола тұрса да одан әсіресе көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларының ауыр



азап шеккенін «қазақ этносының аяусыз қырғынға ұшырағанын, сөйтіп аса ауыр шығында басынан кешкенін көрсетеді» [1, 44].

Қазақстанның тәуелсіздік алуы бұл тақырыпты терең зерттеуге жол ашты. Мәселенің маңыздылығы оған шетелдік әріптестеріміздің көптеп және баса назар аударуларынан да көрінеді. Өйткені көшпенділерді отырықшыландыру дегеніміздің өзі жалпы адамзаттық процесс, яғни тек Қазақстан тарихының ғана емес, дүниежүзілік тарихтың да елеулі зерттеу тақырыбы болып табылады. Оның үстіне Қазақстанда шаруаларды ұжымдастырудың күшпен жүргізілуінің аса ауыр салдарлары өзімізге де, басқаларға да сабақ бола алады. Яғни бұл тақырыпты терең зерттеу тәуелсіз елімізде өткеннің қателіктері енді қайталанбауы үшін де қажет.

Қазақтың қалыптасқан ауқатты шаруаларын тәркілеу дәстүрлі шаруашылықты жойып қана қоймай, артынан жаппай ашаршылыққа алып келгені, «ауқатты» деп танылған азаматтарымыздың шетелге асып кетуі, тағдырын тәлкекке салған кеңестік идеологияның бұғауында екені айқындап тұр. Кезінде осы күштеп коллективтендіру мен оның зардаптарынан туған ашаршылық туралы қисынды-қисынсыз теориялар мен ғылыми түйінділер айтылып, жасалып, баспасөз беттерінен орын алғаны да аян. Мысалы: Мұстафа Шоқайұлы және т.б. қатты күйініп зарарлы сынға алған сол қисынның бірі «...қазақ сияқты жабайы, надан халықтың социализм қарқынына ілесе алмайды-мыс. Демек, ашыққан халыққа көмек беру, азық – түлік босату мүлде қажетсіз. Ондай бос шығындарға тектен-текке барғанша, қаржыны елді индустриаландыру қажеттеріне жұмсаған абзал. Міне, осындай қара ниет қағидалар, зұлым ойлы сандырақ теориялар белгілі дәрежедегі қазақ халқы тарапындағы мемлекеттік үлкен, құйтұрқы саясаттың негізіне алынғаны даусыз»– дейді [2, 9].

Зерттеу нәтижелері қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақстандағы әлеуметтік саяси процесстерді зерттеу әкімшіл шаруашылықтық жүйенің ішкі қалыптасу механизмдерін, қайшылықтарын айқындай түсуге көмектеседі. Ал бұл Қазақстан тарихынан алда жазылатын жаңа, іргелі жұмыстарға жол ашып, ғылыми негіз қалайды.

Алаш арыстарының көсемі Ахмет Байтұрсынұлы 1920-жылдардағы аштық жөнінде 1922 жылғы «Қазақ календарына» жазған «Тәні саудың – жаны сау» атты мақаласында: «.. Өткен қыста аштық болды. Ашыққан адам бірінің етін бірі жеді. Өліктің етін жегені былай тұрсын, өлмеген тірі адамдарды малша ұрып, малша сойып жеді. Қалаларда түн болса, көшеде жүруге болмады. Мезгілсіз уақытта көшеде жүрген адамдарды жылқы сияқтандырып бұғалық салып, буындырып ұстап, сойып жейтін болды. Анасы баласының етін жеуге жетті... Аштықтан адам тәні азып еді, жаны да азып, ес кетіп, адамгершілік жоғалып, адам хайуаннан да жаман болып кетті...» - деп жазған екен. Ал осы аштық салдарының қанша адамнан айырылғанымыз, үлкен зерттеуді қажет ететін тақырып екені анық.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу жұмыстарына арқау арқау болған архивтік құжаттар, статистикалық мәліметтер, қазақ халқының демографиялық құрылымы мен халық саны туралы іргелі ғылыми еңбектер. Ұлт және этносты зерттеудің жүйелі-функционалды әдіс, тарихи жүйелілік, тарихи-салыстыру, хронологиялық және бақылау әдісі; контент-анализ, салыстырмалы-тарихи, жазба деректерді зерттеу, статистикалық деректерді талдау және тарихи, тарихи-демографиялық бағыттағы зерттеу әдістері қолданылды. Ашаршылық жылдарындағы этнодемографиялық ахуалды зерттеуде салыстырмалы талдау әдісі арқылы әртүрлі кезеңдердегі халықтың саны, құрамындағы өзгерестерді нақтылауға пайдаланылды. Архивтік материалдар деректердің сенімділігі мен маңыздылығын айғақтауға, ашаршылықтың әсерін нақты аймақтар мен тұрғындарға тигізген зардаптарын зерделеуде негіз болды. Ашаршылықтың нәтижесінде Қазақстандағы халықтың сандық көрсеткіштерін моделдеу әдісі арқылы демографиялық өзгерістерді талдау және тұжырымдауда негізін құрады.

**Талқылау.** Қазақ халқына зор нәубет ала келген ХХ ғасырдың 20-30-жылдары туралы соңғы отыз жыл көлемінде бірқатар жаңа зерттеулер жарық көрсе де, тарихшылар назарын аударатын келелі мәселелер әлі де аз емес. Соның бірі – ашаршылық жылдарындағы халықтың сандық өзгеріске ұшырауы. Республикамыздың беделді тарихшылары М.Қозыбаевтың, К.Нұрпейісовтың, М.Қойгелдиевтің, Т.Омарбеков [3] және тағы басқалардың аталған кезеңдегі қазақ халқының басына түскен қасірет туралы зерттеу еңбектерінің нәтижесінде тарихымыздың көмескі беттерінің шындығы ашылып, оларға шынайы баға берудің ғылыми деңгейі жаңа сатыға көтерілуде. Аталған тарихи мәселе ұлттық тарихты жаңғырту міндеттерінен туындап отыр. Сондықтан тақырыптың өзектілігі – оның тек аз зерттелгендігінде ғана емес, қоғамдық-тәжірибелік мәні мен тарихи сабақтастығында [4].

Көпшілікке мәлім, Қазақстанда халықтың ашаршылықтан қырылғаны КСРО мүлдем тарағанға дейін КОКП мен Кеңес өкіметінің аса жасырын құпиясы болып келді. КСРО-дағы болған ашаршылықты

1991 ж. мойындаған тек Михаил Горбачев қана болатын. Ал осыған дейін ашаршылық пен репрессияның барлық жәй-жапсары құпия болып қала берген еді [5].

Тәуелсіздігімізді алғаннан бері халқымыздың басынан кешкен зұлматты кеңестендіру жылдарының ақиқаттарын ашық айтуға мүмкіндік алдық. Тарихшы ғалымдарымыз, зерттеушілеріміз бен ізденушілеріміз, әсіресе ұжымдастыру арқылы келген отызыншы жылдардың басындағы аштық нәубеті жөнінде бірқатар құнды-құнды зерттеулер жасап, осы зұлматтың ақиқаттарына жету үшін жан-жақты ізленістер жасауда. Сол зерттеулердің әсерінен көптеген шындық беті ашылуда. Мысалы, өткен ғасырдың 20-жылдарының соны мен 30-жылдарының басындағы Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру арқылы келген ашаршылық қолдан жасалған, идеологияға негізделген саясатты көзсіз жүзеге асыруға ұмтылушылықтың нәтижесі еді. Коммунистік партияны қазақтарға, одан кейін, белгілі бір дәрежеде басқа да көшпелі халықтарға әкеліп жапсыру оларды сан апат пен қайғы-қасіретке душар етті. Сөйтіп, 1931-1933 жылдар қазақ халқының ең бір қасіретті жылдары болып тарихымызда қара әріптермен жазылып қалды [6].

**Нәтижелер.** Зұлмат жылдардың астарлы ақиқатын сезіну үшін халық санағына тоқталмай өтпесіміз анық. 1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша, Қазақста аумағындағы тұрған тұрғылықты халықтардың саны 6500895 адамды құраған екен. Олардың 8,3% қалаларды, ал 91,7%-ы ауылдық жерлерде тұрған еді. Енді олардың арасындағы қазақтардың саны 3713394 адамды құрап, республика халқының 57,1%-ы болса, ал орыстар 1279979 адамды құрап, демек 19,7% болған екен. Ал қала тұрғындарының ішіндегі қазақтардың саны мен үлесі 77554, яғни 2,1 пайыз болса, ал орыстардың қатары 283767, демек 22,2 пайызды құрап, қазақтардың санына қарағанда орыстардың сандық үлесі (206213) , яғни 20,1 пайызға жоғары болған екен. Енді ауылдық жерлерде тұрған қазақтардың саны 3635840, яғни 97,9 пайыз болса, ал орыстардың қатары 996212, демек, 77,8 пайызды құрап, қазақтардың саны орыстардың санына қарағанда (2639628) яғни 20,1 пайызға басымдау болғанын көреміз. Сондай-ақ қаралып отырған мәселенің аныққанығын саралауда Жеңіс Талдыбаев ағамыздың «Қазақстандағы ашаршылық салдары» мақаласын арқау ете отырып қарастырдым. Айталық онда 1939 жылға санақ бойынша, Қазақстанда тұратын халықтардың саны 6151102 адамды құраған болса, олардың 27,8 пайызы қалаларды, ал 72,2 пайызы ауылдық жерлерде өмір сүрген еді. Енді олардың ішіндегі қазақтардың саны 2327625 адам болып, республика халқының 37,8 пайызын құраса, ал орыстар қатары қазақтардың сандық үлесінен (121503 адамға) яғни 2,0 пайызға басымдау 2449128 адамды құрап, демек 39,8 % болған екен. Ал қала тұрғындарының арасындағы қазақтардың саны мен үлесі 374675, яғни 16,1 пайыз болса, ал орыстар қатары 977876, демек 39,9 пайызды құрап, қазақтардың санына қарағанда (303261) яғни 23,8 пайызға артығырақ болған екен. Енді ауылдық жерлерде тұрған қазақтардың саны 1953010, яғни 83,9% құрап, ал орыстардың қатары 1471252, демек 60,1 % болса, қазақтардың саны орыстарға қарағанда (481758 адамға), яғни 23,8 пайызға жоғары болған екен деп көрсетті [7].

Қазақстан халқының саны 1926-1939 жж. аралығында (1937 жылы – 1380712 адамға кеміп) 349793 адамға, яғни 94,6%-ға азайғаны анықталып отыр. Ал осы жылдары республикадағы қазақтардың тек саны ғана емес, үлесі де күрделі өзгерістерге ұшырап, өте төмендеп кетті: 1926 жыллы олардың саны – 3713394 болса, 1937 жылы – 2181520, ал 1939 жылы – 2327625 ғана еді. Осы жылдары республиканың аумағында тұратын қазақтардың саны (1937 жылы- 1531874, яғни 58,7%) 1385769 адамға, яғни 62,7% - ға кемігені байқалып отыр. Яғни осы 14 жыл ішінде қазақтардың саны 19,2 пайызға кеміді, ал олардың республикадағы халықтардың арасындағы үлесі бұл жылдарды өте азайып, қазақтар өз Отанында аз ұлтқа айналды: 1926 жылы - 57,1% болса, 1937 жылы – 42,6%, ал 1939 жылы – 37,8%-ға дейін төмендеді [8]. Демек қазақ қлтының мұндай қасіретті тағдыры сол кездегі Кеңес Одағы оның бір бөлігі болған Қазақстанның басынан кешірген ірі саяси-экономикалық және қоғамдық өзгерістерінде, солардың нәтижелері мен салдарына туындаған еді.

Қазақстандағы кеңестендіру жылдарының зерттеу аралығындағы Кеңес өкіметінің жүргізген саясатының нәтижелерін туындаған қазақ халқының ұжымдастырудың салдары арқылы келген ашаршылыққа ұшырауына байланысты деректер бар. Енді соларға келсек, ауыл шаруашылығындағы қуғындау саясаты Қазақ АССР орталық атқару комитеті мен халық комиссарлары кеңесінің 1928 жылдың 27 тамызындағы «*Бай шаруашылықтарын кәмпескелеу туралы*» қаулысынан басталды. Осы қаулы негізінде жеті жүзге жуық ірі бай шаруашылықтары тәркіленіп, олардың иелері қанаушы тап ретінде жер аударылды. Осы саясат енді колхоздастру кезінде одан әрі жалғасып, қуғындауларға орта шаруалар мен ауқаттылар да ұшырады.

КСРО Орталық Атқару Комитеті мен Қазақ Халық Комиссарлары Кеңесінің 1930 жылдың 1 ақпанындағы «*Жаптай коллективтендіру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту және кулактармен күресу шаралары жөнінде*» деген қаулының негізінде

Қазақстан үкіметі де 1930 жылдың 19 ақпанында дәл осындай қаулы қабылдады. Сөйтіп, ендігі кезекте колхоз құрылысына «қарсылық жасап отырған қанаушы элемент», әрі пролетариат жауы деген желеумен кулактар мен байларды тап ретінде жою науқаны басталды. Осы қаулыға сәйкес әрбір аудан және ауыл көлемінде жойылатын кулактар мен байлардың жалпы саны халықтың 3,5 пайызы болуы керек делінді. Бұл жаңа науқан 1928-1934 жылдары Қазақстанда ашаршылықтың басталуына жол ашты. Аштық көшпелі және жартылай көшпелі елді отырықшыландыру және ғасырдар бойы қазақтың тамағы мен киімі болып келген малынан айыру, күштеп ұжымдастыру салдарынан туындады. Жүздеген мың орыс, украин, ұйғыр және басқа ұлт өкілдері қырылды, бірақ қырылғандардың негізгі көпшілігі қазақтар болды.

Қолдағы бар деректерге жүгінсек, Қазақстандағы ашаршылық апаты 1927-1928 жж. жұттан кейін-ақ басталғанын көрсетеді. Мәселен, Адай округінде мал жұтап, адамдар аштыққа ұшырағандары айтылады.

Сондай-ақ, П.Ивановтың 1927-1928 жж. Сырдария губерниясындағы жұт туралы деректері жұтаған шаруашылықтарда мал саны қысқа дайындалған пішеннің жетімсіздігінен, жұттан, түсік тастағаннан кемуін алға тартады. Алайда ең құндысы бұл деректер тарих үшін аса маңызды мәліметтер ұсынып, қазақ, орыс, өзбек халықтарының шаруашылық жүйесі жөнінде ой қорытуға жетелейді. Отырықшы қазақтардың шаруа қожалықтары 21,3 пайыздай, яғни үш еседей көп зардап шексе, орыс, өзбек ұлттарының шаруа қожалықтарының жұтағаны мүлде аз болғанын айтады.

Ұлттық-тұрмыстық топтарына қарай санағанда жұттан күйзелген шаруашылықтың деңгейі өзбектерде – 4,1 %, орыстарда – 4,9%, отырықшы қазақтарда – 7,5%, көшпелі қазақтарда – 21,3%-дан асқан еді. Дәл осы жағдайда, 1931-1933 жылдары қорқынышты ашаршылық басталды, бір дерек бойынша – жергілікті халықтың жартысына жуығы, ал басқалары бойынша 2,5-тен 3,0 млн.қазаққа дейін. Қазақ халқына демографиялық апат әкелген бұл қайғылы оқиғалар (кейбір ғалымдар оны этноцид деп атады) өнеркәсіптік және теміржолшылардың қарқынды құрылысында, сауатсыздықты ойдағыдай жоюда, білім деңгейін көтеруде және Қазақстан халқының басқа да әлеуметтік-экономикалық және мәдени жетістіктерінде орын алды. 1927-1930 жж. Сібірді Орталық Азиямен және Қазақстанның оңтүстігімен байланыстыратын Түркістан-Сібір темір жолы салынды, 1930 жылдардың басында тас көмірдің ең бай кен орындары-Қарағанды көмір бассейнін игеру басталды, көп ұзамай Донбасс пен Кузбасстан кейін Кеңес Одағының үшінші көмір стокеріне айналды. Қазақстанның шығысында, орталық және оңтүстігінде түсті металлургия дамыды, онда Шымкент қорғасын зауыты, Балқаш мыс балқыту зауыты, Риддер металлургия зауыты, Жезқазған, Қоңырат кеніштері және т.б. сияқты ірі қала құраушы кәсіпорындар пайда болды, олардың негізінде ескі қалалар мен жұмысшы кенттер пайда болды [9].

1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағы 1897 жылғы Ресей империясының және Октябрь социалистік революциясының, азаматтық соғыстың, жаңа экономикалық саясаттың және т.б. жалпы халық санағынан кейін, әсіресе жер-су реформасы мен шабындық және егістік жерлерді қайта бөлуден кейін, сондай-ақ бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде қираған халық шаруашылығын қалпына келтіруден кейін болған Қазақстан халқы құрамының үлкен өзгерістері тіркелді 1914-1918, сондай-ақ 1918-1920 жылдардағы азаматтық соғыс, оның айтарлықтай нәтижелері 1926 жылға қарай Қазақстан халқының санының өсуіне және құрамының нығаюына оң әсерін тигізді [7].

1926 жылға қарай 1897 жылмен салыстырғанда Қазақстан халқы бір жарым есеге жуық, 149,4%-ға өсті, ал 1917 жылға қарағанда 29,9 мыңға азайды, бірақ тұтастай алғанда 1917 жылғы деңгейге дерлік қалпына келді, бұл жергілікті халықтың табиғи өсімі есебінен де, негізінен орыс мигранттарының ұйымдастырылмаған ағыны есебінен де орын алды украин шаруалары, Ресейдің ішкі провинцияларынан, сондай-ақ Орта Азиядан келген жұмысшылар мен қолөнершілер. Орта Азия республикаларын ұлттық межелеу нәтижесінде Жетісу және Сырдария облыстары Қазақ АССР-мен қайта қауышты, бұл да Қазақстан халқының санын ұлғайтты және құрамын нығайтты. Мұның бәрі, әрине, Қазақстан халқы құрамының полиэтностық процесінің күшеюіне әсер етті, бұл өз кезегінде өз Республикасындағы байырғы халықтың үлес салмағына әсер етті. Мұнда ХХ ғасырдың басында қазақ халқы бірінші дүниежүзілік соғыстың ауыртпалығы, 1916 жылғы қазақтар көтерілісі сияқты бірқатар қайғылы оқиғаларды бастан өткергенін атап өтеміз. Ресей отаршылдық саясатына қарсы және оны тұрақты, жазалаушы әскерлермен аяусыз басу, 1918-1920 жылдардағы азаматтық соғыс, 1918 және 1921-1922 жылдардағы ашаршылық осы оқиғалардың барлығына байланысты 1897-1917 жылдардағы қазақтар саны (20 жыл ішінде) небәрі 222,3 мыңға өсті. яғни жылына орта есеппен 11,1 мың, ал 1917 жылы - 1926 жж. – 512,6 мыңға, яғни 10 жыл ішінде - 51,2 мыңнан, бұл тұрмыстағы және материалдық қамтамасыз етудегі қиын жағдайларға, денсаулық сақтаудың әлсіз немесе толық болмауына, өмір сүру ұзақтығының төмендігіне және т. б. байланысты қазақтардың табиғи өсімінің төмен деңгейін (жоғары өлім-жітім, әсіресе балалар өлімі және туу деңгейінің төмендігін) көрсетеді. бұл Қазақстандағы байырғы халықтың үлес салмағы

1897-1917 жылдары 23,7%-ға-81,7%-дан 58,0%-ға, ал 1917 жылы 1926 жылдан бастап небәрі 0,5%-ға, яғни жыл сайын 0,05%-ға төмендеуіне әкелді. Бұл байырғы халықтың азаюына байланысты емес, оның үлес салмағының төмендеуіне байланысты болды (1897-1917 жж., 2,08 миллионнан астам адам санының өсуімен, ал 1917-1926 жж. - тек 29,9 мың адамның қысқаруымен.) өткен халықтың ағыны нәтижесінде бұл қазақтардың үлес салмағын азайтты, бір жағынан бірқатар еуропалық және кейбір түркі-мұсылман этникалық топтары өкілдерінің, бірінші кезекте орыстар, украиндар, өзбектер және т.б. өкілдерінің үлес салмағын арттырды. Мәселен, мысалы, орыстардың саны 1897-1917 жылдары 454,4 мыңнан 1099,8 мыңға дейін өсті. 645,4 мыңға, ал 1917-1926 жылдары – 175,2 мыңға, олардың үлес салмағы: 1897 жылы 10,9% – дан 1917 жылы 17,6% - ға дейін және 1926 жылы 21,6% - ға дейін өсті. 79,5 мыңнан 653,5 мыңға дейін, одан да көп 6 есеге, ал 1917-1926 жылдары – 1,3 есеге, 860,2 мыңға дейін, ал үлес салмағы 1897 жылы 1,9%-дан 1917 жылы 10,4%-ға дейін және 1926 жылы 13,9%-ға дейін көтерілді. (1,3%) 63,4 мың ұйғыр (1,0%), 51,0 мың неміс (0,8%), 25,5 мың белорус (0,4%), 42,0 мың. корейлер (0,6%) және 86,2 мың басқа (1,4%). Әрине, басқа этникалық топтардың, әсіресе шығыс славяндардың барлық өкілдері отаршылдық кезеңінде (XVIII ғасырдан бастап) басталған Қазақстан халқының құрамының полиэтностық процесін күшейтті. 1897-1926 жылдар кезеңінде Қазақстанның демографиялық дамуы осындай болды.

1926-1939 жылдары болған өзгерістерді талдау кезінде біз 1939 жылғы Бүкілодақтық санақ материалдарына сүйенеміз. кез-келген халық санағы елдің әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамуын зерттеудің, әсіресе оның жағымды және жағымсыз жақтарын анықтаудың, сондай-ақ болашаққа қажетті шараларды әзірлеу мен жүзеге асырудың ең құнды көзі болып табылатыны белгілі. Өкінішке орай, 1939 жылғы Бүкілодақтық санақ материалдары, 1937 жылғы санақты айтпағанда, ұзақ уақыт бойы оқырмандардың кең ауқымы үшін ғана емес, сонымен қатар демографиялық процестердің жай-күйін тікелей зерттеген кеңес ғалымдары үшін де қол жетімді болмады. Қазақстанның Орталық мемлекеттік мұрағатында 1959 жылғы әкімшілік-аумақтық бірліктерде қайта есептелген республика бойынша 1939 жылғы санақтың үзінді материалдары бар бірнеше істер ғана сақталған. 1939 жылғы санақ материалдары Қазақстан бойынша Ресейдің мемлекеттік экономика мұрағатында сақтаулы (1562 Ф. КСРО Мемлекеттік жоспарының халық-шаруашылық есебінің Орталық басқармасы, ББ.оп. 329 және 336). Белгілі зерттеушілер Ю.А. Поляков пен А.А. Исупов атап өткендей, "демографиялық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің кең ауқымы бойынша баспасөзге дайындалған санақ қорытындылары жіктелді және жарық көрмеді [10]. Тек 1992 жылы академик Ю.А. Поляков пен тарих ғылымдарының докторы В.Б. Жиромская бастаған Ресей Ғылым Академиясының Ресей тарихы институтының ғалымдар тобы 1939 жылғы Бүкілодақтық халық санағының негізгі қорытындыларын жариялай алды, онда Қазақстан мен оның облыстары бойынша кейбір қысқаша мәліметтер бар болса да, жалпы одақтық материалдар бар [8].

1935 жылдың 8 қаңтарында Алматыда өткен Кеңестердің бүкілқазақтық ІХ съезінің қаулысында: «Шаруа қожалықтарының 85% ұжымдастырылды. Қазақстандағы жұмысшылар мен қызметшілер саны 1930 жылы 330 мыңнан, 1934 жылы 655 мыңға өсті, оның ішінде қазақтардың саны 30% дан 42%-ға көтерілді. Көшпенді шаруашылық түгелдей жойылды», - деп атап көрсетілді. Әрине, мұндағы айтылып отырған жетістіктер қазақ халқының «қызыл қырғыны» арқылы жүзеге асқаны белгілі. Ұжымдастыру және сонымен бірге отырықшыландыру ауылдың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын түп негізіне дейін күйретті. Қазақ қоғамының табы жойылып қана қойған жоқ, мыңдаған жылдар көшпенді өркениет, жасаған барлық тіректер қиратылды. 1930-1932 жылдары аштық етек алды. Егер халықты жедел отырықшылыққа көшіріп, колхоздарға күштеп біріктіріп, қолындағы малы мен азығын тартып алмаса, ашаршылық зардабы демографиялық апатқа ұласпас еді. Кәмпескелеу кезеңінен кейін республикадағы мал қорының жойылып кетуі де бұған тікелей себеп болды. Бұл туралы шетелдік ғалымдардың да айтқан пікірлері бар. Соның бірі Гувер университетінің ғылыми қызметкері Р.Конквест: « Қазақтардың саны 1926 жылы 1233 мың шаруашылықтан 1936 жылы 565 мың шаруашылыққа кеміген. Қазақтардың қырылуы оның малын тартып алуына тікелей байланысты. 1929-1933 жылдары Қазақстанда ірі қара 7 миллион 442 мыңнан 600 мыңға дейін, қой саны 21 миллион 943 мыңнан 1 миллион 727 мыңға дейін кеміді. Тамағы ет пен сүтке негізделген қазақ ауылдарында енді талшық етер ештеңе қалмады», - деп айтып [11] және жазып келтіргендері біздің аштық туралы айтқандарымызға дәлел болады.

Тарихи зерттеулерде Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылыққа байланысты әр түрлі пікірлер мен деректер айтылып жүр.

1926 жылғы санақ бойынша Қазақ АССР-ның территориясында 3 миллион 627 мың 612 қазақ тұрған болса (республика халқының 58,5% -ы), 1937 жылғы санақ мәліметінде 2 миллион 181 мың 520 адам (42,6%-ы), ал 1939 жылғы санақтың нәтижесінде өз жеріндегі қазақтардың саны 2 миллион 327 мың 625 адам болған (37,8%). 1926-1937 жылдар аралығында қазақтардың саны 1 миллион 446 мың 092 адамға,

демек 15,9%-ға кеміген болса, ал 1926-1939 жылдар аралығында 1 миллион 299 мың 987 адамға, немесе 20,7%-ға кем болып шықты [8]. Әрине, бұл толық мәлімет емес. 1930 жылдың ортасына қарай республикадағы халықтың жалпы саны әлі де біршама тұрақты күйінде болатын. Ол кезде Қазақстандағы түпкілікті халықтың саны 4 миллион 120 мың адам еді.

Осыған сәйкес ашаршылық жылдары қазақтан 2 миллионға жуық адам, немесе олардың 49,0%-ы құрбан болды деп жобалайды кейбір зерттеушілер. Егер 1920 жылдары халықтың табиғи шетінеуі әрбір 1000 адамға шаққанда 25 адамнан келсе, 1931-193 жылдары ауру-сырқаулардан 250 мыңдай адам 7,0 пайыз шығын болды. Сондықтан таришы- демографтардың айтуынша ашаршылық пен соған байланысты ауру- сырқаулардың салдарынан тікелей шығын болған қазақтардың саны 1 миллион 750 мың адамға немесе республикадағы барлық қазақтардың 42,0%-ына жеткен.

Кеңестендіру жылдары Қазақстанда жүргізілген күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландырудың қазақ халқының тарихы мен тағдырына ауыр демографиялық апат тудырғанын шетелдік тарихшылар сол 1930 жылдардың өзінді-ақ айтқан болатын. Содан бері шетел ғалымдарының еңбектері мен басылымдарында Қазақстанда 1930 жылдардың басындағы ашаршылықтан қанша адам шығын болғандығы жөнінде қызу пікірталастар жүрді.

Батыс зерттеушілерінің еңбектерінде ашаршылық жылдарында Қазақстандағы адам шығыны жайлы әркелкі мәліметтер келтіріледі. Мысалы, американ маманы М.Олкотт ашаршылық құрбандары 2 миллион адамды құрады десе [12], Б.Шпиллер өз мәліметінде құрбан болғандар саны 860 мыңнан астап дем, ал Р.Конквест пен С.Уиткрофт ашаршылыққа ұшырағандар қатары 1 миллион адам деген мәліметті ұсынады [13].

Біздің тарихшы-демограф ғалымдарымыз 1931-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарын 1,5 миллионнан 3 миллионға дейін жеткізіп жүр [14]. Қазақстанда үш жылға созылған ашаршылық кезеңіндегі адам шығыны туралы көптеген құжаттардың ғылыми айналымға енгеніне қарамастан, отандық зерттеушілеріміз әр түрлі деректік мәліметтер келтіруде. Мысалы, академик М.Асылбеков бір зерттеуінде 1926 жыл мен 1939 жылғы санақ аралығында республикамыздың өз ішіндегі қазақтар саны 1 миллион 180 мың адамға немесе 33,0%-ға азайғанын нақты деректерге сүйене отырып шығарады. Ал академик Б.Төлепбаев пен В.Осипов осы жылдары қазақтардан 1 миллион 50 мың мен 1 миллион 100 мың арасындағы адам, ал республикадағы өзге ұлттары арасынан 200-250 мыңдай адам аштықтың құрбаны болды деп есептейді. Ал, академик М.Қозыбаев бастаған ғалымдар бірнеше мақалалары мен зерттеу еңбектерінде, ашаршылық жылдары 2 миллион 100 мың адам опат болды, оның 1 миллион 750 мыңы қазақтар деп көрсетеді және оларды тарихшы ғалым Т.Омарбеков те қолдайды. Осыларға шамалас тұжырымды тарихшы ғалым, академик М.Асылбеков пен тарихшы-демограф, ғалым Ә.Ғалиев да айтады [9]. Олардың есебі бойынша осы жылдары табиғи шығынмен қоса есептегенде 1 миллион 745 мың адам опат болған. Демограф-ғалым М.Тәгімов өзінің еңбектерінде 2 миллион 100 мың – 2 миллион 300 мың адам ашаршылық құрбандары болды деп мәлімдейді [14, 54]. Осы пікірді тарихшы, профессор Т.Омарбеков тарихи жағынан жан-жақты қарастыру арқылы қолдап, ғалым өзінің зерттеулік мәліметтерімен көрсетеді. Сонымен бірге жазушылар Б.Нұржекеев пен С.Елубаев ашаршылық жылдарын публицистикалық қырынан зерттей келіп, құрбандар санын 2 миллионнан 3 миллионға дейін деп есептейді. Ал, 1926-1939 жылдар аралығында Қазақстан халқының этнодемографиялық құрамындағы өзгерістерді зерттеген С.Айымбетов болса, М.Тәгімов пен Т.Омарбековтың тұжырымдарын қолдай отырып, аштық жылдарында құрбан болған қазақтардың саны 2,5 миллионға жуықтайды деп есептейді. А.Алексеенко мен Н.Масанов 1930 жылдардың басындағы ашаршылықта қазақтардың 46,8%-ы, яғни 1794,4 мың адамы құрбан болды деген пікір білдіреді. Сондай –ақ, Б.Елекеев пен Қ.Алдажұманов ашаршылықтың шығыны, әсіресе, 9-ға толмаған балалар арасында 60 пайыз болғанын, ал ең көп, шығын емшектегі сәбилер арасында 72 пайыз болды деген ойларын айтады [10].

Иә, сұм ажал өз қолымен қорек таба алатын ересектер арасында сирей түсуі, ал тым кішкентайлар мен қариялар арасында жиі кездесуі заңдылық, қырғынға көп ұшыраған емшектегі сәбилер, жас балалар және қарттар болып шығады. Себебі, ата-анасынан айырылған, панасыз жас балалар өз бетімен тамақ таба алмаса, ал, қарт адамдар әлсіздіктен аштық азабына шыдай алмай жан тапсыруға мәжбір болған.

Халықтың саны, жынысы және жасы. 1939 жылғы Бүкілодақтық халық санағы Кеңес өкіметінің елдің Ауыл шаруашылығын үдемелі индустрияландыру және күштеп ұжымдастыру саясатының бірқатар оң және теріс салдарын анықтады. Бұл зардаптар ең алдымен Қазақстан халқының саны мен құрамына әсер етті, ол 1926 жылмен салыстырғанда, яғни 12 жылдан астам уақыт ішінде небәрі 1,3%-ға (6073979 адамнан 6151102 адамға дейін, яғни 77,1 мың адамға), оның ішінде ерлер-3%-ға, ал әйелдер, керісінше, ол 0,5%-ға қысқарды. Өңірлік бөліністе осы кезеңде мынадай өзгерістер болды: Қарағанды облысының

халқы 41,8%-ға, Оңтүстік Қазақстан облысының халқы 22,2%-ға, Шығыс Қазақстан облысының халқы 18,8%-ға, Солтүстік Қазақстан облысының халқы 12,2%-ға, Алматы облысының халқы 9,9%-ға, Гурьев облысының халқы 5,6%-ға өсті. Керісінше, Павлодар облысы халқының саны 32,1%-ға, Қостанай облысы – 23,1%-ға, Ақмола облысы – 14,4%-ға, Батыс Қазақстан облысы – 10,2%-ға, Ақтөбе облысы-7,7%-ға, Семей облысы-9,8%-ға қысқарды. 1926 жылдың деңгейінде Жамбыл облысының халқы қалды (99,7%) [11]. Бұл 1930 жылдардың басында жаппай ашаршылыққа байланысты Қазақстандағы демографиялық апаттың нәтижесі болды. 1930-1933 жылдары ғана Қазақ АССР Халық-Шаруашылық есеп басқармасының деректері бойынша ауыл халқының саны 5.873 мыңнан 2 493,5 мың адамға дейін, яғни 3 479,5 мың адамға немесе 59,2% - ға қысқарды деп айту жеткілікті [15]. Бұл орны толмас шығындардың барлығы негізінен жергілікті тұрғындар есебінен болды (бұл туралы Ұлттық құрамды талдауға байланысты айтылатын болады), бірінші кезекте солтүстікте – Павлодар, Қостанай, Ақмола, Батыста – Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Гурьев және шығыста-Семей облыстарында, бұл туралы жоғарыда айтылған.

Салыстыру үшін Одақ және басқа ұлттық республикалар туралы мәліметтер келтіреміз. КСРО бойынша осы 12 жылда халық саны небәрі 16%-ға өсті, салыстырмалы түрде жоғары өсім тек Тәжікстанда – 43,8%-ға, Арменияда – 45,5%-ға, Әзірбайжанда - 38,5%-ға және Өзбекстанда - 37,4%-ға ғана байқалды. Түркіменстанда халық саны небәрі 25,4%-ға, ал РСФСР-да - 17,1%-ға және Беларуссияда-11,8%-ға өсті. Қазақстаннан кейін Украинада халықтың ең төменгі өсімі-6,6% болды [16]. Осылайша, КСРО-ның екі Республикасы - Қазақстан мен Украина басқаларға қарағанда 1931-1933 жылдардағы жаппай ашаршылықтан қатты зардап шеккені байқалады.

**Қорытынды.** Сонымен, 1931-1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық туралы әр түрлі деректерді саралай келіп, біз демограф М.Тәттімовтың қазақ құрбандары 2 миллион 22 мың деп көрсетуін, және тарихшы ғалым, профессор Т.Омарбековтың мәліметтерін, немесе С.Айымбетовтың 2 миллион 500 мыңға жуық деген есепін қолай отырып, аталған кезеңде қазақ халқының 3 миллион адам құрбан болды деп тұжырым жасаймыз. Бірақ 1926-1927 жылдар арасында, халық санақтарының ресми мәліметтері көрсеткендей, қазақтардың саны Одақ бойынша 1 миллион 106 мыңға, кеміп кеткенін де ескертуіміз керек [17]. Мұндай тұжырымға келуіміздің бірқатар есептік негіздері бар. Біріншіден, 1926 жылғы санақта қазақтардың саны шамамен 6-7 пайызға кемітіліп көрсетілген деген М.Тәттімовтың болжамы бойынша қазақтардың санына 455 мың 7,0 пайыз адамды қоссақ Қарақалпақстандағы қазақтарды есептегенде республикада 3 миллион 628 мың қазақ болды және Солтүстік өлкедегі Қостанай облысын қоспағанда, Орал, Семей уберниясындағы, Адай уезіндегі ескі атпен қырғыздар деп жазылып кеткен 5573 қазақты ескерсек, республикада 4 миллион 88 мыңнан астам қазақ болғандығына көз жеткіземіз. Екіншіден, С.Ақатаевтың құрбан болғандардың 1 миллионнан астамы балалар деп мәлімдеуін тағы қосамыз. Үшіншіден, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағатынан бұрынғы Семей облысының Абай ауданының 12 ауылында 1932 жылдың қараша айында 1062 адам қайтыс болып, 82 сәби туылса, желтоқсан айында 1102 адам мерт болып, 84 сәби дүниеге келгендігі туралы мәлімет сақталған. Сонымен қатар, Балқаш ауданында жергілікті ОГПУ-дің мәліметі 60 мың қазақтың 32 мыңы құрбан болды деген де деректер бар [15]. Мұндай жағдайлар сол жылдары республика көлеміндегі қазақ аулдарының көпшілігін қамтыған еді. Төртіншіден, тарихшы ғалым, академик М.Асылбеков пен тарихшы-демограф Ә.Ғалиевтің ашаршылық 1934 жылы да жалғасты деген тұжырымдарын қолдаймыз [9]. Себебі, адам организмы қатты әлсірегенде өмірге қауіпті әр түрлі ауруларға шыдамсыз келетіні белгілі. Сол жылдары ашаршылықтың салдарынан Қазақстан бойынша сүзек сияқты және тағы басқа ауруларға көптеген адамдар шалдыққанын айта отырып, соны құптайтын деректерге жүгінсек, 1934 жылы сүзектің әр түрімен 12719 адам ауырған екен. Ендеше бұл деректер осы күндері айтылып жүргендерден қазақтың әлдеқайда көп шығынға ұшырағандығын көрсетеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Михайлов В. Хроника Великого Джута. – Алматы: Жалын, 1996.- 389 с. С.44
2. Шоқай М. Кеңестер билігіндегі Түркістан. – Алма-Ата: 1992. – 9 б.
3. Омарбеков Т. Дәстүрлі қазақ шаруашылығын қорғаушылар қалай айыпталды? // Ақиқат. 1993. – № 5. 59-б.. Омарбеков Т. Шаруаларға шабуыл қалай басталды? // Ақиқат. 1993. № 6. 51.б.
4. Қариева Т. Ашаршылық зардаптары // Қазақ тарихы. 2001. №6. 35б б.
5. Алдажұманов Қ.С. Қазақстандағы 30-жылдардағы ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін тарихынан.// Отан тарихы 2013. №4 (64). 176-184 бб. 177 б.
6. Талдыбаев Ж. Қазақстандағы ашаршылық салдары // Қазақ тарихы 2010. №4. 38 б.

7. Всесоюзная перепись населения 1926 года. Каз ССР. Т 8. – М.: ЦСУ Союза ССР, 1928. -15-19 с. ; Сборник матер. Каз ССР. – Кызыл-Орда, 1928.-3 с.
8. Всесоюзная перепись населения 1939 года: Основные итоги. Под. Ред. А.Полякова. - Москва,1992.-27 с.; ҚР ОМА.698-қор, 21- тізбе, 226-іч,
9. История рабочего класса советского Казахстана. – Алма-Ата, 1987. – Т. 1.; Асылбеков М.Х., Жаркенова А.М. Население Казахстана в конце XIX – начале XX вв. (1897-1917 гг.). – Алматы, 2001. – С. 25; Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). – Алма-Ата, Ғылым, 1991. – С. 187.
10. Всесоюзная перепись населения 1939 года. Основные итоги. – М., 1992. – С.3.
11. Конквест Р. Жатва скорби // новый мир. 1989. №10. С179-200.
12. Olkot M. The Collectivization Drive in Kazakhstan Russian Review. 1981. Vol 40, no 2. P.122-142
13. Уиткрофт С. Показатели демографического кризиса в период голода. // Голод в СССР. 1929-1934 гг. М., 2013. Т.3. С.767
14. Тәтімұмов М. Қазақ әлемі (Қазақтың саны қанша? Қазақ қашан, қайдан қуылған, қырылған және атылған) Алматы: Атамұра, 1993. -160 б.
15. ЦГА РК. Ф. 698. – Оп. 21. – Д. 226, Л.86; Д. 227. Л.31; Д. 228. Л.34.
16. Всесоюзная перепись населения 1939 года. Основные итоги. – М., 1992. – С.3.
17. Всесоюзная перепись населения 1937 года. Краткие итоги.-Москва: Институт истории СССР АН ССР, 1991.-96 с.

References:

1. Mihajlov V. Hronika Velikogo Dzhyta. – Almaty: Zhalyyn, 1996.- 389 s. S.44
2. Shoқaj M. Кеңестер билгіндегі Түркiстан. – Алма-Ата: 1992. – 9 б.
3. Omarbekov T. Dәstүрli қазақ sharyashylyғын қорғayshylar қалаj аjырталды? // Ақиқат. 1993. – № 5. 59-б.. Omarbekov T. Sharyalarға shabyyl қалаj bastалды? // Ақиқат. 1993. № 6. 51.б.
4. Қариева Т. Asharshylyқ zardaptary // Қазақ тарихы. 2001. №6. 35b б.
5. Aldazhymанov Қ. S. Қазақстандағы 30-zhyldardaғы asharshylyқ pen sayasi қуғуyn-syrgin тарихыnan.// Otan тарихы 2013. №4 (64). 176-184 bb. 177 b.
6. Talдыbaev Zh. Қазақстандағы asharshylyқ salдары // Қазақ тарихы 2010. .№4. 38 б.
7. Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1926 goda. Kaz SSR. T 8. – М.: CSU Soyuzа SSR, 1928. -15-19 s. ; Sbornik mater. Kaz SSR. – Kyzyl-Orda, 1928.-3 s.
8. Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1939 goda: Osnovnye itogi. Pod. Red. A.Polyakova. - Moskva,1992.-27 s.; ҚР ОМА.698-қор, 21- тізбе, 226-іч,
9. Istoriya rabocheго klassа sovetskogo Kazahstana. – Alma-Ata, 1987. – Т. 1.; Asylbekov M.H., Zharkenova A.M. Naselenie Kazahstana v konce XIX – nachale HH vv. (1897-1917 gg.). – Almaty, 2001. – S. 25; Asylbekov M.H., Galiev A.B. Social'no-demograficheskie processy v Kazahstane (1917-1980 gg.). – Alma-Ata, Fylym, 1991. – S. 187.
10. Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1939 goda. Osnovnye itogi. – М., 1992. – С.3.
11. Konkvest R. Zhatva skorbi // novyj mir. 1989. №10. S179-200.
12. Olkot M. The Collectivization Drive in Kazakhstan Russian Review. 1981. Vol 40, no 2. P.122-142
13. Uitkroft S. Pokazateli demograficheskogo krizisa v period goloda. // Golod v SSSR. 1929-1934 gg. M., 2013. T.3. S.767
14. Тәтімұмов М. Қазақ әлемі (Қазақтың саны қанша? Қазақ қашан, қайдан қуылған, қырылған және атылған) Алматы: Атамұра, 1993. -160 б.
15. CGA РК. F. 698. – Оп. 21. – Д. 226, Л.86; Д. 227. Л.31; Д. 228. Л.34.
16. Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1939 goda. Osnovnye itogi. – М., 1992. – С.3.
17. Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1937 goda. Kratkіe itogi.-Moskva: Institut istorii SSSR AN SSR, 1991.-96 s.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ  
METHODS OF TEACHING HISTORY

ҒТАХР/ МРНТИ / IRSTI 03.01.45  
ӘӨЖ /УДК/ UDC 930:37.016

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2024.83.4.018>

*Amalbekova B.A. \*<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>PhD doctoral student, South Kazakhstan State Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekova  
(Kazakhstan, Shymkent city) E-mail: [amalbekova\\_b@fmsh.nis.edu.kz](mailto:amalbekova_b@fmsh.nis.edu.kz)

METHODOLOGICAL FOUNDATIONS FOR FOSTERING PATRIOTIC EDUCATION IN THE  
CONTEXT OF KAZAKHSTAN'S HISTORY, USING THE WORKS OF BAURZHAN MOMYSHULY

*Abstract*

Bauyrzhan Momyshuly has become a symbol of valor and patriotism for the Kazakh populace. Renowned as a hero of the Great Patriotic War, he also bequeathed an irreplaceable legacy to Kazakh literature as a writer. His works advocate for ethical principles, valor, accountability, and patriotism. The matter of patriotic education is currently of significant relevance. In the age of globalization, the safeguarding of national identity and spiritual values becomes paramount. Fostering national pride and respect for one's country and territory in the youth has emerged as a crucial objective. In this perspective, the contributions of Bauyrzhan Momyshuly are significant. His works exalt timeless ideals, like the defense of one's homeland and the preservation of national pride. This study explores the importance of patriotic education in the writings of Bauyrzhan Momyshuly and evaluates pedagogical approaches for its instruction. The esteemed author's legacy presents excellent methods for fostering love for one's nation and patriotism among youth. The profound patriotic lessons and moral exemplars in his writings significantly contribute to the spiritual growth of the youth. The works of Momyshuly serve as a great resource for national education, transmitting ideals throughout generations.

**Keywords:** patriotism, education, Bauyrzhan Momyshuly, national values, youth, literature.

*Амалбекова Б.А. \*<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>PhD докторант, Педагогического университета имени Узбекәлі Жәнібекова  
(Казакстан, город Шымкент) E-mail: [amalbekova\\_b@fmsh.nis.edu.kz](mailto:amalbekova_b@fmsh.nis.edu.kz)

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ  
ЧЕРЕЗ ПРОИЗВЕДЕНИЯ БАУРЖАНА МОМЫШУЛЫ ПО ПРЕДМЕТУ  
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА

*Аннотация*

Для казахского народа Бауыржан Момышулы стал символом отваги и патриотизма. Он был известен как герой Великой Отечественной войны и писатель, оставивший неизгладимый след в казахской литературе. Он проповедует моральные ценности, доблесть, ответственность и преданность своей родине. В настоящее время патриотическое воспитание является чрезвычайно важным вопросом. Сохранение национальной идентичности и духовных ценностей становится все более важным в эпоху глобализации. В молодежной среде основной задачей является развитие чувства национальной гордости и уважения к своей стране и территории. С этой точки зрения, Бауыржан Момышулы сделал огромный вклад. В его произведениях подчеркиваются вечные ценности, такие как защита родины и сохранение национальной идентичности. Данное исследование рассматривает патриотическое воспитание в произведениях Бауыржана Момышулы и педагогические методы, используемые в преподавании. В творчестве уважаемого автора представлены замечательные способы привить молодежи любовь и патриотизм к своему народу. Его произведения содержат глубокое патриотическое воспитание и моральные примеры, которые



значительно способствуют духовному росту молодежи. Произведения Момышулы передают ценности из поколения в поколение, что является отличным инструментом для национального воспитания.

**Ключевые слова:** патриотизм, образование, Бауыржан Момышулы, национальные ценности, молодежь, литература.

Б.А. Аамалбекова \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің PhD докторанты  
(Қазақстан, Шымкент қаласы) E-mail: [amalbekova\\_b@fmsn.nis.edu.kz](mailto:amalbekova_b@fmsn.nis.edu.kz)

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНДЕ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

*Аңдатпа*

Бауыржан Момышұлы – қазақ халқының ерлік пен ұлтжандылықтың символына айналған тұлғасы. Ұлы Отан соғысының қаһарманы ретінде тарихта қалса, жазушы ретінде қазақ тарихында өлшеусіз мұра қалдырды. Оның шығармалары адамгершілік қасиеттерді, ерлікті, жауапкершілікті және Отанға деген сүйіспеншілікті насихаттайды.

14. Кадыржанов Р.К. *Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана* / Р.К. Кадыржанов – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 168 с.
15. *Об утверждении Инструкции по организации подготовки и издания учебной литературы для организаций образования – Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 24 мая 2004 года № 454. – ИПС "Әділет": [https://adilet.zan.kz/rus/docs/V040002883\\_links](https://adilet.zan.kz/rus/docs/V040002883_links)*
16. Турлузулов Т.Т. *Рассказы по истории Казахской ССР. Пособие для IV класса/ Перевод с каз.: Г.Ермекбаева. Алма-Ата: Мектеп, 1974. – 99 с.*
17. *История Казахстана с древнейших времен до наших дней: Очерк / [гл. ред. М. К. Козыбаев] – Алматы : Дәуір, 1993. – 416 с.*
18. Касымбаев Ж.К. *История Казахстана: учебник для 9 класса русской школы/ Министерство здравоохранения, образования и спорта Республики Казахстан. – Изд. 4-е. – Алматы :Рауан, 1999. – 224 с.*
19. Аяган Б. Г., Шаймерденова М. Д. *Новейшая история Казахстана: учебник для 9 класса общеобразовательной школы – Алматы: Атамұра, 2005. – 396 с.*
20. Касымбаев Ж.К. *История Казахстана (XVIII в.-1914 гг.): учебник для 8 кл. общеобразовательной школы / М-во образования и науки РК. – Алматы: Мектеп, 2004. – 245 с.*

21. Калиева Е.Т., Койгелдиев М.К., Далаева Т.Т., Толеубаев А.Т., Касымбаев Ж.К. *История Казахстана: учебник для 10 кл. обществ.-гуманит. направления общеобразоват. шк. / пер. с каз. С.Бакенова, Ф. Сугирбаева – М-во образования и науки РК. – Алматы : Мектеп, 2006. – 234 с.*

22. Жолдасбаев С. *История Казахстана: учебник для 10 кл. естеств.- мат. направления общеобразоват. шк. [пер. с каз. С. Бакенова, Ф. Сугирбаева] / М-во образования и науки РК... – Алматы : Мектеп, 2006. - 189 с.,*

23. Касымбаев Ж.К. *История Казахстана (XVIII в.-1914 г.): учеб. для 8 кл. общеобразоват. шк. / 2-е изд., перераб., доп.– Алматы : Мектеп, 2012. - 253 с.*

24. Кабульдинов З. Е., Калиев Ж. Н., Бейсембаев А. Т. *История Казахстана (XVIII–XIX вв.). Учебн. Для 8(7) кл. общеобразоват. шк. –Алматы: Ата-Мұра, 2018. – 208 с.*

25. Абдугулова Б. К., Капаева А. Т., Кенжебаев Г. К. *Рассказы по истории Казахстана: Учебник для 5 класса 11-летней общеобразовательной школы/ 2-е изд., перераб. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2012. – 224 с.*

26. Джандосова З. А. *История Казахстана. Учебник для 10 кл. общеобразоват. шк. — Алматы: Мектеп, 2019. — 256 с.*

27. Бекмаханов Е. Б., Бекмаханова Н. Е. *История Казахской ССР. Учебное пособие для 9–10 классов. – Алма-Ата: Мектеп; 15-е изд, перераб. и доп. – 127 стр.*

28. *История Казахстана с древнейших времен до наших дней: в 5 т./ М-во образования и науки РК, Нац. акад. наук РК, Ин-т истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Ин-т археологии им. А.Х. Маргулана, гл. ред. М.К. Козыбаев. –Алматы : Атамұра, 2000. – 697 с.*

#### References:

1. Assmann J. *Das Kulturelle Gedächtnis: Schrift, Erinnerung Und Politische Identität in Frühen Hochkulturen / J. Assmann– Muenchen: Verlag C.H.Beck, 1992. – 344 p*

2. Smith A.D. *National Identity / A.D. Smith –London: Penguin Books, 1991. – 226 p.*

3. Anderson B. *Voobrazhaemye soobshchestva. Razmyshleniya ob istokakh i rasprostraneniі natsionalizma [Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism] (KANON-press-Ts, Moscow 2001, 288 p.) [in Russian]*

4. Khal'bvaks M. *Sotsial'nye ramki pamyati [Social frames of memory] (Novoe izdatel'stvo, Moscow, 2007, 348 p.) [in Russian]*

5. Renan E. *Chto takoe natsiya? Lektsiya chit. v Sorbonne [What is a nation? Reading lecture at the Sorbonne] (Sorbonne, 1886, 43 p.) [In Russian]*

6. Adorno Th. *The Meaning of Working Through the Past, in Critical Models: Interventions and Catchwords / Th. Adorno – NY: Columbia University Press, 2005. – 448 p.*

7. Wimmer A. *Nation Building: Why Some Countries Come Together While Others Fall Apart / A. Wimmer – Princeton: Princeton University Press, 2018. – 374 p.*

8. Hobsbawm E.J., Ranger T.O. *The invention of tradition/ E.J. Hobsbawn, T.O Ranger–Cambridge: Cambridge University Press. 1983. – 309 p.*

9. Kissane C. *History Education in Transit: Where to for Kazakhstan? // Comparative Education. – 2005. – №41(1). – 45–69 p.*

10. Asanova J. *Teaching the canon? Nation-building and post-Soviet Kazakhstan's literature textbooks // A Journal of Comparative and International Education. – 2007. – № 37(3). – 325–343 p.*

11. Fimyar O., Kurakbayev K. *“Soviet” in teachers’ memories and professional beliefs in Kazakhstan: points for reflection for reformers, international consultants and practitioners// International Journal of Qualitative Studies in Education. – 20016. – № 29 (1). – 86–103 p.*

12. Burkhanov A, Sharipova D. *New Narratives and Old Myths: History Textbooks in Kazakhstan // Nationalities Papers. – 2023. 1-16 pp. – DOI: 10.1017/nps.2023.64*

13. Dukeyev B. *Representation of the Kazakhstani famine (1931–33) in secondary school history textbooks, 1992–2021 // Central Asian Survey. – 2023. – №42 (2). – 83–401 pp. DOI:10.1080/02634937.2022.2152778*

14. Kadyrzhанov R.K. *Etnokul'turnyi simvolizm i natsional'naya identichnost' Kazakhstana [Ethno-cultural symbolism and national identity of Kazakhstan] (Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MES RK, Almaty, 2014, 168 p.) [in Russian]*

15. *Ob utverzhdenii Instruksii po organizatsii podgotovki i izdaniya uchebnoi literatury dlya organizatsii obrazovaniya – Prikaz Ministra obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan ot 24 maya 2004 goda № 454. – IPS "Adilet": [https://adilet.zan.kz/rus/docs/V040002883\\_/links](https://adilet.zan.kz/rus/docs/V040002883_/links)*

16. Turlugulov T.T. *Rasskazy po istorii Kazakhskoi SSR. Posobie dlya IV klassa* [Stories on the history of the Kazakh SSR. Manual for IV class] (Mektep, Alma-Ata, 1974, 99 p.) [in Russian]
17. *Istoriya Kazakhstana s drevneishikh vremen do nashikh dnei: Ocherk* / [gl. red. M. K. Kozybaev] [History of Kazakhstan from ancient times to the present day: Essay] (Dəuir, Almaty 1993, 416 p.) [in Russian]
18. Kasymbaev Zh.K. *Istoriya Kazakhstana: uchebnik dlya 9 klassa russkoi shkoly* / Ministerstvo zdavoohraneniya, obrazovaniya i sporta Respubliki Kazakhstan [History of Kazakhstan: textbook for 9th grade of Russian school] (Rauan, Almaty, 1999, 224 p.) [in Russian]
19. Ayagan B.G., Shaimerdenova M.D. *Noveishaya istoriya Kazakhstana: uchebnik dlya 9 klassa obshcheobrazovatel'noi shkoly* [Contemporary history of Kazakhstan: textbook for 9th grade of secondary school] (Atamura, Almaty, 2005, 396 p.) [in Russian]
20. Kasymbaev Zh.K. *Istoriya Kazakhstana (XVIII v.-1914 gg.): uchebnik dlya 8 kl. obshcheobrazovatel'noi shkoly* / M-vo obrazovaniya i nauki RK [History of Kazakhstan (XVIII century - 1914): textbook for 8th grade. secondary school] (Mektep, Almaty, 2004, 245 p.) [in Russian]
21. Kalieva E.T., Koigeldiev M.K., Dalaeva T.T., Toleubaev A.T., Kasymbaev Zh.K. *Istoriya Kazakhstana: uchebnik dlya 10 kl. Obshchestv.–gumanit. napravleniya obshcheobrazovat. shk.* / M-vo obrazovaniya i nauki RK [History of Kazakhstan: textbook for 10th grade society - humanist directions of general education school] (Mektep, Almaty 2006, 234 p.) [in Russian]
22. Zholdasbaev S. *Istoriya Kazakhstana: uchebnik dlya 10 kl. estestv. -mat. napravleniya obshcheobrazovat. shk.* / M-vo obrazovaniya i nauki RK [History of Kazakhstan: textbook for 10th grade. natural mat. directions of general education. school] (Mektep, Almaty, 2006, 189 p.) [in Russian]
23. Kasymbaev Zh.K. *Istoriya Kazakhstana (XVIII v.-1914 g.): ucheb. dlya 8 kl. obshcheobrazovat. Shk.* [History of Kazakhstan (XVIII century - 1914): textbook for 8th grade general education school] (Mektep, Almaty 2012, 253 p.) [in Russian]
24. Kabul'dinov Z.E., Kaliev Zh.N., Beisembaev A.T. *Istoriya Kazakhstana (XVIII–XIX vv.). Uchebn. Dlya 8(7) kl. obshcheobrazovat. shk* [History of Kazakhstan (XVIII–XIX centuries). Educational For 8(7) grades general education school] (Ata-Myra, Almaty, 2018, 208 p.) [in Russian]
25. Abdugulova B.K., Kapaeva A.T., Kenzhebaev G.K. *Rasskazy po istorii Kazakhstana: Uchebnik dlya 5 klassa 11-letnei obshcheobrazovatel'noi shkoly* [Stories on the history of Kazakhstan: Textbook for 5th grade of 11-year secondary school] (Almatykitap baspasy, Almaty, 2012, 224 p.) [in Russian]
26. Dzhandosova Z.A. *Istoriya Kazakhstana. Uchebnik dlya 10 kl. obshcheobrazovat. shk.* [History of Kazakhstan. Textbook for 10th grade. general education school] (Mektep, Almaty, 2019, 256 p.) [in Russian]
27. Bekmakhanov E.B., Bekmakhanova N.E. *Istoriya Kazakhskoi SSR. Uchebnoe posobie dlya 9–10 klassov* [27. History of the Kazakh SSR. Textbook for grades 9–10] (Mektep, lma-Ata, 1977, 127 p.) [in Russian]
28. *Istoriya Kazakhstana s drevneishikh vremen do nashikh dnei: v 5 t.* [History of Kazakhstan from ancient times to the present day] (Atamyr, Almaty, 2000, 697 p.) [in Russian].

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ  
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ  
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

ҒТАХР/ МРНТИ / IRSTI 03.41.91  
ӘӨЖ /УДК/ UDC 902.035

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2024.83.4.020>

М.Қ. Амантуров \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Археология ғылыми зерттеу институтының ғылыми қызметкері, Түркістан қ., Қазақстан.  
E-mail: maralbek.amanturov@ayu.edu.kz

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ СОҢҒЫ  
САНДАЛ-ОШАҚТАР ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯ ДАЛАСЫНДАҒЫ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

*Аңдатпа*

Түркістан - Орта Азия мен Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі. Бұл қала туралы алғашқы деректер араб жазбаларында IV-IX ғасырдан бастап Шавғар деген атпен кездесе бастайды. Бүгінгі таңда қазақ ұлтының жаңаруы мен мемлекет тәуелсіздігінің қалыптасу процесі жүріп, Қазақстан Республикасының дүниежүзілік тарихи дамудағы орны анықталып жатқан кезде, қоғам өміріндегі күрделі құбылыстармен тығыз байланыста қаралатын өткен тарихи шындықтарды қалпына келтірудің маңызы артып отыр. Орта Азия мен Қазақстан аумағында тарих түкпірінде пайда болып, түрлі шапқыншылық кезеңдерде басқа елді-мекендер сияқты өшіп кетпей, қазіргі уақытқа дейін өмір сүріп келе жатқан саусақпен санарлық қалалардың бірі ол – Түркістан қаласы.

Бүгін көне қала Түркістаннан табылып, күні бүгінге дейін сақталған жәдігер жайында айтуды жөн көрдік. Мақалада Орта Азия мен Қазақстанның кейбір аймақтарындағы сандал-ошақтары мен оның шығу тарихы хақында сөз қозғалады. Әр өңірдегі археологиялық зерттеулер барысында тұрғын үйлерден сандал-ошақтар көптеп анықталғанымен, сандал-ошақтың стөлімен табылғаны жоқтың қасы. Бұл зерттеудің маңыздылығы кейінгі кезең болса да, сандал-ошақтың стөлімен бірге табылуы. Орта Азия мен Қазақстанның басқа халықтарымен қатар, қазақ халқында да сандал-ошақтың болғандығынан дәлелдемелер келтіре отырып хабардар етіледі. Мақаламыздың мақсаты XII ғасырдан бастап кездесетін сандал-ошақтың XX ғасырдың екінші жартысына дейін пайдаланылғанын дәлелдеу және ғылыми айналымға енгізу. Сандал-ошаққа шоқ салынғанын көзімен көрген, қызуына жылынған кісінің өз ауызынан естіген әңгімелерменен көпшілік қауымға паш ету.

Сондай-ақ, автор көнеқаз қариялар мен көпті көрген апаларымыздың бар кезінде осындай жәдігерлерді іздеп, деректерді жазып алып, келер ұрпаққа жеткізудің маңыздылығына тоқталады.

**Кілт сөздер:** Түркістан, Орта Азия, сандал-ошақ, сандал стөлі, пеш, қалашық, қазба. Мақала AP19678134 «Келес өңірінде орналасқан ежелгі Күлтөбе қалашығында археологиялық және пәнаралық зерттеулер жүргізу» тақырыбындағы ғылыми жоба негізінде дайындалды.

М.Қ. Амантуров \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясауи,  
научный сотрудник научно-исследовательского института археологии, Туркестан, Казахстан.  
E-mail: maralbek.amanturov@ayu.edu.kz

ПОСЛЕДНИЕ ОЧАГИ-САНДАЛЫ ГОРОДА ТУРКЕСТАНА И ИХ ПАРАЛЛЕЛИ  
В СТЕПЯХ ЕВРАЗИИ

*Аннотация*

Туркестан – один из древнейших городов Средней Азии и Казахстана. Первые данные об этом городе встречаются в арабских письменных источниках начиная с IV - IX веков под названием Шавгар. Сегодня, когда идет процесс обновления казахской нации и становления независимости государства, определяется

место Республики Казахстан в мировом историческом развитии, возрастает значение восстановления исторических реалий прошлого, рассматриваемых в тесной связи со сложными явлениями в жизни общества. Один из немногих городов Средней Азии и Казахстана, переживший нашествия в различные исторические периоды и существующий до настоящего времени - город Туркестан.

В статье публикуется находка с территории древней части города Туркестана, которая сохранилась до наших дней. В статье рассматриваются вопросы истории происхождения очагов-сандалов в некоторых регионах Средней Азии и Казахстана. Несмотря на то, что в ходе археологических исследований в каждом регионе в жилых домах было выявлено большое количество очагов-сандалов, но их практически не сохранилось вместе со столами. Важность данного исследования заключается в том, что очаг-сандал, хотя и датируется поздним этапом, но он был обнаружен вместе со столом. Приводятся доказательства тому, что наряду с другими народами Средней Азии и Казахстана, казахское население также использовали очаги-сандалы. Целью статьи является ввести в научный оборот и показать, что сандалы-очаги, встречающийся с XII века, использовались до второй половины XX века. Публикуются материалы, полученные из уст человека, который был свидетелем разжигания огня и согретавшего теплом очага-сандала.

Вместе с тем, автор подчеркивает важность поиска старожилов, сбора данных и передачи их будущим поколениям.

**Ключевые слова:** Туркестан, Средняя Азия, очаг-сандал, стол сандала, печь, городище, раскопки. *Статья подготовлена в рамках научного проекта AP19678134 «Проведение археологических и междисциплинарных исследования на древнем городище Култобе расположенном в Келеском регионе».*

*M.K.Amanturov \*<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,  
Senior researcher of the Research Institute of Archaeology,  
Turkistan, Kazakhstan. E-mail: maralbek.amanturov@ayu.edu.kz*

## **THE LAST SANDAL HEARTHES OF THE CITY OF TURKESTAN AND THEIR PARALLELS IN THE STEPPES OF EURASIA**

### *Abstract*

Turkestan is one of the oldest cities in Central Asia and Kazakhstan. The first information about this city is found in Arabic written sources from the 4th to 9th centuries under the name Shavgar. Today, when the process of renewal of the Kazakh nation and the establishment of state independence is underway, the place of the Republic of Kazakhstan in world historical development is being determined, the importance of restoring the historical realities of the past, considered in close connection with complex phenomena in the life of society, is increasing. One of the few cities in Central Asia and Kazakhstan that survived invasions in various historical periods and exists to this day is the city of Turkestan.

The article publishes a findings from the territory of the ancient part of the city of Turkestan, which has survived to this day. The article discusses the history of the origin of sandalwood hearths in some regions of Central Asia and Kazakhstan. Despite the fact that during archaeological research in each region, a large number of sandalwood hearths were identified in residential buildings, they were practically not preserved along with the tables. The importance of this study lies in the fact that the sandalwood hearth, although dated to a late stage, was discovered together with the table. Evidence is provided that, along with other peoples of Central Asia and Kazakhstan, the Kazakh population also used sandal hearths. The purpose of the article is to introduce into scientific circulation and show that hearth sandals, dating back to the 12th century, were used until the second half of the 20th century. Materials are published obtained from the lips of a person who witnessed the kindling of a fire and the warmth of a sandalwood hearth.

At the same time, the author emphasizes the importance of searching for old-timers, collecting data and passing it on to future generations.

**Keywords:** Turkestan, Central Asia, sandalwood hearth, sandalwood table, stove, the town, excavations.

*The article was prepared on the basis of the scientific project AP19678134 «Carrying out archaeological and interdisciplinary research on the ancient settlement of Kultobe located in the Keles region».*

### **Кіріспе**

Түркістан қаласы облыс орталығы болғаннан кейін, жаңа қала тұрғызылғаны белгілі. Әзірет Сұлтан кесенесінің жанындағы бірсыпыра тұрғын үйлер бұзылып, орнына жаңа ғимараттар тұрғызылды. Қала-

ның солтүстік бөлігінен 600 га жер бөлініп, жаңа әкімшілік-іскерлік орталық салынып, көптеген тұрғын үйлер пайдалануға берілді. Ал қаланың қалған бөлігінің көшелері ғана абаттандырылып, ескі шаһар болып қала берді. Қазіргі таңда 1903 жылы Түркістан станциясымен қабат салынған кірпіш үйлерді айтпағанда, 1840 жылы тұрғызылған Әлқожа ата №104 үй, бұрынғы Иқанский көшесіндегі Жүнісбай қасапшының үйі де жартылай құлағанымен әлі бұзылмай тұр. Бұл тұрғынжайлардың фотосуреттері жеке архивімізде сақтаулы. 1940-50 жылдар аралығындағы үйлер де әлі қаламызда баршылық. Ескі шаһардағы тұрғын үйлердің ішіне бүгіп жатқан сырлары да жетерлік. Жеке адамның қолына өтіп кеткен Түркістан НКВД тергеу түрмесі де сол көп үйлермен бірге бұзылып кете барды. Өкінішті әрине.

Мақаламыздың тұздығын келтірген сандал-ошақ пен сандал стөлі осы ескі шаһардағы Қазыбек би (Кентау тас жолына шығатын бұрынғы Жуковский көшесі) көшесіндегі ескі үйлердің бірінен анықталды (1-сурет).



Сыртқы көрінісі



Ішкі көрінісі

Сурет 1 – Сандал-ошақ орналасқан тұрғын жайдың жалпы көрінісі.

Мақалада ХІІ ғасырдан бастап кездесетін сандал-ошақтардың ХХ ғасырдың екінші жартысына дейін пайдаланылғанын айта келе, әр өңірде жасалуында айырмашылық болғанымен, көлемінің өзгермей келе жатқанына тоқталады. Ұзақ уақыт бойы өзгеріссіз қызмет қылған сандал-ошақтың адам денсаулығына пайдасының зор екендігіне де назар аударады автор.

#### **Зерттеу әдістері**

Археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары қалыптасқан эмпирикалық әдіс арқылы жүргізіледі. Қазба жұмыстары, фиксацияға алу, видео-фотофиксация, сызбалар, көшірмелер түсіру, сараптама жасау, осы типті ескерткіштерді зерттеу барысында қолданылатын әдістер негізінде жүргізілді.

Соңғы кездегі компьютерлік технология AutoCAD және Agisoft бағдарламаларын пайдалана отырып археологиялық, архитектуралық зерттеулерде жаңа әдіс-тәсілдер қолданылды.

#### **Талдау мен нәтижелер**

Тұрғын үйдің қосалқы бөлігі саналатын пеш, ошақтардың шығу тарихына көз жүгіртіп артқа шегіс жасайтын болсақ, әрине алғашқы қауымдық құрылыстағы ашық отқа барып тірелетініміз хақ. Ашық жердегі от шашылмас үшін шеті таспен қоршалды, біртіндеп жер ошақтар қазыла бастады, сөйтіп ары қарай тас ошақ, темір ошақ деп кете барды. Алып жүруге ыңғайлы темір мосылар пайда болды. Ал өндіріске қажетті қыш күйдіруге, темір балғытуға арналған пештер өз алдына бір әңгіме.

Ал біздің мақаламызға арқау болғалы отырған сандал-ошақтарымыз, Түркістан өңірінде алғашқы рет Ортағасырлық Отырар қалажұртынан оңтүстік-шығысқа қарай 5 км жерде орналасқан Құйрықтөбеден анықталды. Құйрықтөбедегі ХІІ ғасырға жататын үйлер ішіне дөңгелек немесе антропоморфтық ошақтармен қатар, дөңгелек шұңқырлар түріндегі сандал-ошақтар жасала бастағанын археологиялық зерттеу нәтижелері көрсетті. Кернейсіз ошақ түрінде ернеуіне дейін еденге көмген сандалдың ішкі қабырғалары мен түбі қалыптанған және кеспе өрнектермен әртүрлі жапырақ, өсімдіктер, аспан жұлдызы белгілерімен әшекейленген. Сандалдармен қатар орын ауыстыруға ыңғайлы цилиндр түрінде жалпақ аяқ-текпешегі және таға сияқты ошақшалары бар «манкал» ошағы пайдаланылды [1, 83-б.].

Ортағасырлық Сауран қалажұртының оңтүстік батысында 3км жерде орналасқан Қаратөбе қалашығының жанындығы Садуақасата мазарындағы шырақшының үйінің еден деңгейінен, ХІХ ғасырдың екінші жартысына жататын кірпіштен жасалған сандал-ошақ анықталды [2, 37-б.]. Сауран медресесінен де осы


типтегі сандал-ошақ анықталды [3, 35-б.]. Осылай тізбелеп кете береді. Ортағасырлық қалалардағы зерттеулердің барлығында дерлік сандал-ошақ кездесіп отырады (2-сурет).



Қаратөбедегі сандал-ошақ



Хан ордасындағы сандал-ошақ



Хан ордасындағы сандал-ошақтың сызбасы мен реконструкциясы. М.Амантуров.

Сурет 2 – Сауран мен Түркістандағы сандал-ошақтар.

Отырар маңындағы Құйрықтөбеден, ескі Түркістаннан, Саураннан анықталған сандал-ошақтар Сығанақ қалажұртынан анықтала қоймады. Жиырма жылға жуық зерттеу жұмысы барысында Сығанақ қаласында 2003 жылдан бастап Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Осы күнге дейін жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қаланың шығыс қақпасы, қамал қабырғалары, мұнаралары, қаланың шахристан бөлігіндегі тұрғын үй құрылыстары, орталық мешіт, рабадында орналасқан кесенелер және ханака зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілді. Сонымен қатар, қаланың екі жеріне стратиграфиялық кесік салынып, нәтижесінде ескерткіштің мәдени қабаттарының хронологиясы анықталды. Сыпа үстіндегі тандыр-ошақтар көптеп анықталғанымен дәл Құйрықтөбе, Түркістан, Саурандағыдай сандал-ошақтар кездеспеді. Мұнымен Сығанақта сандал-ошақ мүлде болмаған деп қорытанды жасауға болмайды әрине. Оны алдағы зерттеу нәтижелері көрсете жатар.

#### Сандал-ошақ туралы мәлімет

Сандал-ошақ туралы мәліметті Түркістандағы жеке тұрғын үйлердің бірінен ашылған шаштаразда отырып, сол үйдегі Бахтияр ақсақалдан әңгіме арасында кездейсоқ естідім. Сұрастыра келе, сандал-ошақ орналасқан үй кімнің үйі екенін және мекен жайын толық анықтап білдім. Аталған үй Түркістан қаласы, Қазыбек би көшесі №116 үй екені белгілі болды.

Сонымен, нақтырақ айтсам 2019 жылы іздеп барып үй егесімен жолығудың сәті түсті. Сырты көкшіл түспен әктелген ескілеу үйдің ағаш дарбазасын жасы жеспіске таяп қалған айтомыз апты (Айто-өзбекше эпке деген сөз. Мақаладағы бұл сөз сандал ошақтың өзбек ұлтына тиесілі екенін білдіру үшін қолданылды. Мақаланың қалған бөліктерінде айто-деген сөзді, апай-деген сөзбен алмастырып жазатын боламыз. М.А.).

Апайымыз әкеден қалған ескі үйде жалғыз тұратынын болып шықты. Ол жағын әрине қазбалап сұрамадық. Біреудің тағдырына үнілуге хақымыз жоқ. Мақсатымыз сандал-ошақты зерттеу болғандық-



тан, сұрағымыз да сол төңіректен аспады. Бірақ апайымыз сандал-ошақ туралы бар білетінін бүгешігесіне дейін айтып берді. Әкесінен қалған зат болғандықтан ағынан жарылды десек те артық айтқандық болмас еді.

Өзін Тұрсын Мәжитова деп таныстырған апайымыз алғашқы сөзді әкесінен бастады. Әкесі Ашрапов Мәжит ақсақал 1886 жылы туып 1983 жылы дүниеден өтіпті. Ташкент медресесін бітірген. Негізгі мамандығы географ. Қызының айтуы бойынша араб, парсы тілдерін меңгерген. Шорнақтағы Фрунзе (Қазіргі Т.Айтжанов), Түркістандағы Калинин (Қазіргі Хамза) мектептерінде ұстаздық еткен. Ал жергілікті ақсақалдар құранды толық жаттаған қари болғанын және құран жаттаған шәкірттерден емтихан алған дегенді де айтты.

1951 жылы туған қызы да әке жолын қуып география пәнінің мұғалімі болған. Ш.Ниязов мектебінде 1973-2009 жылдар аралығында география пәнінен сабақ беріп зейнеткерлікке шыққан. Мәжит ақсақалдың сол кездегі сандал-ошақ орналасқан үйін де, сандал стөлін де сақтап отырған осы кісі.

Алғашқы кездесуімізде сандал-ошақтың стөлін ғана көрсетіп, орыны көміліп кеткенін және артық-ауыс заттар қоятын сарайға айналып кеткенін айтып көрсеткісі келмеді. Келесі жылы 2021 жылдың күзінде қайта барғанымызда сандал-ошақ орналасқан бөлмені ретке келтіріп қояйын, екі жетіден кейін келе-ғой деп шығарып салды. Екі жетіден кейін барғанымда бөлме ішін біршама ретке келтіріп, әктеп қойыпты.

Ия, расында сандал-ошақтың орыны көміліп, сыпа бетімен қоса қара сылақпен сыланып кетіпті. Келесі кезекте апайымыздың рұқсатымен сандал-ошақ орналасқан жерге ұлым Мұстафа екеуіміз қазба жұмысын жүргізуге кірісіп кеттік.

Алғашқы жұмысты қыру-сыпыру әдісінен бастадық. Сыпа үстін тазалап сыпырғанымызда, тегістеп сыланған жердің орта тұсынан 80x80 см көлемді төрт бұрышты сандал-ошақтың орыны анық көрінді. Ары қарай қазба жұмысы басталып кетті. Бетіндегі 5 см лай сылақ алынып тасталғаннан кейін, төртбұрышты сандал-ошақтың жиегі көріне бастады. Лай сылақтың асты әр-түрлі көлемді жұмыр тастар және топырақпен толтырылған. Сандал-ошақ іші бос топырақ пен тастардан тазартылғаннан кейін 75x75x30 см көлемді, төрт бұрышында 12x12 см сандал-ошақ стөлінің аяғы қойылатын кертiгi бар ошақ толық аршылды. Кесекпен қаланған ошақ ішінің қабырғасы да, асты да лай сылақпен сыланған. Сандал-ошақтың астын тазалап сыпырғанымызда сопақша келген шоқ салатын орынының ізі көріне бастады. Оның да бетіндегі 5 см дей сылақты алып тастап тазалағанымызда, көлемі 30x40x10 см ошақтың шоқ салатын бөлігі анықталды (3-сурет).



Қазбаға дейінгі көрінісі



Қазбаға жұмыстары барысы

Сурет 3 – Бөлмедегі көміліп кеткен сандал-ошақ орынын аруу сәті.

Сандал-ошақ өз қызметін тоқтатқаннан кейін беті сыланып жаз айларында ғана отыратын сыпаға айналдырылған. Бәлкім дарбазаның оң жағындағы жаңа үй тұрғызылғаннан кейін солай болған шығар.

Сандал-ошақтың астыңғы шоқ салатын бөлігі де бір кездері көміліп, бетін сылап тастаған. Шоқ салынатын бөлігі жабылғаннан кейін, шоқты суреттегі түніке шылыпшыңға салып қойды ма деп жорамалдадық (4-сурет). Олай дейтін себебіміз, орын ауыстыруға ыңғайлы қыштан жасалған сандал ыдыстарын да ата-бабаларымыздың пайдаланғандығы. Сандал-ошақтарды пайдаланылумен бірге, орын ауыстыруға ыңғайлы сандал ыдыстар да қатар қолданыста болды. Арнайы жасалған сандал ыдыстарымен

қатар, жарамсыз болып қалған үлкен ыдыстардың түп жағын да сандал ыдысы ретінде кәдеге жаратты. Құйрықтөбеден де саздан жасалған, сандал ыдысы анықталған болатын. Түбі тегіс, тік қабырғалары бұл бойы аласа ыдыстарға шоқ салып сандал-ошақ ретінде пайдаланған [4, 318-б.].



*Негізгі шұңқыр*



*Шоқ салынатын шұңқыр*

*Сурет 4 – Сандал-ошақтың толық аршылуы.*

Ал біздің керамикалық сандал ыдыстарымыз Жапонияда «хибати» деген атпен белгілі. Бір қарағанда гүл отырғызатын көзеге ұқсас фарфордан жасалған хибатиларды Жапон халқы XIX ғасырға дейін пайдаланған. Астына аздап құм салып, үстіне көмір шоғын салған хибатиларда жылынумен қатар ас та дайындаған.

#### **Сандал ошақты пайдалану**

Тұрсын апайдың айтуы бойынша 1965-1966 жылдары соңғы рет шоқ салынған сандал-ошаққа отырған. Тұрсын апай ол кезде 12-13 жаста болған. Сандалға күздің суық күндері, әсіресе адамдар тұмауратып немесе суықтап ауыра бастаған кезде отырған. Пешке өрік талының шоғы салынған. Себебі өрік талының қызуы мықты болғандықтан деп түсіндірді үй егесі. Өрік талының шоғын салғанының тағы бір себебі, өрік ағашының аулада біршама көп өсетіндігінен деп топшыладық. Түркістан қаласында өрік ағашы ең өсімтал ағаш екені тағы бар.

XVII ғасырдың екінші жартысында Самарқанға Пенжакент және Қаратөбе кентінен тұт, бадам, долана ағашын өртеп дайындалған көмір тасымалданып сатылды. Ал сол кездері Самарқандағы сандал-ошақтарға осы көмірдің шоғы салынды [5, 415-6]. Менің анам да жас күнінде 1940-1950 жылдарда Түркістан қаласында сексеуіл ағашын өртеп, көмірін арбамен сатып жүрген адамдарды көргенін айтатын. Тағы бір айта кететін нәрсе ошақ сандал-ошақ деп аталғанымен, ошаққа от жағылмаған. Тек ауладағы ошаққа тамақ жасап болғаннан кейін, соның шоғын әкеліп салған. Ал енді ортағасырлық үйлердегі сыпа үстіндегі тандыр-ошақтарды да ас дайындап болғаннан кейін, үстіне сандал стөлін қойып жіберіп дене жылытуға пайдалану әбден мүмкін. Соның ішінде Отырарлық типтегі мұржасыз ошақтарды айтуға болады. Ал кейбір ортағасырлық бөлмелерде сыпа үстінде тандыр-ошақпен қатар сандал-ошақ қатар орналастырылды. Тандыр-ошақта ас дайындалып болғаннан соң шоғын сандал-ошаққа салып отырды. Жоғарыда айтып өткен 1840 жылы тұрғызылған Әлқожа ата №104 үйде де төртбұрышты шұңқырдың болғанын айтты үйдің егесі. Яғни сандал-ошақ бұл үйде де болған, бірақ бұзылып кеткен.

Әрине бұл үйде сандал-ошақ өз қызметін тоқтатқанымен, шаңырақтың оты онымен өшкен жоқ, өмір жалғасып кете барды. Бірақ та апайымыз бұл әулетте сандал-ошақтың қай кезден бастап пайдаланылып келе жатқанын дөп басып айта алмады. Оны айтатын Мәжит ақсақал қазір бұл дүниеде жоқ.

Дегенмен оны айтатын тарих, топырағын түртіп қалсаң сөйлеп қоя беретін, Түркістанның мәдени қабаттары. Әзірет Сұлтан кесенесінің солтүстігінде жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында анықталған XVII-XIX ғасырлардағы тұрғын үйлердегі сандал-ошақтар соның айғағы [6, 25, 32-б.; 17, 5 б.].

Ескі Түркістан қаласының солтүстік бөлігінде орналасқан батыстан шығысқа бағытталған магистралді көшені археологиялық зерттеу барысында да, әр құрылыс қабатынан сандал-ошақтар көрініс тауып отырды. Жоғарыдағы зерттеулерден сандал-ошақтың әр кезеңде болғанын, атадан балаға жалғасып келе жатқанын аңғаруға болады [7, 22-б.].

### Сандалда отыру процедурасы

Шоқ салынған ошақтың үстіне сандал стөлін қойып үстіне үлкен көрпе жабылады. Айналыра отырған адамдар көрпенің астына аяғын салып, көрпені қымтана отырып ыстық шәй немесе сорпа ішеді. Аяғын сандал стөлінің астына салбыратып отырса да болады, ер адамдар молдас құрып ал әйел адамдар аяғын жинап отырса да болады. Аяғын салбыратып отырған адамға ыстық әрине көптеу барады. Адыраспан шөбінің вирусқа қарсы қасиеті балғандықтан шоққа адыраспан тастап отырған. Процедура деген себебіміз сандалда отыру процесі медицина тілімен айтсақ ыстық аяқ ваннасы немесе физлечение-нің бір түрі. Тұрсын апайымыздың айтуынша жасы жетпіске келіп қалса да аяғының ауырмайтынын тілге тиек етті.

Сандал-ошақтың адам денсаулығына пайдасы жайында медицина қызметкерлерінен сұрастырып көріп едік, тұшымды жауап ала алмадық. Ал халық емшілері суықтың барлығы аяқтан өтетендіктен пайдасының зор екенін айтты. Атап айтсақ тұмауға, аяқ ауруларына, қуық ауруларына ем болатынын жеткізді (5-сурет).

Ал енді «Қазақ халқы да сандал-ошақты пайдаланды ма?» - деген сұраққа да жауап іздеп көрдік. Қазақ тіліндегі сандалу, сандалыс, сандалмалы, сандалып бос жүру, сандалыпсың деген сөздердің түп төркіні осы сандал-ошаққа келіп тірелетін тәрізді [8,707-б.]. Сандалда отырған адам стөл астына аяғын тығып, салбыратып отыратынын жоғарыда айтып кеттік. Аяғын жерге тигізбей отырған адам қайтіп жұмыс істесін, екінші жағынан қолы аста болса. Яғни сандалу, сандалып бос жүру деген сөздер осы сандалда отырған адамға теңеп айтылғанынан шықса керек. Сандалу, сандалыпсың деген сөздер қазақ өлең-жырларында да аз кездеспейді.

Қызжібек жырында:

«Анаң келді зарланып,

Әкең отыр сандалып.

Көре алмаған көп дұшпан,

Сыртыңнан келер қамданып» [9, 95-б.]

Фариза Оңғарсынованың «Сандалу», Досан Жанботаның «Бос сандалма» дейтін өлеңдері де соның айғағы.



Сурет 5 – Сандалда отырудан көріністер. Оңнан солға қарай 1-ші автор, 2-ші Тұрсын апай, 3-4 көршілер.

Кейбір мәліметтерде сандал-ошақтың шығыс халықтарының көпшілігінде кездесетінін айтқанымен, қазақ халқында кездесетіні айтыла бермейді. Ал мына жыр жолдары сандал-ошақтың қазақ халқында болғандығының бір дәлелі бола алады.

Ал сандал сөзі қайдан шықты дейтін болсақ, түркі халықтарының ішіндегі тек түріктерде кездеседі екен. Түріктерде орындықты «Sandalye»-дейтінін ескерсек, «Сандал» сөзі түріктерден енген болып тұр. Бұдан шығатын қорытынды, сандал-ошақ пайда болған кезде Орта Азия халықтарында стол деген сөз сандал деп аталуы да ықтимал.

### Үй жайға сипаттама

Үй жай екі бөліктен тұрады. Ағаш дарбазамен бірге түнікемен жабылған сол жақ бөлігі және шифермен жабылған оң жақ бөлігі. Ауладағы екі үй жай екі кезеңде тұрғызылғандықтан екі бөлікке бөліп қарастырдық. Түркістан қаласында ҰОС-нан ел есін жия бастаған сонау 1950 жылдарда үсті түнікемен жабылған бес бөлмелі ел арасында «Стандарт» аталып кеткен жеке тұрғын үйлер салына бастады. Ал бұл тұрғын үйдің оң жақ бөлігі зер салып қарайтын болсақ, 1950 жылдардан да ертерек тұрғызылғанға

ұқсайды. Бөлмедегі сақталған арқалығы ағашты иіп жасаған орындыққа (Стул) қарап ҰОС-на дейін салынған деп те айтуға болады. Себебі сандал пеш орналасқан бөлмеде орындық «Венский стул №14 Братьев Тонет» деп аталатын, 1859-1930 жылдар аралығында өндірілген орындық екені белгілі болды.

Дарбазаның кіре берісіндегі бастырмалы алаңның оң қапталына қоржын там салынып, ары қарай қора-қопсы тәрізді шаруашылық бөлмелер тізбектеле жалғасып кеткен. Сандал-ошақ осы қоржын тамның ортаңғы бөлмесіне орналасқан. Ал оң қапталдағы есігі солтүстікке (Аулаға) қараған алды бастырмалы үй жай 1950 жылдан кейін тұрғызылған тәрізді. Бұл үй біздің зерттеуімізге қажет болмағандықтан, ішкі бөлмелерін сипаттамадық. Үй егесі апайымыз осы үйде тұратындықтан, ол кісіні ыңғайсыз жағдайға қалдырмауды да ойладық.

Біздің негізгі мақсатымыз сандал-ошақты зерттеу болғандықтан, ауладағы үй жайлар мен бөлмелерін жалпылама сипаттап, тек сандал-ошақ орналасқан бөлмеге ғана кеңінен тоқталғанды дұрыс деп таптық.


Тағы бір айта кететін нәрсе, осындай көнекөз апа-аталарымыздың бар кезінде осындай мәліметтерді жинап жүрудің маңызы зор. Қазіргі жаһандану заманында, тарихқа қызығушы жастар болмаса, көпшілігін көне заттар мен ескі қолжазбалар қызықтыра қоймасы анық. Іздеген адамға ескі Түркістан шаһарында бұл тәрізді мәліметтердің әліде көп екенін айта кеткен жөн.

#### **Сандал стөліне сипаттама**

Сандал-ошақтың үстіне қойылатын ағаш стөл. Өзбек халқы хан-тохта деп атап кеткен сандал стөлінің көлемі 70x70 см, биіктігі 44 см. Стөл беті ені 15 см, қалыңдығы 2,5 см тақтайдан, аяқтары 5x5 см ағаштан жасалған. Аяқтарының астыңғы жағына 3x3 см белдеме жасалған. Стөл бетінен 14 см төмен жеріне 3x3 см көлемді ағаштан, төрт бұрышынан айқастыра шаңырақ тәрізді сөре жасалған. Бұл айқасқан ағашты сөре деген себебіміз леген, патнос тәрізді жайпақ ыдыстарды қоюға ыңғайлап жасаған тәрізді. Астынан ыстық көтеріліп тұрғандықтан, тамақ жылытуға арнап жасаға болуы ықтимал. Ал стөл аяғын шатқаяқтатпай ұстап тұру үшін астыңғы белдеме ағаш та жеткілікті.

#### **Бөлмеге сипаттама**

Үш бөлмелі қорыжын тамның ортаңғы бөлмесі. Бөлме көлемі 4.2x4,2 м. Бөлменің солтүстік шығыс бұрышында 4,2x4,2 м, биіктігі 0,4 м сыпа орналасқан. Бөлменің аула жағындағы батыс қабырғасының сол жағында 0,8x1,8 м көлемді есік, есіктің оң жағында 0,7x1,1 м көлемді терезе шығарылған. Екі қапталдағы қабырғаның батыс жағына көлемі 0,8x1,8 м есік жасалған. Ал шығыс қабырғада кіреберіс есікке қарама-қарсы есікке қарама-қарсы қабырғада 0,8x1,8 м көлемді тағы бір есік, оң жағында сыпа үстінде 0,7x1,1 м көлемді терезе шығарылған. Бөлмедегі төртінші есіктің неге жасалғанын сұрағанымызда, үй артындағы бауға шығатын есік екенін айтты үй егесі. Бөлме есіктері өте қарапайым, үш тақтайды бір-біріне екі ағаш белдемеге шегелеу арқылы жасаған. Сыпаның бөлме ортасындағы бұрышына терек ағашынан екі ұстын бір-біріне тақап орнатылған. Осы ұстындарға көлденең қары ағашы тасталып, үстіне бөренелермен жабылған (6-сурет).



Сурет 6 – Сандал-ошақ орналасқан бөлменің сызбасы.

#### **Сандал-ошаққа сипаттама**

Сыпаның дәл ортасында сандал-ошақ орналасқан. Сандал-ошақ көлемі 75x75x30 см, төрт бұрышында 12x12 см сандал-ошақ стөлінің аяғы қойылатын кертік жасалған. Ошақ ішінің қабырғасы да асты да лай сылақпен сыланған. Сандалдың шоқ салатын бөлігінің көлемі 30x40x10 см.

Қаратөбедегі тұрғын үйдегі сыпа үстінен кесекпен өріліп, лаймен сыланған сандал-ошақ табылды. Сыпа үстінен іші күлге толы көзені сандал ыдысы деп айтуға да болады.

Өзбекстандағы Бенакент қалшығынан XVII-XVIII ғасырларда кесектен өрілген сандал-ошақ анықталды [10, 147-б.]. Өзбекстан мен Тәжікстанда күні бүгінге дейін сандал-ошақты пайдаланып жүргендер бірлі-жарым болса да бар.

Сондай-ақ сандал-ошақтар шығыс халықтарының ішінде мұхиттың арғы жағындағы Жапонияда да кездесетіні таңқаларлық жәйт. Жапонияның климатына тоқталатын болсақ, солтүстігіндегі Хоккайда аралдарынан қалған бөлігі толықтай тропикалыққа жақындау. Қысы анау айтқан суық болмағандықтан қазіргі заманғы Жапонияның бұл бөлігінде орталықтандырылған жылу жүйесі болмайды екен. Қоғамдық ғимараттар кондиционерлермен (Зима-лето) жылытылса, жеке үйлер котацу деп аталатын біздіңше сандал-ошақтармен жылытылатын болып шықты [11].



Котацу столі.



Котацуда отыру.

Сурет 7 – Жапон пеші котацуда отырудан көріністер.

Бірақ котацуда астында сандал-ошақ жоқ, керісінше заман талабына сай стол астына электр пеші орнатылған. Қазіргі заманғы котацу ортағасырдығы Жапондардың ирори деп аталған ашық пешінің жалғасы болса керек. Ирори пешіне жылынумен қатар ас та дайындалды. «Үйінді жылыта алмасаң, өзінді жылыт»-деген жапон тәмсілі де осы котацуды меңзегендей. Шілдеде от жағылса адам оттың қасына келеді дегендей, жапон халқы да оттың қасиетті екенін білді. Олар котацуды жылыту құралы ғана деп қарамай, адамдардың басын қосып ынтымағын арттыратын жер деп қарады (7-сурет).

Жапонияның дамыған мемлекеттердің қатарында болғанымен өте үнемшіл екенін де осы пешінен аңғаруға болады. Иә от басы, ошақ қасы, шаңырақтың отын өшірмеу, түтінін түтету деген сөздердің барлығы да осы отқа байланысты айтылған арғы жағында үлкен мәні бар сөз тіркестері. Қазақ халқында бата қайырғанда бірінші айтылатын «Оттың басы аман болсын»- деген сөзіміздің арғы жағында үлкен мағына жатыр.


### Талқылау

Сандал-ошақ турасында арнайы жарияланған еңбектер жоқтың қасы десек те болады. Ғылыми еңбектер мен ғылыми есептердегі сандал-ошақтар жайындағы мәліметтер табылған жері мен көлемін сипаттаудан ары аспайды. Тек Э.Д. Зиливинскаяның «Очаги-сандали из раскопки в Дербенте и их Среднеазиатские и Поволжские параллели»-атты мақаласында сандал-ошақ жайында салыстырмады талдау жасай отырып, тарқата жазады. Автордың аталған зерттеуінде сандал столі мен сандал-ошақты қалай пайдалану жайында да деректер келтіре отырып, тақырып мазмұнының толық ашылуы жолында еңбектенгенін көруге болады [12, 338-б.].

Ал біздің зерттеуіміздің ерекшелігі, сандал-ошақпен қоса столінің табылуы және сандал-ошақтың қызуына жылынған адамның бұл өмірде болғандығы. Сол кісінің әңгімесі арқылы және әр өңірдегі сандал-ошақтардың аналогтарының салыстыра отырып мақала мазмұнын ашуға тырыстық.

Сандал-ошақтың алтарь-ошақтан айырмашылығы тікелей культтік ғұрыптарды атқаратын құрал болып табылмады. Ал алтарь-ошақтың жасалуындағы негізгі қызметі культтік ғұрыптарды орындау болды. Дегенменен сандал-ошақтың кездескен уақыты мұсылмандықпен тұспа-тұс келгендіктен, діни ғұрыптар атқарылмады деп те айтуға болмайды. Себебі кез келген мұсылманның үйінде намаз, құран оқылып тұрды. Намаз, құран оқылған үйді діни ғұрып орындалмаған үй деп айтуға тағы болмайды.

Кейде әке-шешеміз тұрған үйді, әке-шешемнің құтхана мешіті дейтініміз бар. Жұма мешіттер, кварталдық мешіттер үлкен мешіт, ал үй кіші мешіт. Намаз, құран оқумен қатар отыз күн ораза ұстау деген сияқты көптеген діни жоралғылар орындалды. Алтарь-ошақтарда да культтік ғұрыптар орындалумен қатар жылыну үшін де пайдаланған болуы мүмкін. Себебі алтарь-ошаққа да от жағылмай, ошақтың шоғы салынды. Кейде алтарь-ошақтың айшық ойығына шоқ салынған құмыра қойылды. Сандал-ошақ тікелей діни ғұрыптарды орындайтын құрал болып табылмағанымен, отқа табынушылықтан қалған бір элементтер кездесіп отырды. Соның ішінде жоғарыда айтып кеткендей сандал-ошаққа адыраспан салып үйді тазарту немесе кейбір ауруларға қарсы пайдалану. Ал адыраспан түтінімен үйді аластау, отқа май құю тәрізді дәстүрлеріміз осы отқа табынушылықтан қалса керек. Біріншіден бұл амалдар біздің дәстүрімізге айналып кеткендіктен, екіншіден ислам шарттарына қайшы келмегендіктен күні бүгінге дейін орындалып келеді. Алтарь-ошақтың негізгі міндеті культтік ғұрыптарды орындау қосалқы қызметі жылыну болса, сандал-ошақтың негізгі міндеті жылыну болды да, ал қосалқы қызметі діни ғұрыптарды орындау болды. Қай жағынан алсақ та бұл екі ошақта ортақ бір ұқсастықтың бар екендігі хақ [13, 97-б.; 14, 22 б.; 15, 170 б.; 16, 100-101 б.]. Алтарь-ошақтар жайында зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, бұл ошақ түрінің VII-XII ғасырлар аралығында кеңінен қолданыста болғандығы белгілі болды [13, 97-б.; 18, 20 б.; 19, 169 б.; 20, 211-214 б.]. 2023 жылы Келес өңірінде орналасқан Ежелгі Күлтөбе қалашығында жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында II-III ғасырларға жататын мәдени қабаттан алтарь-ошаққа тиесілі қошқар бейнесі табылды (8-сурет).



Сурет 8 – Күлтөбе қалашығынан табылған алтарь-ошаққа тиесілі қошқар бейнесінің көрінісі.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, тарихи жазба деректер мен археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелеріне сүйене отырып, XII ғасырдан бастап кездесетін сандал-ошақтың XX ғасырдың екінші жартысына дейін пайдаланылғаны дәлелденді. Сандал-ошақтың Орта Азия халықтарының ішінде қазақ халқында да болғандығын, сонымен қатар мұхиттың арғы жағындағы күншығыс елінде күні бүгінге дейін когацу деп аталатын сандал-ошақты пайдаланып келе жатқаны жеткізілді.

Ғасырлыр бойы адамзат баласына қызмет етіп келе жатқан бұл сандал-ошақ Еуразия даласына кеңінен тарады. Адамдардың әлеуметтік жағдайына қарай кесектен, кірпіштен жасалғанымен көлемі мен құрылымы өзгермеді. Керек десеңіз Тәжікстан мен Өзбекстанда күні бүгінге дейін сандал-ошақты пайдаланып келе жатқандар, бірлі-жарым болсада бар. Ал Әзірбайжанда курси деп аталған ошақ туралы мәлімет табылмады.

Тағы бір айта кететін нәрсе, Тұрсын апайымыздың қиындау тағдыры болмағанда бұл сандал-ошақ сақталатын ба еді, сақталмайтын ба еді деп те ойланасың. Орнына жаңа үй тұрғызылып кеткенде, бұл үй әлдеқешен болмаған болар еді. Мүмкін әкемнің көзі деп сақтады ма екен. Қалай айтсақ бұл жәдігер күні бүгінге дейін сақтаулы. Әрине «Жаман айтпай жақсы жоқ»-дегендей, сандал-ошақ апайымыздың өзі бар кезде ғана сақталатын сияқты. Апайымыз әріден ойлады ма, сандал стөлін маған аманат етті. Мен енді осы мақаламды жариялағаннан соң сандал стөлін музейлердің біріне тапсырамын ба деген ниетім бар. Басқа өңірлерді айтпағанда, Түркістан өңірінде бұл сандал-стөлі жалғыз. Музейлердің бірінің этнографиялық бұрышынан орын алып, сандал-стөлін орналастырса құба-құп болар еді.

Аманатқа қиянат болмас еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байпақов К.М. Ежелгі және ортағасырлық Отырар. Алматы: «Қазығұрт», 2007. – 83 б.
2. Смагулов Е.А. Древний Сауран. Алматы, 2010. – С. 358.
3. Байпақов К.М. Исламская археологическая архитектура и археология Казахстана. Алматы, 2012. – С. 284.
4. Смагулов Е.А. Происхождение керамических алтарей в домах горожан Южного Казахстана (XI-XII вв). История и археология турана. №3. Самарканд, 2017. – С. 318.
5. Арандаренко Г.А. Досуги в Туркестан(1874-1880гг.) СПб., 1889 г. – С. 415.
6. Тұяқбаев М.Қ., Мурғабаяев С.С., Бахтыбаев М.М., Арынов Қ.С., Сиздиқов Б.С. Көне Түркістан қаласы XV-XIX ғғ. (Әбілмәмбет хан ордасы, XVI-XVII ғғ.) ғылыми-реставрациялық жұмыстар, Түркістан облысы» атты ғылыми жоба «Қазқайтажаңғырту. Есеп. Түркістан, 2020. – 230 б.
7. Тұяқбаев М.Қ., Мурғабаяев С.С., Бахтыбаев М.М., Арынов Қ.С., Сиздиқов Б.С. Ескі Түркістан қалашығының шахристанында орналасқан Жеті Ата көшесі бойында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, жалпы ұзындығы 660 м. Есеп. Түркістан, 2020. – 400 б.
8. Жанұзақов Т. (бас ред.). Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. – 967 б.
9. Қосан С. (жауапты ред.). Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана: «Фолиант», Т. 26, 2006. – 95 б.
10. Буяков Ю.М., Брыкалов В.Г. Эволюция гончарных печей средневекового Бенакента-Шахрухи. Выпуск 22. Ташкент: Издательство «Фан» УзССР, 1988. – С. 147.
11. Котацу-традиционный японский стол // Электронный ресурс. Доступно по ссылке: <https://susi-college.com/>
12. Зиливинская Э.Д. Очаги-сандали из раскопки в Дербенте и их Среднеазиатские и Поволжские параллели // История, археология и этнография Кавказа Т. 16. № 2. 2020.
13. Акылбек С.Ш., Гурсой М. «Культовые помещения» на городище Культобе // Поволжская археология. № 2 (40) 2022. – С. 89-101.
14. Смагулов Е.А. К вопросу о возрасте города Туркестан // Поволжская археология, №2 (28) 2019. – С. 17-31.
15. Смагулов Е.А. Древний Туркестан: штрихи к историческому портрету. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана. 2017. – С. 342.
16. Смагулов Е.А., Григорьев Ф., Итенов А. Очерки по истории и археологии Средневекового Туркестана. Алматы: Ғылым, 1999. – С. 232.
17. Смагулов Е.А., Тұяқбаев М.Қ., Ержигитова А.А., Күмісбаева Ұ., Өсеров Т., Ильяс С. Ескі Түркістан қаласының 2009 ж. жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының есебі. Түркістан, 2009.
18. Байпақов К., Акылбек С., Терновая Г. К вопросу о религиозной жизни города Кулан в VIII-IX вв. (по материалам исследований цитадели в 2017 г.) // Народы и религии Евразии, 19(2) 2019. – С. 09-35.
19. Смагулов Е. О сакральном значении керамических атрибутов алтарей в жилищах Присырдарьи // Народы и религии Евразии, 19(2) 2019. – С. 61-74.
20. Сералы Н.О., Сиздиқов Б.С. Оғыз тайпаларының діни наным-сенімдері // Ясауи университетінің хабаршысы, №2 (120), 2021. – 208-221 б.

References:

1. Baypakov K.M. Ezhelgi zhane ortagasyrlyk Otyrar. Almaty: «Kazygurt», 2007. – 83 b.
2. Smagulov E.A. Drevniy Sauran. Almaty, 2010. – S. 358.
3. Baypakov K.M. Islamskaya arheologicheskaya arhitektura i arheologiya Kazahstana. Almaty, 2012. – S. 284.
4. Smagulov E.A. Proishozhdenie keramicheskikh altarei v domah gorozhan Yuzhnogo Kazahstana (XI-XII vv). Istoriya i arheologiya Turana. №3. Samarkand, 2017. – S. 318.
5. Arandarenko G.A. Dosugi v Turkestan (1874-1880gg.) SPB, 1889g. – S. 415.
6. Tuyakbaev M.K., Murgabaev S.S., Bahtybaev M.M., Arynov Q.S., Sizdikov B.S. Kone Turkistan kalasy XV-XIX ғғ. (Abilmambet han ordasy, XVI-XVII gg.) gylimi-restavraciyalik zhumiystar, Turkistan oblysy» atty gylimi zhoba «Kazqaytazhangyrtu. Esep. Turkistan, 2020. – 230 b.
7. Tuyakbaev M.K., Murgabaev S.S., Bahtybaev M.M., Arynov Q.S., Sizdikov B.S. Eski Turkistan kalashygynyn shahristanynda ornalaskan Zheti Ata koshesi boiynda gylimi-zertteu zhumiystaryn zhurgizu, zhalpy uzynidygy 660 m. Esep. Turkistan, 2020. – 400 b.
8. Zhanuzakov T. (bas red.). Kazak tilinin tusindirime sozdigi. Almaty: «Dayk-Press», 2008. – 967 b.
9. Kosan S. (zhauapty red.). Babalar sozi: Zhuz tomdyk. Astana: «Foliant», T. 26, 2006. – 95 b.

10. Buryakov Yu.M., Brykalov V.G. *Yevolyucii goncharnykh pechey srednevekovogo Benakenta-Shahruhi. Vypusk 22. Tashkent: Izdatel'stvo «Fan» UzSSr, 1988. – S. 147.*
11. Kotacu-tradicionnyi yaponskii stol // *Yelektronnyi resurs. Dostupno po ssylke: <https://susi-college.com/>*
12. Zilivinskaya Ye.D. *Ochagi-sandali iz raskopki v Derbente i ih Sredneaziyatskie i Povolzhskie paralleli // Istoriya, arheologiya i eetnografiya Kavkaza T. 16. № 2. 2020.*
13. Akylbek S.Sh., Gursoy M. «Kul'tovye pomeshheniya» na gorodishhe Kul'tobe // *Povolzhskaya arheologiya. № 2 (40) 2022. – С. 89-101.*
14. Smagulov E.A. *K voprosu o vozraste goroda Turkestan // Povolzhskaya arheologiya, №2 (28) 2019. – С. 17-31.*
15. Smagulov E.A. *Drevnii Turkestan: shtrihi k istoricheskomu portretu. Almaty: Institut arheologii im. A.H. Margulana. 2017. – С. 342.*
16. Smagulov E.A., Grigorev F., Itenov A. *Ocherki po istorii i arheologi Srednevekovogo Turkestana. Almaty: Gylm, 1999. – S. 232.*
17. Smagulov E.A., Tuyaqbaev M.K., Erzhigitova A.A., Kumisbaeva U., Oserov T., Ilyas S. *Eski Turkistan kalasynyn 2009 zh. zhyrgyzilgen arheologiyalyk qazba zhumystarynyn esebi. Turkistan, 2009.*
18. Baypakov K., Akylbek S., Ternovaya G. *K voprosu o religioznoy zhizni goroda Kulan v VIII-IX vv. (po materialam issledovaniy citadeli v 2017 g.) // Narody i religii Evrazii, 19(2) 2019. – С. 09-35.*
19. Smagulov E. *O sakral'nom znachenii keramicheskikh atributov altarey v zhilishhah Prisyrdar'i // Narody i religii Evrazii, 19(2) 2019. – С. 61-74.*
20. Seraly N.O., Sizdikov B.S. *Ogyz taypalarynyn dini nanym-senimderi // Yasau universitetinin habarshysy, №2 (120), 2021. – 208-221 b.*

**ҒТАХР/ МРНТИ / IRSTI 03.61.91**  
**ӘӨЖ/УДК/ UDC (512.122)**

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2024.83.4.021>

*Д.Ж. Айнакулов\*<sup>1</sup>, С.Ж. Болтаева<sup>2</sup>, С.П. Досанбай<sup>3</sup>*

<sup>1</sup> *Narxoz University, Гуманитарлық ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы, e-mail: [aynakul.dauren.79@mail.ru](mailto:aynakul.dauren.79@mail.ru)*

<sup>2</sup> *Narxoz University, аға оқытушы, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы e-mail: [saya.boltaeva@narxoz.kz](mailto:saya.boltaeva@narxoz.kz)*

<sup>3</sup> *Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Техникалық ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы e-mail: [dossanbay84@mail.ru](mailto:dossanbay84@mail.ru)*

## **ҚАРАМЕРГЕН – АҢЫЗЫ, ЕРТЕГІСІ ЖӘНЕ АҚИҚАТЫ**

### *Аңдатпа*

Халық арасында Қарамерген есіміне қатысты аңыз бен ертегі бар. Аңыз «Қабылсаның түс көруі» деп аталады. Ал ертегідегі кейіпкер Қарамерген де ертегінің тақырыбындай «Қарамерген» деп баршаға ұсынылған. Бұл жазылған мұралар бүгінгі зерттеу жұмысы барысында тарихи зерттеуді, зерделеуді қажет етіп, аңыздың басты кейіпкері Қарамерген және аңыздың ішіндегі басқа да Қабылса жырау, Бопау батыр, Алпысбай болыс, Тезекбай шырақшыларға шежірелік зерттеу негізінде шынайы кейіпкер ретінде анықталып, «Қарамерген» ертегісімен ұқсастықтары бар екендігі де дәлелденді. Халықтың рухани мұралары мұрағат құжаттары бойынша зерттеліп, шежіре қайта түзіліп, олардың ұрпақтары бүгінгі күнге дейін бар екендігі нақтыланды. Мұндай тарихи және этнографиялық зерттеу дәлелдемелерді жариялау бүгінгі уақыттың негізгі өзекті мәселесі болып табылады. Мұрағат қойнауында сыр шертіп жатқан құжаттарды, ауызша айтылған тарихты, шежірені және олардың ұрпақтарымен тікелей және кері байланыстар жасау қажеттігі мен талаптары сөз етеді.

Аңыз бен ертегіні байланыстыра зерттеу ХІХ ғасырдағы қазақтың тұңғыш ғалымы Ш. Уәлиханов еңбектері мен қазақ өлкесінде этнографиялық, археологиялық зерттеулер жүргізген Н.Н. Пантусовтың жариялаған еңбектеріне негізделді. Қарастырылған мәселе тек қана кейіпкерлердің шежіресі, мұрағаттағы



құжаттық дәлелдемелермен ғана емес, сонымен қатар территориялық, аймақтық мәселелері де ескерілді. Аңыз бен ертегінің негізгі хронологиялық зерттеу шеңбері ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың алғашқы ширегі қарастырылған. Ал шежірелік зерттеу тұрғысынан алғанда ХV ғасырдан бастап бүгінгі уақытқа дейінгі кезеңді қамтиды. Аңыз бен ертегіні зерттеудің нәтижесінде оның шынайылығы мен оқиғаның үйлеспейтін тұстары анықталып, аңыздың шынайы оқиға, тарихтағы ақиқаттылы көрсетілді. Олардың ұрпақтары шежіре арқылы куәгерлер екендігі де дәлелденді.

Аңызды зерттеу барысы «ДӘУЛЕТБАЙ» ата ұрпақтарының шежіресін жазуды мәжбүр етті. Онда Қабылиса (Қабан) жырау шежіресін қайта қарастырып, оның ұрпақтары мен тікелей және кері байланыстар жасау арқылы бірнеше рет тексерістерден өткізіп, бірнеше зерттеулер жүргізіп, 2024 жылы қазақ, ағылшын және орыс тілінде арнайы кітап жазылып, жарық көрді.

**Кілт сөздер:** Қарамерген, Қабылиса, Бопан, шежіре, аңыз, ертегі, этнография, мұрағат.

*Айнақұлов Д.Ж. \*<sup>1</sup>, Болтаева С.Ж. <sup>2</sup>, Досанбай С.П. <sup>3</sup>*

*<sup>1</sup> Narxoz University, Магистр гуманитарных наук, старший преподаватель,  
город Алматы, Республика Казахстан  
e-mail: [aynakul.dauren.79@mail.ru](mailto:aynakul.dauren.79@mail.ru)*

*<sup>2</sup> Narxoz University, старший преподаватель, город Алматы, Республика Казахстан  
e-mail: [saya.boltaeva@narxoz.kz](mailto:saya.boltaeva@narxoz.kz)*

*<sup>3</sup> Казахский Национальный Университет имени Аль-Фараби,  
Магистр технических наук, старший преподаватель, город Алматы, Республика Казахстан  
e-mail: [dossanbay84@mail.ru](mailto:dossanbay84@mail.ru)*

## КАРАМЕРГЕН – ЛЕГЕНДА, СКАЗКА И ИСТИНА

### *Аннотация*

В народе бытует легенда и сказка, связанная с именем Карамергена. Легенда называется «Сон Кабылисы». Карамерген, герой сказки, представляется всем как «Карамерген», как и название сказки. Эти зафиксированные наследия требуют исторического исследования и изучения в ходе сегодняшней исследовательской работы, а главный герой легенды Карамерген и другие легенды Кабылиса жырау, Бопан батыр, Алпысбай волостной, смотритель-факельщик Тезекбай на основании генеалогических данных идентифицированы как реальные персонажи и имеют сходство со сказкой «Карамерген». По архивным документам изучено духовное наследие народа, реконструирована генеалогия, выяснено, что его потомки существуют и по сей день. Публикация подобных историко-этнографических исследовательских материалов является основной актуальной проблемой современности. Об этом говорят документы, устная история, генеалогия, а также необходимость и требования установления прямых и обратных связей с потомками, которые сокрыты в глубинах архива.

В связи с работами первого казахского учёного ХІХ века Ш. Валиханова и по материалам опубликованных произведений Н.Н. Пантусова проводивший этнографические и археологические исследования в Казахском крае были использованы как за основу. Рассматриваемым вопросом была не только генеалогия героев, документальные свидетельства в архиве, но также учитывались территориальные и региональные вопросы. Основной хронологической рамкой исследования легенды и сказки являются ХІХ век и первая четверть ХХ века. С точки зрения генеалогических исследований он охватывает период с ХV века до наших дней. В результате исследования легенды и сказки были определены моменты ее достоверности и несовместимости с рассказом, а также показана истинность легенды как реального рассказа, в истории. Доказано также, что их потомки являются свидетелями по генеалогии.

Процесс исследования легенды заставил написать генеалогию потомков «ДАУЛЕТБАЙ». Пересмотрена генеалогия Кабылиса (Кабан) жырау, проведено несколько проверок путем установления прямых и обратных связей с его потомками, проведя несколько исследований, в итоге в 2024 году была написана и издана специальная книга на казахском, английском и русском языках.

**Ключевые слова:** Карамерген, Кабылиса, Бопан, генеалогия, легенда, сказка, этнография, архив.

D.J. Ainakulov \*<sup>1</sup>, S.J. Boltaeva <sup>2</sup>, S.P. Dosanbai <sup>3</sup>

<sup>1</sup> Narxoz University, Master of Human Sciences, Senior Lecturer, Almaty city, Republic of Kazakhstan  
e-mail: [aynakul.dauren.79@mail.ru](mailto:aynakul.dauren.79@mail.ru)

<sup>2</sup> Senior Lecturer, Narxoz University, Almaty city, Republic of Kazakhstan  
e-mail: [saya.boltaeva@narxoz.kz](mailto:saya.boltaeva@narxoz.kz)

<sup>3</sup> Kazakh National University named after Al-Farabi, Master of Technical Sciences, Senior Lecturer,  
Almaty city, Republic of Kazakhstan, e-mail: [dossanbay84@mail.ru](mailto:dossanbay84@mail.ru)

## KARAMERGEN – LEGEND, FAIRY TALE AND REALITY

### Abstract

There is a legend and fairy tale among the people associated with the name of Karamergen. The legend is called "Kabylysa's Dream". Karamergen, the hero of the fairy tale, is introduced to everyone as "Karamergen", just like the name of the fairy tale. These recorded legacies require historical research and study in the course of today's research work, and the main character of the legend Karamergen and other legends Kabylysa jyrau, Bopau batyr, Alpysbai volost, torch-keeper Tezekbai, based on genealogical data, are identified as real characters and have similarities with the fairy tale "Karamergen". Based on archival documents, the spiritual heritage of the people was studied, the genealogy was reconstructed, and it was found that their descendants exist to this day. The publication of such historical and ethnographic research materials is the main pressing problem of our time. This is evidenced by documents, oral history, genealogy, as well as the need and requirements for establishing direct and reverse connections with descendants who are hidden in the depths of the archive.

In connection with the works of the first Kazakh scientist of the 19<sup>th</sup> century, Sh. Valikhanov and based on the materials of the published works of N.N. Pantusov, who conducted ethnographic and archaeological research in the Kazakh region, were used as a basis. The issue under consideration was not only the genealogy of the heroes, documentary evidence in the archive, but also territorial and regional issues were taken into account. The main chronological framework for the study of legends and fairy tales is the 19th century and the first quarter of the 20th century. From the point of view of genealogical research, it covers the period from the 15th century to the present day. As a result of the study of the legend and fairy tale, the moments of its reliability and incompatibility with the story were determined, and the truth of the legend as a real story in history was shown. It has also been proven that their descendants are genealogical witnesses.

The process of researching the legend forced me to write a genealogy of the descendants of "DAULETBAI". The genealogy of Kabylysa (Kaban) jyrau was revised, several checks were carried out by establishing direct and reverse connections with his descendants, conducting several studies, and as a result, in 2024, a special book was written and published in Kazakh, English and Russian.

**Key words:** Karamergen, Qabylysa, Bopau, genealogy, legend, fairy tale, ethnography, archive.

### Кіріспе.

XIX ғасырдағы «Қабылысаның түс көруі» аңызы мен «Қарамерген» ертегісі халық арасында Жетісу өлкесінде кең тарады. «Қабылысаның түс көруі» ауыздан ауызға ауызша беріліп, XX ғасырдың аяғында зерттелген еңбектерде жарық көрді. Ресей империясынан қазақ өлкесін зерттеуге келген ғалымдардың қазақ әдебиетін зерттеп, көп мағлұматтар алуға тырысты. Ондай зерттеулерді XIX ғасырдың үшінші ширегінде ғалым, зерттеуші Шоқан Уәлихановтың жазбаларынан кездеседі. Көптеген әңгімелер, аңыздар, ертегілер, әндер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, күйлер қағаз бетіне түсірді. Ал «Қарамерген» ертегісі этнографиялық зерттеу барысында XIX ғасырдың аяғында қағаз бетіне жазылып, 1901 жылы кітап ретінде жарық көрді. Сол уақытта Түркістан генерал губернаторлығына қарасты Жетісу облысындағы Қапал уезінің тұрғындарынан жазып алынды. Қазақ өлкесінде этнографиялық зерттеу жұмыстарын тек қана орыс ғалымдары ғана емес, өзіміздің отандық зерттеушілерде өз үлестерін қосып, олар да материалдар жинақтаумен айналысты. «Қарамерген» ертегісі тікелей зерттеуші Пантусовпен бойланысты.

Бұл зерттеу жұмысының өзектілігі Ресей патша өкіметі кезеңінде әңгіме ретінде айтылып, Кеңес дәуірінде ұмыт қалып, Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде аңыз ретінде жеткенін тереңдетіп зерттеп, «Қабылысаның түс көруі» аңызындағы кейіпкерлерді және олардың іс-әрекеттерін анықтап, «Қарамерген» ертегісімен ұқсастықтарын қарастырып, олардың ақиқатын дәлелдермен көрсету. Болашақ ұрпаққа ғылыми-зерттеу жұмыстары арқылы жеткізу.

### **Материалдар.**

Зерттеу жұмысының материалдар базасын Ресей патшалық өкіметі кезіндегі жазылған, Қазақстан Республикасындағы Орталық Мемлекеттік мұрағатындағы сақталған құжаттары, Қазақстан Республикасының Алматы қаласындағы Ұлтық кітапханадағы «Сирек кітаптар қорындағы» кітаптар, 1910 жылы жарық көрген Жетісу облысының Қапал уезіне қатысты статистикалық жинағы, 1991 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі зерттеу еңбектері, түрлі авторлардың шежіре жинақтарының материалдары құрайды. Ақпараттарды талдай отырып, зерделей отырып, тарихи әңгіме мен ертегідегі кейіпкердің шын болғандығы және оның бүгінгі күні ұрпақтары бар екендігіне көз жеткізілді.

### **Әдіснама.**

Тақырыпты зерттеу барысында Ресей патшалық дәуіріндегі XIX ғасырдағы және XX ғасырдың бірінші ширегіндегі мұрағат қойнауындағы мол деректердің сапасымен ұшырасуды ескере отырып, деректану саласының әдістерінің маңыздылығын ерекше атап өту қажет. Ондағы деректанулық талдау, сыни көзқарас және т.б. әдістердің қолданыс тапқандығын айқындаймыз. Сонымен қатар генеалогиялық яғни шежірелік, этнографиялық, географиялық, топонимикалық, тарихтағы статистикалық, ауызша тарих бойынша сұхбаттасу және кері байланыс жасау мәліметтерге сүйене отырып түрлі теориялық-әдіснамалық тәсілдері басшылыққа алынып, қолданылды.

### **Нәтижелер.**

Алғашқы кезде «Қабылсаның түс көруі» аңызына терең назар аударылған жоқ. Ол аңыз өз замандастарынан уақыт кеңістігі жағынан аса алшақ болмағандықтан, бір-бірін танығандықтан, аумақ тұрғындары бір-бірін жақсы білгендіктен XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жәй ғана әңгіме ретінде айтылды. Уақыт кеңістігі XXI ғасырға дейін ұзарып, ел көзқарасы мен ойы өзгергеннен кейін, әңгіме аңызға айналды. Үш-төрт ұрпақ ауысып, коммунистік партия идеологиясының әсерінен шежіре де ұмыт қалып, аңыз жұмбаққа толықты.

Жұмбаққа толы мұндай аңыз бүгінгі уақыттағы адамдардың алдында тұрған мәселе сияқты [1, 5-6.]. Мәселенің шешімі бүгінгі ұрпақтың ісі, өткен тарихтың түйіндерін шешу болып табылады. Аңыздың немесе ертегінің түйінін шешу үшін тарих, этнография, археология, статистика, генеалогия сияқты ғылымдар байланысы мызғымастай қарастырылады.

Аңыздың басы былай басталады: «Мырза елінде Апақ атадан тарайтын Қараменген деген кісі Қабылсамен құрдас екен. Әзілдері жарасып Тау мырзаның жайлауларына бірге шығып, қымыз ішіп, қайтып жүреді» [2, 57-б.]. Мұнда Қазақ ұлтының ішінде Ұлы жүзде Жалайыр тайпасынан тараған өте ірі Мырза руы бар. Мырза руынан Бәйдек (Бәйдік), Әліке және Жапарберлі, Жапарберліден Аман, Аманнан Қожаназар, Есперлі және Артық тарқатылады. Қарамерген мен Қабылса (Қабан) жырау Қожаназардан тарайтын ұрпақтар [3, 1047-б.]. Қарамерген жайлы ұзақ уақыт көңіл аударылмаған себебі, оның шежіредегі есімі Бейсен деп берілген екен.

Қожаназардан бірнеше ұл таратылады. Оның бірі Апақ. Апақ атаны кейде Абақ деп те атайды. Бірақ, зерттеу жұмыстарының материалдарынан көбінесе «Апақ» деген термин көбірек қолданыста болған. Мұны халық арасында қолданысқа еніп кеткен «Апақ – іздегені шатақ» деген сөздері де нақтылай түседі. Апақтың үш әйелі болған. Бірінші әйелін Бәйбіше деп атап есімі ұмытылып, Бәйбіше болып кеткен. Одан Асан мен Үсен дүниеге келген. Олар шежіре бойынша анықталмады. Шежіре бойынша Асан Қожаназардың ұлы Дәулетбайдан, ал Үсен Қожаназардың ұлы Қалманбеттен кездеседі. Екінші әйелі түрлі себептермен Аппақ (Әппақ) атанып, ел аузында Аппақ анадан Есенбай мен Есенқабыл дүниеге келеді. Халық Аппақ (Әппақ) ана деп атап кеткендіктен оның да шынайы есімі белгісіз болып қалды. Үшінші әйелінің есімі Мәйда (Мәида). Одан Есқара мен Досқара дүниеге келген. Шежіре бойынша үшінші ұл Бесқара деп берілген. Жалайыр-Мырза шежіресінде Есқара, Досқара және Бесқара Апақтың емес, Қожаназардың ұлдары ретінде көрсетілген. Таңқалдырарлық жағдай Есқараның кейбір ұрпақтары өздерін «Апақпыз» деп атауы. Демек, олар өздерін Апақ атаса Апақ атаның және оның үш әйелі болғандығы растала түседі. Бұл бүгінгі уақытта зерттелу үстінде. Аппақ анадан туылған Апақтың үлкен ұлы Есенбайдан төрт ұл – Қожакекелді, Қонысбай, Тәттібай және Қолаң тарайды. Үшінші ұлы Тәттібайдан Бейсен мен Төлеу. Бейсен дегеніміз «Қабылсаның түс көруі» әңгімесінде бас кейіпкердің бірі Қарамерген. Сол себепті кейінгі шежіреде Бейсен (Қарамерген) деп берілді [4, 1116-б.]. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архивіндегі құжаттарда тек Қарамерген деген есім кездеседі, ал Бейсен немесе Бейсенбі есімдер Тәттібайдан тарағаны немесе Бопандың әкесі ретінде кездеспейді. Кеңес заманында Қарамерген есімін жасыру үшін Бейсен деген атау қолданылуы мүмкін.

Филология ғылымдарының докторы, профессор – Бұлдыбай Анарбай Сағиұлы 2023 жылғы «Қабан (Қабылса) жырау» атты монографиясында Бопанды Бейсенбіұлы деп берген екен. Ғалымның зерттеуіне

қарағанда, Бопау «Қабылсаның түс көруі» әңгімесін өте жақсы білген. Іле өзені бойында, Бақанас күре жолына, Қызылжар-Көкбастау сілеміне жақын жерде ХХ ғасырдың екінші жартысында Бопау Қарамергенұлы Қабылиса жыраудың қабіріне «Төртқұлақ» қоршау салғызған. Ол өзі қартайған шағында шырақшы болған [5, 27-б.]. Мұнда қандай себептермен Қарамерген «Бейсенбі» аталып тұрғанын анықтауға бет бұрылды. Бопаудың туған немересі Қабдолда Жетісу облысы Ескелді ауданындағы Теректі ауылының тұрғыны. Онымен тікелей байланысу нәтижесінде Бопаудың әкесін «Қармерген» немесе «Бейсен» деп естігенін нақтылады. Бірақ, «Бейсенбі» деген атауды естімеугі. Ескеретін мәселе Бейсенбі есімі қысқартылып Бейсен деп аталатынын ескерген жөн болады. Сол себепті мұнда ғалым Анарбай Сағиұлы дұрыс атаған. Бейсеннің толық есімін Бейсенбі деп ұсынған.

Қазақ халқына танымал, жер жанаты Жетісу жерінен шыққан Қабылиса (Қабан) жырау. Оның нақты туған жылы белгісіз. Туған жылына байланысты екі түрлі дерек бар. Алғашқысы 1686-1776 жж. Бұл мерзімді қолдану Қабылиса жырауды Төле би, Қазыбек би, Ескелді би мен Балпық би сияқты даңқты кейіпкерлермен құрдас ретінде жақындастыра түседі. Екінші дерек бойынша 1733-1824 жж. өмір сүрген. Бұл екінші дерек Қабылисаны бұхараға танымал Сүйінбай Аронұлының ұстазы болғандығын дәлелдеп, сонымен қатар Ұлы жүздің Шапырашты еліне жалғыз қызы Қоянкөзді ұзатқаны нақтыланады. «Қабылсаның түс көруі» аңыз да Қарамергенмен сөйлесуін екінші нұсқаны бекіте түседі.

Егер алғашқы нұсқасы өмір сүрген 1686-1776 жж. тарихи тұрғыдан қаралатын болса, Сүйінбай Аронұлының ұстазы бола алмай Қабылиса жыраудан бата ала алмайды және жырларына қоса алмайды. Сол сияқты Сарыбас Майкөтұлы, Кенен Әзірбайұлы даңқты ақындар өлең-жырларына қоса алмас еді. Сүйінбай Аронұлы 1815-1898 жж. өмір сүрген. Ал Қабылиса жырау екінші нұсқасы бойынша 1733-1824 жж. өмір сүрген болса, ол жас кезінде Төле биді, Қазыбек биді, Жолбарыс би Жылқайдарұлын көріп, мұра болып қалған аңыз-әңгімелердегі, Ескелді бимен, Балпық бимен, Жолбарыс Байтоқұлымен, төре Әділ Абылайханұлымен, жақын туыстары Қарамерген Тәттібайұлы және Жайнақ би Бекұлы Темірбековпен замандас болғаны анықталып, нақтыланады. Туған жылының екінші нұсқасы бойынша Қабылиса (Қабан) жырауға қатысты барлық әңгіме, аңыздар, айтыстар үйлесімін табады. Ал бірінші нұсқасы бойынша әңгіме, аңыздар, айтыстар толық үйлеспей қалады.

Қабылиса (Қабан) жыраудың шежіресіне тоқталсақ, Жалайыр ... – Ханқожа – Әлімхан (Әбен) – Мырза-Жапарберлі-Аман-Қожаназар-Дәулетбай (Ботбай), Дәулетбайдан екі ұл Асан мен Атамбай дүниеге келіп, Асаннан Қабылиса жырау және оның ұрпақтары тарқатылады [6, 19-20 бб.]. Қабылсаның ұрпақтары туралы мәселе бөлек қарастырылады. Асан ата мен Атамбай ұрпақтарының бүгінгі уақытта шежірелері толық қалпына келтіріліп, есімнен, буыннан, ағайындардың реттік орындарынан кеткен қателіктер түзетілді.

Қабылиса жыраудың немесе аңыз бойынша әулиенің Қарамергенге келу себебі, Қарамерген ұзақ уақыт әйелінен сәби сүйе алмай жүреді. Қонаққа келген Қабылиса жырау ұйықтап кетіп, түс көріп, түсінде Қарамерген болашақта ұл сүйетінін айтады. Оның есімін аян бойынша «Бопау» қоюды жеткізеді [2, 56-б]. Аңыздың басты мәселесі Қарамергенге сәбиді сүю, бір перзертке қол жеткізу болып тұр. Қарамергеннің шежіресіне тоқталатын болсақ, бұл оқиғадағы жағдай шындыққа ұласпайды. Мүмкін Қарамерген басқа әйелінен яғни тоқалынан перзент сүйгісі келген сияқты.

Қарамергеннен шежіресі бойынша Нұрсейіт, Сейітқазы, Сейіт, Есімбек, Есіркеп, Бопау, Асылбек және Әділбек сегіз ұл тарайды. 1873 жылғы Қапал уезіндегі болыстардың құрамындағы ауыл отбасыларына жүргізілген тізімде «Төлеу Мендекин», одан кейін Қарамерген Мендекин деп жазылған. Төлеудің ұлы Сәрсенбі де бұл тізімде Мендекин, ал Қарамергеннің ұлы Бопау болса, Қарамеренов (құжат орыс тілінде) болып жазылған [7, 275 п. арты]. Ертерек уақытта азаматтар ағайын-туыстарының фамилиясына жазыла беру жиі болып тұрды және қалыпты жағдай болған. Мұнда туындайтын мәселе Мендекин кім? Ол Апақ ата ұрпағы Есенбайдың үлкен ұлы Қожакелдінің Сүйіндік деген ұлынан туылған екінші немересі Мендеке есімді азамат. Халыққа танымал Сүйіндікұлы Айдар бидің (1795-1870 жж.) ағасы.

Кез келген бір мәселе екінші мәселеге себепші болады. «Қабылсаның түс көруі» аңызында Қарамерген мен Қабылиса жырау екеуі құрдас деп айтылған. Қабылиса (Қабан) жыраудың өмір сүрген кезеңінің екінші дерегі бойынша 1733-1824 жылдар аралығы. Егер Қарамерген 1873 жылғы тізімде бір шаңырақтың иесі ретінде тіркеліп тұрса, онда Қабылиса жыраумен құрдас бола алмайды. Бір шаңырақта үш ер адам, екі әйел бар деп тіркелген [7, 275 п. арты]. Қабылиса жырау 1824 жылы 91 жасында дүниеден озса, Қарамергеннің жас шамасы 90 жастың төңірегі болса, онда Қабылиса Қарамергенге болашақта ұл сүйесің, оның есімін «Бопау» қой деп айтуы екі талай. Себебі өзі сияқты қартайған үлкен кісіге, олай айтуы мүмкін емес. Қарамерген құрдас болса 1873 жылғы Қапал уезінің тізімінде болмас еді. Демек, Қабылиса жырау келген кезде жас отау құрған отбасының үйіне келген.

Бопау Қарамергенұлының өмірде болғаны рас. 1891 жылы Қапал уезінің Жоғарғы Қаратал болысында болыс басшысының қызметі мен оған үміткерлер 1892-1894 жж. үшжылдыққа сайлауға түскен болатын. 1891 жылы 13 мамырдағы сайлау парақшасында Бопау Қарамергенұлы үміткер болып, өзінің жасын 55 деп көрсеткен [8, 30 п.]. Егер Бопау 1891 жылы 55 жаста болса, ол 1836 жылы дүниеге келген. Ал 1873 жылғы шаңырақ тізіміне тіркелгенде 37 жаста болған екен. Бопау Қарамергенұлына байланысты XIX ғасырдың төртінші ширегіне жататын құжаттар жеткілікті.

Аңыздың үйлеспейтін тұстары да бар. Егер Қабылиса жырау 1824 жылы дүниеден озса, Бопау 1836 жылы дүниеге келсе, Қабылисаның Қарамергенге «Келесі жазға қарай перзент сүйетін боласың» деген жерлері келмейді [2, 56-б.]. 1824 жыл деп жыраудың ең соңғы жылдары басшылыққа алынып отыр.

Бопау Қарамергенұлының қашан дүниеден өткені белгісіз. Баласы Әбіш 5-6 жас шамасында болғанда Бопау дүниеден өткен екен. Әбіш Бопауұлы 1890 жылы дүниеге келіп, 1950 жылы қайтыс болған. Демек, 1895-1896 жж. Бопау Қарамергенұлының дүниеден өткен жыл шамасы. Ескелді ауданындағы Көктас бейітіне жерленген. Қарамергеннің шөбересі, Бопаудың немересі Қабдолданың айтуы бойынша әкесі Әбіш бес-алты жасында әкесінен айырылып, жетім қалған. Сол себепті Әбіш көп ақпарат бермеген. Оның үстіне ол кеңес өкіметі кезеңінде өмір сүріп, толық ақпарат беруге де ой салмаған. Осындай жағдайларға байланысты Қабдолда Әбішұлы толық ақпаратты тек туыстарынан естіп, аса көп біле бермейтінін түсіндірді.

П.П. Румянцевтің басшылығымен 1910 жылы Жетісу облысына статистикалық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жинақталған материалдарды 1910-1911 жылдары өңдеуден өткізіп, «Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования» жинақтары жарық көрді. Соның екінші томы Қапал уезіне арналып 1913 жылы жарық көрді. Жинақтың екінші бөлімінде кестелер берілген. Кестелер берілген бөлім жеке беттермен көрсетілген. Оның Мырза болысы бойынша шаңырақтық тізімде Бопау Қарамергенұлы жоқ. Оның інісі мен ұлы жазылған, Асылбек Қарамергенұлы (Асымбек деп қате кеткен) және ұлы Әбіш Бопау (Бопап деп қате кеткен) [9, 48-б.].

Аңыздың жалғасы бойынша «Қарамергеннің отбасында перзент дүниеге келіп, оның есімін Бопау қояды. Бопау аяқ-қолы балғадай болып, тез ер жетеді. Шапқынға қатысады, білектері білеудей жігіттерге еріп, жылқы ұрлайды [2, 56-б.]. Бопау Қарамергенұлының аңыздағы жылқы ұрлауы, барымташылықпен айналысуы қаншалықты рас екенін анықтау үшін, мұрағат құжаттарына сүйене отырып, қажетті құжаттар қарастырылады.

1880 жылы 18 қаңтарда майор Резановтың Жетісу облысының Әскери Губернатор қызметін атқарушы мырзаға жазылған баяндамасы бойынша 1878 жылдың 31 шілдедегі № 8859 сот арыз-талабы бойынша, сол жылдың 21 шілдедегі генерал-лейтенант Колпаковскийдің бұйрығымен № 2447 сот арыз-талабы бойынша Жоғарғы Қаратал болысының қазағы Бопау Қарамергенов үнемі жасаған барымташылығы үшін Жоғарғы Қаратал болысынан Арасан болысына ауыстырылған болатын. Қарамергеновтың тәртібін үнемі бақылай отырып, осы өткен уақыт ішінде Арасан болысында өзін жақсы өнегелі құлықтылығын көрсетті, оған дәлелдеме ретінде уез бойынша бірде-бір қазақтан шағым түспеді. Сол себепті жоғарыдағы барлық айтылғандарды ескере отырып, Қарамергеновты бұрынғы Жоғарғы Қаратал қонысына қайта оралуына жөн деп баяндалады. Адамгершілікке тәрбиелеу мақсаты жүзеге асқандықтан [10, 3-3 пп. арты]. Сонымен «Қабылисаның түс көруі» аңызындағы Бопау Қарамергенұлының мұрағат құжаттарындағы жағдайы анықтала түсті.

Бопау Қарамергенұлының барымташылыққа баруының себептері түсініксіз. Себебі өзінің аталары Қожаназар, Апақ, Есенбай, Тәттібай ел билеген азаматтардың ұрпағы, ауқатты отбасынан шыққан болатын. Оның өзінің мал саны да жеткілікті. Есенбай атасынан тараған туыстарының да әл-ауқаты оңтайлы еді. 1873 жылғы құжатта Қарамерген мал санын толық көрсетпесе де 22 жылқы, 60 қойы бар, ал Бопау 1 түйе, 20 жылқы, 1 ірі қара, 20 қойы бар деп есеп берген [7, 275 п. арты]. Мұнда да Бопаудың берген есептегі мал саны толық берілмеген болуы мүмкін. Бірақ аңызда, архив материалдарында Бопауды барымташы ретінде беріліп тұрғанымен халық арасында, ел арасында оны «Бопау батыр» деп атайды.

Қандай себептермен Бопау батыр атанғанын анықтау үшін зерттеу жұмыстары жалғастырылды. Біріншіден ел арасындағы дауды әділетті шеше алған, айтқанынан қайтпайтын құн дауын өндіре алатын азамат болған. Халық арасындағы мұндай алып қашпа әңгімені мұрағат құжаттарымен анықтау жұмыстары жүргізілді.

Капитан Н.М. Изразцовтың 1880 жылғы 18 қарашадағы «Дополнение к вопросу о «куне» хатында құн төлеу шағымына байланысты билердің өкімі туралы: 1879 жылы 7 қарашадағы Сарқанд төтенше съезінде Сергиополь уезіндегі Мақаншы болысының қазағы Узенбай Курманов Қапал уезіндегі Басқан-Сарқанд болысының қазағы Бекчаин Чингоджинге бір ер адам мен бір әйел адамның құнын өтеу

шағымын түсіреді. Өлім кезінде куәгерлер болмай билердің шешімімен алты қазақ (4 ер адам, 2 әйел адам) жауап берушілердің ішінен талап етушілер таңдалып ант беру ұйғарымын шешті. Таңдалғандардың бесеуі ант берді, біреуі бас тартты. Сол себепті, ер адам үшін 200 жылқы немесе 2000 рубль, әйел адам үшін 50 жылқы немесе 500 рубль болып құнның мөлшері анықталып, билердің анықтауымен Бекчаиннен 416 рубльді алып, Узенбайға беру керектігі шешілді. Яғни, ант бермегенге бір бөлігі тиетіндей. Қапал уезіндегі Жоғарғы Қаратал болысының қазағы Бопау Қарамергенов 1877 жылы сол уездің Биен-Қоянды болысының азаматтары Сексенбай Утегеновке, Хасен Сексенбаевқа және Жылқыбай Бокинге Жоғарғы Қаратал қазағы Бекчоин Ибрагимовты өлтіргені үшін шағым түсірген. Шағым Маман Коикбаев, Стамбек Аксеркин, Былчик Едигип және Чурекбай Сагандыков куәгерлерімен дәлелденді. Сол себепті билердің шешімімен Сексенбай Утегеновтан 200 жылқыны құн өтелімін Бопау жағына шешті. Олардың ішінде 75 жылқы бес жасар, 50 үш жасар биелер, 25 жылқы үш жасар, 25 жылқы екі жасар және 25 бір жылдық құлындар болды [11, 133-134 пп.]. Бопау Қарамергеновтың тарихта осындай атқарған ісі анықталып, Бопаудың «батыр» атануының бір себебінің түйіні шешілді.

Бопаудың батыр атанудың екінші себебі, «Қабылсаның түс көруі» аңызында шапқынға (шайқас-тарға) қатысқаны айтылады. Қаратал өзеніне қытай тарапы көз тігіп, аумақтық дау туғызған кезде Мырза руынан шыққан беделді Жайнақ Темірбеков би әскери қол ұйымдастырып, орыс әскерлеріне қолдау берген. Ел аузындағы ауызша әңгіме бойынша Бопау Қарамергенұлы осындай ұйымдастырылған әскер құрамында болған. Мұндай ауызша әңгіме қаншалықты рас болғандығына көз жеткізу үшін Жайнақ Темірбековке арнайы зерттеу жұмысы жүргізілді.

Жайнақ Темірбеков 1800 жылы дүниеге келген деп есептеледі. Себебі, 1866 жылы подпоручик Бектаир Мирхановтың озбырлықтары үшін Жалайыр елінен аластатуы жөнінен бірнеше азаматтардан ұсыныс жасалған болатын. Сол уақытта тергеуші поручик Черепанов Жайнақ Темірбековтен жауап алғанда, ол өз жасын 66 деп көрсеткен [12, 13-б.]. Демек, ол 1800 жылы дүниеге келсе, Қабылиса (Қабан) жырау мен Қарамерген Тәттібайұлының замандастары болып тұр.

1847 жылдан бастап Жайнақ Темірбеков Мырза руына би. ...Өз жұмысына берілген би, ұлғайған жастағы бола тұра, өжеттілікке толы. Отряд құрамында қайсарлық таныта қызмет атқарады [13, 26-33 пп.]. Жайнақ Темірбековтың би қызметінде 1847 жылдан бастап болғаны, Ресей патшалық әскерінің құрамында қызмет атқарғаны анықталды.

Келесі деректердің бірі ХІХ ғасырдың 60-жылдары жазылған Н.А. Абрамовтың зерттеуінен ұшыратамыз. Оның «Река Қаратал с ее окрестностями» атты зерттеуінде Мырзаның үш бөлікке бөлінетіндігін, Өліке тармағы – 500 үйден, Бәйбіше тармағы – 150 үйден, және аман тармағы – 660 үйден тұратындығын хабарлай отыра, олардың басшысы Жайнақ Темірбеков деп көрсеткен [14, 269-278 бб.]. Н.А. Абрамовтың мәліметі бойынша Жайнақ Темірбеков толығымен Жалайырдың Мырза руына би болып, басшылық еткен.

Зерттеу жұмысы барысында анықтала түсті. 1870 жылы 21 желтоқсанда «Список туземцев, имеющих различные награды от Русского правительства» даярланған құжатта Жайнақ Темірбеков марапаттарының алған себебі былай жазылған: Почетный кафтан 3 разряда за усердие и преданность правительству - 1858 жылы 30 қыркүйекте берілген, тіркеу номері № 303; Похвальный листок за усердие – 1859 жылы 27 қарашада берілген, тіркеу номері № 142; Серебряная большая медаль для ношения на шее за храбрость против китайцев – 1860 жылы 14 қарашада берілген, тіркеу номері № 1488 [15, 10-б.]. Осымен Жайнақ Темірбеков Жетісуда қытай әскеріне қарсы қол жинап, қолдау жасап соғысқаны анықталды.

1850-жылдардың соңы мен 1860 жылдары Жетісуға қытай үстемдігін кенейтуге ұмтылған. Қақтығыс Жетісу өлкесінің басқа аймақтарында болған. Бұл оқиғаның шынайылығына зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ресей өзі Жетісу қазақ өлкесін отарлай отырып, шекаралық мәселелерді келісім арқылы шешуге тырысты. Бопау Қарамергенұлы қандай шайқастарға қатысқаны әлі белгісіз болып отыр.

Қабылиса (Қабан) жырау, Қарамерген және Жайнақ би Темірбеков бір-бірімен қалай байланысады. Жалайыр-Мырза шежіресі бойынша Жалайыр ... – Ханқожа – Әлімхан (Әбен) – Мырза – Жапарберлі – Аман – Қожаназар. Қожаназардың бірінші баласы Сәдбеннен – Темірбек – Өтеп – Бек – Жайнақ би тарайды. Қожаназардың екінші ұлы Дәулетбайдан (Ботбай) – Асан – Қабылиса (Қабан) жырау тарқатылады. Қожаназардың бесінші ұлы Апақтан – Тәттібай – Бейсен (Қарамерген) тарқатылған [4, 845-б, 923-б, 1116-б.]. Осы көрсетілген шежіре бойынша бір Қожаназардан тараған ұрпақтар екен.

Бопау Қарамергенұлының батыр атанудың тағы да себебі бар. Бірақ ол оқиға Бопау батырды үйлестіру қиындау. Себебі ол ХІХ ғасырдың аяғында қайтыс болған деп жорамалданады. Ал оқиға 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде болған. Жалайырдың ішінде Сыыршы (Байкөбен) руынан тарайтын Сырымбет ата ұрпақтары бар. Казак әскерлері ойран салып, оларды қырғынға ұшыратқан. Ол тарихта

«Сырымбет қырғыны» деп аталады. Осы оқиғадан кейін келесі күні бүгінгі Текелі қаласының түбіндегі Қора ауылына шабуылдаған казактарды Бопая батыр тоқтатып, Сырымбеттерді қырғынға ұшыратқан казактарды да жазаласа керек. Бұл үшінші нұсқа әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

Аңыздың жалғасы бойынша Бопая Қарамергенұлын барымташылығы үшін оны жазаламақ болған кезде Апақтың ұрпағы Алпысбай болыс беделін салып, жиі босатып алатын [2, 56-б.]. Алпысбай болыс халыққа танымал 1795-1870 жж. Айдар би Сүйіндікұлының ұлы. Алпысбай Айдарұлы 1858 жылы дүниеге келген [16, 18-б.]. Алпысбай болыс Бопая Қарамергенұлына туыс болғанымен, оны тікелей қолдап немесе қорғаштаған мәліметтер жоқ және сақталынбаған. Бірақ, жанама қол ұшын бергендігі жайлы деректер бар. Аңыз ішіндегі кейіпкер болса да, шынайы өмірде болған би, болыс болып, халық соты қызметтеріне де араласқандығы белгілі, танымал тұлға.

«Айдар би» атты еңбекте Алпысбай Айдарұлының туған жылынан қателік кетуі мүмкін. Ол еңбекте 1858 жылы дүниеге келген деп берілген. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архивіндегі «Дело о выборах на должностных лиц туземной администрации (1876-1878 гг.)» ісінде Қапал уезінің Жоғарғы Қаратал болысының басшылығына 1876 жылғы маусым айындағы сайлауында Алпысбай Айдаров қарсылас үміткер Иренші Тілеубердинді 44 дауыс берушілерден 31 ақ шар жинап, 1876-1878 жж. сайлауды ұтқан. Жасы 32-де деп берілген [17, 95 п.]. Мұнан шығатын қорытынды Айдар бидің туған жылы 1795 деп беріліп, алпыстан асқаннан кейін Алпысбай деп қойылған есім бе? Әлде Айдар бидің туған жылынан да 10-15 жыл айырмашылық кетті ме? Деген сияқты жаңа зерттеу мәселелері туындайды. 1876 жылғы сайлау мәліметіне сүйенетін болса, Алпысбай Айдарұлы 1844 жылы дүниеге келген.

«Отбасы тарихының психологиясы. Шежіремізді зерделеу» еңбегінде «Генеалогияның отбасы тарихына қарсы» атты тақырыбында генеалогия мен отбасы тарихы әртүрлі анықталғанымен мазмұны мен әдістемесінде сәйкестік болады [18, 9-б.]. Айдар би еңбегінде негізгі шежіре дұрыс болғанымен адамдардың туған жылынан қателер кетуі мүмкін. Себебі, XVIII-XIX ғасырлардан бері арнайы берілген немесе сақталып қалған нақты туу куәліктері жоқ.

«Қабылсаның түс көруі» аңызында Бопая Қарамергенұлын барымташылығы үшін оны жазаламақ болған кезде Апақтың ұрпағы Алпысбай болыс беделін салып, жиі босатып алатын деген оқиғасы 1878 жылдың 21 шілдедегі майор Резановтың Жетісу облысының әскери губернаторына жазған рапорты анықтап отыр. Рапортта: «Жоғарғы Қаратал болысындағы Бопая Қарамергенов мал ұрлығын жасауы, өз жағдайын пайдалана отырып, басқа рулардан аталастарының қызмет орны күштілігі мен байлығы жағынан қуаттылығын пайдаланып, қолдауына сүйенеді. Оның ұрлығына толық сенімділік съездердегі түскен көп арыздандан белгілі. Қарамергеновтың руына жатпайтындар оны Сібірге жер аударуды сұраған. Тәжірибеге байланысты мұндай күшті шараны қолданбай, оны бір рудан басқа білмейтін руға ауыстыруды жөн санаған. Яғни, Арасан болысындағы Найман руына ауыстыруды өтінген [10, 1 п.]». Аңыздағы Алпысбай Айдарұлы барымташылығы үшін Бопая Қарамергенұлына өз ағайын-туыстарымен қалай көмек бергені де, қолдау бергені де мұрағат құжаттарымен дәлелденіп отыр.

Бопая Қарамергенұлының жиі барымташылыққа барып, туыстарының жиі көмек беруі де оларға оңайға түскен жоқ. Себебі, 1867 жылы Қапал уезі Жетісу облысының құрамына енбей тұрып, 1856 жылы Семей облысы Алатау округі құрамында болған кезде, 1862 жылы 25 желтоқсанда Сібір комитетінің Алатау округін басқару туралы ережесінде: № 41. Үлкен Орданың казактары Алатау округінің аумағында барымта, адам өлтіру, тонаушылық жасағандары үшін, сонымен қатар басшылыққа бағынбай және опасыздық жасағандар, берілген мәліметтер бойынша Батыс Сібір генерал губернаторының қарастырылуымен жазаланады деп берілген [19, 64-65 пп. арты]. Жоғарыда майор Резанов айтқандай басқа рулардан аталастарының қызмет орны күштілігі мен байлығы жағынан қуаттылығын пайдаланып, қолдауына сүйенеді деп. Мұндай жағдай ұзаққа созылған жоқ. Болыс болып отырған туыстарына да түрлі айыптар жазылып, үстілерінен шағымдар түсті. Ол шағымдар Тікелей Бопая Қарамергенұлының әрекеттеріне байланысты емес, қызметтегі туыстарына қатысты болды.

Бопая Қарамергеновтың туыстарынан беделді болыс басшысы Алпысбай Айдаровты қызметінен босату ұмтылысынан басталды. 1878 жылы 6 наурызда майор Резанов № 630 тіркелген баяндамасы бойынша № 1 ауылдың қазағы қосымша 20 тиыннан салық жинағандығы жөнінде арызданған болатын. № 1, 2, 3, 4, 8 және 9 ауылдың старшиндары әр шаңырақтан 20 тиыннан жинап, жалпы сомасы 235 сом 20 тиын болатын қаржыны болыс басшысы Алпысбай Айдаровқа жинап берген. Куәгерлер ретінде старшиндар мен казактар деп мынадай тізім берілген: Мамбет Коипов, Кангай Куатов, Есенали Кебеков, Бейбіт Лебаев, Идеберген Каипов, Наурызбай Сазанбаев, Утеп Қыстабаев, Кашкын Бокчиев, Мишинбай Суанов, Ильтенбай Битыкбаев, және басқалар. № 2 ауылдан Ниязбек Кубентаев. Ол қаржыны халыққа, жол жөндеуге деген сияқты жинаған. Мұндай ақша жинау заңсыз болып табылады. Сол себепті Жетісу

облысының әскери губернаторына Алпысбай Айдаровты болыс басқарушы қызметінен босатып, оның орнына үміткер Буронтай Бутембаевті ұсынып, Алпысбай Айдаров барлық қаржыны келер жылы қазынаға құюды өтінген [20, 1-2 пп.]. Бұл баяндамамен іс тоқтап қалмады. Болыс басшысы Алпысбай Айдаров өзін ақтап, мәселе 1890 жылға дейін созылды. XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында басқа да сайлауларға түскенде, үстінен сот ісі қозғалмаған деген жазбалары бар.

1881 жылы № 3387 сот арыз-талабы бойынша аралық сот шешімімен Асылбек Қарамергеновтен 100 сом (рубль) және бір жылқыны өтеу туралы арызданушының есебіне шешкен. Бұл мәселені әскери губернаторға баяндап берген подполковник Резанов болатын. Мұндай жағдайға Жоғарғы Қаратал болысының қазағы Асылбек Қарамергенов бұл үкіммен келіспей, билердің бұл қабылдаған шешімінен бас тартуды ұсынды [21, 6 п.]. Асылбек Қарамергенов Бопану Қарамергеновтың туған інісі. Қапал уезінің басшысы ретінде Резанов Қожаназар ұрпақтарының қуаттылығын өте жақсы білді.

«Қабылсаның түс көруі» аңызының соңы Бопандың Асан ата ұрпағы Тезекбайды Қабылиса (Қабан) жыраудың бейігіне шырақшысы етіп қойған. Ал соңғы реттелген, қайта жинақталған 2024 жылғы Дәулетбай ата ұрпақтарының шежіресінен Тезекбай табылмады. П.П. Румянцевтің басшылығымен 1910 жылы Жетісу облысына статистикалық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жинақталған материалдардың ішінен Дәулетбай ата ұрпақтары Қапал уезінің Сыпатай болысында тұрған. Олар руын Мырза деп қана жазылған. Олардың ішінен Тезекбай Сырымбет есімді азамат табылды [9, 82 б.]. Бірақ, Олар өзін Дәулетбай немесе Асан деп бөліп көрсетпегендіктен нақты шырақшы Тезекбай осы деп айту қиын. Бірақ, Жалайырлардың Мырза ататек шежіресінде де Тезекбай Сырымбет деген есімді азамат жоқ. Сондықтан Тезекбай Сырымбет болашақта терең зерттеуді қажет етеді.

Қазақ фольклоры XX ғасырдың екінші жартысынан бастап кеңінен зерттеле бастады. Қазақ халқының ертегілерін жинақтаумен, оларды жариялаумен айналысқан Ресей ғалымы – А. Васильев. Ол жинақтап, жариялаған 23 қазақ ертегілерінің 13 үлгісі қазақ ертегілері жинағына басылып, көпшілік оқырман қауымға ұсынылды. Бірақ оның ішінен Қарамерген ертегісі кездеспейді.

1874 жылы Верныйға (Алматы) Н.Н. Пантусов келіп, Жетісу облыстық басқармасынан үлкен қызметке ие болып, әкімшілік комиссияларды, барлық оқу мекемелерін, кітапханаларды, типографияларды басқарып, сонымен қатар Түркістан және Жетісу статистикалық комитеттерінің мүшесі болып, қазақ билерінің съездерін басқарды. 1889 жылы Мәскеу археологиялық қоғамының, 1896 жылдан Орыс императорлық археологиялық қоғамының мүше-қызметкері болды. Осы уақытта археологиялық, филологиялық, этнографиялық мәліметтер жинақтаумен айналысады.

Н.Н. Пантусовтың этнографиялық зерттеу барысында «Қарамерген» ертегісі XIX ғасырдың аяғында қағаз бетіне жазылып, сол уақытта Түркістан генерал губернаторлығына қарасты Жетісу облысындағы Қапал уезінің тұрғындарынан жазып алынды. Қарастыратын мәселе «Қарамерген» есімді Апақ атаның ұрпағы яғни Қарамерген Тәттібайұлы Қапал уезінің Жоғарғы Қаратал болысының тұрғыны. Жоғарыда айтылған «Қабылсаның түс көруі» аңызының кейіпкерлері «Қарамерген», «Қабылиса (Қабан) жырау», Бопану Қарамергенұлы, Алпысбай би Айдаров және Тезекбай Қапал уезінің тұрғындары. Қарамерген ертегісі мен «Қабылсаның түс көруі» аңызын салыстырмас бұрын, Қарамерген ертегісінің жарық көруіне тоқталған жөн.

XIX ғасырдың аяғында баспада «Қарамерген» ертегісі ұзақ жатып қалып, 1901 жылы 22 мамырда кітапты басуға Санкт-Петербург қаласынан рұқсат беріледі. Кітап 1901 жылы Қазан қаласында «Материалы к изучению казак-киргизского наречия. Выпуск третий. Киргизская сказка о Кара-Мерген (текст, транскрипция и перевод) деген атаумен жарық көреді. Оны үшінші басылым деп шығарды [22]. Мұнда кітап үшінші рет басылып тұр дегендей түсінбеу керек. Кітап үшінші кезекте басылып тұр, яғни үшінші кітап деп түсінген дұрыс. «Қарамерген» ертегісі үш түрлі мәтінмен берілген, алғашқысы араб әліпбесімен жазылған қазақ тіліндегі төте жазу мәтіні. Екіншісі кириллица әліпбесіне кейбір қазақ тіліндегі әріптерді шартты түрде келтіріп, қазақ тілінде орыс транскрипциясы деп мәтінді ұсынған. Ал соңғы үшінші мәтін таза орыс тіліне аударылып берілген.

«Қарамерген» ертегісі былай басталады екен: «Бұрынғы өткен заманда қазақ жұртының бір Қарамерген деген кісісі болыпты. Өзінің дәулеті жоқ, және перзенті жоқ екен. Мергендікпен бұғы атып мүйізін, құлан атып саурысын, әртүрлі аң атып, терісін сатып, жан сақтайды екен...» [22, 5-б.]. Мұнда бас кейіпкердің есімі Қарамерген екені белгілі. Ары қарай ертегі қиял-ғажайыпқа толы. Жетісу қазақтарының таным түсінігін айқындайды. Мұнда Қарамерген жалғыздықпен күн кешіп, ел-мекендерден, еш адам жоқ алыс жерге кетуге бел буған.

«Қабылсаның түс көруі» аңызы мен «Қарамерген» ертегісінің ұқсастығы біріншіден – олардың есімдері «Қарамерген», екіншіден – перзент сүюі, үшіншіден аңыз бен ертегі Қапал уезінен шығып тұр.



Ертегінің аяғында пері әйелдің Қарамергенге алтын бесікпен бала сыйлауы. Ол баламен ауылға келіп, басқа қызға үйленіп, ол қыз дүниеге ұл алып келеді. Ол ел басқарған хан болады. Періден туған бала жас күнінде көз тиіп дүниеден қайтты деп ертегі аяқталады.

«Қарамерген» ертегісін «Қабылсаның түс көруі» аңызымен салыстырғанда зерттеуші Н.Н. Пантусовтың ертегіні қағазға түсірген уақытқа дейін өте көп, қиял-ғажайып өзгерістерге ұшырап кеткен. Академик С.А. Қасқабасов «Мәселен, бір ғана Қарамерген ертегісінен 80-нен астам осындай «жаңсақтық» табылды. Көптеген ертегілер әдеби әрлеуден өткен, соның салдарынан ауызекі тілде болатын құнарлы бояулар солғын тартып, ескі қолданыстағы сөйлемдердің жүйесі, құрылысы, стилі бұзылған» [23, 6-б.], - деп пікірін айтты.

Н.Н. Пантусовтың Жетісу өлкесінде археологиялық, филологиялық, этнографиялық мәліметтерді жинақтаумен айналысқаны белгілі. Түркістан және Жетісу статистикалық комитеттерінің мүшесі болып, қазақ билерінің съездерін басқарғаны да мәлім. Осы уақытта Айдар би Сүйіндікұлының ұлы Алпысбай би Айдарұлымен де өте жақын қарым-қатынаста болып, оны өте жақсы білген. Қарамерген Тәттібайұлы мен Бопану Қарамергенұлы Алпысбай бидің өте жақын туысы. Н.Н. Пантусов «Қарамерген» ертегісін қағаз бетіне түсіріп алғанда, оған анықтау жұмысын жүргізбеген болу керек. Себебі, Н.Н. Пантусов «Қабылсаның түс көруі» аңызын жіберіп алған сияқты.

Қарамерген ертегісі жазушы баспасынан 1971, 1979, 1980 жылдары қайтадан орыс тілдерінде жарық көрді. 1986, 2000 жылы Жазушы баспасынан қазақ тілінде жарық көрді. 2011 жылы Бабалар сөзі: жүз томдықтың 74-томында «Қиял-ғажайып ертегілер» бөлімінде басылып шықты.

Қазақ әдебиеті тарихының фольклорлық кезеңінде С. Сейфуллин де өз пікірін айтып кеткен. «Қара мерген», «Құла мерген» және «Сұр мерген» - аңшылық замандағы күштілер ретінде дәріптеліп, арман, үлгі болып келген батырлар. Соның ішінде «қара мергендер» алысқан «Жалмауыз кемпірлер», «жезтырнақтар», «жалғыз көзді дәулермен» ескіліктегі аңшылықпен тіршілік қылған көшпелі жұрттың санасындағы ардақтаулар болып табылған [24, 89-90 бб.].

Қабылса жырау, Қарамерген Тәттібайұлы, Бопану батыр Қарамергенұлы, Жайнақ би Бекұлы Темірбеков, Әбіш Бопануұлы, Асылбек Қарамергенұлы және Тезекбай Сырымбет «Қабылсаның түс көруі» аңызы мен «Қарамерген» ергісіне тікелей және жанама қатыстылығы қай аумақта, қай әкімшілік жерлерге қатысы, бар деген сұрақтар туындайды. 1856 жылға дейін Жетісу өңірінің жартысы Ресей империясының басқару аймағына еніп, қазақтардың Үлкен Орда (Ұлы жүз Ордасы) Приставтығы болып, оқиға алдымен осында өрбиді.

1856 жылдың 3 қарашасында Үлкен Орда Приставтығы Алатау округі болып атауы өгертіледі де олар бірнеше болыстардан құралды [25, 973-б.]. Бұл кезеңде Алатау округі Семей облысының құрамына енді.

1867 жылы Семиречье (Жетісу) облысы құрылып, құрамына 6 уез енді. Олар Верный, Жаркент, Қапал, Лепсі, Пішпек және Пржевальск. Облыс 1867-1882 жж. Түркістан генерал губернаторлығының құрамында болып, 1882-1899 жж. Дала генерал губернаторлығының құрамына берілді. 1899 жылдан қайтадан Түркістан генерал губернаторлығының құрамына енді. Егер Қапал уезінің болыстарына тоқталатын болсақ, Бұл оқиғаның болған аймағын тереңдете қарағанда Алатау округіне дейін Мырза немесе Жалайыр болысында деп айтылса, 1867 жылғы реформадан кейін Жоғарғы Қаратал мен Тау Жалайырлары болысында болып жатты. 1872 жылы шаңырақ санақтары жүрген соң болыстар өз ара біртіндеп бөліне бастады.

Памятная книжка и адрес-календарь Семиреченской области на 1900 год кітапта Қапал уезіндегі болыстардың саны 16 ғана болған: 1. Ак-Ичкинская, 2. Алтын-Эмельская, 3. Андасовская, 4. Арасанская, 5. Балгалинская, 6. Биен-Куяндинаская, 7. Верхне-Каратальская, 8. Горно-Джалаирская, 9. Или-Балхашская, 10. Кучуковская, 11. Кульдей-Джумаевская, 12. Нижне-Каратальская, 13. Тазская, 14. Чийская, 15. Чулаковская және 16. Южно-Прибалхашская [26, 105-б.].

Қапал уезінде әкімшілік басқаруында өзгерістер жүріп, арада үш жыл өте салысымен 1903 жылы болыстардың саны жиырмаға жетті. Олар 1. Арасанская, 2. Андасовская, 3. Алтын-Эмельская, 4. Ак-Ичкинская, 5. Биен-Куяндинаская, 6. Балгалинская, 7. Баскан-Сарканская, 8. Биен-Аксуйская, 9. Верхне-Каратальская, 10. Горно-Джалаирская, 11. Или-Балхашская, 12. Кучуковская, 13. Кульдей-Джумаевская, 14. Нижне-Каратальская, 15. Нижне-Аксуйская, 16. Сарытавская, 17. Тазская, 18. Чулаковская, 19. Чийская, 20. Южно-Прибалхашская [27, 105-б.]. Мұндай әкімшілік басқару жүйесінде ХХ ғасырдың басында және Кеңес өкіметінің орнауымен жиі өзгерістерге ұшырап отырды. Сондықтан, ғылыми-зерттеу барысында мұрағат құжаттары түрлі қорларға бөлініп кетуінің де негізгі себептері сонда.

### Талқылау.

«Қабылисаньң түс көруі» аңызы жан-жақты зерттеліп, оның кейіпкерлері Қарамерген, Қабылиса жырау, Бопая Қарамергенұлы, Алпысбай Айдарұлы және шырақшы Тезекбай жілтізбелік жағынан ғана анықталып қойған жоқ, сонымен қатар шежірелік (генеалогия) тұрғысынан, әкімшілік-аумақтық тұрғысынан да қарастырылды. Кейіпкерлердің шанаы өмірде болғандығы анықталып, дәлелденді.

Аңыздың ішіндегі оқиғалардың үйлесін тұстары мен үйлеспейтін тұстарынада зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архивіндегі құжаттар мен материалдар негізінде жүргізілді. Қарамерген – аңыз, ертегісі және ақиқатына зерттеу жұмыстары жүргізілер алдында 2022 жылы алғашқы басылым, 2023 жылы екінші басылыммен Мырза руы (тайпасы) ұрпақтарының шежіресі жинақталып, ол толықтырылып «Қазақ ұлты. «Жалайыр – «Мырза» ататек шежіресі» атты еңбек жазылды. Соның ішінде Апақ ата ұрпақтарының шежіресі ерекше көбірек толықты. «Қабылисаньң түс көруі» аңызын зерттеуде оң нәтиже берді.

Аңызды зерттеу барысында Қабылиса жыраудың шежіресіне келгенде, оның толық жазылмағандығы, ұрпақтарының шежіресінде қателер бар екендігі анықталып, 2023-2024 жылдары шежірені қайта жинақтау жұмысы жүргізіліп, шежіре толықтырылып, кеткен қателер түзетіліп, 2024 жылы «ДӘУЛЕТБАЙ» ата ұрпақтарының шежіресі қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жарық көрді. Шежіренің үш тілде жазылу себебі, шежірені халықаралық деңгейде бұқара қызығушылық танытқан зерттеушілер мен оқырмандарға түсінікті және қол жетімді болу үшін мақсат қойылды.

### Қорытынды.

Қорытындылай келгенде, «Қабылисаньң түс көруі» аңызын тереңдетіп ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, жылтізбелік тұрғыдан Қарамерген мен Қабылиса жыраудың құрдас бола алмай замандас бола алатындығы, Бопаядың Қарамерген отбасында жалғыз бала емес екендігі, оның шежіре бойынша анықталғандығы, Бопаядың барымташылықтарға жиі қатысып, оның жазаланғандығы мұрағат құжаттарымен дәлелденгендігі, статистикалық мәліметтердің негізінде Қарамерген мен Бопаядың әлеуметтік жағдайлары анықталды. Олардың бүгінгі ұрпақтарымен тікелей және кері байланыстар арқылы аңызды, оқиғаны, шежірені, жылтізбелерді анықтау жұмыстары жүргізілді. Аңыздың өмірде шынайы болғандығын, оның ақиқат екеніне көз жеткізілді. «Қарамерген» ертегісімен салыстыру жұмыстары да қарастырылып, аңызбен ұқсастық туғызған тұстары да зерттелді. Ғылыми-зерттеу жұмыстары үдерісінде тек жылтізбелігі ғана емес, аумақтық және этнографиялық маңыздылығы да басшылыққа алынды. Зерттеу барысында туыстарының да мәліметтері мұрағат құжаттары, статистикалық материалдары, шежірелік анықтамалығы ұсынылды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Stambovsky Ph. Myth and the Limits of Reason. Amsterdam-Atlanta GA, Rodopi, 1996. 133 p.*
2. *Қабан жырау. Алтын қазық: өлеңдер, айтыстар мен аңыздар. Алматы, 1993, 176 б.*
3. *Қазақ ұлты. «Жалайыр – «Мырза» ататек шежіресі. Бас құрастырушы: Айнақұлов Дәурен Жұмабайұлы. – Алматы: «Үш Қиян», 2022 ж. 1320 б.*
4. *Қазақ ұлты. «Жалайыр – «Мырза» ататек шежіресі. Бас құрастырушы: Айнақұлов Дәурен Жұмабайұлы. – Алматы: «Үш Қиян», 2023 ж. 1404 б.*
5. *Бұлдыбай А.С. Қабан (Қабылиса) жырау. Алматы: «ASPAN» баспасы, 2023. – 256 б.*
6. *Айнақұлов Д.Ж. «ДӘУЛЕТБАЙ» ата ұрпақтарының шежіресі. Алматы: «Үш Қиян», 2024. – 224 б.*
7. *ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 32007-іс, 300 п. Спски юртовладельцев 13-ти волостей Капальского уезда.*
8. *ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 31600-іс, 187 п. О выборах должностных лиц туземной администрации в Капальском уезде.*
9. *Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. II. Капальский уезд. Киргизское хозяйство. С. Петербург, 1913. 900 с.*
10. *ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 32741-іс, 7 п. О перечислении киргиза Капальского уезда Бопая Карамергенова из Джалаирского в Найманский род за постоянные воровство.*
11. *ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 4236-іс. 167 п. Дело о собраний сведений подполковниками Мстесицыным и Изразцовым о народных обычаях в Семиреченской области.*
12. *ҚР ОМА. 3-қ., 1-т., 609-іс, 20 п. Дело об исключении из общества Джалаировских казахов подпаручика Бектаира Мирзы Мирхамитова.*
13. *ҚР ОМА. 3-қ., 1-т., 424-іс, 54 п. Дело о награждении казахов и киргиз – ценными подарками за участие в боях за взятие с. Токмак и Пишпек.*

14. Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т.1. – СПб., 1867. – 271 с.
15. ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 47-іс, 36 п. Спски туземцам имеющим награды от Русского Правительства.
16. Шаяхметұлы Б. Айдар би және оның ұрпақтары туралы. Алматы: - «Астана Медиа Пресс» баспасы, 2010. – 258 б.
17. ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 82-іс, 233 п. Дело о выборах на должностных лиц туземной администрации (1876-1878 гг.).
18. Moore S., Rosenthal D., Robinson R. The Psychology of Family History. Exploring Our Genealogy. 2020, Taylor & Francis, 136 p.
19. ЦГИАЛ. 1265-қ., 11-т., 173-іс. 1862 г. декабря 25. – Из положения Сибирского комитета об управлении Алатавским округом. Көшірме.
20. ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 32 807-іс, 61 п. Дело об удалении от должности Волостного Управителя Верхне-Каратальской волости Алтысбая Айдарова незаконно собирания денег.
21. ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 33456-іс, 16 п. Дело по прошению киргиза Верхне-Каратальской волости Асылбека Карамергенова об отмене решения биев.
22. Пантусов Н.Н. Материалы к изучению казак-киргизского наречия. Выпуск третий. Киргизская сказка о Кара-Мерген (текст, транскрипция и перевод). Казань, Типо-литография императорского университета. 1901. 36 с.
23. Бабалар сөзі: жүз томдық. Қиял-ғажайып ертегілер.– Астана: Фолиант, 2011. Т.74. – 432 б.
24. Сейфуллин С. Шығармалар: 6 томдық. Алматы, 1964. 6-т.
25. Полное собрание законов Российской империи. т. XXXI, № 31095. – 1110 с.
26. Памятная книжка и адрес-календарь Семиреченской области на 1900 год. Верный : Тип. Семиреченского Областного Правления, 1900. – 145 с.
27. ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 23050-іс, 19 п. Дело по переучету кибиток кочевого населения области на трехлетие 1904-1906 гг.

#### References:

1. Stambovsky Ph. Myth and the Limits of Reason. Amsterdam-Atlanta GA, Rodopi, 1996. 133 p.
2. Qaban jyrau. Altyn qazyq: olender, aitystar, men anyzdar [Qaban jyrau. Golden stake: poems, aityses and legends]. Almaty, 1993, 176 b.
3. Qazaq ulty. «Jalair – «Myrza» atatek shejiresi. Bas qurastyrushy: Ainakulov Dauren Zhumabayuly [Kazakh nation. “Zhalair – “Myrza” - genealogy of ancestors. Main compiler: Ainakulov Dauren Zhumabayuly]. – Almaty: «Ush Qiyan», 2022 j. 1320 b.
4. Qazaq ulty. «Jalair – «Myrza» atatek shejiresi. Bas qurastyrushy: : Ainakulov Dauren Zhumabayuly [Kazakh nation. “Zhalair – “Myrza” - genealogy of ancestors. Main compiler: Ainakulov Dauren Zhumabayuly]. – Almaty: «Ush Qiyan», 2023 j. 1405 b.
5. Buldybai A.S. Qaban (Qabylysa) jyrau [Kaban (Kabylysa) jyrau]. Almaty: «ASPAN» baspasy, 2023. – 256 b.
6. Ainaqulov D.J. «DAULETBAI» ata urpaqtarynyn shejiresi [Genealogy of descendants of “DAULETBAI”]. Almaty: «Ush Qiyan», 2024. – 224 b.
отличии от ногайцев, что сыграло определенную роль в централизации власти в Казахском ханстве и сложению казахов как этнической общности. Эта тема ждет исследований специалистов в части культурной истории.

Как мы и указывали ранее, суфийские тарикаты, базировавшиеся в Присырдарьинском регионе и Мавераннахре, играли большую роль в образовании надплеменной общности и имели большое влияние на восточно-дештские племена, зимовавшие в долине Сырдарьи, что можно заметить по фольклорным преданиям и шежире. Большая часть вождей племен, указанных в шежире как прародители данных племен, являлись мюридами суфийских наставников либо религиозными деятелями, к примеру: аргын Караходжа, коньрат Наганай, найманы Аксопы и Толегетай, алшины Кыдырходжа и Жалантос, тама Узак-Шора (Урак-Шора) и Карабура, дулат Домалак ана и другие. Также имена сыновей основателей данных племен, свидетельствуют об их религиозности: Болат-ходжа, Мейрам-суфий, Тенбил-суфий, Ак-суфий, Кара-суфий, Бакты-шейх, Кыдыр-шейх, Султан-шейх. Также согласно этнографическим запискам, мы видим, что у каждого племени был свой суфийский наставник (пир, ата, шейх, устаз). У жалаирав – Кадырберды шейх, у мангытов – Баба Тукли шейх, у канглы – Акбура ата, у кыпчаков – Бакшаик ата, у керейтов – хазрет Бахауддин и Азиз ахун, у рамаданов – Шагыр ата и Елбаба, у алшинов – Мусирали шейх, у коньратов – Мауты шейх, у уйсунув – Жилшир ата, у сиргели – Коркыт ата, у найманов – Желки ата, у аргынов – шейх Джалаладдин, у кереев – Жылаган ата, у киятов – Жомсын ата, у катаганов – хазрет шейх Маслихиддин Ходженди и другие [20, с. 62]. По этой причине, мы можем утверждать, что влияние суфизма на восточно-дештские племена было довольно существенным.

Таким образом развитая духовная культура присырдарьинских городов в лице деятельности суфийских братств сыграла определенную роль в смягчении нравов дештских кочевников, возвышения их сознания на надплеменной уровень и, как следствие, их единение в рамках присырдарьинской культурной области, где располагались их зимовки.

**Окончательное установление власти урусидов в Присырдарьинском регионе как заключительный этап этногенеза казахского народа.** Как было указано выше, в результате влияния таких факторов как расположение зимних кочевий, а также близость к экономическим и духовным центрам в Присырдарьинском регионе сложилась общность восточно-дештских племен.

Значимость Присырдарьинского региона было трудно переоценить. Подчинив данный регион, правители получали контроль над всеми племенами, обладающими зимними кочевьями в нем и таким образом фактически становились правителями всего восточного Дешт-и Кипчака. Помимо этого, они получали контроль над важными центрами торговли и ремесел, и как следствие получали доходы в виде налогов и сборов. Также города этого региона являлись важными оборонно-стратегическими пунктами. Дештские правители, подчинив их, имели плацдарм для дальнейшей экспансии в Среднюю Азию. Среднеазиатские правители, в свою очередь, пытались захватить эти города, чтобы иметь оборонные форпосты для защиты от нападений дештских кочевников [6, с. 95].

На протяжении XIV-XV в.в. данным регионом правило большое количество различных династий: батуиды, ордуиды, шибаниды, тукатимуриды, урусиды, тимуриды, а иногда и чагатида и едигеиды. Одной из династий, пытавшейся подчинить себе данный регион была династия тукатимурида Урус хана. Присырдарьинским регионом на протяжении XIV-XVI в.в. с переменным успехом правили в данный период и урусиды, и тимуриды, и шибаниды, пока в 1580-ых годах его не захватил урусид Тауекел хан. После его завоевательных походов и вплоть до конца существования Казахского ханства, Присырдарьинский регион стал его частью.

Как известно, ханов из династии урусидов и их подданных называли политонимом «казак». Вплоть до XVII в. данное название не использовалось в качестве самоназвания кочевниками восточного Дешт-и Кипчака. Первый казахский летописец - жалаир Кадыргали бек в своем труде «Джами ат-таварих», написанном в конце XVI в., называет население улуса Урус хана «узбеками», делящимися на два крыла: «тысяча алашей/Алаша» и катаган, а термин «казак/казах» не использует.

С завоеванием Присырдарьинского региона урусидскими ханами - «казахами» политическая и этническая истории казахского народа начали двигаться в одном направлении. Удерживание ими Присырдарьинского региона на протяжении XVII – XVIII в.в. стало основным фактором, повлиявшим на перенятие восточно-дештскими, или как они еще назывались «узбекскими» племенами, политонима «казак». Кратко говоря, с утверждением власти казахских ханов на Сырдарье среди местного населения утвердилось название «казак».

Правление урусидов с точки зрения истории было лишь правлением одной из многочисленных

династий, правивших на этой территории, и основным их вкладом было привнесение самоназвания «казах» по отношению к племенам восточного Дешт-и Кипчака. Однако сам процесс формирования этноса, принявшего в XVII в. данный этноним, начался, по нашему мнению, во второй половине XIV в. – первой половине XV в., когда окончательно определились границы юртов, правящие династии, а также когда жили большинство фольклорных прародителей племен, составивших казахский этнос.

**Заключение.** Подводя итоги исследования, можем сделать вывод, что определяющую роль в этногенезе казахов сыграл объединяющий экономико-географический фактор – наличие у восточно-дештских племен общих зимовок по долине реки Сырдарья. Наличие летовок в трех разных частях восточного Дешт-и Кипчака, в свою очередь, сыграло роль в разделении данной общности племен на три группы, ставшие основой для трех жузов.

При этом, стоит отметить, что политические факторы не имели сильного влияния на этнические процессы. Различные правящие династии сменяли друг друга, тогда как племена, оставались на своих исконных территориях, подчинялись каждой династии перенимали их политонимы. Таким образом, одни и те же племена в течение одного века могли быть шибанскими узбеками, ногаями и казахами.

Также важным фактором обособления восточно-дештских племен была их принадлежность к Присырдарьинской экономической области, включавшей в себя присырдарьинские города и зимовки вдоль Сырдарьи. Эти города являлись центром притяжения в экономическом и духовном планах для восточно-дештских племен. Другими экономическими областями, обособливавшие местные племена в своих регионах, являлись Крым, Сибирь, Нижнее и Среднее Поволжье, Хорезм, Урал, на основе которых образовались государственные образования - улусы.

Духовность также являлась значимым фактором в объединении присырдарьинских племен. Принадлежность к многочисленным суфийским тарикатам, базировавшимся в присырдарьинских городах, скрепляло их единство, возвышало их сознание на надплеменной уровень, смягчало нравы и усиливало лояльность к властям.

В ходе длительной борьбы в конце XVI в. Присырдарьинский регион окончательно был включен в состав владений ханов из династии Урус хана. Подчинив племена, имеющие зимовки в долине Сырдарьи, они включили их в состав своей политической группировки известной под политонимом «казах», что позднее стало самоназванием всего этноса.

Таким образом, мы приходим к выводу, что политическая история не может объяснить всех сложностей этногенеза казахов. Изучив географическую историю населения, мы получили ответы на вопросы о расхождениях между этнической и политической историей казахов. До XVII в. политическая история династии урусидов и этническая история племен, составивших казахский народ, двигались в разных направлениях, и лишь с XVII в., с подчинением урусидами Присырдарьинского региона они стали двигаться в одном направлении.

На наш взгляд, в изучении истории казахского народа основной упор следует делать на этническую историю казахов, а не на политическую. Урусидов, как и шибанидов, едигеидов, батуидов и других, нужно рассматривать как одну из множества правящих династий в истории казахского народа. Подобный подход используется в Китае, где династии Цинь, Хань, Тан, Юань, Мин, Цин не рассматриваются как отдельные государства, а рассматриваются лишь как чередующие друг друга династии, правившие Китаем. Тогда как в нашей историографии этническую историю казахов сводят лишь к Казахскому ханству, а государство шибанида Абу-л-хайра, Ногайская Орда, Сибирское ханство и другие государственные образования, располагавшиеся на территории нынешнего Казахстана, рассматриваются как части истории других этносов (узбеков, ногайцев, татар).

*Список использованной литературы:*

1. Джалилова Р.П. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфажани. Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя). – М.: Наука, 1976. – 537 с.
2. Тулибаева Ж.М. Материалы по истории Казахстана и Центральной Азии. – Астана: Издательство ГУ Национального центра археологии и источниковедения, 2011. – 276 с.
3. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов (основы жизнедеятельностиномадного общества). – Алматы «Социнвест». М.: «Горизонт», 1995. – 320 с.
4. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о касимовских царях и царевичах. – СПб.: Типография Императорской академии наук. 1864. – 531 с.
5. Бартольд В.В. Сочинения. Т.2. Ч.1. – М.: Издательство Восточной литературы. 1963. – 1024 с.



6. Пищулина К.А. Очерки истории Казахского ханства. Сборник статей. 2016. – 350 с.
7. Абдилов М.Ж. Мухаммед-Ханафия (Чокан) Чингисович Валиханов об этнониме «казак», этнониме «казах» и этногенезе казахского народа (статья первая). // Отан тарихы. – 2022. – №1 (97). – С.15-23.
8. Талеев Д.Ә. Жошы ұлысының Сырдария бойындағы рухани орталығы. // Отан тарихы. – 2023. – №26 (3). – С. 650–661.
9. Исмагулов О.С., Исмагулова А.О. Казахстан – кара шанырак тюркских народов на основе 50-вековой этнической истории казахского народа // Отан тарихы. – 2024. – №27 (2). – С. 284-300.
10. Урунбаев А. Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. – Ташкент: Фан. 1996. – 656 с.
11. Сабитов Ж.М. Хронология правления казахских ханов // «Молодой ученый». – 2016. – №2 (106). – С.737-743.
12. Потанин Г.Н. Казак-киргизские и алтайские предания. Легенды и сказки. – Петроград: типография Смирнова. 1917. – 198 с.
13. Ерофеева И.В. Знаковый персонаж казахских преданий Алаша хан: историческая личность и миф // Тюркологический сборник. – 2016. – С. 256-292.
14. Тулибаева Ж.М. Материалы по истории Казахстана и Центральной Азии. – Астана: Издательство ГУ Национального центра археологии и источниковедения. 2011. – 276 с.
15. Каратаев А.А. Происхождение племен Старшего жуза по шежире: Улус Джучи или Могулистан? // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». – 2023. Т. 10. – № 4. – С. 772–789.
16. Каратаев А.А. Об Алаша хане и формировании объединения «Алаш» // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». – 2023. Т. 10. – № 2. – С. 241–255.
17. История Казахстана в русских источниках. Т. VII. Г.Н. Потанин. Исследования и материалы. – Алматы: Дайк-Пресс. 2006. – 600 с.
18. Нагаминэ Х. Сыгнак как «порт Даит-и Кыпчака» и «город-мавзолеей»: период от правления левого крыла Джучидов до основания «Казахского ханства» // Золотоордынское обозрение. – 2020. Т. 8. – №3. – С. 533–551.
19. Тулибаева Ж.М., Тулибаев Т.Е. Правители и ислам в Золотой Орде: по материалам тимуридских источников первой половины XV в. // Вопросы истории. – 2022. – №5(2). – С. 67-77.
20. Туркестанский сборникъ. Статьи и заметки из русских и иностранных газет. Том 440. – Ташкент 1907. – 185 с.

#### References:

1. Dzhililova R.P. Fazlallah ibn Ruzbihan Isfahani. Mihman-name-ji Buhara (Zapiski buharskogo gostya). [Notes of the Bukhara guest] Moskva: Nauka. 1976. 537 p. (In Russ.)
2. Tulibaeva Zh.M. Materialy po istorii Kazahstana i Central'noj Azii. [Materials on the history of Kazakhstan and Central Asia.] Astana: Izdatel'stvo GU Nacional'nogo centra archeografii i istochnikovedeniya. 2011. 276 p. (In Russ.)
3. Masanov N.E. Kochevaya civilizaciya kazahov (osnovy zhiznedeyatel'nosti nomadnogo obshchestva). [Nomadic civilisation of Kazakhs (bases of life activity of nomadic society).] Almaty «Socinvest» - Moskva «Gorizont», 1995. 320 p. (In Russ.)
4. Vel'yaminov-Zernov V.V. Issledovanie o kasimovskih caryah i carevichah. [Research on the Kasimov tsars and tsareviches.] SpB: Tipografiya Imperatorskoj akademii nauk. 1864. 531 p. (In Russ.)
5. Bartol'd V.V. Sochineniya. [Works] T.2. Ch.1. Moskva: Izdatel'stvo Vostochnoj literatury. 1963. 1024 p. (In Russ.)
6. Pishchulina K.A. Ocherki istorii Kazahskogo hanstva. Sbornik statej. [Essays on the history of the Kazakh Khanate. Collection of articles.] 2016. 350 p. (In Russ.)
7. Abdirov M.Zh. Muhammed-Hanafiya (CHokan) CHingisovich Valihanov ob etnonime «kazak», etnonime «kazah» i etnogeneze kazahskogo naroda (stat'ya pervaya). [Muhammed-Khanafia (Chokan) Chingisovich Valikhanov on the ethnonym "Kazak", ethnonym "Kazakh" and ethnogenesis of the Kazakh people (article one).] // Otan tarihy. 2022. №1 (97). S.15-23. [In Russ.]
8. Taleev D.A. ZHoshy ulysynyn Syrdariya bojyndaghy ruhani ortalyghy. [A. spiritual centre of Ulus Juchi along the Syr Darya.] // Otan tarihy. 2023. № 26 (3). S. 650–661. [In Kaz.]
9. Ismagulov O.S., Ismagulova A.O. Kazakhstan – kara shanyrak tyurkskih narodov na osnove 50-vekovoj etnicheskoj istorii kazahskogo naroda. [Kazakhstan - kara shanyrak of Turkic peoples on the basis of 50-century ethnic history of the Kazakh people.] // Otan tarihy. 2024. № 27 (2). S. 284-300. [In Russ.]
10. Urunbaev A. Mirza Muhammad Hajdar. Tarih-i Rashidi. Tashkent. Fan. 1996. 656 p. (In Russ.)

11. Sabitov Zh.M. Hronologiya pravleniya kazahskih hanov. [Chronology of the reign of Kazakh khans] // «Molodoj uchenyj». №2 (106). 2016. P.737-743. (In Russ.)
12. Potanin G.N. Kazak-kirgizskie i altajskie predaniya. Legendy i skazki. [Kazak-Kirghiz and Altai legends. Legends and fairy tales.] Petrograd: tipografiya Smirnova. 1917. 198 p. (In Russ.)
13. Erofeeva I.V. Znakovyj personazh kazahskih predanij Alasha han: istoricheskaya lichnost' i mif. [The iconic character of Kazakh legends Alasha khan: historical personality and myth.] // Tyurkologicheskij sbornik. 2016. P. 256-292. (In Russ.)
14. Tulibaeva Zh.M. Materialy po istorii Kazahstana i Central'noj Azii. [Materials on the history of Kazakhstan and Central Asia.] Astana: Izdatel'stvo GU Nacional'nogo centra arheografii i istochnikovedeniya. 2011. 276 p. (In Russ.)
15. Karatayev A.A. Proiskhozhdenie plemen Starshego zhuza po shezhire: Ulus Dzhuchi ili Mogulistan? [Origin of tribes of the Elder Zhuz according to shezhira: Ulus Dzhuchi or Mogulistan?] // Elektronnyj nauchnyj zhurnal «edu.e-history.kz». 2023. T. 10. № 4. P. 772–789. (In Russ.)
16. Karatayev A.A. Ob Alasha hane i formirovanii ob"edineniya «Alash» [About Alasha khan and the formation of the association "Alash"] // Elektronnyj nauchnyj zhurnal «edu.e-history.kz». 2023. T. 10. № 2. P. 241–255. (In Russ.)
17. Istoriya Kazahstana v russkih istochnikah. [History of Kazakhstan in Russian sources] T.VII. G.N. Potanin. Issledovaniya i materialy. Almaty: Dajk-Press. 2006. 600 p. (In Russ.)
18. Nagamine H. Sygnak kak «port Dasht-i Kypchaka» i «gorod-mavzolej»: period ot pravleniya levogo kryla Dzhuchidov do osnovaniya «Kazahskogo hanstva» [Sygnak as a "port of Dasht-i Kypchak" and "mausoleum city": the period from the reign of the left wing of the Dzhuchids to the foundation of the "Kazakh Khanate"] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2020. T. 8, № 3. P. 533–551. (In Russ.)
19. Tulibaeva Zh.M., Tulibaev T.E. Praviteli i islam v Zolotoj Orde: po materialam timuridskih istochnikov pervoj poloviny XV v. [Rulers and Islam in the Golden Horde: on the materials of Timurid sources of the first half of the XV century] // Voprosy istorii. №5(2). 2022. P. 67-77. (In Russ.)
20. Turkestanskii sbornik". Stat'i i zametki iz russkih i inostrannyh gazet. Tom 440. [Turkestan Collection. Articles and notes from Russian and foreign newspapers. Vol.440] Tashkent 1907. 185 p. (In Russ.)

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА  
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ  
SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

ҒТАХР/ МРНТИ / IRSTI 03.20  
ӘӨЖ /УДК/ UDC 94(574.4)

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2024.83.4.023>

Б.Ж. Атантаева<sup>1</sup>, А.Р. Ботабекова<sup>2</sup>, Р.Д. Ахметова<sup>\*3</sup>

<sup>1</sup> тарих ғылымдарының докторы, профессор, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Қазақстан, Семей қ.

E-mail: [batantaeva@mail.ru](mailto:batantaeva@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-6104-9797>

<sup>2</sup> тарих магистрі, докторант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Қазақстан, Семей қ.

E-mail: [aizhan.botabekova@mail.ru](mailto:aizhan.botabekova@mail.ru), <https://orcid.org/0009-0009-1384-8047>

<sup>3\*</sup> тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Қазақстан, Семей қ.

E-mail: [r.d.akhmetova@mail.ru](mailto:r.d.akhmetova@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-1359-0006>

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1930 ЖЖ. АШАРШЫЛЫҚ: МӘСЕЛЕНІҢ ТАРИХНАМАСЫНАН**

*Аңдатпа*

Мақалада Шығыс Қазақстандағы ұжымдастыру кезіндегі ашаршылық мәселесіне арналған еңбектерге тарихнамалық шолу жасалады. Зерттеулердің барлығы Кеңес режимінің қазақ қоғамына әкелген апаттың күштеп жүзеге асырылғанын көрсетеді. Бұл тақырып бүкіл әлемдегі ғалымдарды қызықтыруда. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы күштеп ұжымдастыру, тәркілеу және ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі өмір салтын өзгерту әрекеттері қазақ халқының үлкен қасіретке ұшырауына себеп болды. Осы трагедияның тарихын зерттеу қазақ халқының басынан кешкен ауыр сынақты есте сақтауға, одан сабақ алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мақалада өткен қасіретті тарихты ғылыми тұрғыдан ұғыну және талдау қазақстандықтардың қазіргі және кейінгі ұрпақтары үшін маңызды әрі қажет екені айтылады. 1930 жылдардағы «Ұлы ашаршылық» қазақ халқының жойылып кету қаупін туғызды. Қазақ халқының этникалық топ ретінде сақталуы туралы өткір мәселе көтерілген болатын. Осы уақытқа дейін қазақ халқының басынан өткен қасірет жөніндегі барлық материалдар толықтай қаралып, зерттелген. Атап айтсақ, батыс ғалымдарының еңбектері, орыс және украин тарихшыларының жеке монографиялары жеткілікті түрде зерттелмеген. Қазіргі кезде шетелдік мұрағаттарда сақталған көптеген жаңа деректер табылуда. Соңғы жылдарда мұрағат қызметкерлерімен кұпиясыздандырылған құжаттар ұсынылған көптеген жинақтар шығарылған. Ол құжаттар қатарына: ақпараттық мәліметтер мен шолулар, тақырыптық анықтамалар, ұжымдастыру барысы жөніндегі, мүлік пен малды тәркілеу туралы сараптамалық баяндамалар, көшпелі халық пен шаруалардың жаппай, кейде қарулы бас көтерулері туралы талдамалық баяндамалар, адамдардың эмиграциясы туралы арнайы анықтамалар және тағы басқалары жатады. 1930 жылдардағы ашаршылық қазақ халқының ең үлкен демографиялық және гуманитарлық апаты болды. Осы мақалада автор зерттеліп отырған мәселеге Шығыс Қазақстан бойынша баса назар аударады. Шығыс Қазақстан өңірі халқының ашаршылықтан кейінгі ауыр тағдыры естеліктер ретінде бейнеленеді. Ашаршылықтың салдарынан қиындықтар мен қайғы-қасіреттер куәгерлердің тағдырына терең із қалдырған.

**Кілт сөздер:** Ашаршылық; Шығыс Қазақстан; ұжымдастыру; тәркілеу; естеліктер; қоныс аудару; отырықшылану; жүт; ауыл шаруашылығы.

Атантаева Б.Ж.<sup>1</sup>, Ботабекова А.Р.<sup>2</sup>, Ахметова Р.Д.<sup>\*3</sup>

<sup>1</sup> доктор исторических наук, профессор,

Университет имени Шакарима г. Семей, Казахстан

E-mail: [batantaeva@mail.ru](mailto:batantaeva@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-6104-9797>

<sup>2</sup> магистр истории, докторант,

Университет имени Шакарима г. Семей, Казахстан

E-mail: [aizhan.botabekova@mail.ru](mailto:aizhan.botabekova@mail.ru), <https://orcid.org/0009-0009-1384-8047>

<sup>3\*</sup> кандидат исторических наук, ассоциированный профессор,

Университет имени Шакарима г. Семей, Казахстан

E-mail: [r.d.akhmetova@mail.ru](mailto:r.d.akhmetova@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-1359-0006>

## ГОЛОД 1930-х гг. В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ: К ИСТОРИОГРАФИИ ПРОБЛЕМЫ

### Аннотация.

В статье дается историографический обзор трудов, посвященных проблеме голода в Казахстане в период проведения коллективизации. Научные исследования отражают насильственный характер ущерба, нанесенного советским режимом казахскому обществу. Очевидно, что данная тема интересует исследователей по всему миру с середины 1930-х годов и по настоящее время. Было отмечено, что насильственная коллективизация, конфискация в 20-30-е годы XX века привели к гибели казахского народа, нарушая вековой уклад жизни нашей нации. Отмечается, что научное осмысление и анализ трагической истории прошлого важен и необходим для нынешнего и последующих поколений казахстанцев. "Великий голод" 1930-х годов угрожал исчезновению казахского народа. Был поднят острый вопрос о сохранении казахского народа как этнической группы. До настоящего времени все материалы по трагедии казахского народа рассмотрены и исследованы в полной мере. В частности, недостаточно изучены труды западных ученых, отдельные монографии русских и украинских историков. На современном этапе обнаруживается много новых данных, хранящихся в зарубежных архивах. За последние годы сотрудниками архив выпущено большое количество сборников, в которых представлены рассекреченные документы. К ним относятся: информационные сводки и обзоры, тематические справки, экспертные доклады о ходе коллективизации, о конфискации имущества и скота, аналитические доклады о массовых, а иногда и вооруженных восстаниях кочевого населения и крестьянства, специальные справки об эмиграции людей и многое другое. Голод 1930-х годов стал крупнейшей демографической и гуманитарной катастрофой казахского народа. В статье авторы акцентируют внимание на проблеме Казахстана, рассказывая о тяжелой судьбе жителей Восточно-Казахстанского региона после голода.

**Ключевые слова:** голод; Восточный Казахстан; коллективизация; конфискация; воспоминания; переселение; оседлость; джут; сельское хозяйство.

B.Zh. Atantayeva<sup>1</sup>, A.R. Botabekova<sup>2</sup>, R.D. Akhmetova<sup>\*3</sup>

<sup>1</sup> Doctor of Historical Sciences, Professor, Shakarim University, Kazakhstan, Semey

E-mail: [batantaeva@mail.ru](mailto:batantaeva@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-6104-9797>

<sup>2</sup> Master of History, doctoral student, Shakarim University, Kazakhstan, Semey

E-mail: [aizhan.botabekova@mail.ru](mailto:aizhan.botabekova@mail.ru), <https://orcid.org/0009-0009-1384-8047>

<sup>3\*</sup> Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

Shakarim University, Kazakhstan, Semey

E-mail: [r.d.akhmetova@mail.ru](mailto:r.d.akhmetova@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-1359-0006>

## FAMINE OF THE 1930s IN EASTEN KAZAKHSTAN: ON THE HISTORIOGRAPHY OF THE PROBLEM

### Abstract

The article provides a historiographical overview of works dedicated to the famine problem in Eastern Kazakhstan during the period of collectivization. Scientific research reflect the violent nature of the damage inflicted on Kazakh society by the Soviet regime. It is evident that this topic interests researchers worldwide from the mid-1930s to the present day. It was noted in the article that the forcible collectivization and confiscation in

the 1920s and 1930s led to the death of the Kazakh people, disrupting the centuries-old way of life of our nation, resulting in tragic losses and violating long-standing traditions and ways of life. It is emphasized that the scientific understanding and analysis of the tragic history of the past are important and necessary for the present and future generations of Kazakhstanis.

The "Great Famine" of the 1930s threatened the disappearance of the Kazakh people, raising urgent questions about the preservation of the Kazakh people as an ethnic group. Up to the present time, all materials on the tragedy of the Kazakh people have been fully examined and researched; however, the works of Western scholars, individual monographs by Russian and Ukrainian historians, remain insufficiently studied. At the present stage, many new data are being discovered, stored in foreign archives. In recent years, a large number of collections of archival materials have been released by archive staff, including declassified documents such as informational digests and overviews, thematic references, expert reports on the course of collectivization, confiscation of property and livestock, analytical reports on mass and sometimes armed uprisings of the nomadic population and peasantry, special reports on the emigration of people, and much more. The famine of the 1930s became the largest demographic and humanitarian catastrophe for the Kazakh people. In this article, the authors pay special attention to the researched problem in Eastern Kazakhstan. The article also discusses the difficult fate of the population of the Eastern Kazakhstan region after the famine.

**Key words:** Famine; East Kazakhstan; collectivization; confiscation; memories; pumping out; jute; Agriculture.

### **Кіріспе.**

Қазіргі кезде Қазақстанда 1930 жылдардағы жойқын ашаршылық туралы зерттеулер жүргізілуде. Қазақстандағы XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы ашаршылық - толықтай ашылып айтылмаған тарихтың қара беті. Бір жағынан, Кеңес дәуірінде оны жария етуге тыйым салынса, екінші жағынан, сол жылдардағы қорқынышты шындықты дәлелдейтін көптеген құжаттар жоғалып кеткен. Социалистік елдердегі жаппай ашаршылық тарихы қазіргі кезде егжей-тегжейлі зерттелген, бірақ оның салыстырмалы талдауы әлі бастапқы сатысында. Егемендік алғаннан кейін, біз бұрынғы Кеңес үкіметі кезінде тыйым салынған көптеген тақырыптарды зерттеу мүмкіндігіне ие болдық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында халқымыздың саны ашаршылық болмаса, әлдеқайда көп болар еді деп атап өтті. Ол тарихи ақтаңдақтардың, соның ішінде ашаршылықтың құрбандарының нақты санын анықтаудың маңыздылығын айтты. Президентіміздің пікірінше, бұл мәселенің терең зерттелуі, тарихи деректерді мұқият сараптау қажет. Бұл жағдайда тек қана сандық көрсеткіштер емес, сонымен қатар ашаршылықтың адамдардың өміріне, мәдениетіне, рухани дүниесіне әсері де зерттелуі керек. Тек осылай ғана шынайы тарихты жаза аламыз және бұдан кейін мұндай трагедияның қайталануына жол бермейміз [1].

Тәуелсіз Қазақстанның тарих ғылымы бүгінде жаңа міндеттерді алдына қойып отыр. Шет елдердегі архивтерде табылған жаңа құжаттар, әдістер мен мәлімет көздерін ескере отырып, тарихты қайта қарау міндеті тұр. XX ғасырдың басындағы қазақ халқының азаптары мен қиындықтары әлі де толық ашыла қойған жоқ. 20-30 жылдардағы күштеп ұжымдастыру мен тәркілеу - халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын бұзған трагедиялық оқиға. Бұл трагедияның шындығын ұрпақтарға жеткізу, ашаршылықтан зардап шеккендердің жағдайын зерттеп, олардың тағдырына құрметпен қарау – қазіргі тарихшылардың міндеті. Осы арқылы ұлтымыздың ерлігін, қайсарлығын дәріптеп, болашақ ұрпаққа үлгі болуымыз керек.

Міне, сондықтан XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы ашаршылықтың тарихын зерттеудің қазіргі жағдайын сын көзбен талдайтын және зерттеу жұмыстарын күшейту қажеттілігі туындап, қазіргі кезде өзекті мәселе болып отыр.

**Материалдар мен әдістер.** Мақаланы жазуға арналған материалдар негізінен Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві (ҚРОМА), Абай облысының Мемлекеттік архивінің (АОМА) құжаттары болды. Атап айтқанда, ҚРОМА 30 қордың 7, 8, 9 тізбесі «Қазақ АССР Халық комиссарлар кеңесі», АОМА 15 қордың «Шығыс Қазақстан БКП (б) облыстық комитетінің ОГПУ ШҚ ҚБ бастығының қазақтарды өнеркәсіптік кәсіпорындарда қоныс аудару және оларды азық-түлікпен жабдықтау туралы баяндамалық жазбасы» құжаттары, сондай-ақ 2016 жылы басылып шыққан «1932-1933 жж. Қазақ халқының ұлы қасіреті тарихынан» құжаттар жинағы пайдаланылды.

Мақалада XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы ашаршылық туралы архив құжаттарынан басқа, отандық тарихшылардың еңбектері, қазіргі зерттеулер бойынша архив құжаттарына жасалған талдаулар, сондай-ақ ғылыми журналдар мен бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде интернет-басылымдарда жарияланған мақалалар пайдаланылды.

Мақаланы жазу кезінде тарихтылық, құжаттармен жұмыс, проблемалық-хронологиялық, салыстырмалы талдау сияқты гуманитарлық ғылым әдістері қолданылды.

**Талқылау.** 1932-1933 жылдардағы ашаршылық мәселелерін зерттеуге тыйым салынғандықтан, кеңес тарихшылары бұл тақырыпты өз мақалаларында жабық түрде жариялауға мәжбүр болды. Демек, аштық фактісі туралы не мүлдем айтылмады, не тек қана 1931-1932 жылдарда елімізде астық дайындаудың қиындықтары ретінде ғана айтылды. Бұл қиындықтар белгілі себептермен түсіндірілген болатын. Мәселен, ауа-райы қолайсыздығы, колхоздардың ұйымдастырушылық және экономикалық қалыптасуындағы қиындықтар, т.с.с.

1990-шы жылдардың басында қазақ тіліндегі баспасөз беттерінде ашаршылық мәселесі белсенді талқыланып, бірінші беттерге шыға бастады. Ж.Б. Абылхожин мен Х.С. Алдажұманов (1992), академиктер М. Қойгелдиев пен Т. Омарбеков (1993) сияқты танымал зерттеушілердің мақалалары бұл үрдістің айқын дәлелі болып табылады [2].

Қазақстандағы ашаршылық тақырыбына қызығушылықтың өсуін көптеген қазіргі заманғы зерттеулердің артуынан байқауға болады. Осы тақырыпқа арналған ғылыми еңбектер жариялана бастады. Іргелі зерттеу ретінде қазақстандық тарихшы С. Әкімбековтың «Казахи между революцией и голодом» атты жарыққа шыққан еңбегін айтып өтуге болады. Ол осы еңбегінде қазақ халқы өмірінің елеулі бөлігін, дәлірек айтқанда қасірет жылдары туралы көріністі барлық белгілі деректер мен әртүрлі жылдардағы зерттеулерді біртұтас етіп жинақтайды [3]. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру процесі мен оның салдарын зерттеуші, белгілі ғалым Т. Омарбеков Отандық тарих ғылымында қазақ малшыларының ашаршылық және қоныс аудару мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерген еді [4].

Т. Омарбековтың 2011 жылы жарыққа шыққан «Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги (1930-1933 гг.) Хрестоматиясында деректік материалдар негізінде XX ғасырдың 20-30 жылдарының күрделі әлеуметтік жүйесі, Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы экономикалық дағдарыс, Республика шаруаларының қайғылы тарихи тағдыры ашып көрсетілген [5].

Шетелдік тарихшылардың зерттеулеріне келетін болсақ, бүгінгі таңда ең танымал кітап – американдық тарихшы Сара Камеронның «Голодная степь» кітабы. Ол 2018 жылы жарыққа шыққан, ал 2020 жылы кітап қазақ және орыс тілдеріне аударылған [6]. Тағы бір шетелдік зерттеуші Роберт Киндлердің 2017 жылы жарық көрген «Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане» атты кітабынан Қазақстандағы Кеңес үкіметі сасатының, көшпенділерді отырықшылыққа, ұжымдастыруға мәжбүрлеу мәселесін, 1931-1933 жж. қорқынышты аштықтың себеп салдары туралы ауқымды дереккөздер пайдалана отырып жазылғанын көреміз [7].

Жоғарыда атап өткендей, 2016 жылы Абай облысының Мемлекеттік архиві «1932-1933 жж. Қазақ халқының ұлы қасіреті тарихынан» деп аталатын құжаттар жинағында ашаршылық кезіндегі халықтың қиын жағдайы туралы таңқаларлық деректер келтірілген. Мысалы, Новосібірдегі теміржолда болған қазақ әйелінің жантүршігерлік тарихы баяндалады. Аштықтан үмітсіздікке тап болған ол, екі кішкентай баласын аязда тастап кетуге мәжбүр болады. Бұл 1932 жылдың оқиғасы. Босқындарды еш жерде күтпейді. Адамдар әйелден: «Сіз балаларды неге тастап кеттіңіз?» деп сұрағанда, ол: «Егер балалар аштықтан қиналып, ұзақ уақыт өліп кетсе, аязда бір түнде өлгендері артық» деп жауап береді.

Бұл сөздер аштықтан зардап шеккендердің қандай жағдайда болғанын, олардың қандай ауыр таңдау жасауға мәжбүр болғанын көрсетеді. Бұл жинақтағы құжаттардың көпшілігі осындай ауыр шындықты бейнелейді, адамдардың қиын тағдырын ашып береді [8; 54-55 бб.].

Ашаршылық кезіндегі қазақ халқының азаптары адамзаттың қиял етуіне қиын. Көптеген адамдар өз үйлерінде қайғылы өлімге душар болды. Архив құжаттарында каннибализмнің сұрапыл фактілері жазылған. Бұл трагедия әсіресе балаларға ауыр тиді. Көптеген қоныс аударушылар балаларын тағдырдың тауқыметіне тастап кетті. Қазақстанның қалалары мен теміржол станцияларында қараусыз қалған балалардың саны артты. Балалар үйлері толып кетті. Сәбилердің өлімі жиі байқалды. Семей ауданында комиссия тексеріс кезінде балалар үйінің жертөлесінен көліктің болмауынан уақытында алып шығылмаған 20 баланың мәйітін тапты. Аягөз станциясында 300 қараусыз бала жиналды, ал сол жерде қазақ әйелдерінің бірі екі баласын поездың астына лақтырып жіберген. Семей қаласында тағы бір қазақ әйелінің екі баласын құдыққа тастағаны туралы қайғылы жағдайлар тіркелді. [9; 5-6 бб.].

Аштық неғұрлым созылған сайын, көшедегі балалар саны да соғұрлым көп болды. Қазақстанның барлық аудандарынан мыңдаған қараусыз қалған балаларды жинаған. 1932 жылдың қазан айында Шығыс Қазақстан облысының 17 ауданынан ғана мемлекеттік органдар 12 мыңнан астам жетімдерді тіркеді. Олардың 10 мыңнан астамы әртүрлі ұйымдардың «қамқорлығында» болды. 1934 жылдың ортасында бұл сан 60 мыңнан астам адамға дейін жетті. 1932-1933 жылдары балалар үйлерінде өлім-жітімнің көп

болуынан (кейбір айларда тәрбиеленушілердің 10%-дан астамы қайтыс болған), сондай-ақ барлық жетімдердің түгел есепке алынбауына байланысты, олардың жалпы саны әрбір жағдайда айтарлықтай жоғары болды [7; 108 б.].

Зерттеушілер А.Жанбосинова, С.Жандыбаева, Б.Атантаеваның «The historical memory on modernization of the Kazakh aul in soviet narratives» атты мақаласында қазіргі заманғы тарих ғылымының теориялық тұжырымдамаларын салыстырмалы зерттеу арқылы кеңестік нарративтердегі қазақ ауылын жаңғырту туралы тарихи естеліктерді сапалы зерделеп берген. Сол жылдардағы қазақ жеріндегі тайпалық иерархиялық құрылымның Сталиндік Конституцияға сәйкес келмейтінін атап өткен [10, 428 б.].

XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы Қазақстандағы ашаршылық – халықтың басынан кешкен қорқынышты трагедия. Бұл қайғылы оқиғаның нақты себептері әлі де толық зерттелмегенімен, көптеген зерттеушілер бұл трагедияның 1932 жылдан басталғанын, бірақ оның негізі 1929 жылғы Сталиндік саясатта жатқанын айтады. Елді индустриаландыру саясаты, ауыл шаруашылығындағы бюрократиялық басқару, адамгершілікке қайшы жоспарлау және халықтың әлеуметтік жағдайын ескерусіз қалдыру арқылы жүзеге асырылған ұжымдастыру сияқты факторлар ашаршылықтың басты себептеріне айналды.

Осы кезеңде Қазақстанда Кеңестік модернизацияның басты мақсаты - көшпелі халықты отырықшылыққа бейімдеу болды. 1930 жылға қарай қазақ жеріндегі 700 мың шаруашылықтың 540 мыңы көшпелі немесе жартылай көшпелі болды. Профессор Ж. Абылхожин өз зерттеулерінде осы ерекшелікті 1930-1933 жылдардағы апаттың негізгі себептерінің бірі ретінде атап өтеді [2; 4 бб.].

Америка тарихшысы Сара Камеронның «Голодная степь: голод, насилие и строительство Советского Казахстана» атты еңбегі Қазақстандағы ашаршылықтың қазіргі тарихнамасына арналған. С. Камерон өз еңбегінде Қазақстан жерінде ашаршылықтан өлгендердің санын қол жетімді ақпараттардан жан-жақты зерттеп, қарастырғанын айта келе, ол туралы нақты ақпараттың жоқ екенін жеткізеді. Сондықтан оның кітабының тағы бір тұжырымы – Қазақстан жерінде аштықтан қаза болғандар туралы терең демографиялық зерттеулердің қажеттілігі. Украина елі өте ауқымды жұмыс атқарған. Олар ашаршылықтан өлгендер санын, алыс жатқан аудандарға дейін есептеген. Бұл әдіс ашаршылықтан қай аудан көбірек зардап шеккені туралы білуге мүмкіндік берер еді. Қазақстанда ашаршылық жағдайы туралы мұндай зерттеулер жоқ. Себебі, сол кездегі статистикалық мәліметтерді алу өте күрделі, көшпелі қазақтарды санау қиындық тудырады. Сонымен қатар, көптеген қазақтар ашаршылық жылдары шетелдерге қоныс аударып кеткен. Сондықтан, осы салада көбірек зерттеулер қажет [6; 56-57 бб.].

Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру мен зорлап отырықшыландырудың салдарынан халық санының күрт қысқаруы байқалды. Тарихшылардың пікірлеріне қарағанда, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық кезінде қаза тапқандардың саны 1,5 миллионнан 3 миллионға дейін жеткен. Академик М. Асылбековтың зерттеулері бойынша, 1926 жылдан 1939 жылға дейінгі кезеңде Қазақстандағы қазақ халқының саны 1 миллион 180 мыңға немесе 33,0 пайызға азайған. Бұл деректер 1930-жылдардағы саяси репрессия мен аштықтың қазақ халқына тигізген ауыр зардаптарын айқын көрсетеді [11; 18 б.].

2021 жылы жарыққа шыққан «Ашаршылық. Голод. 1928-1934.» құжаттар жинағындағы мәліметте көрсетілгендей 1931 жылғы колхоз қозғалысының өрлеуі 1932 жылғы ақпандағы халықтың жаппай көшіп-қонуына әкеліп, Қазақстанның жекелеген аудандарында қызмет еткен колхоздардың жабылу себебі айналды. Қазкрайком билігі 1932 жылы ақпан айында өңірлерде жаппай азық-түлік қиындықтарының болғанын атап өтті. Командалық-әкімшілік жүйе шұғыл түрде комиссиялар құрып, оларды ауылдарда пайда болған қиындықтардың себептерін анықтау және жою үшін тиісті шаралар қабылдауға аймақтарға жіберіп отырды. Құрылған комиссиялар Комиссарлар қазақ ауылдарының трагедиясын атап өтті, азық-түлік көмегі мен ауылдарға қосымша қолдау сұрады, сондай-ақ жауапты тұлғалардың бассыз іс-әрекеттерін анықтады. Жинақта жаппай ашаршылықтың шыңы 1932-1933 жылдары болғандығы жазылған. Құжаттар мал шаруашылығының азаюының ең апатты кезеңін көрсетеді. Деректерге сәйкес, Қазақстан колхоздарында 1931 жыл ішінде, мал басының 40-50% - ы шығарылған [12; 3-4 бб.].

Қазақстандағы 1932-1933 жылдардағы ашаршылықтың адам шығыны туралы қазіргі заманғы тарихнамада әр түрлі көзқарастар бар. Қазіргі әдістерге негізделген зерттеулерде ашаршылықтан қаза тапқандар саны, әдетте, 1 миллион адам шегінде бағаланады. Көрінеу көбейтілген бағалаулар да кездеседі, мысалы, белгілі қазақ демографы М.Б. Тәтімовтың айтуынша «1930 жылы қазақтар саны тоғыз миллионға жуық болған. Алайда, көп ұзамай 1932-1933 жылдары біздің халықты демографиялық апат күтіп тұрды. Бұл әрине қазақ даласында ашаршылықты қолдан ұйымдастырған Сталиннің саясатымен байланысты еді. Сол жылдары 2,5 млн. адам қайтыс болды [13; 124 б.].

Қазақстандағы ашаршылықтың адам шығынын анықтау үшін тарихшылар 1926 жылғы 17 желтоқсандағы және 1939 жылғы 15 қаңтардағы Бүкілодақтық халық санақтарының деректерін негізгі

құжат көзі ретінде пайдаланады. Осы санақтар арасындағы 12 жыл 1 ай ішінде халық санының күрт азаюы байқалады. Адамдардың демографиялық кемуінің шыңы 1932-1933 жылдардың қысына келеді. Бұл кезеңдегі халық санының қысқаруы тек ашаршылықпен ғана байланысты емес, сонымен қатар, саяси репрессия, аурулардың таралуы және басқа да факторлардың әсерінен болған. Дегенмен, ашаршылықтың халық санына тигізген әсері ерекше ауыр болды.

Тарихи-демографиялық зерттеулер нәтижесінде, 1930-жылдардың басындағы аштық пен сонымен байланысты аурулар республикада 1 миллион 750 мың адамның, яғни тұрғылықты халықтың 42 пайызының өмірін қиған деген қорытындыға келді.

Аштық құрбандарының нақты саны әлі де толық анықталмаған. 1937 жылғы Бүкілодақтық халық санағының материалдары (“қуғын-сүргін санағы” деп аталады) бұл мәселені түсінуге көмектеседі. Осы санақ деректері бойынша, 1937 жылғы қаңтарда КСРО-дағы қазақтардың саны 2 862 458 адамды құраған. Сол кезде Қазақстандағы басқа халықтардың саны азайған: украиндер - 859,4 мыңнан 658,1 мыңға, өзбектер - 228,2 мыңнан 103,6 мыңға, ұйғырлар - 62,3 мыңнан 36,6 мыңға дейін. Аштық пен қиын жағдайлардан зардап шеккен бұл халықтардың өкілдері тіршілік ету үшін азық-түлікке бай аймақтарға - Сібірге және Өзбекстанға қоныс аударуға мәжбүр болды [14; 194-195 б.].

КСРО халықтарының ортақ қасіреті – миллиондаған адамның өмірін қиған 1930 жылдардың басындағы ұлы ашаршылық Қазақстанда өзіне тән ерекшеліктерге ие болды. Президенттік архивтің қолдауымен құрастырылған көптомды «Қазақ ауылының қасіреті. 1928 – 1934 жж.» атты мұрағат құжаттарының жинағы осы мәселеге арналған [15; 744 б.]. Осы құжаттар жинағындағы мәліметтерге сүйенетін болсақ, аштықтың қолдан жасалғаны туралы тезис шындыққа жанасады. Осының салдарынан ауыл халқы санының күрт төмендеуі болды, оның жартысынан көбін қазақтар құрады. Республикалық билік органдары өлкенің ерекшелігін ескермей, Қазақстан жағдайында осы саясатты жүзеге асырудың нысандары мен әдістерін соқыр қабылдап, «жоғарыдан» нұсқауларды орындады. Архив құжаттарында көрсетілген 1931 жылдың 17 ақпанында Семей жеделсекторы бастығының ҚазССР аудандық комитетінің басшысы Голощекинге берген ақпаратында Абыралы ауданындағы 1-2 ауылдық округтың байларының ет дайындау мәселелеріне қарсы наразы топтың бас көтерулері орын алғаны туралы хабарлаған. Бас көтеруге қаруланбаған 250 қазақ қатысқан. Көтерілісшілер көрсетілген ауыл кеңестерінің кеңселерін басып алып, іс қағаздарын жойды, ауылдардан ет дайындауды жүргізген аудандық комитеттің өкілдеріне қауіп төндірді. Дәл осы мәліметтер бойынша 15 ақпанда осындай көтеріліс Абралы ауданының 8 ауылында орын алды, онда байдың басшылығымен көтерілісшілер ет дайындау жөніндегі 2 Үәкілетті адамды өлтіріп, кооперативті тонады. Аталған мәселелердің барлығы азық жетіспеушілігінен туындағанын архив құжаттары көрсетіп отыр [15; 128-132 бб.].

1932-1933 жылдардағы ашаршылық КСРО-ның бірнеше аймақтарын, соның ішінде Украина, Еділ жағалауы, Солтүстік Кавказ, Орталық Қаратопырақты аудандар, Орал, Батыс Сібір және Қазақстанды қамтыды. Зерттеушілердің пікірінше, аштықтан көз жұмғандар саны шаруалардың мемлекетке өткізген өнімдері мен оны шетелге экспорттау көлемімен тікелей байланысты болды. Ресейлік демограф В.Жиромскаяның мәліметтері бойынша, 1930 жылдардың басында Ресейдің Украинадан тыс аймақтарында 2,5 миллион адам, ал Қазақстанды қосқанда 4-5 миллион адам шығыны болған. Дегенмен, бұл статистикада 1934 жылы ашаршылыққа тап болған Ресей тұрғындары есепке алынбаған. Мұны айтып отырғанымыз, КСРО-ның барлық халықтары аштықтың азабын тартса да, Украина мен Қазақстанға бұл апат ерекше ауыр түсті. Қазақстанда аштықтың салдары ерекше ауыр болғанына кеңес өкіметінің қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын күйретуі себеп болды. Қазақ халқы үшін мал шаруашылығы негізгі тіршілік көзі болғандықтан, аштық олардың негізгі тіршілік көздерінен айырумен қатар, жаппай қырылуға әкелді. 1920-1930 жылдардағы қазақтардың ішінде дүниеге келгендердің саны аз болды, көпшілігі жетім қалды және жоқшылықтың қиын жағдайында өсті. Қазақстанда әрбір отбасының 10-15 баласының бір-екісі ғана тірі қалған, көпшілігі ата-анасынан айрылып, жетімдер үйін паналауға мәжбүр болған [16; 147 б.].

Архив жазбаларын талдай отырып, бізге ұлы дала аймақтарында тұрып жатқан қазақтардың сол жылдарда өте қиын жағдайға тап болғаны көз алдымызға келеді. Бұл жағдайдың көрінісі Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивтегі (ҚРОМА) 30-шы қордың «күпия» құжаттарында айқын беріледі. «СовНАРКОМ жолдас Исаевқа колхозшылардың аштықтан қайтыс болу жағдайлары туралы арнайы хабарлама. Азық-түліктің күрт азаюына байланысты кейбір аудандарда колхозшылардың ашығуы және тіпті аштықтан қайтыс болу жағдайлары тіркелді. Солай: Павлодар ауданының №16 ауылында кейбір колхозшылар өлексемен қоректенеді. Соңғы уақытта 2 колхозшы мен 19 бала аштықтан қайтыс болды. Қызыл-тан ауданының №1 ауылында колхозшылардың ашығуы тіркелді. №3 ауылдың, "Муржик" шатқалында (урочище) 20 адамнан тұратын кедей колхозшы әйелдер тобы емізулі сәбилерімен ауылда



азық іздеп жүрді. Осындай жағдай "Идрей" шатқалында да (урочище) байқалды. Абралы ауданының №1 ауылында ашаршылық салдарынан: Шулеков Орда, Бутқановтың баласы, Жетпісовтың баласы және т.басқалар қайтыс болды. Аталған жағдайлар туралы БКП (б) аудандық комитеттері хабардар етілді». Хабарламаны жазып отырған Миронов және Казанский. 1931 жыл 23 қараша. Алматы қ. деп көрсетілген [17; 137 б.].

3.Сақтағанованың «Голод в Казахской степи и последствия «Великого Джута» 1931-1933 гг. в Центральном Казахстане: к историографии проблемы» атты мақаласы 1931-1933 жылдардағы Қазақстандағы аштықтың тарихнамасына арналған маңызды зерттеу. Автор өз еңбегінде аштық мәселесі бойынша отандық және шетелдік тарихнамада айтылған негізгі көзқарастарды жүйелейді. 3. Сақтағанова шетелдік тарихшылардың зерттеулеріне сүйеніп, 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың себептерін нақтылап, оның бір факторы ретінде Ф. Голощекиннің «Кіші Қазан» реформасын қосу керек деген пікірді айтады. Сол кездегі бай шаруашылықтарын тәркілеу – Қазақстанның дәстүрлі құрылымының жойылуының бастамасы еді. Елімізде ашаршылық болуының тағы бір негізгі факторы ретінде – мәжбүрлеп отырықшыландыруды қарастырады. Бұл қазақ елінің дәстүрлі құрылымының түпкілікті жойылуына әкелді. XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ даласында жүргізілген кеңестік модернизацияның басты ерекшеліктерінің бірі - қазақ халқының дәстүрлі көшпелі өмір салтынан отырықшы өмір салтына көшуі болды. Осы ондаған жылдар тоғысында қазақ халқының басым көпшілігі әлі де болса көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын ұстанған еді. 1930 жылға қарай 700 мың қазақ шаруашылықтарының 540 мыңы көшпелі және жартылай көшпелі болды. Олардың 200 мыңы жартылай көшпелі өмір салтын жүргізсе, 340 мыңға жуығы «таза» көшпенділер болды. 160 мың шаруашылық отырықшы болды, оның 60 мыңға жуығы 1920 жылдан 1929 жылға дейін 10 жыл ішінде «отырықшыланды». Биліктің алдында 1930 жылдан 1933 жылға дейін 3 жыл ішінде 540 мыңға жуық отбасын отырықшылыққа ауыстыру керек деген міндет тұрды. Бұл орындалмайтын талап болып көрінгенімен, қойылған міндет орындалып, халық жаппай отырықшылыққа көшті. 3. Сақтағанованың жоғарыда айтқанындай, ашаршылықтың басты себебі осы «жаппай отырықшыландыру» болды [18; 210-215 бб.].

С.О. Смағұлованың «XX ғ. 30 жж. Шығыс Қазақстандағы аштық: демографиялық зардаптары» атты мақаласы сол кезеңдегі аштықтан зардап шеккендердің ішкі және сыртқы босқындыққа ұшырау процесін жан-жақты талдайды. Автор архив деректері мен мерзімді баспасөз мәліметтеріне сүйене отырып, аштықтың зардаптарын (әсіресе, Шығыс Қазақстан облысында) және оған қарсы күрес барысын ашып көрсетеді. 1931-1933 жылдардағы ашаршылық Қазақстанның демографиялық жағдайына елеулі зардап тигізді. Аштықтың әсері Шығыс Қазақстан облысында да айқын көрінді. 1928 жылы конфискация науқаны басталғанда қазақтар Қытаймен шекаралас Тарбағатай аймағындағы Күзеу, Хабарсу және Сталин ауылдарынан, сондай-ақ Дарственный ауылының Алқабектен Қытайға байлардың ұйымдастырып, қолдауымен өткен. Кейбір адамдардың хабарлауымен шекарашылардың қолына түскендер де болған. Мысалы, Қытайға өтуге тырысқан 27 адам ұсталып, барлық мал-мүлкі конфискацияланған. Тағы да айта кететін мәселе, ашаршылық кезеңінде халық арасында жұқпалы аурудың таралуы. Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Ақтөбе облыстарында жұқпалы аурулардың таралуы күшейгендіктен, осы ауру ошақтарын жою мақсатында төтенше комиссия құрылды. Комиссияны басқаруға Ұзақбай Құлымбетов тағайындалды, мүшелікке Каруцкий мен Асфендияров сайланды. Бұл комиссияның басты міндеті - шілде және тамыз айларында Қарағанды, Семей, Балқаштағы өнеркәсіп орындарында жұқпалы аурулардың таралуын болдырмау. Әсіресе, Шығыс Қазақстан облысының атқару комитетінің төрағасы Сырғабеков пен облыстағы халықтық денсаулық сақтау комитетінің төраға орынбасары Козловқа бес күн ішінде жұқпалы ауруларды жою үшін қажетті қаржыландыру жағдайы туралы есеп беру міндеті жүктелді. Сонымен қатар, оларға бөртпе және сүзектік ауруларды жеке емдеу үшін арнайы орындарды дайындау барысын баяндау тапсырылды [19; 177-185 б.].

Аштық, жұқпалы аурулар және милиция мен армияның жазалаушы рейдтары орасан зор адам өліміне әкеліп соқты. Бұл жылдары республика халқының саны едәуір қысқарған еді. Мысалы, республика бойынша қазақтардың саны 1926 жылы 3 628 000 адамды құраса, 1939 жылғы халық санағы осы жылдар ішінде халықтың 1 млн. 300 мың адамға қысқарғанын, яғни 36 пайызға жуығын жоғалтқанын байқауға болады. Қазақстандағы халық санының азаюы барлық ұлт өкілдерінде байқалды, бірақ жергілікті тұрғындардың арасында оның әсері айқын болды.

В. Михайловтың 2013 жылы жарық көрген «Ғаламат жұт шежіресі» еңбегін қарайтын болсақ, Қазақстанда ашаршылық 1931 жылдың желтоқсан айынан басталғанын бірқатар құжаттар арқылы дәлелдегенін көреміз. Мәселен, 1932 жылғы ақпанда Үштөбеден жіберілген жеделхатта: «Балқаштың жанындағы барлық аулдарды аштық жайлады. Осы аудандағы алты әкімшілік ауылда 4417 шаруашылық

болған, соның 2260-ы ғана қалды, олардың 63%-s аштыққа ұшырады. Аштық 1931 жылдың желтоқсан айының алғашқы күндерінде етек алды. Анық емес мәліметтер бойынша, кем дегенде 600 адам қайтыс болды» делінген. Сондай-ақ, 1932 жылғы 1 ақпандағы Павлодардан саяси жер аударылғандар тобының КСРО ОСК Президиумына берген мәлімдемесінде былай делінген: «Шамамен бір жарым ай ішінде Павлодарға әр түрлі аудандардан аш, ісінген және жыртық-жамау киген адамадар, негізінен қазақтар ағылып келді. Қала оларға толып кетті». Дәлірек айтқанда, ашыққан адамдар Павлодарға 1931 жылдың желтоқсан айының ортасында келе бастады, яғни аштық 1931 жылдың қараша-желтоқсан айларында немесе одан да ертерек, күздің басында басталды. Көктемде ашаршылық Солтүстік Қазақстанда да басталды. Петропавл обкомы 1932 жылдың сәуір айының соңында: «Солтүстік Қазақстан облысының 12 ауданында 1932 жылдың 17 сәуіріне қарай аштықтан 246 өлім және ісінудің 133 фактісі тіркелген», - деп хабарлады. Бұл хабарламалар Қазақстан бойынша ашаршылық шеруінің көрінісін қалпына келтіруге көмектеседі. 1931 жылдың көктемінде ашаршылық бұрынғы Орал, Қостанай және Ақтөбе округтерінің 33 ауданында таралып, 1931 жылдың қысына қарай жаппай қырылуға әкеліп соқты. 1931 жылдың қазан-қараша айларында Шығыс Қазақстанда қатты өлім-жітім ашаршылық басталды [20, 168-170].

Жоғарыда аталған тарихшылар мәселені талдау үшін әр түрлі көзқарастар мен әдістер қолданған. Бұл әдістер аштықтың күрделі адамдық дағдарыс екенін көрсетеді. Оны зерттеу үшін әлеуметтік, саяси, экономикалық және экологиялық тарихты қамтитын әр түрлі әдістерді қолдану қажет, сонда ғана оның қазіргі анықтамасын белгілеуге болады.

**Нәтижелер.** 1929-1930 жылдары Қазақстан жерінде ұжымдастырудың бастапқы кезеңі жүзеге асырыла бастады. Республиканың кейбір қазақ аймақтарында белсенділер көшпелі халықты бір мезгілде ұжымдастыру және отырықшылыққа ауыстыруды мақсат тұтқан «Жаппай ұжымдастыру арқылы отырықшыландыру» бағдарламасын іске асыруға кірісті..

Н.Пианчолоның зерттеуі бойынша, 1930 жылдың жазында Саяси Бюро Кеңес астанасы және сталиндік тұтыну иерархиясының басында орналасқан ірі ресейлік индустриялық орталықтар үшін Қазақстан негізгі ет жеткізуші болуға тиіс деп шешті. Бұл шешім 1930 жылдың жазының соңынан 1932 жылдың жазына дейінгі кезеңде Қазақстаннан мал мен ет өнімдерін жаппай реквизициялауға әкелді. Қазақстанды еттің стратегиялық қорын жеткізуші ретінде пайдалану ұжымдастырудан және жыл сайынғы (1928 жылдан бастап) астық пен ет дайындаудан туындаған ашаршылық 1930 жылы кейбір облыстарға әсер етіп, 1931 жылға қарай бүкіл Қазақстанды қамтып, қазақ халқының үштен бір бөлігі қаза тапқан нағыз апатқа айналуының негізгі себебі болды. Басқаша айтқанда, 1930 жылы Кремль қабылдаған ет және мал өнімдерінің үлкен көлемі, Қазақстандағы дағдарыс бұрын-соңды болмаған деңгейге жетіп, аштыққа айналған негізгі фактор болды.

Осылайша, Сталиндік басшылықтың ашаршылық кезінде Қазақстаннан мал мен астық дайындаудың неліктен осындай жоғары нормаларын тағайындау туралы шешім қабылдағанын келесідей төрт шарт бойынша түсіндіреді. Біріншіден, бұл жаппай шаруалар қоныс аударғаннан кейін Қазақстандағы астық шаруашылығы мен мал шаруашылығы арасындағы өзара байланысты түсінудің жеткіліксіздігі, сонымен бірге астық өндіруші және тұтынушы туралы ұғымның жеткіліксіздігі болды. Екіншіден, Қазақстанның өндірістік мүмкіндіктерін шынайылықпен бағаламау. Үшіншіден, жоспарланған отырықшылыққа көшумен байланысты мал шаруашылығы секторының дағдарысын күту маңызды рөл атқарды [21;108-112 бб.].

1930 жылдың қысына қарай Қазақстанда аштық басталып, бұл жағдай Кеңес Одағының басқа аймақтарына қарағанда бір жыл ерте орын алды. Республиканың солтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы орыс және украин шаруалары аштықтан зардап шеккенімен, көшпелі қазақтар ең ауыр зардапты сезінді. Аман қалу үшін көшпелілер өздерінің малдарын сойып, республикадан қашуға мәжбүр болды. Аштықтың ең ауыр кезеңі 1931-1933 жылдары болды, осы уақытта 1,1 миллионнан астам адам елден қоныс аударды, олардың басым бөлігі қазақтар еді. Шығыс Қазақстан тұрғындарының көпшілігі көрші Қытайдың Шыңжаң провинциясына көшіп кетті. Бұл қасірет Қазақстан халқының саны мен мәдениетіне ауыр соққы болды [21, 80-116 бб.].

Халықтың Қытайға қоныс аударуының бір себептерін мына бір мұрағат құжатынан көруге болады. Тарбағатай ауданына БКП (б) Казрайком комиссиясының жергілікті халықтың Қытайға қоныс аударуын тексеру жөніндегі баяндамасында колхозшы халықтың 1930-шы жылдың қазан айынан бастап маусымға дейін айлық алмағандарын, оларда азық-түліктің басқа да тұрмыстық заттардың жоқтығын баяндаған. Тіпті сойып жеуге малдары жоқ, барлығын өкіметке тапсырып отырған. Сондай-ақ қоныс аудару байқулақтарының тарапынан арнайы дайындықпен жүргізілетіні анықталған. «Колхозшы Мухамедияровтың 6 ауылдық жиналыста сөйлеген сөзінен: шай жоқ, нан, тұрмыстық заттар жоқ. Былтырғы жылы екі қап нан жинап мемлекет қазынасын өткіздім. Отбасымда 5 адам. Бір сиырым бар, егер өкімет көмек берсе

осында қаламыз, бермесе Қытайға кетеміз» делінген [22; 25-41 бб.]. Халық ашаршылық пен қуғын-сүргіннен құтылу үшін көршілес республикаларға асығыс кетті. Көпшілігі Қытайдың Шыңжаң аймағына кіруге тырысты. Зерттеушілердің деректері бойынша, 1928-1933 жылдар аралығында бес жыл ішінде шамамен 200 000 адам шекарадан өтіп, Қытайға қашып кетті. Көбіне балалар ата-аналары мен туыстарынан ауырып қалуына немесе өліп қалуына байланысты айырылған болса, кей жағдайларда оларды ата-аналар тастап кеткен.

Тарихшы Талас Омарбековтің айтуынша, ол Кеңес дәуіріндегі 1930-жылдардағы архив құжаттарына алғашқылардың бірі болып қол жеткізіп, ашаршылық салдарынан 2,3 миллион қазақтың қайтыс болғанын анықтаған. 1994 жылы Талас Омарбеков Қазақстанда меншік құқығынан айыру және мәжбүрлеп ұжымдастыру тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады, онда қазақ малшыларының ашаршылықтан зардап шегу және қоныс аудару мәселелерін жан-жақты зерттеді [4, 30 б.].

1929 жылы Сталин алғашқы бесжылдықты және ұжымдастыруды жариялай отырып, ол Қазақстанда ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығының негізін қалауды көздеді. Яғни, сол арқылы елдің басқа бөліктерін азы-түлікпен қамтамасыз ету көзделді. Ұжымдастыру басталардан бір жыл бұрын Кеңес өкіметі Қазақстанда жергілікті байлардан малды жаппай реквизициялауды жүргізді, осылайша әр түрлі ру басшыларының өз халқына ықпалын төмендетуге ұмтылған болатын.

1930 жылдың басында «бай-кулак» деп есептелетін 3 мыңнан астам шаруашылық жойылып, адамдардың бір бөлігі атылды немесе 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге абақтыға жабылды. Осындай төтенше шаралардың барлығы елдегі азық-түлік дағдарысына алып келді, бұл жағдай жыл сайын күшейе түсті. Бірінші бесжылдық ішінде (1928-1932 жж.) Қазақстанның тауарлық астықтың жалпыодақтық өндірісіндегі үлес салмағы 9 дан 3 пайызға дейін азайды. Жалпы жиын-терім 1,5 есе қысқарды, өнімділік 9,2 ц/га-дан 4,3-ке дейін төмендеді. Қазақстанның жекелеген аудандарында 1931 жылғы өнім аз болғаны соншалық, тұқымдық шығынды да ақтай алмады. Мал шаруашылығында да осындай дағдарыс байқалды. 1932 жылы ірі қара мал басының саны 1928 жылмен салыстырғанда 7 есе, қой 14 есе азайды. Сонымен қатар, 1928 және 1929 жылдары ауа-райы қолайсыз болды, бұл көптеген дақылдардың қурап кетуіне әкелді.

Сара Камерон өзінің «Голодная степь» еңбегінде көрсеткендей, Қазақстанда ұжымдастыру жоспары бойынша қазақтарды «отырықшыландыру» бірнеше кезеңнен тұрады деп болжанған болатын. Ең бірінші қандай да бір ауылшаруашылық өнімін өндіріп жатқан қазақтар, сондан кейін 1930 жылы жоспар бойынша 84 мың 340 шаруашылық колхоздарға, ал соңынан «Жаппай ұжымдастыру жоспарына» сәйкес қалыс қалған шаруашылықтардың барлығы кіреді деп ұсынылған. Алайда, Мәскеу жоспарды асығыс әзірлеген, сондықтан «отырықшылықты» жүзеге асыру бойынша арнайы құрылған құрылым басқаларына қарағанда жоспарды тезірек орындауға тырысып, барлығын жаппай колхоздандыра бастады. 1930 жылдың 7 наурызына қарай шенеуніктер «отырықшылық» жоспарының 150%-ға асыра орындалуы туралы есеп береді. Онымен қоймай, Республикада колхоздарды ең аз деген инфрақұрылыммен қамтамасыз ететін қаражаты жоқ екені белгілі болды. Бұл мәселенің барлығы қазақтардың әп-сәтте кедейленуіне әкеліп соқты. Бірінші кезекте, астықты тапсыру бойынша міндеттемелерді орындай алмаған қазақтар, астыққа малын ең төмен бағамен ауыстыруға мәжбүр болды. «Қошқарды 15 пұт нанға, сиырды 1,5 пұтқа, биені 2 пұтқа, түйені 3 пұтқа, ал жақсы жылқыны 4 пұт астыққа ауыстырды». Осылайша, аудандағы қазақ мал өсірушісі жергілікті органдардың бұйрығын орындау үшін соңғы сиырларын астыққа ауыстыруға мәжбүр болған еді [6; 232 б.].

Осыдан кейін қазақтар Ресейдің асқан тәбетіне қандай да бір қарсы тұруға тырысты ма? - деген сұрақ туындайтыны сөзсіз. Әрине, мұнда әр жерлерде көтерілістер, диверсиялар басталды, бірақ бұл радикалды наразылықтардың бірыңғай орталықтары болған жоқ. Біздің халықымыз осындай заңсыздықтарға қарсы шықты. 1928 жылы бас көтерулер басталды, ал 1931 жылы біздің бұрынғы Семей облысында болған көтерілістер түгелдей белгілі және зерттелді деу қиын еді. Біздегі көтерілістердің ішінде белгілілері, тарихқа кіргендері біршама ұйымдасу көріністері бар - Абыралы, Шыңғыстау және Шұбартау көтерілістері. Біз білмейміз, көтерілістердің бүгінгі біздерге қандай әсер етуін. Қыруар адамның көздері жойылған бұл көтерілістердің бүге-шігесін әлі толық білмейміз. Осындай белгісіз көтерілістердің қатарына 1931 жылы тамыздың ортасында, бүгінгі Тарғыбатай ауданының Қызылкесік ауылдық округі жерінде болған Алақ көтерілісі жатады. Көтеріліске осы ауылға жақын орналасқан Аякөз, Жарма, Көкпекті аудандарының біраз тұрғындары да қатысқан. Осы көтеріліс кезінде ОГПУ-дің қызметкерлері, коммунистер және комсомолдар талқандалды. Ашынған халық ОГПУ қызметкерлері мен кейбір комотряд мүшелерін өлтірген. Бұл көтерілістің антиорыстық сипаты болған жоқ. Себебі, сол кездегі Қызылкесік ауылында бірнеше орыс жанұясы да тұрған [23; 27-30 б.].

2021 жылы шыққан А.Т. Абдуллинаның «Қазақстандағы 1930 жылдардағы ашаршылық туралы куәгерлердің естеліктері: деректану мәселелері және күнделікті өмірдің көрінісі» атты мақаласында 1930 жылдардағы ашаршылық кезіндегі қазақтардың өмірі туралы отбасылық оқиғалар мен естеліктер дереккөз ретінде ұсынылады. Мақалада Семейдегі және оның төңірегіндегі ашаршылық туралы Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі Әбдірахман Асімжановтың әсерлі баяндауы берілген. 17 жасында Семей құрылыс училищесінің студенті болған Асімжанов, өз ұстазы Шкиртовтан аштықтан құтқару мақсатында Ресейдің Рубцовск, Барнауыл, Бийск қалаларына, сондай-ақ Өзбекстанға, Түркменстанға және КСРО-дан тыс жерлерге - Қытайға, Иранға аттанған қазақтардың азық-түліктері мен малдарының тәркіленгені туралы естігенін айтады. Шкиртов Ертіс өзені бойындағы Жаңасемей қаласының көшелерінде ашыққан адамдардың тобын және өлген адамдардың мәйіттерін көргенін айтты. Бұл қайғылы хабар қалада тұратын жас жігіттің жүрегін ауыртып, оны туған жеріне асықтырды. Ол училищеден берілетін өзі бөлінген азмаз нан қорымен жолға шықты. «Алты бөлік нанға қоса, училищенің жолға беретін отыз сом көмегін алып, қаладан отыз шақырымдай қашықтағы Семейтауға бет түзеп жолға шықтым. Күн батқанша Иманбай қарттың бекетіне жету керек деген оймен тез-тез жүріп келемін. Қарасуға түсіп терлеп кеттім. Тер қатып ауырып қалмасам деймін. Айнала әппақ қармен жабылған, тіпті көк аспан да ақшылданып тұр. Қыбырлаған жан жоқ. Елсіз даладағы қар жамылған төбелер маған жақындық білдірмей, мүлгіп тұрғандай. Бұл бүркенген Семейтау биігі де алыстан менің қиындығымды сезгендей, ауыр ойға шомып тұрғандай. Жол бойында қарға көмілген ақсақалды қарт пен жас жігітті көргенде, жүрегім дірілдеп, денеме мұздай су құйылғандай болды. Көзімнен аққан жас тамшыларын жеңіммен сүртіп, жүрегімді тыныштандыру үшін жанымда жүрген дұғаны оқып, бетімді сипадым. Олардың бастарындағы тымақтар қаракөсек руынан екенін білдіретін белгі болды. Қаладан алыстамай жатқанда, ол аш қазақ әйелі мен мейірімді орыс әйелі Нина Ивановнаны кездестірді. Орыс мас шаруасы оларды адам жегіштер деп күдіктеніп, ұрып-соғып жатқан еді, ол оларды құтқарып қалды. Нина Ивановна оған Семейтау тауының етегінде екі ұлы мен күйеуінің жоғалып кеткені туралы қайғылы әңгімесін айтып берді. Жігіттің туған ауылы бос, тыныш, әдеттегідей иттердің үріп жатқан дауысы да естілмейді. Барлық жерде өлімнің іздері. Үйге барар жолда Әбдірахман аштықтан қайтыс болған адамдардың жаңа денелерінің арасында әлі тірі бір сәбиді көрді, оның әлсіз дауысын естіді. Жігіт баланы қолына алып, нанды шайнап, баланың аузына салды, бірақ ол көп ұзамай дүниеден озды. Бұл 1930 жылдардағы кеңестік Қазақстандағы күнделікті өмірдің барлық ащы шындығы емес еді. Жігіттің туған ауылы бос, тыныш, әдеттегідей иттердің үріп жатқан дауысы да естілмейді. Барлық жерде өлімнің іздері. Үйге барар жолда Әбдірахман аштықтан қайтыс болған адамдардың жаңа денелерінің арасында әлі тірі бір сәбиді көрді, оның әлсіз дауысын естіді. Жігіт баланы қолына алып, нанды шайнап, баланың аузына салды, бірақ ол көп ұзамай дүниеден озды. Бұл 1930 жылдардағы кеңестік Қазақстандағы күнделікті өмірдің барлық ащы шындығы емес еді [24; 96 б.].

В. Михайловтың «Ғаламат жұт шежіресі» еңбегінде «Свободная Европа» радиосының қазақша қызметінің директоры Едіге Мағауин әкесінің естеліктерін келтіреді: «1952 жылдың жазында менің әкем, өзінің әкесінің 1932 жылы мұғалім сертификатын алғаннан кейін бірден ауылға сабақ беруге жіберілгендігін, бірақ ол бірде-бір оқушыны таба алмағанын, себебі барлық балалардың қайтыс болғандығы туралы біледі». Ол өзінің ата-әжелеріне төлем ретінде берілген жарты қап бидайдың арқасында туыстарының қалай аман қалғанын білді; олардың теміржол бекеттерінің жанында адам мәйіттерін жеп жатқан адамдарды көргендерін, аштық аяқталғаннан кейін туған ауылдарына оралып, ондағы алғаш болған 70-отбасынан тірі қалған 13 отбасымен кездескені және үлкен атасының өзен жағасында шашылып жатқан адам сүйектерін бір үйіндіге жинағандығы туралы айтады [20; 145-146 бб.].

1930-1934 жылдары Қазақстан халқының кем дегенде төрттен бір бөлігі қайтыс болды. Жаппай өлім ауылдардан барлық жайылымдылық қорлар алынып, көшпенділердің малдары тартып алынған кезде басталды. Барлық жерде кедейліктің көрінісі болды, ол теміржол станцияларының бойындағы ашыққан балалар, жол бойындағы көмілмей жатқан мәйіттер, бір үзім нан үшін болған қанды төбелестер, қираған отбасылар, каннибализм [25; 13 б.].

Ауыл шаруашылығындағы соңғы апат 1932 жылы болды. Астықтың ақырғы қорлары таусыла бастады, егін өткен жылға қарағанда нашар болып шықты, алайда соған қарамастан большевиктер аудандардан нан мен малдарды алуды жалғастырды. Барлық аудандардағы адамдар аштық қаупінен қаша бастады. Орталық Қазақстанның далалық аймақтары мүлдем дерлік құлдырап кетті. 1932 жылдың желтоқсан айында Жаңаарқа ауданынан халықтың жартысынан көбі қашып кетті. Торғай ауданында 5 мыңнан астам отбасы әлі де болса тұрып жатты. Ал, Шұбартау ауданының 1933 жылдың қаңтар айындағы баяндамасында: «соңғы мәліметтер бойынша ауданда шамамен саны 7000 адам болатын 1500 шаруашылық қалды. Шұбартау ауданының тұрғындары қайда қашқанын ешкі айта алмады» - делінген [20; 336 б.].

Аштық қасіретінен және оның салдарынан ешкім құтыла алмады. Ашыққан адамдар шөптер мен басқа да өсімдіктерді жей бастады. Олар иттерді, мысықтарды, құстарды, тышқандарды және ауылдан ұстап алуға болатын барлық жәндіктерді азық қылды. Арам өлген сиырлар мен жылқыларды асып жеді. Қабірлерден жерленген өліктер қазып алынып, желінді. Бірақ бұл әдістер ашыққан адамдарға көпке жетпеді. Сондықтан, оларға туған жерлерін тастап қашудан басқа амал қалмады. Адамдар неғұрлым ірі мекендерге, теміржол станцияларына, совхоздарға және үлкен құрылыстарға қарай бет алды. өйткені, көпшілік кезде мұқтаж адамдарға қандай да бір азық-түлік келіп түссе де, көлік мүмкіндіктерінің болмауына байланысты ол шетте жатқан ауылдарға жете алмады [20; 157-159 бб.]. 1930–1932 жылдарда Семейде «Қызыл Дала», «Социалды Шығыс» газеттерінің редакцияларында қызмет істеген Сәду Машақов сол кездегі аянышты жағдайды еске алып: Осы қайғылы 30-шы жылдарда қала көшелерінде, Абыралы, Абай, Шұбартау, Қызылтаң ауылдарына баратын жолдарда аштан қырылған адамдарды өз көзіммен көрдім. Ашаршылықтың аяусыз азуына ұшыраған қазақ ауылындағы шаруалар өмір сүру үмітімен қалаға қарай жолға шықты. Аштықтан әлсіреген, дені құрғаған адамдар жаяу жүріп, қалаға жетуге тырысты. Жол бойында жүздеген жанның қаза тапқанын тірі жеткендер ауыр жүрекпен айтатын еді. Қалаға келген аштардың көшеде дем алмай, жан тапсырып жатқандарын өз көзімізбен көрдік. 1931 жылдың күзінде даладан қалаға ағылып келген аш, арықтар Семей қаласының көшелерін толтырды. Қаланың шет жағындағы Училищная көшесінде орналасқан “19 февраль” атындағы бастауыш орыс мектебінде аш-арықтарға баспана берілді. Қызыл кірпіштен салынған екі қабатты мектеп үйін ауылдан келген жандарға жатақ етіп бергенімен, олардың көбісі аштықтан әлсіреп, күшсізденіп қалған еді. Кейбіреулері қалаға жеткен соң, тамақ іше алмай, дем ала алмай, өмірден озды. Осы аш адамдарға қала орталығынан ыстық тамақ әкеліп, таратып тұрды. Түс кезінде үлкен кастрюльге толтырылған кеспе сорпа әкелінді. Әр адамға бір-екі кесе сорпа мен бір тілім қара нан берілді. Тамақ келген кезде бәрі аулаға шығып, ретке тұрып, кезекке тұрды. Олардың қолдарында консерві банкасы, шыны банкалар, ағаш ыдыстар болатын. Шорбаны осы ыдыстарға құйып, бір тілім қара нанмен бірге таратылды. Олардың тәулігіне ішетін тамақтары осы ғана болатын» [26; 14-16 бб.].

1930 жылдардағы ашаршылықтан бері 90-жылдан астам уақыт өтсе де ұрпақтар ойынан әлі күнге ұмыт болмауында айтарлықтай себептер де жоқ емес сияқты. Бұл жылдар қазақ халқының басына төнген қасырет бұлты артына айықпастай із тастады. Қазақ халқының үштен бірі, сол жылдары ашаршылықтан қырылып қалды. Кейбіреулері босқынға ұшырап, басқа елдерге, басқа құрылыстарға жан сауғалап, туған жерлерінен ауып кетті. Архив құжаттарынан табылған мәліметтерде, Камышенка ауданының Алексеевка ауылына 200 дей бай-кулак отбасы орналастырылған екен, бұл отбасылардың жағдайлары өте ауыр болған. Совхоз басшылары кулактар отбасыларын тұрғын үймен, азық-түлікпен қамтамасыз етпейді. Олар жергелерді паналап, антисанитариялық жағдайда, аштықта өмір сүрген. Осыған байланысты қашуға әрекеттер жасалған. Павлодар облысының бай-кулактар ауылында аштықтан 30 адам қайтыс болған. Олардың жағдайын жақсартуға жергілікті басшылық ешқандай шаралар атқармаған екен [27; 152 б.].

Тарих деректерінен байқағанымыздай, 1930 жылдан 1933 жылға дейінгі кезең Кеңес Қазақстанында, сол кезде Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы деп аталған, елестету мүмкін емес қайғылы кезең болды. Ашаршылық адамдардың өмірін және отбасыларын жойып, ауыр зардаптарға әкелді. Ашаршылықтан зардап шеккен Қазақстанның миллиондаған тұрғыны өмір сүру үмітімен көршілес Кеңес Одағының аумақтарына (Қырғызстан, Өзбекстан, Еділ бойы және Батыс Сібір) және Қытайдың батысындағы Шыңжаң аймағына қашуға мәжбүр болды. Бұл бұрын-соңды болмаған, халықтың көші-қоны туралы ауқымды дағдарыс тудырды. Кейбіреулері ешқашан туған жеріне қайта оралмады. Сондықтан бүгінгі күні Шыңжаңда, Ресейде, Өзбекстанда және Қырғызстанда көптеген қазақтар өмір сүруде, олар ашаршылықтан қашқан қазақтардың ұрпақтары.

**Қорытынды.** 1930 жылдардағы Шығыс Қазақстандағы ашаршылық аймақ тарихындағы қайғылы тарау болып қала береді. Аштықтың осы заманауи тұжырымдамалық талдауында бірнеше негізгі қорытынды жасауға болады. Ұлы апаттың себептері көп қырлы болды. Аштық құрғақшылық пен егіннің жетіспеушілігі сияқты табиғи факторлардан туындап қана қоймай, сонымен бірге саяси шешімдер мен ұжымдастыру саясатымен тығыз байланысты болды. Үкіметтің ауыл шаруашылығын жедел индустриаландыру мен ұжымдастыруға бағытталуы, астықты мәжбүрлеп сатып алумен қатар, азық-түлік тапшылығын күшейтті. Көптеген адамдар аштықтан және аурудан қайтыс болды, ал тірі қалғандар физикалық және психологиялық жарақат алды. Отбасылар бөлініп, қауымдастықтар біржола өзгерді. Көптеген жылдар бойы Кеңес үкіметі аштықтың бар екенін жоққа шығарды және ол туралы ақпаратты жасырды.

Ашаршылық - бұл бір отбасының немесе бір ауылдың ғана емес, сол кездегі бүкіл халықтың басына түскен ауыр қайғы. Осы тұрғыдан алғанда, ашаршылық тақырыбын зерттеудің маңызы өте зор. Қазіргі

отандық тарихнамада аталған тақырып жан-жақты зерттеле бастағанымен, қазақ жеріндегі ұлы апаттың әлі де ашылмаған сырлары көп. Осы бағыттағы мәселелер мемлекет деңгейінде талқыланып, тиісті зерттеулер жүргізілуде. Тек тарих дереккөздерге жүгіну тарихшыларға қолданылған әдіснама және фактілер бойынша дұрыс қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл проблема әлі де толық ашылмаған және өзіне тән күрделіліктері бар. Осы тақырыпқа байланысты қазіргі кезде жарияланып жатқан еңбектердің негізінде жан-жақты ғылыми зерттеулер жүргізуіміз керек.

Әлемдік тарихтағы ең ұлы трагедиялардың бірі «Ұлы апат» – Кеңес империясындағы қазақтардың геноцидін қазақстандық тарихшылар Тәуелсіздік дәуірінде жан-жақты зерттеп, әлемдік тарих ғылымында кеңінен жария етуге тиіс. Қазақстандық тарих ғылымына жаңа екпін қоятын кез келді. Жиналған мәселелер мен сұрақтар өз зерттеушілерін және байыпты талдауды күтуде.

Осылайша, тақырыпты зерттей келе байқағанымыз, ашаршылық ең алдымен халықтың ең қорғансыз және осал тобы – балалар мен халықтың даналығы мен өмірлік тәжірибесінің қайнар көзі болған қарттарды ең көп қырғынға ұшыратты. Қазақстандағы ашаршылықтың аз зерттелген жақтарының бірі – қаза болғандардың нақты саны. Әр түрлі ғалымдар аштық кезіндегі өлім-жітімнің ауқымы туралы әртүрлі мәліметтер келтіреді. Адам шығыны тұрғысынан Қазақстандағы ашаршылық сталинизмнің ең ауыр қылмыстарының бірі болды.

Кеңестік тоталитарлық саясаттың салдарын бүгінде тарихшылар, саясаттанушылар зерттеу үстінде. Бұл тарихтың осындай қайғылы беттері болашақта қайталанбауы үшін және ол туралы біздің жастарымыз біліп, есте сақтауы үшін қажет.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfauulaanbaatar/press/news/details/142657?lang=kk&ysclid=lwkd22j0e984028358>
2. Әбілқожин Ж., Алдажуманов Қ. Этноцид // Егеменді Қазақстан. - 1992. - 30 мамыр. - 24 б.
3. Әкімбаев С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы: Институт Азиатских исследований, 2021. - 584 с.
4. Омарбеков Т.О. Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағлымы: т.ғ.д. ... дисс. авторефераты. - Алматы, 1994. - 30 б.
5. Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги (1930-1933 гг). Хрестоматия. – Алматы: «Қазақ университеті», 2011. -204 с.
6. Камерон С. Голодная степь: голод, насилие и строительство Советского Казахстана. - Москва, 2020. - 360 с.
7. Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / пер. с нем. Л.Ю. Пантиной. - М.: РОССПЭ, 2017. - 382 с.
8. Из истории величайшей трагедии казахского народа 1932-1933 гг. Сборник. - Семипалатинск, 2005. – 268 с.
9. Абай облысы Мемлекеттік архиві (АОМА). 578 қор. I тізім. 17 іс. 90 п.
10. Zhanbosinova A.S., Zhandybayeva S.S., Atantayeva и др. The historical memory on modernization of the Kazakh aul in soviet narratives // Opcion, Año 36, No.91 (2020): 426-441. <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2s2.085085044294&origin=inward&txGid=874eb17e7bae786420043cbf064383ba>
11. Асылбеков М.Х. Население Казахстана по Всесоюзной переписи населения 1939 года I т. - Алматы, 2009. - 387 с.
12. Ашаршылық. 1932–1934 Деректі хроника. Құжаттар жинағы = Голод. 1932 – 1934. Документальная хроника. Сборник документов. Т. 3 / құраст. Б. Әбдіғалиұлы Б. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. –1032 б.
13. Татимов М. Социальная обусловленность демографических процессов. Алма-Ата: Наука, 1989. – 125 с.
14. Алдекен А.С. 1931-1933 жылдардағы Қазақстандағы нәубет / Голод 1930-х годов в Украине и Казахстане: вопросы историографии и подходы к исследованию проблем (к 80-летию трагедии): Сборник материалов международной научно-методической конференции. - Астана, 2014. – 236 стр.
15. Зулкашева А.С. Трагедия казахского аула 1928-1934: сб. док. Т. 2: 1929 - январь 1932 / [сост. А.С. Зулкашева [и др.]. – Алматы: Раритет, 2018. - 744 с.

16. Жиромская, В. Б. Демографическая история России в 1930-е годы: взгляд в неизвестное. Москва, РОССПЭН, 2001. - 280 с.
17. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві (ҚРОМА). 30 қор. 7 тізбе. 80 іс. 137 п.
18. Сактаганова З. Голод в Казахской степи и последствия «Великого Дзжута» 1931-1933 гг. в Центральном Казахстане: к историографии проблемы. // <https://e-history.kz/ru/library/show/24094>
19. Смагулова С.О. XX ғ. 30 жж. Шығыс Қазақстандағы аштық: демографиялық зардантары // Үлкен Алтай әлемі. – 2018. - № 4(1). - 177-185б. <https://nitsaltaytanus.wixsite.com/altaijournal/smagulova>
20. Михайлов В. Фаламат жұт шежіресі. – Алматы: Мектеп, 2013. – 296 б.
21. Пианчола Н. Сталинская «иерархия потребления» и великий голод 1931-1933 гг. в Казахстане. - *Ab Imperio*. - 2/2018 - стр. 80-116
22. ҚРОМА. 30 қор. 9 тізбе. 21 іс. 25-41 пп.
23. Каримов М.К. Шығыс Қазақстанда 1931 жылы болған беймәлім Алақ көтерілісі. / «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін: себептері және салдары» тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы – Семей қаласы, 2021. - 27-30 бб.
24. Абдуллина А.Т. Қазақстандағы 1930 жылдардағы ашаршылық туралы куәгерлердің естеліктері: деректану мәселелері және күнделікті өмірдің көрінісі. // *Отан тарихы*. - 2021. - №3 (95). - 93-99 бб.
25. АОМА. 15 қор. 4 тізбе, 110 іс. 13 п.
26. Әбдіғалиұлы Б. Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника : куәгерлер естеліктері, ашаршылық туралы жазылған кітап-жинақтар материалдары, көркем әдебиет үзінділері — Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021.- 604 б.
27. ҚРОМА. 30 қор. 7 тізбе. 80 іс. 152 п.

#### References:

1. Tokaev K.K. Tәuelsizdik barinen kymbat [Independence is the most expensive thing]. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfauaanbaatar/press/news/details/142657?lang=kk&ysclid=1wkd22j0e984028358>
2. Abilkozhin Zh., Aldazhymanov Қ. Jethnocid. [Ethnocide] // *Egemendi Kazakstan*. - 1992. - 30 мамыр. - 24 б.
3. Akimbekov S. Kazahi mezhdru revoljuciej i golodom. [Kazakhs between revolution and famine] – Алматы: Institut Aziatskih issledovanij, 2021. - 584 s.
4. Omarbekov T.O. Kazak sharyalaryn zheke menshik kozhalyktarynan ajiyry zhane uzhyndactyry: tarihy men taglymy [Separate and collectivize Kazakh sharyas from privately owned farms: history and education]: t.g.d. ... diss. avtoreferaty. - Алматы, 1994. - 30 b.
5. Omarbekov T. Golodomor v Kazahstane: prichiny, masshtaby i itogi (1930-1933 gg). [Holodomor in Kazakhstan: causes, scale and results (1930-1933)]. *Hrestomatija*. – Алматы: «Қазақ университеті», 2011. - 204 s.
6. Kameron S. Golodnaja step': golod, nacilie i ctroitel'ctvo Covetckogo Kazahctana. [The Hungry Steppe: Famine, Violence and the Construction of Soviet Kazakhstan] - Moskva, 2020. - 360 s.
7. Kindler R. Stalinskie kochevniki: vlast' i golod v Kazahstane [Stalin's Nomads: Power and famine in Kazakhstan] / per. s nem. L.Ju. Pantinoj. - M.: ROSSPJeN, 2017. - 382 s.
8. Iz ictorii velichajshej tragedii kazahckogo naroda 1932-1933 gg. [From the history of the greatest tragedy of the Kazakh people in 1932-1933.] *Sbornik*. - Semipalatinsk, 2005. – 268 s.
9. Abaj oblysy Memlekettik arhivi [The State Archive of the Abai region (SAAR)]. 578 қор. 1 тизим. 17 іс. 90 п.
10. Zhanbosinova A.S., Zhandybayeva S.S., Atantayeva u др. The historical memory on modernization of the Kazakh aul in soviet narratives // *Opcion*, Año 36, No.91 (2020): 426-441. <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2s2.085085044294&origin=inward&txGid=874eb17e7bae786420043cbf064383ba>
11. Asylbekov M.H. Naselenie Kazahstana po Vsesojuznoj perepisi naselenija 1939 goda. I t. [The population of Kazakhstan according to the All-Union census of 1939] - Алматы, 2009. - 387 s.
12. Asharshylyk. 1932 - 1934. Derekti hronika. Құзhattar zhinagy = Golod.1932 - 1934. Dokumental'naja hronika. [Hunger.1932 - 1934. Documentary chronicle] *Sbornik dokumentov*. T. 3 / kurast. B. Abdigaliuly B. – Nur-Sultan: Foliant, 2021. – 1032 b.
13. Tatimov M. Social'naja obuslovlennost' demograficheskikh processov. [Social conditionality of demographic processes] - Alma-Ata: Nauka, 1989. - 125 s.

14. Aldeken A.S. 1931-1933 zhyldardagy Kazakstandagy naubet [The disaster of 1931-1933 in Kazakhstan] / Golod 1930-h godov v Ukraine i Kazahstane: voprosy istoriografii i podhody k issledovaniju problem (k 80-letiju tragedii): Sbornik materialov mezhdunarodnoj nauchnometodicheskoy konferencii. - Astana, 2014. – 236 str.
15. Zulkasheva A.S. Tragediya kazahskogo aula 1928-1934 [Tragedy of the Kazakh aul 1928- 1934]: sb. dok. T. 2: 1929 - janvar' 1932 / [sost. A. S. Zulkasheva [i dr.]. – Almaty: Raritet, 2018. - 744 s. 1
16. Zhiromskaja V. B. Demograficheskaja istorija Rossii v 1930-e gody: vzgljad v neizvestnoe. [Demographic History of Russia in the 1930s: a look into the Unknown] - Moskva, ROSSPJeN, 2001. - 280 s.
17. Kazakstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik arihivi (KROMA). [The Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK)]. 30 қор. 7 тизбе. 80 is. 137 p.
18. Caktaganova Z. Golod v Kazahckoj ctepi i pocledctvija «Velikogo Dzhyta» 1931-1933 gg. v Central'nom Kazahctane: k ictoriografii problemy. [Famine in the Kazakh Steppe and the consequences of the "Great Jute" of 1931-1933 in Central Kazakhstan: towards the historiography of the problem] // <https://e-history.kz/ru/library/show/24094>
19. Cmagylova C.O. XX g. 30 zhzh. Shygyc Kazakctandagy ashtyk: demografijalyk zardaptary [The famine in the Eastern Kazakhstan in 1930s: the demographic consequences] // Ulken Altaj alemi. – 2018. - № 4(1). - 177-185 b. <https://nitsaltaytanus.wixsite.com/altajjournal/smagulova>
20. Mihajlov V. Galamat zhut shezhiresi. [The Chronicle of the Great Jute] – Almaty: Mektep, 2013. – 296 b.
21. Pianchola N. Stalinskaja «ierarhija potreblenija» i velikij golod 1931-1933 gg. v Kazahstane. [Stalin's "hierarchy of consumption" and the Great Famine of 1931-1933 in Kazakhstan] - Ab Imperio. - 2/2018 - str. 80-116
22. KROMA [CSARK]. 30 қор. 9 тизбе. 21 is. 25-41 pp.
23. Karimov M.K. Shygys Kazakstanda 1931 zhyly bolgan bejmalim Alak koterilisi. [Unknown Alak uprising in East Kazakhstan in 1931] / «XX gasyrdyn 20-30 zhyldaryndagy sajasi қugyn-surgin: sebepteri zhane saldary» takyrybyndagy respublikalyk gylymi-praktikalyk konferencijasynyn bajandamalar zhinagy. – Semej kalasy, 2021. - 27-30 bb.
24. Abyllina A.T. Kazakctandagy 1930 zhyldardagy asharylyk tyraly kyagerlerdin ectelikteri: derektany maceleleri zhane kundelikti omirdin korinici». [Eyewitness memories of the famine of the 1930s in Kazakhstan: questions of source studies and reflection of everyday life] // Otan tarihy. - 2021. - №3 (95). - 93-99 bb.
25. AOMA [SAAR]. 15 қор. 4 тизбе. 110 ic. 13 p.
26. Abdigaliuly B. Asharylyk. Golod. 1928–1934. Dokumental'naja hronika: kuagerler estelikteri, asharylyk turaly zhazylgan kitap-zhinaktar materialdary, korkem adebiet uzindileri [Hunger. 1928–1934. Documentary chronicle] - Nur-Sultan: Foliant, 2021. - 604 b.
27. KROMA [CSARK]. 30 қор. 7 тизбе. 80 is. 152 p.



FTAХР/MPHTI/IRSTI:03.41.91  
ӨӨЖ/УДК/UDC 94(574)

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2024.83.4.024>

А.Ж. Жумабаев\*<sup>1</sup>, У.Т. Ахметова<sup>2</sup>, А.Тұрарұлы<sup>3</sup>

<sup>1</sup>«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, ғалым-хатишы, магистр,  
Атырау қ., Қазақстан, E-mail: tarix212@mail.ru

<sup>2</sup>Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,  
Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессоры м.а., т.ғ.д., Атырау қ., Қазақстан  
E-mail: [ulzhan.a67@mail.ru](mailto:ulzhan.a67@mail.ru)

<sup>3</sup>«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, бас инспектор, Атырау қ., Қазақстан  
E-mail: [aibek\\_tu@mail.ru](mailto:aibek_tu@mail.ru)

## АЛТЫНОРДАЛЫҚ САРАЙШЫҚТЫҢ ҚЫШ БҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа

Мақалада Жошы Ұлыстық Сарайшық қаласының қыш бұйымдарының зерттелу тарихы қарастырылады. Сарайшық – XIII-XVI ғасырларда Шығыс пен Батыс әлемін байланыстырған Ұлы Жібек жолының үстінде орналасқан білімі мен ғылымы өркендеген, қолөнері мен саудасы дамыған қалалардың бірі болды. Жайық өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан, тоғыз жолдың торабы ретінде жұртшылыққа белгілі. Орта ғасырларда қыш өндірісі дамудың жаңа сатыларынан өтіп, бұйымдардың түрлері көбейеді. Сарайшық секілді қаланың қыш бұйымдар өндірісіне транзиттік керуендер арқылы келетін қыш ыдыстар, тауарлар тасымалдауға арналған ыдыстардың ықпалы зор болған. Оны қаладан табылған Қырым, Кавказ, Төменгі Еділ бойы, Хорезм өңірлерінің қыш өндірісі белгілері дәлелдеген. 1909 жылы Сарайшық қаласы орнынан шамамен 2 сажын тереңдіктен табылған құмыраның сыртқы бетінде шығыстың көрнекті ақыны Жүсіп Баласағұнның XI ғасырда жарыққа шыққан «Құтты білік» атты дидактикалық поэмасынан үзінді жазылғаны белгілі болды.

Сарайшықтың қыш бұйымдар кешенінде әртүрлі пішінді сырланбаған қызыл түсті қыш ыдыстардың саны басым келген. Одан кейін, сұр түсті және қалыпталған қыш ыдыстар түрлері орын алады. Сырланған қызыл түсті қыштан және кашин балшығынан жасалған қыш ыдыстар түрлері кешенді толықтырады. Қыш ыдыстар ішінде шеттен тасымалданған импорттық бұйым түрлері де бар. Қыштан жасалған сәулеттік эшекейлер де кешеннің ажырамас бөлігін құрайды.

**Кілт сөздер:** Археология, Қазақстан тарихы, Алтын Орда, Сарайшық, сырланбаған қыш бұйымдар, сырлы қыш бұйымдар, жәдігерлер.

*Алғыс:* Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің ЖТН ВР 22082480 «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы аясында дайындалды.

А.Ж. Жумабаев\*<sup>1</sup>, У.Т. Ахметова<sup>2</sup>, А. Тураулы<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшық»,  
ученый секретарь, магистр, г. Атырау, Казахстан, E-mail: tarix212@mail.ru

<sup>2</sup>Атырауский университет им. Х.Досмұхамедова,  
и. о. профессора кафедры истории Казахстана и всемирной истории, д.и.н., г. Атырау, Казахстан  
E-mail: [ulzhan.a67@mail.ru](mailto:ulzhan.a67@mail.ru)

<sup>3</sup>Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшық», главный инспектор,  
г. Атырау, Казахстан, E-mail: [aibek\\_tu@mail.ru](mailto:aibek_tu@mail.ru)

## ИССЛЕДОВАНИЕ КЕРАМИЧЕСКОГО КОМПЛЕКСА ЗОЛОТООРДЫНСКОГО ГОРОДА САРАЙШЫК

Аннотация

В статье рассматривается история изучения керамических изделий золотоордынского города Сарайшык. Сарайшык – В статье рассматривается история изучения керамических изделий золотоордынского города Сарайшык. Сарайшык – один из городов с процветающим образованием и наукой, развитым ремеслом и торговлей, расположенный на Великом Шелковом пути, соединявшем

Восток и Запад в XIII-XVI веках. Расположен на правом берегу реки Жайык на пересечении множества дорог. В эпоху Средневековья керамическое производство прошло новые этапы развития, увеличились ее виды. На производство гончарных изделий в Сарайшыке, большое влияние оказали гончарные сосуды, прибывшие транзитными караванами, а также сосуды для транспортировки товаров. Об этом свидетельствуют обнаруженные в городище признаки гончарного производства Крыма, Кавказа, Нижнего Поволжья и Хорезма. На внешней стороне хума, найденного в глубине 2 сажень на месте городища Сарайшык в 1909 году, были написаны отрывки из дидактической поэмы выдающегося поэта востока Юсуфа Баласагуни «Благодатное знание», вышедшей в XI веке.

В керамическом комплексе Сарайшыка численно доминируют, естественно, разнообразные формы неполивной красноглиняной керамики, далее следуют сероглиненная и штампованная керамика. Дополняет комплекс поливные красноглиняная и кашинная керамики. В комплексе керамики есть также импортные привозные образцы. Неотъемлемую часть этого комплекса составляет архитектурный декор.

**Ключевые слова:** Археология, история Казахстана, Золотая Орда, Сарайшык, неглазурованная керамика, глазуванная керамика, экспонаты.

*Благодарность:* Статья подготовлена в рамках программы Министерства Культуры и информации Республики Казахстан "Золотоордынские памятники Сарайшык, Ушкан, Ащысай, Карагайлы в контексте историко-культурного наследия (XIII-XV вв.), ИРН BR 22082480.

A.Zh. Zhumabaev\*<sup>1</sup>, U.T. Akhmetova<sup>2</sup>, A. Turaruly<sup>3</sup>

<sup>1</sup>State Historical and Cultural Museum-Reserve "Saraishyk", Scientific Secretary, Master, Atyrau, Kazakhstan  
E-mail: tarix212@mail.ru

<sup>2</sup>Atyrau University named after Kh.Dosmukhamedov, Acting Professor of the Department of History of Kazakhstan and World History, Doctor of Historical Sciences, Atyrau, Kazakhstan  
E-mail: ulzhan.a67@mail.ru

<sup>3</sup>State Historical and Cultural Museum-Reserve "Saraishyk", chief Inspector, Atyrau, Kazakhstan  
E-mail: aibek\_tu@mail.ru

## THE STUDY OF THE CERAMIC COMPLEX OF THE GOLDEN HORDE CITY OF SARAISHYK

### Abstract

The article examines the history of the study of ceramic products of the Golden Horde city of Saraishyk. Saraishyk is one of the cities with flourishing education and science, developed crafts and trade, located on the Great Silk Road connecting East and West in the XIII-XVII centuries. It is located on the right bank of the Zhaiyk River at the intersection of many roads. In the Middle Ages, ceramic production went through new stages of development, its types increased. The production of pottery in the Ural cities, as well as in Saraishyk, was greatly influenced by pottery vessels that arrived by transit caravans and vessels for transporting goods. This is evidenced by the signs of pottery production in the Crimea, the Caucasus, the Lower Volga region and Khorezm found in the Urals. On the outside of the khum, found 2 fathoms deep at the site of the Saraishyk settlement in 1909, excerpts from the didactic poem "Kutadgu Bilig" by the outstanding poet of the East Yusuf Balasaguni, published in the XI century, were written.

Various forms of unglazed red clay ceramics dominate numerically in the ceramic complex of Saraishyk, followed by glazed red clay and kashin ceramics, as well as imported samples. An integral part of this complex is the architectural decor.

**Keywords:** Archeology, history of Kazakhstan, Golden Horde, Saraishyk, unglazed ceramics, glazed ceramics, exhibits.

*Gratitude:* The article was prepared within the framework of the program of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan "Golden Horde monuments Saraishyk, Ushkan, Ashchysai, Karagaily in the context of historical and cultural heritage (XIII-XV centuries), IRN BR 22082480.

**Кіріспе.** Ортағасырлық Сарайшық қаласы – Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы маңында орналасқан. Жазбаша дереккөздерден Жошы Ұлысының (Алтын Орда), Ноғай Ордасының және Қазақ хандығының астанасы ретінде танымал ескерткіш. Ортағасырлық тарихшы-шежіреші Әбілғазы Баһадүр хан қаланың негізін қалаған атақты Бату хан екенін, Алтын Орданың билеушісі Жәнібек ханның, оның ұлы Бердібек ханның Сарайшық шаһарында таққа отырғанын

жазады. Саяхатшы Әбу Абдаллах Мұхаммед ибн Баттута XIV ғасырда Сарайшықта Ұлысу (Жайық) өзенінен өтетін жүзбелі көпір болғанын атап өтеді [1, 10 б.]. Сарайшық шаһары Берке хан, Өзбек хандардың билігі кезінде ислам дінінің рухани орталығы ретінде танылған. Ол турасында XVI ғасырда өмір сүрген тарихшы Өтеміс қажы ибн Маулан Мұхаммед Досты Берке ханның ислам дінін Сарайшықта қабылдағанын жазады. Қала қазақ хандары - Бұрындық пен Қасымның резиденциясы болған. Қадырғали Жалайырдың анықтауынша, атақты Қасым хан Сарайшықта қайтыс болып, осы қалада жерленген екен.

Ең алғашқы боп Сарайшықты зерттеген кәсіби археолог – Н.К. Арзютов. Ол 1937 жылғы қыркүйекте Сарайшықта зерттеу жұмыстарын жүргізді. Одан кейін, 1950 жылы Әлкей Марғұлан жетекшілік еткен Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы қала орнында жұмыс жасаған. Бұл экспедиция құрамында атақты археологтар: Г.И. Пацевич, Е.И. Агеева, А.Г. Максимова, т.б. болған. 1973-1983 жылдары археолог Л.Л. Галкин Сарайшықта барлау-бақылау жұмыстарын жүргізіп, шағын қазбалар жасаған. Онымен қатар, атыраулық өлкетанушы В.К. Афанасьевте 1957-1990 жылдар аралығында қала орнына барлау-бақылау жұмыстарын жүргізіп, жәдігерлер жинақтап, музейге өткізіп тұрған. 1990-2008 жылдары Сарайшықта археолог Зайнолла Самашевтың жетекшілігімен Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Экспедиция құрамында археологтар В. Плахов, М. Қожа, Ю. Мотов, Д. Талеев, Б. Әділгереев, М. Қасенов және тағы басқалары жұмыс жасады. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде «хан» сарай кешені, монша, құдық, мешіт, т.б. көптеген нысандар ашылды. 2017 жылы жалғасқан Атырау тарихи-өлкетану музейінің қазба жұмысына да З. Самашев жетекшілік етті. 2019 жылдан бері Сарайшықта кешенді археологиялық қазба жұмыстарына жергілікті ғалымдар Ө. Мұқтар, Ұ. Ахметова, А. Тұрарұлы, В. Плахов, т.б. жетекшілік жасады. Бұл кездері «Хан моласы» қазбасы зерттеліп және Жайық өзенінің жағалау аймағына бірнеше қазбалар салынды. Ортағасырлық қоғамдық ғимарат, тұрғын үйлер орамы, монша, көше т.б. нысандар ашылып, зерттеу жұмыстары жалғасып келеді.

Кенестік кезеңде, 1937 жылы қыркүйек айында Сарайшықта 14 күн жұмыс жасаған Н.К. Арзютовтың ғылыми есебіне қарасақ, Сарайшық қазбасынан көптеген жәдігерлер табылған [2, 97 б.]. Олардың қатарында мойын бөлігі сынған құмыра, шеттері ғана сынған мескей, сфероконус, қыш тиынсауыт, қыш шырағдан, қыш ыдыстардың қақпақтарының сынығы, араб графикасымен алтын бояулы жазуы бар ыдыстың бөлігі, қайық тәріздес сырлы ыдыстың сынығы, үлкен құмыраның тұтқасы бар мойын бөлігі, т.б. бар. Өкінішке орай, Н.Арзютов өз ғылыми есебінде қыш материалдарына тарихи-хронологиялық түсіндіру берместен тек олжалардың тізімін ғана берген.

Қазақ КСР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтының тапсырмасымен Сарайшыққа 1950 жылғы тамыз айында Ә. Марғұлан келіп қазба жүргізген. Ә. Марғұлан қазбаның қорытындыларын тезистеп, 1951 жылы КСРО-ның Бүкілодақтық археологиялық кеңесінде сөз сөйлейді. Экспедиция қала орнының батыс бөлігінен қыш күйдіретін үлкен пешті ашқан. Ә. Марғұлан: «Қазба жұмыстарын жүргіздік. Жұмыстар қаланың солтүстік-батысындағы Жайық өзені жарқабағынан басталды. Нәтижесінде мол керамика мен тұрмыстық материалдар табылып, Сарайшықтың қолөнершілер аумағы анықталды» дей келе, қала моңғол шапқыншылығына дейін қалыптасқан деп жария еткен [3]. Экспедицияның қыш материалдарымен Е.И. Агеева айналысқан. Табылған олжалар түгелдей Алматыдағы Орталық музей қорына тапсырылған.

Сарайшықта жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша орта ғасырларда қала Шығыс пен Батыстың ортағасырлық өркениетін байланыстырған Ұлы Жібек жолы мен оның тармақтары бойындағы маңызды сауда және мәдени орталық болғанын растайтын бай материалдар алынды. Бұған қазба жұмыстары кезінде табылған қала тұрғындарының көптеген тұрмыстық заттары куә: өсімдік тәріздес және зооморфты ою-өрнектермен безендірілген және араб графикасымен жазылған әртүрлі мәтіндегі қыш бұйымдар (құмғандар, хұмдар, көзелер, шығырлар мен құмыралар, шырағандар мен түбектер, кеселер, тостағандар, гүлабандар) мен трапезунд және қырым амфораларының фрагменттері, қытай фарфор ыдыстарының сынықтары, сондай-ақ, сүйектен, темірден және қоладан жасалған көптеген бұйымдар.

**Материалдар және әдістер.** Қыш (керамика) адамзат тұрмысында алғашқы қолданыста болған материалдар қатарында. Балшықтан түрлі бұйым жасап, оның беріктігін арттыру үшін күйдіру ісі мезолит, неолит дәуірлерінде пайда болып, содан бері тоқтаусыз даму үстінде.

Мақаланың негізін Сарайшық зерттеушілерінің теориялық және археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері құрайды.

Ортағасырлық Сарайшық қаласынан табылған қыш бұйымдардың ерттелу тарихын сипаттауда Н.Арзютов, Ә.Марғұлан, Е. Агеева, В. Афанасьев, З. Самашев, В. Плахов, О. Кузнецова, Я. Лукпанова секілді археологтардың еңбектері негізге алынды. Мақалада отандық және ресейлік зерттеушілердің еңбектеріне салыстырмалы талдау жасалынды.

Сарайшық қаласынан табылған қыш бұйымдар кешенін зерттеуге артефактілерді жіктеу, талдау, ұқсас түрлерін анықтау (аналогия) әдістері қолданылды.

**Талқылау.** Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының мүшесі Е.И. Агеева «Керамика Сарайчик» атты ғылыми есебінде ортағасырлық Сарайшық қаласынан табылған қыш өнері бұйымдарын зерттеп талқылаған. Аталған ғылыми есеп бүгінде Ә. Марғұлан атындағы Археология институтында сақталған. Ғылыми есеп Ә.Х. Марғұланның 1950 жылғы Сарайшықта жүргізген қазбасының нәтижелерін баяндаған [4, 47-65 п.].

Е.И. Агеева Сарайшықта №1, №2, №3, №4, №5 қазба орындарында археологиялық жұмыстар жүргізіп, табылған сырлы және сырланбаған қыш бұйымдарды саралаған [4, 48 п.]. Ол алдымен сырлы қыш бұйымдарға тоқталады. Қазба барысында 212 дана бедерлі өрнегі бар жартылай фаянс ыдыс, 87 дана қара сырлы өрнегі бар мөлдір түсті ыдыс, 37 дана жасыл түсті тегіс келген сырлы ыдыс, 4 дана кобальт реңді ақ түсті сырлы ыдыс, 42 дана ішкі беті көгілдір сырлы ыдыс фрагменттері табылған. Сырлы қыш бұйымдар - №1 қазбадан - 56 дана, №3 қазбадан - 255 дана, №4 қазбадан - 34 дана, №5 қазбадан - 151 дана, барлығы 496 дана алынған. Сырланбаған қыш бұйымдардан 341 жәдігер есепке алынған. Оның ішінде: кесе тәріздес - 51 дана, тік бұрышты тұтқасы бар ыдыстар - 55 дана, тостаған тәріздес ыдыстар - 15 дана, қазандар - 20 дана, хұмдар - 15 дана, құмғандар - 5 дана, қыш ыдыстың бүйірлері - 108 дана, т.б.

Сырлы қыш бұйымдардың негізгі бөлігі бедерлі өрнегі бар жартылай фаянс ыдысының сынықтары. Ғалым қазба жұмыстары кезінде табылған осы типтегі барлық ыдыстар Алтын Орда керамикалық шеберлігінің тарихын зерттеу үшін ерекше қызығушылық тудырғанын айта келе, Сарайшықтан табылған осы формадағы ыдыстардың сипаттамаларына тоқталған. Мысал ретінде зерттеуші есепте ең жақсы сақталған екі жәдігерге: шағын көзе мен кесе тәріздес ыдыстарға толық түсініктеме береді.

Е.И. Агеева Сарайшық қаласынан табылған сырлы қыш бұйымдарды төмендегіше хронологиялық топтарға бөлген. Алғашқысы, бірінші топ жасыл түсті тегіс келген және өсімдік тәріздес, геометриялық бедерлі ою-өрнегі бар сырлы ыдыстардан тұрады. Олар Еділ, Кавказ маңы, Орта Азия аумағында XII ғасырда пайда болады, бірақ аталған өндіріс XIII ғасырға жатады.

Екінші топ XII-XIV ғасырларға тиесілі бедерлі өрнегі бар жартылай фаянс ыдыстан құралады. Бұл ыдыстар Еділ бойындағы және Кавказдағы Алтын Орда қалаларының қазбаларындағы материалдармен, дәлірек айтсақ, Сарай-Берке, Үкектің қазба материалдарымен ұқсастықтарға ие. Сондай-ақ, Н. Калинин Татарстанның Орталық музейінің Алтын Орда қыш бұйымдары коллекцияларын сұрыптап, ыдыстарды осы түрге жатқызады, К.Н. Папа-Афанасопуло да аталған пікірді қолдап, Самарқанд музейінен №А-46-618 және Белореченская теміржол бекетінен табылған тостаған Сарайшықтан табылған тостағандарға жақын болғанын келтіреді.

Ең соңғы үшінші топты XIV-XV ғасырларға жатқызады.

Сырланбаған ыдыс-аяқтардың арасында араб графикасы жазуы бар ою-өрнектері мол сұр қыштан жасалған ыдыстар ерекше орын алған.

Қазіргі таңда зерттеушілер тарапынан әр жылдары Сарайшықтың қыш бұйымдарын жүйеге келтіру мақсатында ғылыми есептер, мақалалар, еңбектер жарық көрген.

Өлкетанушы В.К. Афанасьев 1958-1976 жылдар аралығында жинақтаған Сарайшық қыш бұйымдарын Атырау облысы тарихи-өлкетану музейіне тапсырып, оның тізімін Ә. Марғұлан атындағы Археология институтына да берген [5]. Аталған тізім Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі қорындағы қыш ыдыстар қорын толықтырған.

З. Самашев пен О.В. Кузнецованың 2000 жылы жарық көрген «Поливная керамика Сарайчика» мақаласында 1996 жылдан бастап Сарайшықта қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған сырланған қыш бұйымдар кешеніне жан-жақты талдау жасалған [6, 84-86 б.].

Осы З. Самашев пен О. Кузнецованың «Новые данные о керамике Сарайчика» мақаласы 2003 жылы Сарайшықта жүргізілген қазбадан табылған сырланбаған қыш бұйымдарды жүйелеуге арналған [7, 130-131 б.].

Қыш бұйымдарды дайындау үшін шикізат ретінде, қызыл түсті ыдыстарға құрамында темірі көп саз балшықты пайдаланған. Ал, сұр түсті қыш бұйым дайындау үшін балшыққа әкті көбірек

қосқан екен. Одан басқа, саз балшық құрамына слюда, тальк (ақ минерал ұлпасы), кварц, дала шпаты, шамот, ұсақталған гранит ұнтағы сияқты минералдар қоспасы мен түк, көң, ұлутас қиыршығы секілді органикалық заттар да шамасына қарап қосылып отырған. Қалыпқа келтірілген ыдыс сыртына түрлі-түсті балшықтан дайындалған қоймалжың ерітіндіні жағу арқылы жылтыр реңге бояуды ангобтау деп аталады.

Теориялық тұрғыда қыш күйдірудің орта жағдайына тәуелді екі түрі бар. Қышқылды ортада күйдіру (тотықтыра күйдіру) – қарапайым күйдіру түрі, ол кезде кәдімгі саздың қасиеттеріне байланысты қызыл немесе сұр қыш алынады. Қалпына келтіру ортасында күйдіру (тотықсыздандыра күйдіру) үшін пеш ішіне ауа кірмейтіндей етіп барлық тесіктерін балшықпен майлап бітеп, бұқтырып қояды. Бұл арқылы, шикізат құрамындағы қоспаларға байланысты, әр түрлі түс палитрасына қол жеткізуге болады.

Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының мүшесі, археолог Я. Лукпанованың «Керамика Сарайчика (обзорный анализ по итогам раскопок 2006 года)» мақаласы қала орнындағы 2006 жылғы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері бойынша керамиканы талдауға арналған [8, 221 б.]. Қазба жұмыстары нәтижесінде табылған ірі көлемді құмыраға, көлемі шағын құмыраларға, шүмегі бар құмғандар фрагменттеріне, мескей, хұм, хұмша, түбек, шығырлар, штампөрнекті ыдыстарға, кашиндік керамикаларға, сырланған қызылбалшықты ыдыстарға, селадон ыдысы сынықтарына талдау жасалынған. Мақалада тостағанның 2 түрлі фрагменті ерекше қызығушылық тудырағанын төмендегіше сипаттайды: «Первый фрагмент орнаментирован эпиграфическим орнаментом на голубоватом фоне с использованным позолоты, обведенного красным контуром и с изображением орнамента в виде перьев крыла птицы черного цвета. На втором фрагменте изображение рисунка оконтуренного черной линией и рисунок в виде хвоста жар птицы, нанесенного позолотой. Возможно, это изделие иранских мастеров с использованием техники «минай» [8, 225 б.]. Бұйымдардың сырлануы әртекті. Кварц, далалық шпат, каолин, т.б. сілтілік материалдар 950° температурадан жоғары ыстықта шыныға ұқсас қабат қалыптастырып шыңылтырланатын болған. Мөлдір қарасұр сырлардың құрамында дала шпаты көп болса, күңгірттеу сырлардың құрамында қалайы тотығы бар екені байқалады. Қоңыр түске мыс тотығын қосу арқылы қол жеткізілген. Жасыл түс алу үшін мыс тотығы қолданылса, қаракөк түстен көгілдір түске дейін кобальт қолданылған. Көгілдір ақық түстес, қою қаракөк ултрамарин түсті ыдыстарға да кобальт қосу арқылы қол жеткізген.

1990-2017 жылдар аралығында Сарайшықта археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген археолог Зайнолла Самашевтың О. Кузнецова, В. Плаховпен бірлесе жазған «Сарайшықтың қыш бұйымдары» атты еңбегін ерекше атап өтуге болады [9].

тері, егістік және шабындық жерлерді анықтау, жеке меншік иелерін жою үшін жер бөлу, байлардың мүлкін тәркілеу науқандары, салық саясаты мен ауыл шаруашылығы өнімдерін жинау шаралары сипатталған.

Алайда Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдығындағы Ертіс өңіріндегі жер мәселесі, соның ішіндегі жер дауы мәселесі, түрлі орын алған қақтығыстар мен шиеленістердің шығу себептері мен алғышарттары және салдарлары өте аз көлемде зерттелген деуге толық негіз бар. Зерттеулердің басым көпшілігі 20-жылдардың екінші жартысындағы индустрияландыру мен ұжымдастыру кезеңдерін ғана қамтып, аграрлық саясатты талқылау тек экономикалық және саяси пікірталастар контекстінде ғана берілген.

Ертіс өңіріндегі жер дауы мәселесіне қатысты құнды деректердің басым бөлігі Абай облысының «Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы» мұрағатында жинақталғаны белгілі. Әсіресе, 152-қордың (Семей губерниялық жер басқармасы) құжаттарында Ертіс өңірінің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты көптеген мәліметтер кездеседі. Аталған қор құжаттарында 1920-1930 жылдар аралығындағы Ертіс өңірі тұрғындары арасында таптық қатынастарды орнату үшін кеңестер құру, партиялық ұяшықтардың қызметі, жерге орналастыру процестері, егістік және шабындық жерлерді бөлу, сондай-ақ жеке меншікті жою мақсатында жер бөлу мәселелері қамтылған. Сондай-ақ, түрлі жер реформаларын жүзеге асыру барысында орын алған шаруашылық ауылдар, тұрғындар арасындағы, әсіресе бай мен кедей, орта тап шаруалары арасындағы қақтығыстар мен шиеленіскен даулы мәселелерге қатысты құнды мәліметтер жинақталған.

**Нәтиже.** 1920-1930 жылдар аралығында Кеңес Одағының аграрлық саясатының басты бағыты – ұжымдастырудың бүкілодақтық ұмтылысы мен шаруашылықты ұйымдастырудың социалистік нысандарына өтуді көздеді. Бұл кезең қазақ шаруаларының өміріне және отырықшылықтың орнығуына әсер еткен бірмаша оқиғалармен ерекшеленді. Коммунистік қоғам құруға бағытталған большевиктік идеологияның ықпалымен Қазақстандағы Кеңес үкіметі ауыл шаруашылығы саясаты саласында белсенді қадамдар жасады. 1920 жылдардың бірінші жартысында жерге жеке меншікті жоюға және ұжымдық жер пайдалану формаларына көшуге бағытталған шаралар жүзеге асырылды. 1920 жылдардың екінші жартысында ұжымдастыру процесі қарқынды жүріп, 1930 жылдары ерекше шиеленісе түсті. Жер реформалары шаруаларды күштеп ұжымдастыруға, совхоздар мен колхоздардың құрылуына, сондай-ақ халықтың күштеп қоныс аударуына әкелді. Бұл өзгерістер шаруа халық арасында қайшылықтар мен қарсылық тудырып, ауыр әлеуметтік-экономикалық зардаптармен қатар жүрді.

XX ғасырдың басындағы Ертіс өңірінің экономикасының негізгі салаларының бірі - тарихи-экономикалық жағдайларына байланысты біршама аумақты қамтыған мал шаруашылығы мен егіншілік болды. Отырықшы аудандар қатарына Өскемен, Павлодар, Семей мен Бұқтырма уездері жатса, Қарқаралы мен Зайсан уездері мал шаруашылығы және егіншілікпен шұғылданды. 1920-1930 жж. Аралығындағы іске асырылған жер реформалары қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігіне айтарлықтай әсер етті. Ертіс өңіріндегі жер құрылымындағы өзгерістердің өңірдегі қоғамдық-саяси оқиғалар мен жергілікті билік органдарының қызметімен айқындалатын ерекшеліктері болды [9, 12 б.].

Негізгі оқиғалардың бірі – бұрын қазақ халқынан тартып алынған жерлерді қайтару болды. 1921 жылғы 2 ақпан мен 19 сәуірдегі жарлықтарға сәйкес 1921 жылғы ақпанға дейінгі қоныс аударушылар игермеген Ақмола, Қостанай, Торғай, Семей және Орал губернияларының бос жерлері қазақ шаруаларына қайтарылды. Дворяндар, капиталистер мен монастырлар жалға алған жерлер, сондай-ақ патша үкіметінің Сібір мен Оралдың казак әскерлеріне пайдалануға берген учаскелері де қайтарылды.

Кеңес үкіметі тұсында қазақ халқының арасында жерді пайдалану тәртібі табиғи тарихи-тұрмыстық жағдайларға байланысты кәсіптік тұрғыдан қауымдық-тайпалық жүйе ретінде дамыды және ең құнды, шұрайлы жерлер байлардың қолында шоғырланып, кедей халықтың көпшілігіне зиян келтірді деген түсінік болды. Сол себепті де, жер реформаларының басым көпшілігі қарапайым бұқара халыққа жерді теңдей бөліп, таптық теңсіздікті жоюға бағытталды. Дегенмен де, іс жүзінде уақыттың тапшылығы мен дайындықтың аздығынан туындаған олқылықтардың әсерінен, асыра сілтеушіліктер мен шиеленіскен даулы мәселелер жиі орын алды.

Жалпы Қазақстандағы жерге орналастыру жұмыстары 2 түрде жүзеге асырылды: біріншісі, тек кедей шаруашылықтарға ғана көмек көрсетілетін халықтың өз есебінен жүргізілетін ауылшілік жерге орналас-тыру. Екіншісі жартылай көшпелі және көшпелі халықтар тұратын аудандардағы үздіксіз жерге орналастыру. .

Үздіксіз жерге орналастырудың міндеті – Қазақстанды отарлаудың салдарын жою және тұрақты жемшөппен қамтамасыз етілген мал шаруашылығын жүргізуге қолайлы аумақты дұрыс ұйымдастыру болды [12, 8 п.].

Семей губерниясының құрамына енген уездердегі жерге орналастыру науқаны экономикалық және табиғи-географиялық жағдайларға байланысты әртүрлі уақытта басталып, өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Өскемен уезінде жерге орналастыру үрдісі 1922 жылы басталып, барлығы 1922-1925 жылдар аралығында 17702 адам 631510 десятина жерге орналастырылды. Алайда бірнеше себептерге байланысты, жергілікті қазақ халқы мен өзге ұлт өкілдері арасында түрлі қақтығыстар мен жер даулары орын алды [13, 37 п.].

1924 жылдан бастап үздіксіз жерге орналастырумен қамтылған аудандардағы шиеленістер көп қиындықтар туғызған. 1924 жылдың өзінде жерге орналастыру бойынша Өскемен уезінде 122 іс қаралып, оның 39-ы даулы болып шыққан [13, 38 п.]. Бұл аймақтардың айтарлықтай аумағына қарамастан, бұрынғы қоныс аударушылардың иелігінде болған жерлердің қазақ халқына белгіленген тәртіппен берілмегендігінен және қоныс аударған халық арасында жартылай даулы жерлердің болуына байланысты, іс жүзінде көптеген жерлер қайта бөлу есебіне алынбады. Сонымен қатар, 1926 жылы жерге орналастыру тәртібінің негізіндегі әкімшілік ауылдардың жер пайдаланудағы шекараларын белгілеу негізінде өте үлкен шекаралық даулар әлі де шешілмеген еді.

Өсіресе, Павлодар уезінде жер қатынастарына қатысты күрделі және даулы мәселелер жиі кездекен. Бұл даулардың екі түрі бар. Біріншісі – орыс халқының бұрынғы қоныс аудару басқармасы кезінде бөліп берген аумақтардан тыс жерлерді тартып алуына байланысты туындаған қазақтар мен орыстар арасындағы даулар болса, екіншісі – әкімшілік ауылдар мен болыстар арасындағы шекаралас аймақтарды иеленуден туындайтын қазақ халқының өздерінің арасындағы даулар. Жаппай жерге орналастыру аумағында орын алған осы даулардың барлығы шекаралық даулар есебінде жерге орналастыру кеңестерімен шешіліп, басқа салалар бойынша даулар Жер комиссияларының шешімімен шешіліп отырған [14, 114 п.].

Павлодар уезіндегі шиеленіскен даулы мәселелердің келесі бір себебі – Ертістің сол жағасындағы 10 шақырымдық жолаққа байланысты болды. Бастапқыда Павлодар уезі бойынша жерге орналастыру 1925 жылдан бастап 2 жыл ішінде аяқталуы керек деп жоспарланды. Осы мақсатқа жету үшін 1925 жылы уезд аумағына болашақ жерге орналастыру үшін даулы пункттері бар триангуляторлар желісі салынды. Алайда егіс науқаны басталған кезде аумақтағы 10 шақырымдық жолақтың орналасуына байланысты, сонымен қатар 650-ге жуық шаруа қожалығының жерді заңсыз пайдалануы, осыған орай кейбір даулы мәселелердің шешімінің әлі табылмауына байланысты көптеген даулар туындады. Белгіленген шекаралар негізінде де біршама даулар орын алды, өйткені жерге орналастыруды жүзеге асыру кезінде халық 3 бөлікке бөлінді: бірі жаңа шекараны орнатуды, екіншісі ескілерін қалдыруды, ал үшіншісі Губернияның жер кеңестері бекіткен шекараны талап етті. Жалпы, жерді игеру баяу қарқынмен жүрді, себебі шаруалар қанша қаласа да, өздігінен жерге орналаса алмады. Уездік жер бөліміне жерге орналастыруға өтініш берген күннің өзінде де, келісім-шарт жасасу кезінде шаруалар жерге орналастырудың бағасының қымбаттығын алға тартып, жерге орналастырудан үзілді-кесілді бас тартқан жағдайлар да болды [15, 339 п.].

Жерге орналастыру жұмыстары жүргізілген кейбір аймақтардағы осы сынды әлі де шешімі табылмаған көптеген дау-дамайлардың соңы төбелеске ұласқан жағдайлар да кездескен. Бұндай дауларды реттеу өте қиынға соқты. Себебі, біріншіден, жерді пайдаланудың үлкен күрделілігіне байланысты мұндай мәселелерді жерге орналастыруды аяқтау арқылы ғана шешуге болатын еді, бірақ жер өлшеушілердің болмауынан бұл мүмкін емес еді. Ал мемлекеттік жер пайдалану мекемесінің жұмыс жоспарына сәйкес және аудандық Кеңестер съезінің қаулысымен жұмыс аяқталып, жоспарлар тапсырылуы керек болды. Мұндай жағдайда тапсырманың 2 пайызы ғана орындау мүмкін еді [16, 59 п.].

Жерге орналастыру науқаны кезінде туындағын бұл даулы мәселелердің шығуының бірнеше себептері болды:

Біріншіден, жерге орналастыру халықтың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Науқанының алғашқы кезеңінде төлем қабілеті бар шаруашылықтар ғана жерге орналастырылып, жерді бағалау агрономдардың араласуынсыз тек тұрғындардың күшімен жүргізілді. Осылайша ауқатты шаруа қожалықтары шұрайлы жерлерді иемдену мүмкіндігіне ие болды. Мысалы, «Раздольный» ауылының өзінде ғана ауқатты шаруашылықтардың 90%-ы көшіп барған [13, 37 п.].

Нәтижесінде шұрайлы жерлердің кесіліп тасталуы негізінде наразы топтар тарапынан қақтығыстар туындаған. Мысалы:

1. «Топиха» және «Раздольный» ауылдарын Черемшан тұрғындарынан бөлу туралы бастамалар көтерілді.

2. «Гремячий Ключ» және «Григорьев» ауылдарын Тала-Үлбі тұрғындарынан бөлуге қатысты даулы жағдайлар орын алды [14, 114 п.].

Екіншіден, Уездік жер басқармасына қатысты бірыңғай басқару мен бақылаудың болмауы тұрақсыздықты тудырған. Аудандық жер бөлімшелерінің, әсіресе қоныстандырудың алғашқы жылдарында науқанға толыққанды дайын болмауы байқалды. Кеңес үкіметі жүргізген жер реформаларының мақсаты туралы қалың жұртшылыққа толық түсіндірілмеуі, сонымен қатар Уездік жер басқармасының қарапайым халық пен жергілікті билік органдарынан алшақ болуы - науқанның формальді сипатқа ие болуына әкеліп соқты.

Жұмыс барысына бақылаудың болмағандығына айғақ ретінде Свердловск болысы Георгиевское ауылындағы жерге орналастыру жұмыстарын мысалға келтіруге болады. Атап айтсақ, жерге орналастыруға дейін ескі жоспарға сәйкес ауылдың оңтүстік шекарасы Шар өзенінің бойымен өтіп, Шардың сол жағалауы көшпелі қазақ халқының суармалы жерлері болған. Алайда жерге орналастыру науқанынан кейін белгісіз себептермен Шар өзені толығымен орыс халқының иеліген көшіп кеткен. Нәтижесінде, өзенге қатынау мүмкіншілігінен айырылған көрші қазақ ауылдары, мал суару үшін шабындық және егістік жерлерге мал айдап, зиян келтіргені үшін жергілікті қазақ халқы мен орыс халқының арасында жиі келіспеушіліктер орын алған [13, 38 п.].

Келесі бір мысал, Шар болысында болыстық атқару комитеттерінің жұмыстың ауырлығы мен маңыздылығын ескермей жұмыстарына салғырт қараған жағдайы. Шар болысының атқару комитеттері жарлыққа формальды түрде қарап, қаладан келген жолдастар барлық жұмысты орындайды, ал олардың міндеті тек осы жолдастарға көмектесу деп түсінеді. Бірақ түсіндіру жұмыстарынан кейін Шар болысының атқару комитеті жұмысқа асығыс кірісіп, нәтижесінде кейбір жағдайларда ауылдарға өте әлсіз өкілдер жіберіледі. Олар өз кезегінде тапсырылған жұмысты дұрыс орындай алмаған. Мысалы, Меңдешев болысының №3 ауылына қазақ-орысша сауаты жоқ болыстық атқару комитеті мүшесі Майтышқанов жіберілген. Ол тұрғындарға жарлықты түсіндіру жұмыстарын атқармай, ауылдық комиссиямен бірігіп шабындық жерлерді үш ауданға бөлген. Ал аудан ауылдарындағы қайта бөлу жұмыстарын тұрғындардың өздеріне қалдырып, осылайша байлар мен ауқатты шаруалардың жақсы шабындық жерлерді алуына мүмкіндік берген [16, 86 п.].

Осыған ұқсас жағдай Бұқтырма уезінің Тимофеевская болысында орын алған. 1925 жылы Бұқтырма уездік партия конференциясында жолдас Турчев жағдайды былай сипаттайды: «Тимофеевская болысындағы жерге орналастыру өте нашар. Уезд комитеті басшылығының Тимофеев болысының жергілікті атқарушы ұйымдармен байланысты әлсіз. Тек бір рет ғана Подгорновая өлкесіне іссапармен барып, ол жердегі ұяшықтардың алты ай бойы бірде-бір жиналыс немесе жалпы жиын өткізбегені анықталған. Әрине бұл жерде ұяшықтарды әлсіз жұмыс жасап, тәртіпке бағынбады деп біржақты айыптау қиын.» [17, 206 п.].

Үшіншіден, жер өлшегіштердің жұмысқа әсерінің бар болғаны 33%-бен ғана шектелуі даулы мәселелердің шешілу үрдісін тежеді.

Осы және басқа да себептер туралы 1928/26 ж. жерге орналастыру жұмыстарының қорытындылары туралы тезистерде төмендегі олқылықтар айтылады:

1. Жерге орналастыру процесінің барлық түрлеріне халық өкілдерінің, сондай-ақ төменгі кеңестік аппараттың жаппай белсенді қатысуы байқалмайды, бұл өз кезегінде жерге орналастырудың бұқарадан бөлініп, Қазақстан территориясындағы шаруашылықты ұйымдастыру жөніндегі жұмыстың сапасының төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін.

2. Мемлекеттік бюджеттен қажетті қаражаттың бөлінбеуі салдарынан, 1924 жылғы 17 сәуірдегі ережеде көзделген жер сьездерінің жалпыға бірдей өткізілмеуі.

3. Жерге орналастыру және мелиорациялаудың мақсаттары мен міндеттері туралы халықтың нашар ақпараттануы.

4. Операциялық персоналдармен салыстырғанда әкімшілік-техникалық персоналдардың жалақысының сәйкес келмеуі, губерниялық аппарат қызметкерлерінің тапшылығына әкелді.

5. Гидротехниктердің жалақысының қысқаруы және тиісті біліктілігі бар жерге орналастырушылардың жалақысының аздығы кадрлардың тұрақсыздығына және ішінара кадрларды толтыра алмауына әкеп соқты [18, 1 п.].

Жерге орналастыру жұмыстары барысындағы орталықтан бөлінге қаражаттың жетіспеушілігі мен маман тапшылығының көрінісі, Зайсан БК(б)П уездік комитетінің 1925 жылғы желтоқсандағы ақпараттық есебінде де байқалады.

Өлкеде 1924 жылы жерге орналастыру жұмыстары әртүрлі себептерге байланысты үзіледі және оның ең басты себебі – жерге орналастыру жұмыстарына қаражаттың жетіспеушілігі болған. Келесі маңызды себептердің бірі – қазақ босқындарына жер телімінің жүргізілмеуі және осы мақсатқа бөлінген несиелердің жабылуы. Уездік жер басқармасы мен уездік комитеттің ескі құрамы тарапынан бірнеше өтініштер

берілгенімен, несиелер ашылмаған. 23 желтоқсанда президиум уездік жер басқармасы менгерушісінің баяндамасына сүйенен отырып, басқарманың 95%-ға жұмыс істемейтінін атап өтеді. Оның басты себептерінің бірі- уездік жер басқармасының техникалық аппаратының тым әлсіздігі. Жерге орналастыруда да, агрономияда да мамандар жоқ. Бұл мамандардың жалақысы салыстырмалы түрде төмен болғандықтан, әрі уездің мәдениет ошақтарынан шалғай орналасуына байланысты оларды табу мүмкін емес еді. Сонымен қатар халықты ауыл шаруашылығы құралдарымен қамтамасыз ету де жеткіліксіз [19, 151-152 п.].

1926 жылы 20 мамырда Орталық Атқару Комитеті Семей губерниялары территорияларында егістік және шабындық жерлерді тең бөлу жұмыстарын жүргізу туралы қаулы шығарды. Басты мақсат, біріншіден, қалыптасқан тегіссіздікті жою, екіншіден, ауылдың аз қамтылған тұрғындарының егістік пен шабындықтарды экономикалық тұрғыдан игеруіне жағдай жасау болды. Дегенмен де, бұл жұмыстар да бірнеше олқылықтар себебінен уақытылы жүргізілмей, бірізділіктің болмауынан түрлі даулы мәселелер мен наразылықтар орын алды. Мысалы, Семей губерниясының Өскемен уезіндегі атқарылған жұмыстар бойынша есепте, қабылданған жоспар бойынша жұмыстың 3 маусымда басталып, 5 шілдеде аяқталуы керек болғандығы, алайда тағайындалған өкілдердің бос болмауы салдарынан жұмысқа тек 7 маусымда кіріскендігі баяндалған [20, 17 п.].

Егістік және шабындық жерлерді бөлу науқанын Орта Азия республикаларында жүргізілген жер реформасымен салыстырып, қазақ халқы арасындағы кіші Қазан революциясымен салыстырылды. Науқанның формальды емес, нақты жүзеге асуы сол кездегі міндеттер мен кедейлердің қалың бұқарасының мүдделеріне байланысты болды [21, 191 п.].

Қазақ халқының арасында егістік жерлерді қайта бөлу жұмыстары ең алдымен сол өңірдегі халықтың егіншілікпен қаншалықты айналысатынына табиғи түрде сәйкес келуі керек еді, сондықтан барлық қазақ облыстарында егістік жерлерді қайта бөлу жұмыстары жүргізілмеді. Сондай-ақ шабындықтарға қатысты, халқы шөп шабумен айналыспайтын немесе шабындықтары жоқ таза көшпелі болыстарда шабындықтарды қайта бөлу жұмыстары жүргізілмеді. Егістік жерлерді де, шабындықтарды да қайта бөлудің ең үлкен жемісі, байлардың ең құнды және шұрайлы иелік еткен жерлерін, жерден таршылық көрген немес толықтай айырылған кедейлерге қайтарылуынан көрінбек деп есептелінді [22, 195 п.].

Кедейлердің бұл хабарды қуана қарсы алғаны туралы А.Б. Масановтың Өскемен уезіндегі сапарында айтылады: Үштік мүшелерінің, етіксіз кедейлердің Үштік төрағаларымен бірге шабындықтарды аралап, жүздері нұрланып, бір-бірімен жанды әңгімелескенін бақылау, егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу туралы декрет шыққанға дейін қолжетімсіз болған өздерінің құнды жерлерге заңды құқықтарын қалай пайдаланып жатқанын көру өте қызықты болды. Олар былай деп мәлімдеді: Біз қазір шынымен де Кеңес үкіметінің көмегін, оның біздің мүддемізді қорғауын көріп отырмыз. Уезд орталығында да, губерния орталығында да олардың бізге деген қамқорлығын көріп жүрміз [23, 152 п.]. Ал Меңдешев болысының өкілі былай деп жазады: Әңгімелері мен баяндамаларынан бұл біз үшін Кіші Қазан болды деген сөздер айтылды. Шар болысының уәкілетті өкілі былай деп жазады: Кедей шаруалар бөлініске қатты риза болды, әсіресе бұл №6 және №1 ауыл кеңестерінде байқалды, онда кедейлер қызыл жалауларын желбіретіп байларды жеңгенін тойлап: «Байлардың 60 десятина жерге иелік ететін дәуірі аяқталды. Жерлерді жан басына теңдей бөліп аламыз» [24, 59 п.]. Дегенмен, сол болыстың екінші комиссары былай деп жазады: «Кедейлер ұйымдасқанда өздерінің атқамінерлердің ықпалында екенін, араларында сауатты жұмысшылар болмағандықтан, жұмысты атқара алмайтындығын айтты.» деп жазады [25, 86 п.]. Бұл екі суреттемені сол болыстағы №1 ауылдың өкілдері жазғанымен, жазбалардан қарама-қайшылықтарды байқаймыз.

1927 жылы Губерниялық атқару комитетінің жалпы пленумы өткізіліп, барлық ауылдық кеңес төрағалары, хатшылар және басқа да көптеген азаматтар қатысады. Бұл отырыста егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу мәселелері тағы да талқыланды. Қайта бөлу туралы 11 адам сөз сөйлеп, өткен жылдары орын алған жерге орналастыру жұмыстарына көңілі толмайтынын, ең жақсы шұрайлы жерлердің байлардың иелігіне өтіп жатқаны туралы наразылықтарын білдіреді. Байлар өз кезегінде жерге орналастырудың тым ұзаққа созылып кеткендігі мен қашан аяқталатындығының белгісіздігіне қатысты шағымданады [26, 123 п.]. Сонымен қатар, отырысқа қатысушылар арасында Меңдешев болысындағы егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу жұмыстарын, Ұлан болысындағы сияқты көктемде қатар бастау керек болғандығы туралы, салдарынан соңғысына көптеген артықшылықтар берілгендігі жайлы наразылықтар да айтылды [26, 124 п.].

Науқанның алғашқы жылдарында-ақ жер дауына байланысты қақтығыстар шаруашылық ауылдар арасында жиі орын алған. Мысалы Меңдешев болысының №8 ауылында жүргізілген жұмыстар жайлы берілген есепте былай делінеді:



Меңдешев болысының №8 ауылына 16 маусымнан бастап біз үштік отряды және жергілікті халықты қосқанда шамамен 60 шақты адам, құнарлы жерлерді анықтау және өлшеу мақсатында егіс алқабына шықтық. Өзімізбен бірге құрал-жабдықтардан арқандар мен күрек болды. Біз арқандардың көмегімен екі өлшеу аймағына бөліп, екі партиямен өлшеуге кірістік. Осы уақытта қатысушылар да жұмысқа аралсауға тырысқанымен, құралдар жетіспеді. Айта кету керек, жұмыстың басында Ұлан болысындағы №1 ауылдағыдай кейбір жерлерді жасырып қалу әрекеттері байқалды. Ол жерлердегі шабындық жерлерді өлшеуге келгенде, сол шаруашылық ауылдың тұрғындары шабындықтардың шын мәнінде шабындық емес, жайылым ретінде пайдаланылатынын алға тарып, дәлелдеуге тырысқан. Бірақ, олардың әрекеттерін көріп ауылдардың тұрғындары әшкерелеп, соның негізінде шаруашылық ауылдар арасында да жиі қақтығыстар орын алған [26, 125 п.].

Келесі бір мысал, Нарым болысындағы қазақ халқына егістік жерлерді бөлу жұмыстарында туындаған даулы мәселе. Аталған өңірде бір жағынан, шекаралық дауларды шешу мен шаруашылық ауылдар арасында жан басы бойынша жерлерді теңестіру кезінде мүдделері қақтығысқан рулық топтар араздасқан. Екінші жағынан, жеке топтар арасында жерлерді теңестірудің салдарынан туындаған, нәтижесінде жер қатынастарында кедейлердің байға тәуелділігінің, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс-тіршілігінің бұзылуына әкеліп соққан ішкі таптық күрес кезіндегі әкімшілік ауылдар арасында қақтығыстар орын алған [27, 87 п.]. Аталған болыстағы Үлкен Нарым мен Меңдешев ауылдарының арасындағы келесі бір келіспеушіліктердің себептері төмендегідей болды: Үлкен Нарым ауылы даулы болған шабындықтардың 1924 жылдан бері өз ауылының азаматтарына тиесілі десе, ал Меңдешев ауылы бұл шабындықты 1922 жылдан бері пайдаланып келе жатқанын алға тартқан [28, 55 п.].

Шаруашылық ауылдар арасындағы қайта бөлу жұмыстары кезінде рулық араздықтар байқалды, бірақ шаруашылық ауылдың ішіндегі қайта бөлу кезінде бұл араздықтар көмескіленіп, оның орнына таптық күрес ерекшелене түседі. Мысалы Ұлан болысындағы шаруашылық ауылдар арасында қайта бөлу кезінде байлар өз жерлерін өздеріне бекітуге ұмтылған. Мұндай ауылдардың кедейлері белсенділік танытпады. Ал шаруашылық ауылдың ішіндегі қайта бөлу жұмыстары басталғанда кедейлер мен байлардың мүдделері алшақтап, бір-біріне қарсы шықты [29, 198 п.].

Сонымен бірге, Жеке шаруашылықтардың да шекараларының бұзылуынан да қақтығыстар туындап отырды. Мысалы, кейбір шаруа қожалықтары көп жерді иемденіп қалу мақсатында арнайы қазықтар соққан. Бұл шекараның бұзылуын зардап шеккен шаруашылықтар өлшеу арқылы немесе өздері анықтаған. Соның салдарынан түсініспеушіліктер туындап, ауыл үштіктері арқылы реттеліп отырды [30, 126 п.].

Ертіс өңірінде орын алған жер дауларының үлкен үлесі байлар мен кедейлердің және орта шаруалардың арасындағы араздықтарды құрайды. Бұл қақтығыстардың туындауының бірнеше себептері бар. Ең алдымен, билік тарапынан кедей, орта және ауқатты шаруа ұғымдарын анықтауға қатысты әдістер мен тұжырымдар үлкен дәлдікпен әзірленді деп айту қиын. Өйткені, әсіресе егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу жұмыстары кезінде жергілікті жұмысшылар осы мәселеге қатысты шатасып, шешім қабылдауда қиындықтар туындады [31, 58 п.]. Екінші бір түрткі болған жағдай, егістік және шабындық алқаптарды қайта бөлу жұмыстары кезінде 1 сортты құнарлы жерлердің басым бөлігінің кедейлерге үлестіріп берілуінде болды. Ұзақ уақыт иелігінде болған шұрайлы жерлерінен айырылып қалған байларға бұл жағдай әрине ұнамады. 1, 2 және 3 сортты егістік алқаптарының бөліну тәртібін төмендегі кестеден көруге болады. [32, 37 п.].

1-кесте. Бұқтырма уезіндегі 1, 2 және 3 сортты егістік алқаптарының бөліну тәртібі.

1, 2 және 3 сортты егістік алқаптарын бөлгенге дейін									1, 2 және 3 сортты егістік алқаптарын бөлгеннен кейін								
кедей шаруалар			орта шаруалар			ауқатты шаруалар			кедей шаруалар			орта шаруалар			ауқатты шаруалар		
1 сорт	2 сорт	3 сорт	1 сорт	2 сорт	3 сорт	1 сорт	2 сорт	3 сорт	1 сорт	2 сорт	3 сорт	1 сорт	2 сорт	3 сорт	1 сорт	2 сорт	3 сорт
2170	1662	1612	819	962	550	1391	430	-	4482	1845	246	215	1055	791	-	-	1124

Осы кестені зерттей отырып біз кедейлердегі 1 сортты жерлердің %-ы шамамен 50% өскенін көреміз. Орта шаруаларда 1-ші сортты жерлердің пайызы да 50% азайған. Орта шаруалардың 2 және 3 сортты жерлерінің ұлғаю көрсеткіші де шамалы ғана. Сондай-ақ, орта шаруалардың жер пайдалану көрсеткішінде де айқын нашарлау байқалмайды. Оның себебі, бір жағынан, орта шаруалар қатарына ауқатты шаруаларға жақын тұрғындардың біразы кірсе, екінші жағынан, ең жақсы жерлерді алған кедейлер тобына орта шаруаларға жақын тұрғындардың енгені себеп болған.

2- кесте. Нарым болысының егістік жерлерін қайта бөлуге дейінгі әлеуметтік топтар бойынша бөлу [33, 90 п.].

Кедей шаруалар	Орта шаруалар	Ауқатты шаруалар
I сортты жерлер -2170 шаруаға	I сортты жерлер -819 шаруаға	I сортты жерлер -1391 шаруаға
II сортты жерлер -1662 шаруаға	II сортты жерлер -962 шаруаға	II сортты жерлер - 430 шаруаға
III сортты жерлер -1612 шаруаға	III сортты жерлер -550 шаруаға	-

3-кесте. Нарым болысының егістік жерлерін қайта бөлу кезінде әлеуметтік топтар бойынша бөлу.

Кедей шаруалар	Орта шаруалар	Ауқатты шаруалар
I-4482	I-215	I -
II-1846	II-1055	II -
III-246	III-791,5	III-1124,5

Дәл осындай жағдай Нарым болысында да орын алған. Нарым болысында да 1 сортты иеленген кедейлердің саны қайта бөлуден кейін екі есеге өскен. Бұқтырма уезіндегі сияқты Нарым болысында да ауқатты шаруаларға 1 және 2 сортты егістік алқаптары бөлінбей, тек 3 сортты жерлер ғана үлестірілген.

Шұрайлы жерлерінен айырылған байлар өз наразылықтарын әртүрлі жағдайда жеткізген. Кейбір аймақтарда байлар белсенділік танытып, ашық түрде қарсылық көрсетке, кейбірі жасырын түрде әрекет етіп, әртүрлі айла-шаралар қолданған.

Байлардың көп жағдайда өз мүдделерін жасырын әрекет арқылы жүзеге асыруға тырысқаны байқалады. Қайта бөлу жұмыстарына қатысты ашық түрде наразылық немесе қарсылық білдірмеген. Олар өздерінің талаптарын ықпалында болған кедейлер арқылы жеткізген. Мысалы бай Шұқыбасов жұмысшылар үштігінің төрағасының өз ауылынан болғанын қалап, сол үшін кедейлерді ауыл үштігінен осы жайлы өтінуге көндірген. Кедейлер байдың айтқанын орындаған. Орта шаруалар болса, көпшілігінің кедей шаруаларды жақтауына қарамастан, аса қатты белсенділік танытпаған [34, 127 п.].

Кейбір байлар шаруашылығындағы мал санын аз қылып көрсету мақсатында шаруашылықты жалған түрде бөліп, осылайша байлар немесе ауқатты адамдар қатарына жатқызылудан құтылғысы келген. Мұндай жолмен байлардың ұлдарының бірыңғай ауыл шаруашылығы салығынан босатылған жағдайлар да кездескен [35, 157 п.].

Екінші жағынан, байлар кедей шаруаларға қысым көрсете отырып, оларды жиналыстарда кейбір байлар мен ауқатты адамдарды орта шаруаларға, тіпті біразын кедей шаруалар қатарына жатқызуды талап етуге қатысты мәлімдеме жасауға мәжбүрлеген.

Келесі бір жағдай Нарым болысындағы 7-шаруашылық ауылдар орын алған. Байлар мен ауқатты шаруалар егістік жерлерді теңестіріп қайта бөлу жұмыстарының салдарын кедейлерге қарағанда әлдеқайда ерте түсініп, сол себепті де қайта бөлуге қарсы тұру үшін кедейлерді өз мақсаттарында қолданады. Науқаның бастапқы кезеңінде аталған ауыл кедейлері тарапынан орыс халқының пайдалануындағы даулы жерлер берілмесе, ауылда қайта бөлуді жүзеге асыруға құлықсыздығы туралы арыздану жағдайлары кездескен [27, 87 п.].

Тереңгүл болысында Байлар «шабындық көп болған сайын төлейтін салық та көп болады» деп кедейлерді қорқытып, үгіт-насихат жүргізген. Мысалы, шабындық жерлерді халық арасында бөлу кезінде салықтан жалтарған кедейлер Хусайын Жанқарин атты байға 50 десятина жерді шабуға рұқсат берген. Ал шын мәніде жан басына пропорционалды түрде үлестірсе 10 десятинадан артық жер алмауы тиіс болған [36, 73 п.].

Ауқатты шаруалар да орыс тұрғындары сияқты шабындықтарды жан басына емес, мал санына қарай бөлу арқылы Орталық Атқару Комитетінің қаулысын бұзуға, сондай-ақ бірнеше жылдар бойы үнемі пайдаланылып келген шабындық жерлерді қайта бөлуге қоспауға тырысқан. Мысалы, Нарым болысында Атақоныс атты байдың жерлері қайта бөлуге кірмеген. Бұл жағдайды сол ауылдағы кедейлердің өз құқықтарын қорғай алмауымен түсіндіруге болады [28, 56 п.]. Сонымен бірге байлардың науқанға ашық түрде қарсылық білдірген жағдайлар да кездеседі. Мысалы Ұлан болысында №6 ауылда "Құтымбет" руынан шыққан бай Саменов, Әжібай атты кедейдің егістік жерін жыртып, бұл іс сотқа беріліп, кінәліге қарсы қылмыстық іс қозғалған. Осы жағдайдан кейін кедей-кепшіктердің сөзінен байлардың мынадай әңгімелері аңғарылған: Солай-ақ болсын, бәрін алындар, бірақ одан байымайсындар, Құдай бізге мал берді, малымызды да оған берер жемімізді де құдай береді, өзі асырайды [37, 129 п.].

Шар болысының №5 ауылындағы тәжірибелік жұмыс барысында келесідей дау туындайды: Төлеңғұт руынан шыққан азамат Мұхамеджан Раисов бай статусынан айырылып орта шаруаға айналған. Шаруашылығының құлдырауына себеп болған 1922 жылғы жұт. Дегенмен де ол бұрындары төңіректегі халыққа жалға берген шабындықтардың үлкен аумағына ие болып қалған. Бірақ жер телімінің жан басына сәйкес бөлінетіндігі туралы мәселе қозғалғанда, ол: Ешкімді мойындамаймын, жер ұзақ уақыт бойы бізге тиесілі болды және тиесілі, осыған байланысты қайта бөлу мүмкін емес. Оған кедейлер былай деп жауап қайтады: «Біздің есебімізден өмір сүргендерің жеткілікті, енді біз сендерден жалға алмаймыз, біз теңдей бөліп аламыз» [38, 63 п.].

Байлар тарапынан Болыс үштігінің мүшесі, әрі Қосшы ауылдық одағының төрағасы кедей Малыбаевқа қайта бөлу кезінде кейбір азаматтарды ұрып-соқты деген сияқты бірнеше айыптар тағылған. Тексеріс барысында барлығы Малыбаевқа оң баға беріп, байлардың туыстарын пайдаланып жалған куәгерлер арқылы тағылған айыптарын жоққа шығарды. Осындай әдістер байлар тарапынан қарсыластарын жеңу үшін жиі қолданылған [39, 168 п.].

Кейде Қосшы одағының мүшелері билеуші рудың ықпалынан шыға алмай, байлардың немесе басшылық еткен рудың мүдделерін жақтауға тырысатын жағдайлар болды. Мысалы, Рахиша ауылындағы кедейлер ру басшыларының пайдалануындағы жер учаскесіне байланысты бір-бірімен араздасып қалған. Рахиша ауылының кедейлері аталған жерлердің өз ауылдарына тиесілі екенін алға тарса, Мамыров атты байдың қол астына жиналған басқа бір топ кедейлер, жердің олардың ауылынан алшақта орналасқанына қарамастан, жерге иелік етуге талпынған [34, 127 п.].

Қазақ кедейлерінің ғасырлар бойы жер қатынастарында байға тәуелділігінің қаншалықты күшті болғанын, Мамырай Құдас атты байдың жалпы ауданы 115 десятин егістік алқаптарының, оның ішінде 91 десятин суармалы жерлерінің Мәстек Бұлақ атты басқа руға берілгеніне қарамастан, олардың оны пайдалануға алуға қорқып, аудандық атқару комитетіне басқа жерден жер бөлуді өтініп, бұл жерлерді алғысы келмейтіндігі туралы арызбен бүкіл делегацияны жібергенінен көруге болады.

Одан әрі шаруашылық ауылдар арасында жерлерді бөлу кезінде, № 6 ауылда кейбір рулардың жермен қамтамасыз етілуіндегі айқын теңсіздікке қарамастан, бай ықпалындағы кедейлер ауқатты шаруалардың жерлерін басқа руларға иелікке беруіне наралызық білдірген [27, 87 п.].

Дегенмен байлар өздерінің белсенділіктерін көрсетіп, қайта бөлуге ықпал етуге тырысқанымен, көбінесе кедейлер мен орта шаруалардың бірлескен қарсылықтарына тап болды. Дауыстарынан айырылға байлар егістік алқаптарына барып, ол жерде де оларды келемеждеп, қайта бөлу жұмыстарына араластырмаған. Тіпті, кейбір жерлерде байларды жер өлшеу жұмыстары кезінде арқан тасытып, жұмыс күші ретінде пайдаланған сәттерде кездескен. Осының бәрі қайта бөлу науқанының ауылдың қалың бұқарасын дүрліктіргенін меңзейді. Бұл жағдайды Стобов былайша сипатталады: Орта шаруалар үндемейді немесе кедей шаруалардан бірдеңе қалса, бізге де береді дейді. Кедейлер жерді бөлу жұмыстарын тағатсыздана күткендей топ-топ болып жиналған. Байларға ешнәрсе бермеу ниеті айқын көрінеді [32, 37 п.].

Кедейлер мен байлар арасындағы араздықтың өршіген сәттерін №6 ауыл тұрғындарының жалпы жиналысында болған жағдайдан да көруге болады. Жиналыс бойынша есепте былай делінеді: №6 ауыл тұрғындарының жалпы жиналысында әлеуметтік жағдайына қарай шамамен 127 адам ғана келді. Оның ішінде: 5 бай, 35 орта шаруа, 60 кедей шаруа. Бұл ауылда жиыны 13 жұмысшы үштігі құрылды. Жиналыста кедейлердің белсенділігі байқалды, байларға нашар жер беру туралы шешім қабылдап, тіпті сол жиналысқа қатысқан байлардың жасырын малдарын әшкерелеп көрсеткен жағдайлар да болды. Мысалы, Баякенов Омарбек пен оның інілерінің салықтан мал жасырғаны туралы айтылды. Сонымен қатар, жұмысшы үштігінің сайлауы кезінде кедейлер әлдекімдерді байлардың қолшоқпары деп кінәлап, оларды жұмысшылар үштігіне кіргеннен соң байлардың пайдасына жұмыс істейді деп наразылық білдірді. Нәтижесінде соның салдарынан тұрғындар жиналысында ұсынылған кандидаттардан орта шаруалар Рысымбай Сәтібаев пен Арым Құғанбаев өткізілмей тасталды. Жұмыс барысында шаруашылық ауылдан шамамен 60 верст шалғай жатқан 16 десятина шабындық алқаптар анықталды. Бұл жердің топырағы жақсы болғандықтан шөп жақсы шыққан. Сондықтан бұл жерді байларға бергісі келмеген кедейлер жалпы жиналыста учаскені жаңадан ұйымдастырылған Қосшы одағының меншігіне беру туралы мәселе көтерді. Сондай-ақ ауыл болып бірлесе отырып, осы учаскені шауып, шөпті сатып, одан түскен ақшаны одаққа тапсыру туралы ұсыныс білдірді. Нәтижесінде ұсыныс көпшілік дауыспен қабылданып, жер Қосшы одағында қалды. Осы сынды кедейлердің ашық түрде байларға қарсылық көрсетіп, тіпті кей жағдайда оларға мүлдем жер бермеу керек деген ұстанымды қолдаған жайдайлар орын алған. Мысалы Шар болысының №2 ауылындағы кедейлер жиналысының шешімімен 11 байға шабындықтар мүлдем

бөлінген. Бұл ауылдағы шабындық жерлердің аз болуына байланысты олар ешқандай қарсылық көрсетпеген [24, 59 п.].

Кейбір аймақтардағы байлардың белсенділіктерінің төмен болуының немесе мүлдем қарсылық білдірмеуінің өзіндік себептері болды. Оған мысал мына жағдай: № 3 әкімшілік ауылда небәрі 50 гектар шабындық жер анықталып, іс жүзінде үлестірілді. Кедейлер жиналысында жердің аздығына байланысты байлардың шаруашылықтарына шабындық жер бермеу мәселесі көтерілді, олардың нұсқауы бойынша мұндай 11 шаруашылық болды. Қайта бөлу жұмыстарына дейін Шар болысының рулық араздығының барлық басшылары мен беделді ақсақалдары қамауға алынған болатын, сол себепті бір жағынан тұтқындалудан қорыққан, екінші жағынан беделді ақсақалдардың жоқтығынан байлар еш наразылық білдірмеді [38, 63 п.].

Байлардың наразылық танытпауының тағы бір себебі байлар кей жағдайда кедей және орта шаруалармен "береке" құрып / келісім/ жасасып отырған [37, 129 п.]. № 3 әкімшілік ауылдың Үшбұлақ ауылында қайта бөлу жұмыстары дұрыс жүргізілді. Кедейдің жерлері ең шалғай және ең нашар, ал ең жақсы және шұрайлы жерлер байларға тиесілі болған. Жер өлшеуші Савельченко жерді сапасына байланысты сызбада көрсетілгендей 100 ондық жолақтарға бөліп, содан кейін кедейлерді жинап, кез-келген жолақты қалаулары бойынша таңдауын сұраған [32, 37 п.].

### **Қорытынды.**

1920-1930 жылдар аралығындағы Ертіс өңіріндегі жер дауларын талдай отырып, олардың өлкенің әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай әсер еткендігі туралы қорытынды жасауға болады. Бұл кезең тек экономикалық қиындықтармен ғана емес, жерді иелену мен пайдалануға әсер еткен саяси сілкіністермен де ерекшеленді. Жер дауы сол кезеңдегі қоғамның құрылымы мен динамикасын анықтайтын негізгі факторлардың біріне айналды. Зерттеу жер қатығыстары көбінесе экономикалық және әлеуметтік-саяси аспектілерде болатынын көрсетті. Олар әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы қайшылықтарды бейнелеп қана қойған жоқ, сонымен бірге мемлекеттің жер қатынастарына араласуының нәтижесі болды. Бұл қоғамдағы шиеленістің күшеюіне және әлеуметтік теңсіздіктің нашарлауына әкелді.

1920-1930 жылдар аралығындағы мұрағат құжаттарын талдау арқылы жүргізілген Ертіс өңіріндегі жер дауларын зерттеу нәтижелері – бұл өлкедегі жер қатынастарының маңызды аспектілері мен динамикасын тарихи тұрғыда ашуға көмектесті. Мұрағат материалдарын жүйелеу және түсіндіру арқылы сол кездегі жер қатығыстарының астарында жатқан күрделі және өзара байланысты факторларды анықтауға мүмкіндік туды.

Мұрағат деректерін талдау тек қана қарама-қайшылықтарды ғана емес, сонымен қатар оларды шешу тетіктерін, соның ішінде сол кезеңдегі құқықтық және заңнамалық контекстті ескере отырып, анықтағанын атап өткен жөн. Бұл бізге даулардың мәнін ғана емес, сонымен қатар олардың даму динамикасын, сондай-ақ оларды шешудегі мемлекеттік институттардың рөлін түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен, Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы жер дауы өлкенің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсер еткен күрделі де көп қырлы құбылыс болды. Оларды зерттеу Қазақстандағы жер қатынастарының өткені мен бүгінін жақсырақ түсінуге және жерді пайдалану мен жерге орналастыруды дамытудың болашақ стратегиялары бойынша ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік береді.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Семевский Б. Экономика кочевого хозяйства Казахстана в начале реконструктивного периода // Известия Всесоюзного географического общества. Т. 73. Вып. 1. - С. 98.
2. Ким О. Октябрьская революция и аграрный вопрос в Казахстане. // Вопросы Истории. №10 – С.81-105
3. Дахилейгер Г. Ф., Нурпеисов К. Н. История крестьянства Советского Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1985. 247 с.
4. Федоров В.С. Указ.соч. – 12 б.;
5. Жаманқұлов А. Указ.соч. – 15 б.
6. Козлов, 2015 – Козлов А. П. Истоки аграрной политики советской власти в Казахстане в 1920-е гг. // В мире научных открытий. Социально-гуманитарные науки. - 2015. № 9.3 (69). С. 823—829
7. Абдурахманов Н. А. Из истории политики землеустройства казахского населения в 1917-1927 гг. Роль национальной интеллигенции в разрешении земельного вопроса [Электронный ресурс]. URL: <http://articlekz.com/article/11136>
8. Байсарина Қ.Қ. Шығыс Қазақстандағы ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы (1920-1930). Оқу құралы. Семей. 2014. 238 б.

9. Екібаев Р.Ж. XX-ғасырдың 20-30 жылдарындағы Ертіс өңірінің қоғамдық-саяси өмірі: Тарих ғыл.канд.дис. Автореф/, Р.Ж. Екібаев. - Семей, 2010. - 27 б.

10. Халидуллин Г. Аграрная политика советской власти в Казахстане 1917 -1940г.: Автореф. дис. д-ра ист. наук. – Алматы, 2001. - 58 с.

11. Әділбаева А.С., Жақытова Т. Шығыс Қазақстандағы этнодемографиялық үрдістердің кейбір мәселелері (XX ғ. 20-30 жж.). Электронный научный журнал «edu.e-history.Kz», 9(2),18–31. [https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2022\\_30\\_2\\_18-31](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_18-31)

12. Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві (ҚР ПА), 141 қор, 1 тізім, 753 іс, 8 п.

13. Абай облысы Қазіргі заман тарихы құжаттандыру орталығы (ҚЗТҚО), 152 қор, 1 тізім, 1117 іс, 37-38 п.

14. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 840 іс, 114 п.

15. ҚР ПА, 141 қор, 1 тізім, 611 іс, 339 п.

16. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 886 іс, 59-86 п.

17. ҚР ПА, 141 қор, 1 тізім, 611 іс, 206 п.

18. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА), 74 қор, 1 тізім, 107 іс, 1 п.

19. ҚР ПА, 141 қор, 1 тізім, 611 іс, 151-152 п.

20. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 840 іс, 17 п.

21. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 840 іс, 191 п.

22. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 840 іс, 195 п.

23. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 840 іс, 152 п.

24. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 886 іс, 59 п.

25. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 886 іс, 86 п.

26. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 1125 іс, 123-125 п.

27. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 840 іс, 87 п.

28. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 886 іс, 55-56 п.

29. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 840 іс, 198 п.

30. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 1125 іс, 126 п.

31. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 840 іс, 58 п.

32. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 1125 іс, 36-37 п.

33. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 840 іс, 90 п.

34. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 840 іс, 127 п.

35. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 840 іс, 157 п.

36. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 886 іс, 73 п.

37. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 1125 іс, 129 п.

38. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 886 іс, 63 п.

39. ҚЗТҚО, 152 қор, 1 тізім, 840 іс, 168 п.

#### References:

1. Semevskij B. *Ekonomika kochevogo hozyajstva Kazahstana v nachale rekonstruktivnogo perioda* // *Izvestiya Vsesoyuznogo geograficheskogo obshchestva*. T. 73. Вып. 1. - S. 98.

2. Kim O. *Oktyabrskaya revolyuciya i agrarnyj vopros v Kazahstane*. // *Voprosy Istorii*. №10 – S. 81-105

3. Dahshlejger G. F., Nurpeisov K. N. *Istoriya krestyanstva Sovetskogo Kazahstana*. Alma-Ata: Nauka, 1985. 247 s.

4. Fedorov V.S. *Ukaz.soch.* – 12 b.;

5. Zhamanқыlov A. *Ukaz.soch.* – 15 b.

6. Kozlov, 2015 – Kozlov A. P. *Istoki agrarnoj politiki sovetsoj vlasti v Kazahstane v 1920-e gg.* // *V mire nauchnyh otkrytij. Socialno-gumanitarnye nauki*. - 2015. № 9.3 (69). S. 823—829

7. Abdurahmanov N. A. *Iz istorii politiki zemleustrojstva kazahskogo naseleniya v 1917—1927 gg. Rol nacionalnoj intelligencii v razreshenii zemelnogo voprosa* [Elektronnyj resurs]. URL: <http://articlekz.com/article/11136>

8. Bajsarina K.K. *Shygys Kazakstandagy uzhymdastyru: tarihy men tagylymy (1920-1930)*. Oku kuraly. Semej. 2014. 238 b.

9. Ekibaev R.Zh. *XX-gasyrdyn 20-30 zhyldaryndagy Ertis onirinin kogamdyk-sayasi omiri: Tarih ryl.kand.dis. Avtoref/,- Semej, 2010. - 27 b.*

10. Halidullin G. *Agrarnaya politika sovetsoj vlasti v Kazahstane 1917 -1940g.*: Avtofef. dis. d-ra ist. nauk. – Almaty, 2001. - 58 s.
11. Adilbaeva A.S., Zhakypova T. *Shygys Kazakstandagy etnodemografilyk urdisterdin kejbir maseleleri* (HH э. 20-30 zhzh.). *Elektronnyj nauchnyj zhurnal «edu.e-history.Kz»*, 9(2),18–31. [https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2022\\_30\\_2\\_18-31](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_18-31)
12. *Kazakstan Respublikasy Prezidentiniñ Arhivi (ҚР ПА)*, 141 қор, 1 тизим, 753 is, 8 p.
13. *Abaj oblysy Kazirgi zaman tarihy kuzhattandyru ortalygy (KZTKO)*, 152 қор, 1 тизим, 1117 is, 37-38 p.
14. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 840 is, 114 p.
15. *KR PA*, 141 kor, 1 тизим, 611 is, 339 p.
16. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 886 is, 59-86 p.
17. *KR PA*, 141 kor, 1 тизим, 611 is, 206 p.
18. *Kazakstan Respublikasynyn Ortalyk memlekettik arhivi (ҚР ОМА)*, 74 kor, 1 тизим, 107 is, 1 p.
19. *KR PA*, 141 kor, 1 тизим, 611 is, 151-152 p.
20. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 840 is, 17 p.
21. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 840 is, 191 p.
22. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 840 is, 195 p.
23. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 840 is, 152 p.
24. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 886 is, 59 p.
25. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 886 is, 86 p.
26. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 1125 is, 123-125 p.
27. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 840 is, 87 p.
28. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 886 is, 55-56 p.
29. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 840 is, 198 p.
30. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 1125 is, 126 p.
31. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 840 is, 58 p.
32. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 1125 is, 36-37 p.
33. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 840 is, 90 p.
34. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 840 is, 127 p.
35. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 840 is, 157 p.
36. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 886 is, 73 p.
37. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 1125 is, 129 p.
38. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 886 is, 63 p.
39. *KZTKO*, 152 kor, 1 тизим, 840 is, 168 p.

*Idrisova G.B.\*<sup>1</sup>, Serubayeva A.T.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>PhD of the Department of History and geography In Education, M.Kh. Dulaty Taraz Regional University,  
Taraz, Republic of Kazakhstan  
E-mail: [gulzhan0573@mail.ru](mailto:gulzhan0573@mail.ru)*

*<sup>2</sup>PhD of the Department of History and geography In Education, M.Kh. Dulaty Taraz Regional University  
Taraz, Republic of Kazakhstan  
E-mail: [serubayeva\\_aurika@mail.ru](mailto:serubayeva_aurika@mail.ru)*

## THE HISTORIOGRAPHY OF TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY

### Abstract

The article presents a comparative analysis of the views and research of scientists about traditional Kazakh society. The ideological content, political and social structure and national values of traditional Kazakh society are also analyzed. The place and role of traditional society in the formation of the basis of historical consciousness and national culture are highlighted. Since the beginning of the 19th century, as a result of the radical colonization policy of Tsarist Russia in the Kazakh steppe, the destruction of the country's political independence, the strengthening of the social classification of society, adaptation from a nomadic economy to a settled economy, the increasingly bold penetration of monetary and commodity relations has changed the socio-economic structure of society, aggravated social contradictions, and the tribalism of the Kazakh people led to a change in the tribal structure. It became possible to objectively study this topic only after our country gained independence. As a result of the methodological description of the formational and civilizational paths of social development, the features of the historical knowledge of nomads are shown. Documentary and historiographical issues of the oral tradition of storytelling and genealogical consciousness characteristic of the historical memory and social memory of nomadic peoples are formulated. In the process of describing the ethnosocial conditions of the formation and development of the political system in Kazakh society, an attempt was made to restore the social memory of the history of the Eurasian nomadic civilization. A historiographical analysis of research in this direction is carried out.

**Key words:** globalization, spiritual transformation, historical process, ideology, traditional society, national value, national consciousness.

*Г.Б. Идрисова \*<sup>1</sup>, А.Т. Серубаева <sup>2</sup>*

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті*

*«Білім берудегі тарих және география» кафедрасының доценті, PhD, Тараз, Қазақстан Республикасы  
E-mail: [gulzhan0573@mail.ru](mailto:gulzhan0573@mail.ru)*

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті*

*«Білім берудегі тарих және география» кафедрасының доценті, PhD, Қазақстан Республикасы, Тараз  
E-mail: [serubayeva\\_aurika@mail.ru](mailto:serubayeva_aurika@mail.ru)*

## ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ

### Аңдатпа

Мақалада дәстүрлі қазақ қоғамы туралы ғалымдардың көзқарастары мен зерттеулеріне салыстырмалы талдау ұсынылған. Сондай-ақ дәстүрлі қазақ қоғамының идеологиялық мазмұны, саяси-әлеуметтік құрылымы мен ұлттық құндылықтары талданады. Тарихи сана мен ұлттық мәдениеттің негізін қалыптастырудағы дәстүрлі қоғамның орны мен рөлі көрсетілген. XIX ғасырдың басынан бастап патшалық Ресейдің қазақ даласындағы отарлау саясатының, елдің саяси тәуелсіздігінің жойылуының, қоғамның әлеуметтік жіктелуінің күшеюінің, көшпелі экономикадан бейімделудің нәтижесінде отырықшы, ақшатауар қатынастарының батыл енуі қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымын өзгертті, әлеуметтік қайшылықтарды күшейтті, ал қазақ халқының трайбализмі рулық құрылымның өзгеруіне әкелді. Бұл тақырыпты объективті түрде зерттеу еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкін болды. Қоғамдық дамудың формациялық және өркениеттік жолдарын әдістемелік сипаттау нәтижесінде көшпенділердің тарихи білімінің ерекшеліктері көрсетілген. Көшпелі халықтардың тарихи жады мен әлеуметтік жадына

тән әңгімелеу мен шежірелік сананың ауызша дәстүрінің деректі және тарихнамалық мәселелері тұжырымдалған. Қазақ қоғамында саяси құрылым жүйесінің қалыптасуы мен дамуының этноәлеуметтік жағдайларын сипаттау үдерісінде Еуразиялық көшпелі өркениет тарихы туралы әлеуметтік жадыны қалпына келтіруге әрекет жасалды. Осы бағыттағы зерттеулерге тарихнамалық талдау жүргізілуде.

**Кілт сөздер:** жаһандану, рухани трансформация, тарихи үдеріс, идеология, дәстүрлі қоғам, ұлттық құндылық, ұлттық сана.

*Г.Б.Идрисова \*<sup>1</sup>, А.Т.Серубаева <sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> PhD, доцент кафедры «История и география в образовании»,  
Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Республика Казахстан  
E-mail: gulzhan0573@mail.ru*

*<sup>2</sup> PhD, доцент кафедры «История и география в образовании»,  
Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Республика Казахстан  
E-mail: serubaeva\_aurika@mail.ru*

## ИСТОРИОГРАФИЯ КАЗАХСКОГО ТРАДИЦИОННОГО ОБЩЕСТВА

### *Аннотация*

В статье представлен сравнительный анализ взглядов и исследований ученых о традиционном казахском обществе. Также анализируется идеологическое содержание, политико-социальная структура и национальные ценности традиционного казахского общества. Выделены место и роль традиционного общества в формировании основы исторического сознания и национальной культуры. С начала XIX века в результате радикальной колониальной политики царской России в казахской степи, разрушения политической самостоятельности страны, усиления социальной классификации общества, адаптации от кочевого хозяйства к оседлость, все более смелое проникновение денежно-товарных отношений изменило социально-экономическую структуру общества, обострило социальные противоречия, а трайбализм казахского народа привел к изменению родоплеменной структуры. Объективно изучить эту тему стало возможным только после обретения нашей страной независимости. В результате методического описания формационного и цивилизационного путей общественного развития показаны особенности исторических знаний кочевников. Сформулированы документальные и историографические вопросы устной традиции повествования и генеалогического сознания, характерного для исторической памяти и социальной памяти кочевых народов. В процессе описания этносоциальных условий становления и развития системы политического устройства в казахском обществе предпринята попытка восстановить социальную память об истории евразийской кочевой цивилизации. Проводится историографический анализ исследований в этом направлении.

**Ключевые слова:** глобализация, духовная трансформация, исторический процесс, идеология, традиционная общества, национальная ценность, национальное сознание.

Осы мақалада пайдаланылған дереккөздер жинағы жарияланған деректі жинақтардан тұрады, атап айтқанда «1937-1938 жылдардағы қазақстандағы саяси қуғын-сүргін. Құжаттар жинағы» (Алматы, 1998); «Алаш ісі» 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу бойынша істің құжаттары мен материалдары. - Алматы, 2022. том. 1-730 б.; Түркістандағы Алаш қозғалысы. Құжаттар мен мақалалар жинағы. [Жауапты редактор: тарих ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Хазреталі]. - Алматы, «Арыс» Баспасы. 2022. - 248 б., сондай-ақ, мақалада Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының коммуналдық мемлекеттік архиві, 40-қор, 78-тізім, 59-іс материалдары ұсынылған.

Кеңес мемлекетіндегі қуғын-сүргін саясатын шетелдік тарихшылар, оның ішінде ағылшын тарихшысы Э.Карр, француз ғалымы Н.Верт және сонымен бірге Кеңестік Ресейден қоныс аударған саяси қайраткерлер П.Миллюков, А.Керенский, М.Шокай және т. б. ашық түрде көрсете бастады. (Миллюков

П.Н. Воспоминания. - М., Современник. 1990. - 891 с.; Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры – Алматы, Жалын. 1992. - 184 б.)

КСРО-ны қайта құру кезеңінде және посткеңестік жылдарда ғана кейбір авторлардың Кеңес мемлекетіндегі саяси қуғын-сүргін туралы еңбектері жарық көрді. Олардың ішінде ресейлік ғалымдар: С.Мелгунов, Л.Шкаренков, О.Будницкий, В. Булгаковтың, қазақстандық тарихшылар М.Қозыбаев, Д.Шаймуханов, С. Шаймуханова, және т. б. еңбектері ерекше орын алады. (Мельгунов С.П. Красный террор в России 1918–1923. – Москва, 1990; Будницкий О.В. Терроризм в российском освободительном движении: идеология, этика, психология (вторая половина XIX - начало XX в. 2016; Козыбаев И.М. Большой террор в Казахстане Алматы, 2019).

Бұл дереккөздер жиынтығы, біздің ойымызша, автордың қазақ КСР - репрессиялық саясаттың кезеңдері туралы тұжырымдамаларын нақты материалдармен негіздеуге және нақтылауға мүмкіндік берді.

**Талқылау.** Саяси репрессия нәтижесінде қазақ халқы екі бірдей буын саяси ұлттық басшылығынан айрылды. Соның нәтижесінде еуропалық тарихшы Андреас Каппелер тура көрсетіп айтқанындай саяси басшылығынан айрылған қазақ халқы ендігі жағдайда метрополиялық орталыққа бағынышты күйге түсті [1].

Ұлттық еркіндігі жоқ, саяси репрессия нәтижесінде ұлттық басшылығынан айрылған халық советтік эксперимент аталуға лайық зорлау арқылы жүргізілген реформалық шараларға бас июге мәжбүрленді.

Бұл туралы А. Байтұрсынов мынадай ойды білдірді. «Біз, қазақтар Қазақ республикасы деген атауды малданып жүрміз, ал бұл Республиканың мазмұны біздікі емес қой, оның иесі де біз емеспіз» [2].

Осы орайда Москва абақтысында (Бутырка) отырған Ғазімбек Бірімжанов (10 ақпан 1930 ж.) тергеуші Павловқа берген жауабында мынадай ой арқылы білдірді: «мен мұнда Бутырка түрмесінде тегім қазақ және орыстың отарлық езгідегі құлы болғандықтан отырмын, ал егер мен үнді елінің ұлтшылы болсам ғой ұлтшылдығым үшін басымнан сипаған болар едіңіздер. Сондықтан да менің тағдырым үкім шығаратын орыс қаламына тәуелді болғандықтан маған жасалған қиянатты бүтіндей орыстың жасаған басынуы мен зорлығы есебінде қабылдаймын және ұлтшылдық ұстанымда қала беретін боламын» [3].

Алғашында жаппай қуғын-сүргін жүргізудің құқықтық базасы дайындалды. Кеңестік нормативтік құқықтық актілердің материалдары негізінде қылмыстық заңнаманың қалай өзгергенін, 1920-1930 «Антисоветтік әрекеттері» үшін жазалар қатандатылғаннан байқауға болады. Қуғын-сүргінге ұшырағандардың басым көпшілігі РСФСР қылмыстық кодексінің 58-бабы бойынша ұсталды. РСФСР қылмыстық кодексінің 1926 жылғы арнайы бөлімінің басылымында контрреволюциялық қылмыстар мемлекеттік қылмыстар санатына жатқызылған. 1926 жылғы РСФСР қылмыстық кодексінде контрреволюциялық қылмыстардың 17 нақты түрінің 12 түрі өлім жазасын қолдану үшін қарастырылған. 1934 жылдан бастап қылмыстық заңнамадағы өзгерістер жүйелі сипатқа ие болды және барған сайын шынайы құқықтық негізден алшақтай бастады. Террористік ұйымдардың істерін және Кеңес өкіметіне қарсы террористік актілерді тергеуге 10 күннен аспайтын мерзім бөлінді. 1937 жылы НКВД-ға тұтқындалғандарға «физикалық ықпал ету шараларын» қолдануға ресми түрде рұқсат етілді (яғни азаптауды қолдану заңдастырылды), үкімдерге шағымдану мүмкіндігі алынып тасталды және өлім жазасы дереу орындала бастады [4].

Кеңес мемлекетіндегі террорлық саясат Үлкен террор кезіндегі репрессиялар КСРО-ның барлық аймақтарында белсенді жүргізілді, мысалы тек Қазақстанда әзірге табылған деректер бойынша 120 мың адам репрессияға ұшырап, олардың 25 мыңы атылып кеткен [5].

Бүгінгі зерттеуіміздің кейіпкері Османов Сәдуақас Османұлы, 1889 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Жаңақорған ауданында туған. Ата-анасының негізгі кәсібі қарапайым шаруа, Қазан төңкерісіне дейін қайтыс болған. 1917-1919 жылдары Ташкентте солшыл эсерлер партиясының мүшесі болды. 1912 жылы Жаңақорғанда орыс-түзем мектебін, 1916 жылы Перовский жоғары бастауыш мектебін, 1922 жылы Ташкент Шығыс институтының 1- курсы, 1930-1931 жылдары Мәскеуде Сталин атындағы сауда академиясында несие және банк ісі мамандығы бойынша оқыды. 1919 жылдан КОКП мүшесі, «Қазақ тілінің сөздігі» еңбегінің авторы [6].

Османов Сәдуақас 1916-1917 жылдары нотариустың кіші кеңсе қызметкері, 1917 жылы полиция кеңсесінде іс жүргізуші, 1917-1918 жылдары Ташкентте етікшілер одағының төрағасы, 1918 жылы Түркістан АКСР Ұлттар істері жөніндегі комиссариатта мәдени ағарту жанындағы аударма комиссиясының мүшесі, 1918-1919 жылдары Ташкент қалалық кеңесі президиумының хатшысы, 1919-1920 жылдары Түркістан ұлттар халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, 1920 жылы Ферғана облысы «Абылық майданында» эскадронның саяси комиссары, 1920 жылы Түркістан мемлекеттік баспасының алқа мүшесі, 1920-1921 жылдары Ташкентте интернат мұғалімі, 1920-1922 жылдары Ташкентте қалалық білім басқармасының мүшесі, 1922 жылы Алматы қаласында «Тілші» газетінің жауапты редакторы, 1922-

1923 жылдары Ташкент қаласында «Ақ жол» газетінің жауапты редакторы, 1923-1925 жылдары Ташкент, Пішпек қалаларында Ауыл шаруашылық банкі кеңсесінің инспекторы, 1925-1926 жылдары Жетісу губерниясы ауыл шаруашылығы банкінің кеңсе басшысы, 1926-1928 жылдары Жетісу губерниялық «Игілік» кооперация одағының басқармасы төрағасы, 1928 жылы Алматы өңірлік несиесеріктестігі одағының төрағасы, 1931-1933 жылдары Мемлекеттік банк директоры, 05.06.1933-02.01.1935 жылдары ОҚО, Түркістан аудандық БК(б)П комитетінің бірінші хатшысы, 01.02.1935-27.08.1937 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы Келес аудандық БК(б)П комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды.

Османов Сәдуақасты 1937 жылы 26 тамызда Келес аудандық Ішкі істер халық комиссариаты қамауға алып, 27 тамыз күні Оңтүстік Қазақстан бюросы БК(б)П облыстық комитеті әшкереленген халық жауы ретінде партиядан шығарды [7].

1937 жылы 8-9 қыркүйек аралығында Шымкент қаласында тергеушілердің ұрып соғып, мойындатуынан соң Османов Сәдуақас Сізге контрреволюциялық ұйымға қатысы бар деген айып тағылып отыр. Сіз кінәлі екеніңізді мойындайсыз ба? деген, т.б. сұрақтарына:

«Иә, 1919 жылдан қамауға алынған күнге дейін контрреволюциялық ұлтшыл ұйымның құрамында болғаным және бүкіл кезең ішінде оның нұсқаулары мен тапсырмаларын орындағаным кінәлі екенімді мойындаймын. Мен қатысқан контрреволюциялық ұйым өмір сүре бастаған 1919 жылдан бастап Түркістан Кеңестік республикасын РСФСР-дан бөліп алуды, Түркістандағы кеңес ықпалын жоюды және Түркістанда біртұтас буржуазиялық-ұлтшыл мемлекет құруды көздеді. Ұлттық межелеуден кейін біздің ұйым Қазақстанға қатысты да осындай міндеттер қойды. Соңғы жылдары біздің ұйымның шетелде байланыс орнатқанынан, келісім бойынша жапон-герман интервенциясының көмегімен Кеңес өкіметін құлатуға қол жеткізіп жатқанынан хабардар болдым. Мен мүше болған контрреволюциялық ұйым тек басқа шығыс республикалардан келген қазақ ұлтшылдарынан құралған жоқ, атап айтқанда, Өзбекстандағы, Қырғызстандағы, Тәжікстандағы контрреволюциялық ұйымымыздың мүшелерін білемін. Мен кіретін контрреволюциялық ұйым Қазақстанда ғана емес, басқа республикаларда да белсенділік танытып, барлық жерде Кеңес өкіметін құлатуды мақсат етіп қойды. Өздерінің контрреволюциялық әрекеттерінде қазақ ұлтшылдары соңғы уақытқа дейін басқа республикалардың ұлтшылдарымен байланыста болды. Ұйым өз қызметінің басында татар және башқұрт республикаларының контрреволюциялық ұлтшыл ұйымының жетекшілерімен байланыс орнатты. Ол кезде ұйым Түркия ұлтшылдарымен барлық шығыс республикалар Башқұртстан мен Татарстан ұлтшылдарының пантүркизм мен панисламизм туы астында бірлесіп әрекет жасауға келісім жасады. Соңғы уақытқа дейін мен мүше болған ұйым пантүркілік-панисламдық ұйым болатын. Кеңес өкіметіне қарсы күрес бүкіл мұсылман халықтарын түркілік, исламның туы астында буржуазиялық-ұлтшыл мемлекетке біріктіру мақсатымен жүргізілді», - деп мойындауға мәжбүр болды.

Османов Сәдуақас тергеушінің ұйымның мақсаты не деген жаттанды сұрағына, «Ұйымның тікелей мақсаты Кеңес өкіметін әлсіретіп, құлатып, билікті өз қолына алу, кейіннен КСРО-ны ғана емес, басқа елдерді мекендеген барлық шығыс мұсылман түркі халықтарын біріктіретін буржуазиялық мемлекет құру болды. Осыған байланысты ұйым шет елдермен келісімге келіп, бұл шараны Жапония мен Германияның қолдауы тиіс болатын. Панисламизмге қатысты ұйым исламға негізделген мемлекет құруды ойламады, бірақ панисламизм ұранын өз мақсаттарына жету құралдарының бірі ретінде қабылдады. Контрреволюциялық ұйым құрылған алғашқы жылдары осы ұйымның қызметі арқылы мен Т.Рысқұлов, С.Қожанов және Алаш Орда басшылары Досмұхамедов Жаханша және Халел, Дулатов Міржақып пен жеке байланыста болдым. Кейін Нұрмақов пен Құлымбетовпен жеке байланыс орнаттым. Жоғарыда аталғандардың барлығы контрреволюциялық ұйымның жетекшілері және мен олардан тікелей контрреволюциялық тапсырмалар алдым. Олардан мен ұйымның мақсаты мен міндеттерін білдім. Соңғы жылдары тұтқындалғанға дейін Қожанов пен Құлымбетовтермен жеке байланыста болып, олардан контрреволюциялық тапсырмалар алдым», - деп түсінік берді.

Османов Сәдуақас тергеушіге берген жауабында ұйымның атқарған контрреволюциялық қызметіне нақты тоқталады. Ұйым 1921-1922 жылдарға дейін заңдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, контрреволюциялық әрекеттерді жүзеге асырды. 1921-1922 жылдардан кейін Алаш Орданың жетекші өзегі Ташкентке әкелінгеннен кейін алашордалықтардың ұсынысымен ұйым астыртын әрекетке көшіп, күрестің өткір әдістерін дамыта бастады. Ол кезде контрреволюциялық ұйымның орталығы Ташкентте болатын. Ұйым келесі маңызды іс-шараларды жүзеге асырды:

- басмашылар қозғалысы қолдау тауып, жандандырылды;

- 1923-1926 жылдар аралығында ауыл шаруашылығын несиелеу жүйесінде жүргізіліп жатқан жер реформасы контрреволюциялық мақсатта пайдаланылды. Орыстарды ауылдардан негізсіз қуып жіберді,

бұл ауылдарда қазақтар қоныстанды. Осы мақсатқа несие берілгенімен, қоныс аударылған ресейліктерге несие берілмеді. Ауыл шаруашылығын несиелендіру жүйесі мүліктік кепілдік негізінде жүргізілді. Осылайша несие негізінен байларға берілді. Ұйым осы әрекеттерімен халықты экономикалық жағынан қамтамасыз етпей, кедейлер мен орта таптардың наразылығын тудырды, ұлттаралық араздық тудырды;

- ұйым кеңестік сауда және колхоз аппаратын қоғамға жат элементтермен толықтырды. Жыртқыштар мен алаяқтар, өз мақсаттарына жету үшін контрреволюциялық ұйымның мүшелерін БК(б)П қатарында ұстау үшін барлық шараларды қабылдады;

- ұйым колхоздарды жұмысшы тапқа жат элементтермен толтырып тастады, ол арқылы ұрлық және ыдырату жұмыстарын жүргізді, колхоздарды ұйымдастырмады және қалың бұқара - колхозшылардың наразылығын тудырды;

- ұйым халық комиссариатында диверсия жүргізді;

- ұйым халық ағарту мәселесінде саботаж жасап, балаларды бастауыш біліммен қамтуды және ересектерді білім беру бағдарламаларымен қамтуды азайтуға тырысты. Ұлтшылдық идеологияны енгізу үшін ұстаздар қауымы алашордалықтар мен ұлтшылдардан құралды;

- ұйым бюджеттердің кіріс бөлігін орындамау шараларын қолданып, құрылыс пен еңбек ақыға қатысты шығыс бөлігін бұзды. Ұйым ауылшаруашылығын механикаландыруды болдырмау және оған қарсы тұру шараларын қабылдады;

- мақта егу жоспарын кеміту шаралары қолданылды, сол арқылы жоспардан тыс егіс егуге және жоспардан тыс өнімге екі есе ақы төлеуге қол жеткізілді, яғни, мемлекет қаражатын ысырап етті;

- соңғы кезде көшпелілерді Қазақстанға қайтарамыз деген желеумен бүлікшіл мақсатта байлар арасынан контрреволюциялық резерв жиналды. Байлар колхоздарға орналасып, патриархалдық ықпалды сақтау үшін рулық-тайпалық негізде ұжымшарлар ұйымдастырылды.

Көшпелілерді қоныстандыруға мемлекеттен бөлінген қаражаттың көп бөлігі байларға берілді, олардың бай шаруашылықтары қалпына келтірілді, басқа колхоздар есебінен олар үшін ең жақсы жерлер берілді, және салықтан босатылды. Байлар шетелдіктердің Кеңес Одағына қарсы соғысы кезінде қарулы көтерілістерді көтеруді көздеді деді.

С. Османов тергеушіге жеке мен үшін ұлтшылдық идеология 1915 жылы пайда болды. 1917 жылы солшыл эсерлер партиясына қабылданып, 1919 жылға дейін мүше болдым, 1919 жылы БК(б)П қабылдандым. Мен де басқа ұлтшылдар сияқты билеуші партия мүшесінің және мемлекеттік қызметтің мүмкіндіктерін коммунизммен күресте пайдалану үшін БК(б)П қатарына кірдім. 1919 жылы Ташкентте ұлтшыл көсемдер ол кездегі Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Рысқұлов, ТКП хатшысы Тұрсұнхожаев және Түркістан орталық атқару комитеті қызметкері Рахымбаевпен араласа бастадым. Олармен қайта-қайта кездесіп, әңгімелескенімде олар сол кездегі мұсылман зиялыларының міндеттерін ұлтшылдық рухта айтып, Түркістан Кеңес Республикасын РСФСР-дан бөліп алуды мақсат еткен антикеңестік ұйым құрғандарын хабардар етті, Түркістандағы кеңес ықпалын жойып, билікті басып алып, Түркістанда буржуазиялық-ұлтшыл республика құрылатынын айтып мені осы ұйымға мүше болуға шақырды. Мен бұған келісімді бердім және сол кезден бастап мен контрреволюциялық ұйымның мүшесімін деді.

Османов Сәдуақас Т.Рысқұлов пен С.Қожановтың контрреволюциялық ұйымдағы қызметі туралы мынадай мәлімет береді. 1920 жылдың басында Түркістан Кеңес Республикасынан Рысқұлов басқарған, құрамында Назамходжаев, Мұхамеджанов, Көшербаев және Құлтасов бар комиссия Ташкенттен Мәскеуге кетті. 1920 жылдың жазында Тұрсынхожаев мені шақырып, материалды Мәскеуге апарып, Рысқұловтың жеке қолына беруді тапсырды. Бұл ретте Тұрсынхожаев Рысқұловтың комиссиясының міндеттерін айтып берді. Рысқұлов түрлі себептермен партияның Орталық Комитетінде болып, бірқатар мәселелерді жүзеге асыру керек:

- Кеңес өкіметінің ықпалынан құтылу үшін Орталық Комитеттің Түркістан істері жөніндегі комиссиясын Мәскеуден қайтарып алуға қолжеткізу;

- шығыстың буржуазиялық мұсылмандарының сыртқы әлеммен байланыс мүмкіндігін ашу үшін Түркістан істері жөніндегі комиссияның ерекше бөлімін қайта шақырту;

- басмашылармен күресу үшін тәуелсіз ұлттық қарулануға қолжеткізу.

Мақсат осы қарулы құрамалар арқылы басмашыларды қолдау болды, оның ұйымдастырушылары Түркістан ОК-нің жауапты қызметкері, ресми түрде басмашылармен күрес жөніндегі өкіл болып табылатын, бірнеше рет контрреволюциялық ұйым атынан басмашыларға заңсыз барып келген Жанзақов арқылы қолдау көрсетілді.

Тұрсынхожаевтың бұл тапсырмасын орындап, материалдарды жеткізіп, Рысқұловқа бердім. Рысқұловпен бірнеше күн бірге тұрдым. Осы кезде Рысқұловқа татар ұлтшылығының көсемі Сұлтанғалиев

маған бейтаныс бір татармен бірге келді. Осы сапарында Сұлтанғалиев Рысқұловпен контрреволюциялық ұйымның істері жөнінде келіссөздер жүргізді. Рысқұлов Орталық Комитетке мәселелерін өткізе алмады, көп ұзамай Рысқұлов екеуміз Ташкентке оралдық. Келе жатқан жолда Түркістан станциясында менің көз алдымда Рысқұлов атқару комитетінде жұмыс істеген Қожановпен кездесу өткізді. Рысқұлов пен Қожанов контрреволюциялық ұйым туралы әңгімелесіп, оның ішінде Қожанов Рысқұловқа жоғарыда аталған Жанұзақовтың басмашылармен байланысы үшін тұтқындалғанын айтты. Рысқұлов бұл хабарға ашуланып, «бұл ақымаққа тұзаққа түсудің не керегі бар» деді. Ташкентке келгеннен кейін Рысқұлов қызметінен босатылды деді.

Османов Сәдуақас Түркістан өңіріндегі Алашордашылардың атқарған қызметі туралы тергеушіге былай мәлімдеді. 1921 жылы ол сол кезде Ташкентте жұмыс істеп жүрген Қожанов Орынборда өнеркәсіп халық комиссариатында жұмыс істейтін Кенжинмен байланыс орнатып, жастарды ұлтшылдық рухта оқытуды бақылауға алу үшін алашордалықтарды Ташкентке ұстаздық қызметке жіберуге келісті. Осы кезден бастап алашордалықтар Ташкентке ағыла бастады, атап айтқанда Жәленов, Досмұхамедов, Дулатов және т.б. Осы Алашордашылар Ташкентке келгенге дейін ұйымда Рысқұлов тобы, Қожанов тобы пайда болды, олар Алашордашылардың келуімен біздің контрреволюциялық ұйыммен байланыс орнатты және бірінде мен қатысқан заңсыз жиналыстарда Досмұхамедов Жаханшаның ұсынысы бойынша контрреволюциялық ұйым құрудың мынадай схемасы қабылданды: әрбір жетекші орталықтың мүшелері жеке-жеке контрреволюциялық ұяшықтар құрып, оларды қатардағы мүшелер басқаратындай етіп басқаруы керек, ұйымның басшысы орталықты атайды және бар ұяшықтардың мүшелерін білмейді. Ұйымның әрбір мүшесі өз кезегінде сол принцип бойынша контрреволюциялық ұйымдарды құруға тиіс болды. Олардан мен бұл ұйымның соңғы жылдары қуғында жүрген өкілі Мұстафа Шоқаев арқылы Жапония мен Германияның тиісті топтарымен Кеңес өкіметін құлатып, билікті өз қолдарына алу мәселесі бойынша байланыс орнатқанын және Жапония мен Германияның Кеңес Одағына қарсы интервенциялары арқылы қолдау беретінін білемін. Бұл жайттар мен араласқан ұйымның басқа мүшелеріне де белгілі, атап айтқанда, контрреволюциялық ұйымның мүшесі Құлтасов Фазыл 1936 жылы маған жақында Мәскеуде Рысқұловпен кездесіп келгенін айтты, Мұстафа Шоқаев арқылы келісім жасалған Германия мен Жапонияның таяу болашақта Кеңес Одағына қарсы жүргізетін соғыста қолдап көтеріліске шығуға дайындықты күшейтуді тапсырды деді.

Османов Сәдуақас тергеушіге «Ақ жол» газетіндегі қызметі туралы былай деп жалған мәлімет берді. 1923 жылы контрреволюциялық ұйымның тапсырмасымен Ташкентте 4-5 ай заңды түрде жұмыс істеп тұрған Алашорданың «Ақ жол» газетінің редакторы болдым, онда Қожанов, Жұмабаев және басқа да партия мүшелерінің контрреволюциялық мақалалары жарияланды. Сол кездегі контрреволюциялық ұйымға Жұмабаев, Құлетов, Сафарбеков, Көбенов, Сатығұлов, Барманов, Досмұхамедов Жаханша және Халел, Тынышбаев, Дулатов, Жәленов, Көшкінбаев, Асфендияров, Басимов, Сарыбаев, Құлжанов Ибадулла, Еримжанов, Сармұлдаев, Испулов, Болғамбаев, Мәметов, Ибрагимов Хусаин және Отарбаев мүше болды. Қожанов пен Рысқұловтың нұсқауымен 1928 жылы «Ақ жол» газетінің редакциясынан шығып, Фрунзе қаласына барып, ауылшаруашылық банкінде несиелеу жүйесінде диверсия жасау үшін жұмыс істедім. Мен бұл тапсырманы Ташкенттегі ұйымның мүшесі банк қызметкері Испуловтан алдым деді.

Османов Сәдуақас тергеушіге Қырғызстан мен Алматыдағы жүргізген контрреволюциялық қызметі туралы былай баяндады. Мен 1923-1925 жылдар аралығында Фрунзе қаласында ауыл шаруашылық банкінде жұмыс істедім. Осы кезеңде ұйымның диверсиялық әрекетін жасадым. Бұған Қырғызстанның жауапты қызметкерлері Айдаренко, Кудамқұлов және Садаев көмектесті, олар, менің ойымша, диверсиялық мақсатта Қожановтың нұсқауларын басшылыққа ала отырып, несиелердің дәрежесі мен саласын белгіледі. Бұл адамдар да контрреволюциялық ұйымның мүшелері, мен оны контрреволюциялық қызметте олармен байланысымнан білемін. 1925 жылы ұйым мүшесі Асфендияров арқылы Алматыдағы ауылшаруашылық банкіне ауысу туралы тапсырма алдым. Алматыда контрреволюциялық ұйымның нұсқауымен мен сол кезде өлкелік комитеттің хатшысы болып жұмыс істеп жүрген ұйым мүшесі Бариевпен байланыс орнатып, ол арқылы Қожановтың нұсқауын алып, 1927 жылға дейін несиелеуде саботажды жүзеге асырдым. 1928 жылы мені Алматыға өлкелік комитеттің жұмысшы-шаруа инспекциясының хатшысы етіп ауыстырды, сол кездегі контрреволюциялық ұйымның мүшесі Палмановтың жетекшілігімен өлкелік комитеттің жұмысшы-шаруа инспекциясының ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істедім. Аудандық комитет партиядағы ұлтшылдарды, ұйым мүшелерін сақтап қалуды, атап айтқанда ұйымның нұсқауымен Орынбаевты, Нұрмановты, Рысқұловты партиядан шығару ісін қолға алдым. Одан кейін оқуға кеттім, онда 1931 жылға дейін болдым, 1933 жылға дейін Мемлекеттік банкте контрреволюциялық қызметпен айналыстым. Осы уақыт ішінде мен контрреволюциялық ұйымның

мүшелері Құлжановпен, Ахметовпен, Мәмбетовпен, Орынбаевпен және Жандосовпен байланыс орнаттым. Мен контрреволюциялық ұйымның істері жөніндегі кеңестерге қатыстым, онда шетелдік интервенция кезінде ұйымның резерві ретінде байларды сақтау мақсатында республика мен Одақ шегінен тыс көші-қонды ұйымдастыру және 1933 жылы жүзеге асыру мәселелері талқыланды. Үкіметтік комиссияның құрамында мен де Батыс Қазақстанға барып, контрреволюциялық ұйымның мүшесі Тоқжігітовпен байланыс орнаттым. Мәскеуге қайтып келе жатқан жолда Тоқжігітов екеуіміз Нұрмақовтың үйіне тоқтап, Батыс Қазақстандағы жағдайды жеткіздік. Бұл әңгіменің ішінде Тоғжанов пен Гарифулла болған, содан кейін Тоқжігітов пен Нұрманов оңаша сөйлесіп, одан кейін Тоқжігітов Бухаринге барды. Ол кезде Тоқжігітов Бухариннің қарамағында әлдебір ғылыми бағытта жұмыс істеп жүрген, Тоқжігітов пен Нұрманов арасында болған әңгімелерден мен Тоқжігітов контрреволюциялық ұйымның қызметі туралы ақпарат алу үшін Бухаринге бара жатқанын түсіндім. Тоқжігітов пен Бухариннің кездесуі болды, бірақ оның мазмұнын білмеймін. Тоқжігітов маған Бухариннің партияға қалпына келтіруге көмектесуге уәде бергенін айтты деді.

Османов Сәдуақас Түркістан өңірінде жүргізілген контрреволюциялық іс-әрекеті туралы тергеушіге мынадай мәлімет берді. 1933 жылы мені контрреволюциялық ұйым басшыларының бірі, өлкелік ауылшаруашылық бөлімінің кеңесшісі болып жұмыс істеген Сегізбаев шақырып, Түркістан өңіріне аудандық комитетінің хатшысы етіп жіберді және колхоздарды ыдырату және контрреволюциялық ұйым мүшелерін партияда ұстап қалу үшін колхоздар басшылығына таптық жат элементтерді енгізуді тапсырды. Мен контрреволюциялық әрекетті Түркістанда жүзеге асырдым. Түркістан облысында контрреволюциялық ұйымның мүшесі, Шәуілдір МТС-інің директоры Алтынбековпен байланыс орнаттым, оны 1933 жылы Түркістанда вокзалда кездескенде Құлымбетов ұйымға кіргізген болатын. Алтынбеков өз кезегінде Босшыбаев пен Құрмамбетовті ұйымға қабылдап, Алтынбеков олармен бірге колхоздарда іріткі салу жұмыстарын жүргізді. Алтынбековке қатысты мәселенің өршіп кеткені сонша, біз оны жоғары тұрған орган қызметіне қайта алады деген үмітпен, бүркемелеу мақсатында партиядан шығаруға мәжбүр болдық, ал Құлымбетов пен Құлсартовтың көмегімен солай болды, оны облыстық комитет қайта қызметке қайтарды. Босшыбаев пен Құрмамбаевқа қатысты да солай істедік. Артынша Алтынбеков Шәуілдір аудандық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалып, кейін оқуға кетті. Құлымбетов контрреволюциялық ұйымға қабылдаған Жалилов Шәуілдір ауданына атқару комитетінің хатшысы болып келіп, Түркістан өлкесінде контрреволюциялық ұйымның мүшелері Қожановпен тікелей байланысты. 1935 жылы ақпанда Мәскеуге сапарында Түркістанда танысқан Құлымбетовтың ұсынысымен мені Келес ауданының хатшысы етіп ауыстырды. 1935 жылдың қарашасы шамасында Құлымбетов, Орынбаев, Бөкейханов ауданымызға келіп, Орынбаев пен Бөкейхановтың көзінше ол маған және өлкелік комитеттің жұмысшы-шаруа инспекциясының төрағасы Ержановқа байларды, Созақ, Қызылқұм көтерілістеріне қатысушыларды және басқа да таптық жат элементтерді қорғауға алу туралы контрреволюциялық тапсырма беріп, қайта көшіп келгендерді рулық желі бойынша колхоздарға орналастыру және жылжымалы көлікпен, ақшамен, азық-түлікпен мүмкіндігінше көмек көрсету, жақсы жерлерге орналастыру және т.б. тапсырма берді. Құлымбетов бұл таптық жат элементтердің Кеңес өкіметіне дұшпан екенін және соғыс кезінде ол арқылы Кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтерілістерді көтеру үшін оны сақтау керектігін айтты. Құлымбетов Бөкейханов пен Орынбаевқа бұл іс-шараларды орындауды тапсырғанын, ал Келес өңірінде мұны үш күн ішінде Қожановтан тікелей нұсқаулар алып, Османов пен Ержанов қамтамасыз ету керектігін айтты. Мен, Құлымбетов, Орынбаев және Бөкейханов Ташкентке барып, сонда Құлымбетов Қожановпен осы мәселе бойынша келісіп, сол уақыттан бастап ол 1937 жылы тұтқынға алынғанға дейін мен Қожановпен байланыста болдым және одан революцияға қарсы шараларды іс жүзінде жүзеге асыру туралы тапсырма алдым. Мен МТС директоры Қарамқұл Дадажановты контрреволюциялық ұйымға тарттым, оны Құлымбетовтің, кейін Қарлыбаевтың, Қожановтың тапсырмаларымен толық хабардар еттім. Сонымен қатар, мен агроном Бұхарбаевты контрреволюциялық әрекеттердің мүшесі ретінде пайдаландым. Контрреволюциялық ұйымның орталығы – контрреволюциялық бағыт ұстанған С.Қ. Қараходжаев басқаратын ОҚО Қаржы басқармасы ғимараты болды. Контрреволюциялық ұйымның мүшесі, аудандық байланыс бөлімінің бастығы Арынғазиев, ол тікелей Қожановтан алған тапсырма бойынша байланыс желісінің бойында диверсия жасап, коммуникацияны күйретті. Кеңестік-сауда аппаратын таптық жат элементтермен ластауды жүзеге асырдық, мәселен, аудандық тұтынушылар одағын тонап, құртып жіберген Әлімбетов пен Мендіғаринді аудандық тұтынушылар одағына тағайындадық, Әлімбетов аудандық тұтынушылар одағын күйреткен Гавриловтың қылмысын біле тұра қолдады. Ұзақбай колхозында контрреволюциялық ұйымның мүшелері Қожановпен тікелей байланысты, Қарлыбаевтың басшылығымен контрреволюциялық әрекеттерді жүзеге асырған Әшіров, Асанов,

Шораевтар болды. Ұйым көтерілісшілер кадрларын даярлауды Келесте ғана емес, Түркістан, Арыс аудандарында жүргізді, Қожанов осы мақсатта Ұзақбай колхозынан туыстарын жіберді. Орынбаевтың тапсырмасы бойынша мақта егу жоспарын төмендетіп орындап, сол арқылы жоспардан тыс егіске және осы егістің өніміне екі есе ақы төлеуге қол жеткіздік. Бөкейхановтан алған нұсқау бойынша біз жүз пайыз өнуге кепілдік береміз деген желеумен мақтаны қолмен егу арқылы машинаға қарсы көңіл-күйді қалыптастырдық. Контрреволюциялық ұйымның мүшесі БК(б)П Сайрам аудандық комитетінің хатшысы ұлты өзбек Саипов екенін білемін, ол өзбек контрреволюциясының жетекшісі бұрынғы Өзбек КСР Халық Комиссарлары Кәрімовпен байланыста болған, бұл туралы маған Саиповтың өзі айтты деді.

Мен, Османов Сәдуақас тағы бір айтарым, контрреволюциялық ұйымның келесі мүшелері: Юсупназаров, Диваев, Унгибаев Хасен, Унгибаев Мелик, Қалмұхамедов Қадырбай, Ордабаев Аббас, Ордабаев Рамазан, Касимов Жанше, Әлімбаев Кәрім, Аралбаев, Байқайдаров, Рахымжанов, Сахизбаев, Сейдәли, Асхат, Исмаилов, Хасанбаев, Джахилдаев, Ордабаев, Асимов, Нұршанов, Садырмеков, Қырғызстаннан Тыныстанов, Аралбаев, Әдиев және Әлімбаев Асанбекті де білемін. Мен мұны олардың көпшілігімен жеке сөйлесулерден және ұйымның басқа мүшелерінің сөздерінен білемін деп бар саналы өмірін контрреволюциялық ұлтшыл ұйымның қызметімен байланыстырып жауап беруге, халық жауларын тек Қазақстан емес көршілес Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан территориясынан әшкерлеуге үлес қосуға мәжбүр болды [8, 88-102].

**Нәтижелер.** Османов Сәдуақас 1937 жылы 26 тамызда тұтқындалып, РСФСР Қылмыстық кодексінің 58, 2, 58, 7, 58, 8, 58, 11 тармақтары бойынша айып тағылып, 1937 жылы 21 қараша күні КСРО Жоғарғы Сотының әскери алқасының көшпелі отырысы, ату жазасына кесіп, 1938 жылы 21 ақпанда атылған.

Оңтүстік Қазақстан облысы БК(б)П Келес аудандық комитетінің хатшысы Османов Сәдуақастың 1937 жылы 26 тамызда қамауға алынғанға дейінгі ісін КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасы 1957 жылы 21 желтоқсанда қайта қарады. Әскери алқаның 1938 жылғы 21 ақпандағы С. Османовқа қатысты үкімі жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты жойылып, қылмыс құрамының жоқтығы үшін іс тоқтатылды [6, 11, п.].

Жұбайы Х.И. Османова менің күйеуім Османов Сәдуақас, 1919 жылдан партия мүшесі, 1937 жылы 26 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы БК(б)П Келес аудандық комитетінің бірінші хатшысы болып тұрған уақытта тұтқынға алынды. Менің күйеуіме қатысты істі КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасы 1957 жылы 21 желтоқсанда қарады. Нәтижесінде Әскери алқаның 1938 жылғы 21 ақпандағы С. Османовқа қатысты үкімі, жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты оның күші жойылып, қылмыс құрамының болмауына байланысты іс тоқтатылды. Күйеуім қайтыс болғаннан кейін ақталды. Осылайша, менің күйеуімнің кінәсіздігі дәлелденіп, 20 жыл бойы басымызға ауыр тиген халық жауының отбасы деген ұят дақ, отбасы мүшелерімізден алынуы үшін, ол Қазақстан Компартиясының қатарынан өзінің лайықты орнын алуы тиіс. Партиялық комиссиядан Османов Сәдуақасты қайтыс болғаннан кейін БК(б)П қатарына қалпына келтіруді сұраймын деп Алматы облыстық партия комитетінің партия комиссиясының төрағасына, Шымкент облыстық партия комитетінің партия комиссиясының төрағасы Б. Көлбаевке өтініш хаттар жазып, өтініші қанағаттандырылды [6, 15, п.].

Тергеу істерінде «ұлт қайраткерлері ұлтшыл-буржуазияшыл ұйымдар құрып, Кеңес өкіметіне қарсы күрес ұйымдастырды» деп, үзілді-кесілді айтылған. Алайда, іс жүзінде ондай ұйымдар болмағаны тексеру кезінде толық дәлелденді. Бұл жалған ұйымдар Қазақстандағы «ұлтшылдарды» жаппай жазалау үшін Кеңес өкіметіне ауадай қажет болды.

Қазақстандағы қуғын-сүргіндер елдің демографиясына, мәдениетіне, экономикасына және саяси өміріне әсер еткен терең және жан-жақты зардаптар қалдырды.

Міне, осы қайғылы оқиғалардың негізгі тұжырымдары:

#### 1. Адам шығыны

Ауқымды қуғын-сүргін жүздеген мың адамның өліміне және тұтқындалуына әкелді. Ұжымдастыру мен иеліктен айыру кезінде 1932-1933 жылдардағы ашаршылық салдарынан миллиондаған қазақтар қырылды. Сонымен қатар, 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін қазақ зиялылары мен саяси элитасының едәуір бөлігін жойды. «Тыңшылық» және «контрреволюциялық әрекеттер» үшін айыпталғандардың көпшілігі атылды немесе ГУЛАГ лагерлеріне жіберілді.

#### 2. Ұлттық интеллигенцияның жойылуы

Әсіресе, қуғын-сүргін қазақ зиялыларына жойқын әсер етті. Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин сияқты көрнекті мәдениет, ғылым және саяси қайраткерлер өлтірілді немесе тұтқындалды. Бұл ұзақ жылдар бойы қазақ тілі мен мәдениеті, ғылымының дамуының күрт құлдырауына әкелді.

#### 3. Демографиялық өзгерістер



Репрессиялар мен депортациялар Қазақстанның демографиялық құрамын түбегейлі өзгертті. 1940 жылдары елге тұтас халықтар, соның ішінде Еділ бойындағы немістер, шешендер, ингуштар, қырым татарлары, корейлер және басқа ұлттар жер аударылды. Бұл Қазақстанның көпұлттылығының артуына әкелді, бірақ жер аударылған халықтар тұрақты бақылауда және шектеулерде болды.

#### 4. Әлеуметтік және экономикалық тұрақсыздық

Қуғын-сүргін және күштеп ұжымдастыру Қазақстанның ауыл шаруашылығын күйретіп, 1930 жылдардағы елеулі экономикалық дағдарысқа әкелді. Ұжымдастыру қазақтардың дәстүрлі көшпелі тұрмысының бұзылуына әкеліп соқты, бұл әлеуметтік теңсіздікті күшейтіп, халықтың қалаларға қоныс аударуына әкелді.

#### 5. Психологиялық және мәдени жарақат

Жаппай қуғын-сүргін халықтың санасында терең психологиялық жаралар қалдырды. Көптеген отбасылар жақындарынан айырылды, биліктен қорқу және үнемі күдік күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналды. Бұл жарақаттар қоғамдық сана мен тұлғааралық қарым-қатынасқа әсер етіп, ұзақ уақыт бойы сақталды.

#### 6. Зардап шеккендерді оңалту және десталинизация

1953 жылы Сталин қайтыс болғаннан кейін репрессия құрбандарын ақтау процесі басталды, бірақ бұл келтірілген шығынның орнын толтыра алмады. Көптеген құрбандар қайтыс болғаннан кейін ғана ақталды, олардың отбасылары көптеген ондаған жылдар бойы қысым мен қорқынышта өмір сүрді.

#### 7. Есте сақтау және ұлттық бірегейлікке әсері

Посткеңестік кезеңде Қазақстанда қуғын-сүргін құрбандарын еске алу бойынша белсенді жұмыстар басталды. Мемориалдардың ашылуы, қуғын-сүргінге ұшырағандарды оңалту, сондай-ақ тарихшылардың зерттеулері Қазақстандықтарға трагедияның ауқымын түсінуге және оны болашақ ұрпақ үшін маңызды сабақ ретінде есте сақтауға көмектеседі. Бұл нәтижелер қазіргі қазақстандық қоғамға әсерін тигізуде, ал репрессияларды еске алу ұлттық тарихтың ажырамас бөлігі болып табылады.

Кеңес өкіметі кезеңінде саяси қуғын-сүргінге, адамдарға терроризм тақырыбын шынайы зерттеу мүмкіндігі ұсынылмады, өйткені бұл мәселені зерттеушілер үшін көптеген мұрағаттық материалдар қол жетімді болмады. Тек қазір біз сол кездегі шынайы тарихты сыни тұрғыдан зерттеуге және бағалауға, жалпы шығындарды, негізінен, адам шығынын есептеуге мүмкіндік алдық. Өйткені жаппай қуғын-сүргін жылдарында орын алған адам шығыны әлі нақтыланбаған.

Атақты Британдық зерттеуші Дж. Оруэлл тоталитаризмді сипаттай отырып, оның басты ерекшелігін атап өтті: «Тоталитаризм ой еркіндігіне бұрын-соңды елестете алмайтындай етіп қол сұғып алды... ол нақты не ойлау керектігін белгілейді; адам қабылдауы керек идеология жасалады, олар оның эмоцияларын басқаруға және оған мінез-құлық тәсілін таңуға тырысады. Тоталитарлық мемлекет міндетті түрде өз субъектілерінің ойлары мен сезімдерін, кем дегенде, олардың әрекеттерін бақылайтындай тиімді басқаруға тырысады...». Бұл әрекеттерді бақылау, ой еркіндігі үшін, сезім үшін «Гомо советикус» Кеңес мемлекетінің репрессиялық механизмінің басты міндетіне айналды [9].

Кеңес мемлекеті құрылғаннан бастап 1953 жылға дейін КСРО-да қаза тапқандардың толық саны әлі нақты анықталған жоқ. «Мемориал» қоғамы оны 12 миллион деп атайды; Саяси Бюроның бұрынғы мүшесі Л. Яковлевтің комиссиясы 32 миллионды есептеді. Белгілі тарихшы Рой Медведевтің есептеулері бойынша олардың саны 40 миллионды құраса, жазушы А. Солженицын 55 миллионға жуық адамды болжайды [10; 9].

Репрессияның құрбандары Республиканың жетекші партиялық және кеңестік қызметкерлерінің барлығы дерлік болды. 1937-1938 жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған «ұлттық фашистер» деп аталатын істердің күзгері ретінде Н.И. Ежов және оның қарамағындағылар оларды жасау кезінде ерекше алаңдамады. 1931-1933 жылдары қазақ халқының жаппай қырылуына наразылық білдіріп, бір кездері Республиканың мүддесін қорғаған әр түрлі топтардың қатысушылары деп аталатындардың бұрыннан келе жатқан істері көтерілді. РСФСР ХБК төрағасының орынбасары Т. Рысқұлов, КСРО ВЦИК хатшысының орынбасары Н. Нурмаков, қазақ КСР ОСК төрағасы У. Құлымбетов және басқалар бастаған «Ұлтшыл-фашистер» Қазақстанды КСРО-дан бөліп, оны Жапонияның Протекторатына бергісі келді және олардың өздері «Жапон-неміс тыңшылары» деп айыптады [11].

1988 жылдан бастап Кеңес Одағында саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау процесі күшейе түсті. 1989 жылы 29 қаңтарда Мәскеуде «Мемориал» Бүкілодақтық тарихи-ағартушылық қоғамы құрылды. 1989 жылы 28 маусымда КОКП ОК Саяси Бюросының «30-40-шы және 50-ші жылдардың басындағы қуғын-сүргін құрбандарын еске алу туралы» қаулысы қабылданды [12].

1989 жылы 16 қаңтарда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «30-40 жылдар, 50-жылдардың басында орын алған қуғын-сүргін құрбандарына қатысты әділеттілікті қалпына келтіру жөніндегі

қосымша шаралар туралы» Жарлығы шықты [13]. РСФСР-дегі Жарлыққа сәйкес миллионға жуық қылмыстық іс қаралып, 1 073 750 адам ақталды.

1990 жылы 13 тамызда КСРО президенті М.С. Горбачев «20-50 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының құқықтарын қалпына келтіру туралы» Жарлыққа қол қойды [14].

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау туралы» 1993 жылы 19 қаңтарда қабылданған Заңынан кейін Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіндегі құжаттардың құпиясын жоюға айтарлықтай серпін берді [15].

Кеңес өкіметі әскери, дипломатиялық, табиғи ресурстар мен құпия жеке мәліметтері бар құжаттарды құпиясыздандыру мерзімін 50 немесе 75 жылға белгіледі. Бұл мәселені орыс ғалымы А.В. Ельпатовскийдің бұл шектеу ерте қайтыс болған азаматтарға қатысты құжаттарға қолданылмауы керек деген ұсынысымен келісе аламыз, өйткені 75 жас-бұл Адамның орташа өмір сүру жасынан бастап алынған кезең. Азаматтардың жеке өмірі туралы ақпаратты қамтитын құжаттарға 75 жыл мерзімге шектеу тиімсіз, бұл белгілі бір адамның тарихын зерттеуді қиындатып қана қоймайды, сонымен қатар құнды тарихи дереккөздерді құнсыздандырады [16].

90-шы жылдардың бірінші және екінші жартысының басында қазақстандық зерттеушілердің тоталитарлық режимдегі қуғын-сүргінге байланысты проблемалары белгілі бір дәрежеде ашылған жаңа еңбектері пайда болды. Олардың қатарында М. Қозыбаев, Қ. Нұрпейісов, В. П. Осипов, Қ. Алдажұманов, Н. Әмірқұлов, Т. Омарбеков, Қ. Әбуев, демограф М. Тәтимовтың жаңа еңбектері бар [17].

Ж.Б. Абылхожин «Қазақстанның ұлттық либералды интеллигенциясының түсі физикалық тұрғыдан жойылды. Соттан тыс талқылаудан кейін бірден А. Ғаббасов, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, М. Тынышпаев, Ж. Ақпаев, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов және басқалары атылды деп жазды [18].

**Қорытынды.** Қазақстандағы қуғын-сүргінді зерттеу мұрағаттық деректерді, куәгерлердің естеліктерін және жәбірленушілердің өмірбаяндарын пайдалануды қамтиды, бұл қудалаудың ауқымы мен сипатын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл олардың қазақ қоғамының, мәдениеті мен ұлттық бірегейлігінің одан әрі дамуына әсерін түсіну үшін маңызды.

Қуғын-сүргін тақырыбы қазіргі Қазақстан үшін маңызды болып қала береді, өйткені осы қайғылы оқиғалардың құрбандарын еске алу тарихи шындықты сақтауға және болашақта осындай қайғылы оқиғалардың алдын алуға ықпал етеді.

Айта кету керек, билік басында отырған ұлт қайраткерлерінің басым көпшілігі сияқты Османов Сәдуақаста кезінде Кеңес өкіметін мойындап, өз еліне аянбай қызмет етті.

Қазақстандағы саяси қуғын-сүргінге байланысты айтар болсақ, қазақтар бір-бірін ұстап берді, бір-бірінің үстінен арыз жазды деген пікір бар екені рас. Бірлі-жарым фактілердің болуы мүмкін. Ал оны жалпыұлттық көрініс ретінде көрсету, бағалау дұрыс емес.

«Халық жауы» деген атпен Кеңес үкіметінің белгілі қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар ұсталып, солардың қатарында түпкірдегі ауылдардан «Халық жаулары» табылып, ешбір тергеусіз, соттың шешімінсіз түрмеге қамалып жатты. «Халық жаулары» деп жала жабылған арыстардың есімін халқы өз жадында мәңгілік сақтап, олардың ел тәуелсіздігі жолындағы ерлігін ұмытқан емес.

Бүгінгі жастар қазақ жұрты бастан кешірген осы тарихи трагедияны кем біледі. Сол себепті осы бағытта зерттеу жұмыстарды тереңдете түсу қажет деп ойлаймыз.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Каппелер А. Россия - многонациональная империя. Возникновение. История. Распад. - Москва, 2000. - 342 с.

2 Тоғжанов Г. О Байтурсынове и байтурсыновицине. - Алматы-Москва, 1932. - 41 с.

3 «Алаш ісі» 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары. - Алматы, 2022. 1 т. - 730 б.

4 Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. -Алма-Ата, 1998. - 6 с.

5 Коэмец Е. Машина смерти: новые подробности / Е. Коэмец // Караван. - 2017. - 26 мая. - № 19.

6 Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының коммуналдық мемлекеттік архиві, 40-қор, 78-тізбе, 59-іс, 5-6 пп.

7 «Открытый список» - самая полная база данных жертв политических репрессий в СССР (1917-1991 гг.). Электронный ресурс <https://ru.openlist.wiki/>. Дата обращения. 01.08.2024.

8 Түркістандағы алаш қозғалысы. Құжаттар мен мақалалар жинағы. [Жауапты редактор: т.ғ.д., профессор Тұрсын Хәзретәлі]. - Алматы, «Арыс» баспасы. 2022. - 248 б.

9 Дж. Оруэлл. «1984» и эссе разных лет. - Москва, 1989. - 245 с.

10 Самрат Ж. Үлкен террор / Ж. Самрат // «Егемен Қазақстан» газеті. - 2017. - 2 қазан.

11 М.К.Козыбаев *Totalitarian socialism: reality and consequences // Kazakhstan at the turn of the century: Thoughts and searches.* - Алматы, 2000. Том 2. - 49 с.

12 Постановление Политбюро ЦК КПСС «Об увековечении памяти жертв репрессий периода 30-40-х и начала 50-х годов» от 28 июня 1989 года. Электронный ресурс <https://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/67903>. Дата обращения.10.08.2024.

13 Указ Президиума Верховного Совета СССР «О дополнительных мерах по восстановлению справедливости в отношении жертв репрессий, имевших место в период 30-40-х годов и начала 50-х годов». 16 января 1989 г. Электронный ресурс [https://www.libussr.ru/doc\\_ussr/usr\\_15404.htm](https://www.libussr.ru/doc_ussr/usr_15404.htm). Дата обращения.10.08.2024.

14 Указ Президента СССР «О восстановлении прав всех жертв политических репрессий 20-50-х годов» № 556 13 августа 1990 г. Электронный ресурс <https://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/68188>. Дата обращения.10.08.2024.

15 Закон РК «О защите Государственных секретов» от 19 января 1993 г. Электронный ресурс [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1001661](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1001661). Дата обращения.10.08.2024.

16 Ельпатыевский А.В. О доступе к документам архивов. Отечественные архивы. -2006 г. №1. – С. 8-11.

17 Козыбаев М., Абылхожин Ж., Алдажуманов К. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. - Алма-Ата, 1992. - 35 с.

18 Абылхожин Ж.Б. Нарастание политических репрессий // История Казахстана и Центральной Азии. - Алматы, 2001. - 533 с.

#### References:

1 Kappeler A. *Russia is a multinational empire. Emergence. History. Decay.* - Moscow, 2000. - 342 s. (In Russian)

2 Tozhanov G. *O Baitursynov and Baitursynovshchina.* - Almaty-Moscow, 1932. - 41 s.

3 «Alash isi» 1920-1930. Documents and materials of artificial investigation conducted by OGPU. - Almaty, 2022. 1 vol. - 730 s.

4 *Political repressions in Kazakhstan in 1937–1938.* - Alma-Ata, 1998. - 6 s.

5 Koemets E. *Machine death: new details* / E. Koemets // *Caravan.* - 2017. - May 26. - No. 19. [in Russian].

6 *Communal state archive of social and political history of Turkestan region, fund 40, list 78, case 59, pp. 5-6.*

7 «Open list» - the most complete database of victims of political repressions in the USSR (1917-1991). *Ehlektronnyi resurs* <https://ru.openlist.wiki/>. Data obrashcheniya 01.08.2024.

8 *Alash movement in Turkestan. A collection of documents and articles.* [Responsible editor: Ph.D., Professor Tursyn Hazretali]. - Almaty, «Arys» publishing house. 2022. - 248 s.

9 J. Orwell. «1984» and essay different years. Moscow, 1989. - 245 s.

10 Samrat J. *Big terror* / Zh. Samrat // «Egemen Kazakhstan» newspaper. - 2017. - October 2.

11 М.К. Козыбаев *Totalitarian socialism: reality and consequences // Kazakhstan at the turn of the century: Thoughts and searches.* - Алматы, 2000. Volume 2. - 49 s.

12 Resolution of the Politburo of the Central Committee of the CPSU «On Perpetuation of the Memory of the Victims of Repression of the 30-40s and Early 50s» dated June 28, 1989. *Ehlektronnyi resurs* <https://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/67903>. Data obrashcheniya. 10.08.2024.

13 Decree of the Presidium of the Supreme Soviet of the USSR «On additional measures to restore justice to victims of repressions that took place in the 30-40s and early 50s». January 16, 1989. *Ehlektronnyi resurs* [https://www.libussr.ru/doc\\_ussr/usr\\_15404.htm](https://www.libussr.ru/doc_ussr/usr_15404.htm). Data obrashcheniya. 10.08.2024.

14 Decree of the President of the USSR «On the restoration of the rights of all victims of political repressions of the 20-50s» No. 556 of August 13, 1990. *Ehlektronnyi resurs* <https://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/68188>. Data obrashcheniya. 10.08.2024.

15 Law of the Republic of Kazakhstan «On the Protection of State Secrets» dated January 19, 1993. *Ehlektronnyi resurs* [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1001661](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1001661). Data obrashcheniya. 08.10.2024.

16 Elpatievsky A.V. *On access to archive documents. Domestic archives.* 2006. No. 1. pp. 8-11. [in Russian].

17 Козыбаев М., Абылхожин Ж., Алдажуманов К. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. - Алма-Ата, 1992. - 35 с.

18 Абылхожин Ж.Б. Increasing political repression // *History of Kazakhstan and Central Asia.* - Almaty, 2001. - 533 s.

Б.Ш. Шуришитбай\*<sup>1</sup>, Р.С. Чекетаева<sup>2</sup>, М.Ш. Тарлаубай<sup>3</sup>

<sup>1</sup>С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры,  
тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Өскемен қаласы

E-mail: [ms.beybitgul@mail.ru](mailto:ms.beybitgul@mail.ru)

<sup>2</sup>С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің сениор-лекторы,  
тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Өскемен қаласы

E-mail: [roza.cheketaeva@mail.ru](mailto:roza.cheketaeva@mail.ru)

<sup>3</sup>С.Аманжолов атындағы ШҚУ-нің «Алтайтану» ғылыми зерттеу орталығының директоры,  
PhD, Қазақстан, Өскемен қаласы

E-mail: [shurshitbai\\_maira@mail.ru](mailto:shurshitbai_maira@mail.ru)

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМНІҢ БИІК ҮЛГІСІ САНАЛАТЫН ҚОЖАН БАТЫР

### Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ-жоңғар соғысы кезеңіндегі Қожан батырдың ерлігі мен патриотизмін зерттей отырып, оның тарихи тұлғасын тереңінен ашу мақсат етілген. Қожан батырдың қазақ халқының тәуелсіздігі мен бостандығын қорғаудағы үлесі, сондай-ақ оның әскери тактикасы мен батырлар институтының қоғамдағы рөлі ерекше талқыланады. Батырдың тарихтағы орны мен қазақ патриотизмінің қалыптасуына қосқан үлесі қарастырылады.

Қожан батырдың тікелей ерлігімен қатар, оның отбасылық тарихы мен ата-бабаларының жауынгерлік дәстүрлері де маңызды орын алады. Мақалада Қожан батырдың әкесі Жұмық, атасы Байжігіт, сондай-ақ ұлдары Тілеумет, Қабаш, Есенқұл жайлы да мәліметтер келтіріледі. Бұл деректер батырлардың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан жауынгерлік және патриоттық рухын көрсетеді. Жауынгерлік ерліктері бүгінгі ұрпаққа патриотизмнің асқақ үлгісін ұсынады, ал олардың жауынгерлік құндылықтары қазақ қоғамындағы ерліктің, елдіктің және бірліктің негізі болып табылады.

Бұл зерттеу Қожан батырдың жеке тұлғасын ғана емес, қазақ қоғамының тарихи жауынгерлік дәстүрлерін, әскери ерлік пен ұлттық сананың қалыптасуын да назарға алады. Әсіресе, қазақ-жоңғар соғысы кезіндегі батырлардың рөлі мен елдің тәуелсіздігін қорғаудағы қажырлы күресі қазіргі ұрпақ үшін маңызды тарихи сабақ болып табылады.

**Кілт сөздер:** тұлғатану, шежіре, патриотизм, батыр, тәрбие, қазақ-жоңғар соғысы.

Шуришитбай Б.Ш.\*<sup>1</sup>, Чекетаева Р.С.<sup>2</sup>, Тарлаубай М.Ш.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Ассоциированный профессор Восточно-Казахстанского университета имени С.Аманжолова, кандидат исторических наук, Казахстан, г. Усть-Каменогорск.

E-mail: [ms.beybitgul@mail.ru](mailto:ms.beybitgul@mail.ru)

<sup>2</sup>Сениор-лектор Восточно-Казахстанского университета имени С. Аманжолова, кандидат исторических наук, Казахстан, г. Усть-Каменогорск.

E-mail: [roza.cheketaeva@mail.ru](mailto:roza.cheketaeva@mail.ru)

<sup>3</sup>Директор научно-исследовательского центра «Алтайтану» ВКУ имени С. Аманжолова, PhD  
Казахстан, Усть-Каменогорск.

E-mail: [shurshitbai\\_maira@mail.ru](mailto:shurshitbai_maira@mail.ru)

## КОЖАН БАТЫР-ВЫСОКИЙ ОБРАЗЕЦ КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА

### Аннотация

В статье исследуется героизм и патриотизм Кожан батыра в период казахско-жонгарской войны, с целью глубже раскрыть его историческую личность. Особое внимание уделяется его вкладу в защиту независимости и свободы казахского народа, а также его военной тактике и роли института батыров в обществе. Рассматривается место батыра в истории и его вклад в формирование казахского патриотизма.

Помимо непосредственного героизма Кожан батыра, важное место занимает история его семьи и боевые традиции его предков. В статье также приводятся сведения о его отце Жумыке, деде Байжигите, а

также сыновьях Тилеумете, Кабаше и Есенкуле. Эти данные показывают преемственность воинского и патриотического духа через поколения. Воинские подвиги этих батыров являются высокими примерами патриотизма для нынешнего поколения, а их военные ценности являются основой для героизма, народности и единства казахского общества.

Это исследование не только касается личной личности Кожан батыра, но и исторических воинских традиций казахского общества, военного героизма и формирования национального сознания. Особенно важным является вклад батыров во время казахско-жонгарской войны в защиту независимости страны, их стойкая борьба, которая сегодня служит важным историческим уроком для нынешнего поколения.

**Ключевые слова:** персонификация, летопись, патриотизм, воин, воспитание, казахско-джунгарская война.

*B.Sh.Shurshitbay\*<sup>1</sup> R.S. Cheketaeva<sup>2</sup>, M.Sh.Tarlaubay<sup>3</sup>.*

*<sup>1</sup>Associate professor of Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Candidate of Historical Sciences  
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. E-mail: [ms.beybitgul@mail.ru](mailto:ms.beybitgul@mail.ru)*

*<sup>2</sup>Senior lekturer of Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Candidate of Historical Sciences  
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. E-mail: [roza.cheketaeva@mail.ru](mailto:roza.cheketaeva@mail.ru)*

*<sup>3</sup>Director of the research center  
“Altaitanu” Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, PhD  
Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk. E-mail: [shurshitbai\\_maira@mail.ru](mailto:shurshitbai_maira@mail.ru)*

## KOZHAN BATYR IS A HIGH EXAMPLE OF KAZAKHSTANI PATRIOTISM

### *Abstract*

This article explores the heroism and patriotism of Koghan Batyr during the Kazakh-Jongar war, aiming to deeply uncover his historical persona. The article discusses his contribution to the defense of the independence and freedom of the Kazakh people, as well as his military tactics and the role of the institution of batyrs in society. It also examines his place in history and his contribution to the formation of Kazakh patriotism.

In addition to Koghan Batyr's direct heroism, the article highlights the history of his family and the martial traditions of his ancestors. It provides information about his father Zhumyk, grandfather Bayzhigit, and his sons Tileumet, Kabash, and Esenkul. These details demonstrate the continuity of the warrior and patriotic spirit across generations. The military feats of these batyrs serve as an exalted example of patriotism for the current generation, and their martial values are the foundation of heroism, nationhood, and unity in Kazakh society.

This study not only focuses on Koghan Batyr's individual personality, but also on the historical warrior traditions of Kazakh society, military heroism, and the formation of national consciousness. Of particular importance is the role of batyrs during the Kazakh-Jongar war in defending the country's independence, and their steadfast struggle, which serves as an important historical lesson for today's generation.

**Keywords:** personality, chronicle, patriotism, warrior, upbringing, kazakh-dzungarian war.

### **Кіріспе.**

Қазақстан тәуелсіздік ала сала бұрын айтуға, жазуға тыйым салынып келген көптеген тарихи-мәдени, әлеуметтік-саяси оқиғаларды қайта зерттеуге, ақ пен қарасын ашуға мүмкіндік алды. Халықаралық, мемлекеттік, өңірлік деңгейде өз тарихын, мәдениетін, ділін, дінін қайта жаңғырту мүмкіндігі туды. Бұрын көп уақыт айтылмай келген оқиғалар жөнінде зерттеуге, жазуға мүмкіндік туды.

Қазақстан тарихында батырлар мен тарихи тұлғалар халықтың өз елін, жерін қорғаудағы ұлы ерліктері мен қазыналы мұралары арқылы ерекше орын алады. Олардың жауынгерлік ерліктері, патриоттық рухы, ұлттық құндылықтарды сақтау жолындағы күрестері бүгінде қазақ халқына рухани азық беріп отыр. Осы батырлар қатарында Қожан батырдың есімі ерекше аталады. Қожан батыр — Қазақстан тарихындағы маңызды тұлға болып, өзінің ерлігімен, азаматтық ұстанымымен қазақ халқының патриотизмі мен ұлттық сана-сезімін нығайтуға зор үлес қосқан. Бұл мақалада Қожан батырдың өмірі, ерлік жолы және оның Қазақстандық патриотизмнің үлгісі ретінде тарихтағы орны қарастырылады.

### **Өзектілігі.**

Отан тарихының тұлғатану бағыты өзекті тақырыптың бірі болып табылатыны сөзсіз. Осыған байланысты, жеке тұлғаны жан-жақты зерттеу маңыздылығы бұрынғыдан арта түсті. Соңғы уақытта, «тарихи ғұмырнама», «тарихи тұлғатану», «биотарихнамалық жанр», «персоналды тарих» сияқты

терминдер ғылымтануда жиі қолданыла бастады. Аталған терминдер тарихнамадағы осыған дейін қалыптасқан салаларымен бірге, тұлғатану саласын жаңа көзқараспен қарастыруға мүмкіндік береді, сондықтан Қожан Жұмықұлының халқы үшін сіңірген еңбегі, батырлығы тақырыбы өзекті. «Қазақ патриотизмінің биік үлгісі саналатын Қожан батыр» тақырыбының өзектілігі жан-жақты айқындалады. Қожан батыр – қазақ халқының тарихында терең із қалдырған тұлға. Оның ержүректігі, күрескерлігі, ұлтжандылығы, еліне деген адалдығы бүгінгі ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

#### 1. Ұлттық тарихтың ұмытылмас беттерін жаңғырту

Батыр Қожан – қазақ жерін қорғап, сыртқы жауға қарсы күресіп, ұлт тәуелсіздігі үшін жанын пидаткен батырлардың бірі. Оның есімі ұлт тарихының бір бөлігі ретінде ұмытылмай, кейінгі ұрпаққа тарихи тағылым болып қалуы керек. Бұл тақырып қазақ халқының тарихи жадын жаңғыртып, ата-баба ерлігін дәріптеуді көздейді.

#### 2. Патриотизмнің тарихи және қазіргі маңыздылығы

Қожан батырдың ұлтжандылық, елге деген сүйіспеншілік, ұлттық құндылықтарды сақтау және қорғау – жас ұрпаққа үлгі боларлық ерекше қасиеттер. Бүгінгі таңда Қазақстанда ұлттық патриотизмді қалыптастыру және нығайту маңызды мәселе болып табылады. Қожан батырдың қайсарлығы отансүйгіштіктің қандай да бір сыртқы факторлар мен қиыншылықтарға қарсы тұрып, ұлттық бірлікті сақтаудың берік идеясы екенін көрсетеді.

#### 3. Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайлардың маңызы

Қожан батырдың ерлігі мен ұлтжандылығы қазіргі қазақ қоғамына өзекті. Бұл күндері ұлттық бірлікті, тәуелсіздікті, ұлттық бірегейлікті қастерлеу ерекше маңызға ие болуда. Көпэтносты Қазақстан қоғамында ұлттық патриотизмді тәрбиелеу, ұлттық бірлікті нығайту үшін Қожан батыр сынды тарихи тұлғалардың адамгершілігін ұлықтау қажет.

#### 4. Ұлттық құндылықтарды сақтау

Қожан батырдың тарихтағы орны мен ерлігі ұлттық құндылықтарды сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге зор ықпал етті. Тақырыптың маңыздылығы қоғамда ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді нығайтуға, Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуге бағытталған.

Сонымен қатар мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Біз үшін тәуелсіздік - ең қымбат құндылық. Батыр бабаларымыз сын сағатта әрдайым бір тудың астында жиналған» [1] екеніне тоқталды. Бұл тақырыпты жан-жақты және терең зерттеу ең алдымен тұлға өмірінің, Қожан Жұмықұлының батырлығының ашылмаған қырларын тану өткен тарихтан қорытынды жасап, бүгінгі өмірде ұтымды пайдалану ғана емес, ертеңгі ұрпаққа дұрыс жол сілтеу үшін қажет.

#### Материалдар және методология.

**Материалдар.** Ғылыми мақаланы жазуда ҚР Президенті Қ-Ж.Тоқаевтың халыққа жолдаулары, зерттеу тақырыбына қатысты отандық ғылыми зерттеу еңбектер мен мақалаларға талдау жасау жасалып, сілтемелер берілді. К.Мамыровтың «Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресі», «Қожан елінің тарихы мен шежіресі» жинағы пайдаланды.

#### Методология.

Зерттеу жұмысы көпжақтылы және кешенді әдістерді қолдануды талап етеді. Атап айтқанда: *Тарихи-аналитикалық әдіс:* Қожан батырдың өмірі мен ерлігін тарихи деректер мен құжаттар негізінде талдау. Бұл әдіс арқылы батырдың тарихи кезеңдегі орны мен әлеуметтік рөлін анықтауға болады. *Текстологиялық әдіс:* Қожан батыр туралы жазба деректерді (қазақ ауыз әдебиеті, тарихи жазбалар) талдау, мәтіндердегі патриоттық идеяларды анықтау. *Салыстырмалы әдіс:* Қожан батырдың бейнесін басқа батырлар мен тарихи тұлғалармен салыстыра отырып зерттеу. Бұл әдіс арқылы Қожан батырдың патриотизм үлгісін кеңірек түсінуге мүмкіндік береді. *Мифо-этнографиялық әдіс:* Қожан батырдың бейнесін қазақ халқының мифологиясы мен этнографиясы тұрғысынан қарастыру. Батыр туралы халық аузынан тараған аңыздар мен жырларды зерттеу. *Әлеуметтік-мәдени талдау:* Қожан батырдың қазақ қоғамында қалыптасқан қоғамдық санадағы орны мен оның ұлттық бірлік, тәуелсіздік идеяларына қосқан үлесін зерттеу. Сонымен қатар қазақ еліне танымал ғалым Сейдімбеков Ақселеу «Халықтың рухани әлеміне ден қойғанда, өткенін, бүгінін және болашағын біртұтас тарихи-мәдени процесс ретінде қарағанда ғана ғылыми шындықтың шоқтығына қол тигізуге болады» [2, 22 б] - деп, ескі әдістемемен жүру арқылы тарихи ақиқатты ашуға болмайтының ашып жазды. Мақалада қаралған мәселелерді ғылыми тұрғыдан бағалау үшін тарихи зерттеудің объективтілік, тарихилық, хронологиялық, аналитикалық талдау әдістемесі қолданылды. Сонымен қатар зерттеу барысында Отан тарихында жаңаша, тың көзқарастармен таңылған М.Қозыбаев, М.Қойгелдиев, Х.Әбжанов, З.Дүкенбаева, Б.Аяған т.б. ғалымдардың тұжырымдары басшылыққа алынды.

### **Бақылау және талқылау.**

Ең алдымен, тұлғалық ұғымы тарихи өлшем болып табылады. Яғни, тарихи тұрғыдан алғанда, елі мен халқы үшін үлкен тарихи мәні бар немесе аса маңызды тарихи оқиғаларда халық тағдырында ерекше орын алған тұлғаға халықтың өзі осындай баға берген. Қазақ тарихында, тарихи оқиғаларында ұлттық деңгейдегі ірі тарихи оқиғаларға қатысқан немесе осы тарихи оқиғалардың ұйымдастырушысы болған немесе ерлік көрсеткен азаматтар халықтың басты тұлғасына айналды. Қазақ елінің тағдыры мен тарихында, әр ғасырда қайсар да, қаһарман тарихи тұлғалардың талай ұл-қыздары дүниеге келген. Солардың арқасында қазақ жерінің бір бөлігі жау қолына өтпей, асыл тарихымыз бен намысымызды қолдан бермедік. Қазақ тарихында мәңгілік қалатын тұлғалар бар. Отандық тарихтағы бірегей тарихшы М.Қозыбаев былай дейді: «Тұлға – ол қандай қасиеттерімен елден ерек, жұрттан бөлек болуы керек? Тұлға – интеллект, ақыл, парасат иесі. Ол өткірлігімен, тапқырлығымен, көрегендігімен, қажымас күш-қуатымен, ақыл-парасатымен, басқаша айтқанда көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастырумен, ұлтжандылығымен ерекшеленген жан» [3].

Хангелді Әбжанов пен Гульмира Назарбаеваның бірлескен «Қазақстан: тарих тұлға теория» ғылыми зерттеулерінің ішінде көтерілген өзекті мәселелердің бірі тарихи тұлғалардың қалыптасуы үрдісі. Олардың теориялық пайымдауларында «Көзінің тірісінде аты аңызға айналған тұлғалар тарихта өте көп кездесе бермейді» деген ғылыми ойларын алға тартады [4]. Еліміздің тарихында әр кезеңде елі үшін ерлік жасаған батыр тұлғалар бар.

Қазақтардың елдігін қорғаған батырлар осы қоғамдық жіктің өкілдері өмір бойы әскери кәсіппен айналысқан адамдар болды [5, 12 б.]. Алаш жұрты небір қиын қыстау замандарды бастан кешіріп, талай жаугершілік кезеңде аттың жалы, түйенің қомында жүріп, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен Ертіс пен Еділ, Жайыққа дейінгі, Алтайдан бастап ұлан байтақ жерді қорғап, келер ұрпаққа аманат етті. Жері үшін атқа қонып, қолына қару ұстаған ата-бабаларымыздан мұраға қалған асқақтаған таулар, өзен-көлдер, сары дала, ормандар, айта берсе теңеуі жетпес ұлы даланың киелі мекені бізге аманат. Тарихтың тұңғығына енген, қойнауы тарихқа тұнып тұрған Шығыс Қазақстандағы Тарбағатай жері. Шетсіз де шексіз созылған қазақтың кең даласында Тарбағатай мен Зайсан аралығында жатқан сақтардан бері атамекен болып келе жатқан Шілікті жазығы. Осы жерді Байжігіттің Жұмығынан тарған Қожан ұрпақтары мекен етті. Қазіргі уақытта сол найманнан тарайтын Қожан ұрпақтарын қожалармен шатастырушылар саны артып келеді. Әсіресе шежіреден немесе тарихтан хабары жоқ азаматтардың ішінде өздерің сол Мұхаммед пайғамбар ұрпақтарының генеологиясына жататын қожаларға жатқызушылар бар. Шежірені басқаларға жеткізу, насихаттау жікшілдік пен рушылдықтың белгісі емес. Қазақ халқы «Жеті атасын білген ұл - жеті жұрттың қамын жер» дейді. Балаға жеті атасын үйрету – атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі. Баланы жастайынан әкесінің аға-інілерімен, құдаларымен, туған-туыстарымен, ата-бабаларымен, руларымен, ауылдастарымен таныстыруға ерекше мән беріледі. «Жеті атасын білмесең, сағыныш болар» дегендей, әрбір азамат жеті атасын білуі керек. Сонымен қоса «Жеті атасын білген – жеті жұрттың қамын ойлаған» - деген мәтел бар. Яғни мақалдың мағынасы: Бұл мақал қазақ халқында өте терең мәнге ие болған ұғым – жеті атаны білудің маңыздылығын білдіреді. Жеті атаға дейінгі туыстарын білудің өзегі қазақтың дәстүрлі мәдениетінде үлкен рөл атқарады. Әсіресе, бұл мақал адамның шығу тегін білу, туысқандарымен байланысын сақтау, және ата-бабасының мұрасын құрметтеу туралы айтады. Жеті ата қазақтың қоғамдық құрылымында және отбасы қатынастарында маңызды рөл атқарған. Қазақтар үшін әрбір адамның жеті атаға дейінгі туыстарын білуі – оның қоғамдағы орны мен жауапкершілігін түсінуіне көмектеседі. Бұл түсінік тек қана отбасы мүшелерінің арасындағы қатынасты білдірмей, жалпы қоғамдағы адамгершілік пен тәртіптің сақталуына да әсер етеді.

Жеті атаға дейінгі туыстарын білудің бір маңызды аспектісі – ар-намыс пен абыройды сақтау. Бұл тұрғыда, әрбір адам өзінің тегін білу арқылы өзіне қатысты моральдық және этикалық жауапкершілікті сезінеді. Жеті атадан арыға кету – туысқандық қатынастарды дұрыс басқару мен өзара сыйластықты қалыптастыруға негіз болады.

Қазақ халқында туысқандық байланыстар өте кең әрі нығайтылған. Біреудің жеті атаға дейінгі туыстарын білмеуі – қоғам ішінде оның тәртібі мен моральдық деңгейін сұраққа алуға әкелуі мүмкін. Осылайша, жеті ата туралы мақал қоғамның тұрақтылығы мен тәртібін сақтау үшін маңызды әрі өзекті екендігін көрсетеді.

Бұл мақал қазақ қоғамының тарихы мен мәдениетінде үлкен орын алады, өйткені ол тек адамға өз тегін білу ғана емес, сонымен қатар қоғам мен отбасы алдындағы жауапкершілікті сезінуге шақырады.

Жеті атаға құрмет көрсету – қазақ халқының ұлттық болмысын сақтау, әрі рухани құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үшін аса маңызды нәрсе.

«Жеті атасын білген ұл, жеті жұртқа жақсы әңгімелер» дегенді негізге алып, баласына жастайынан ата тарихын үйретіп, елінің тарихын білу дамиды деген сенім болған. Батылдық пен білім беру. ер-азаматтық патриотизм. Әкесі мен атасы балаға жеті атасының атын жатқа айтып, олардың ел үшін жасаған ерлігі мен адамгершілігі туралы әңгімелер айтты. Шежіре арқылы тарихи тұлғалар, олардың өмірі кейінгі ұрпаққа өнеге болатындығы барлығымызға хақ. Қожан Жұмықұлы найман тайпасынан. Қазақ халқының шежіре деректері бойынша наймандар орта жүзге кіреді. Қазақ халқының құрамындағы наймандардан терістаңбалы (кейде елата), сүгірші, төлегетай деген рулар бірлестіктері тарайды. Терістаңбалыдан – мәмбет, рысқұл тараса, сүгіршіден – балталы, бағаналы, ергенекті тарайды. Ал, төлегетайдан – қаракерей, мұрын, төртуыл, матай, аталық, садыр. Басқа деректерде наймандардан тоқпан, елата, өкіреш таратылады. Елатадан - келбұға мен кетбұға, өкірештен – төлегетай және сүгірші. Сүгіршіден – ергенекті, бағаналы, балталы, ергенектен - көкжарлы, сарыжомарт, бура рулары тарайды [6]. Бұл ежелгі тайпаның ұрпақтары Қазақстан тарихында, сондай-ақ оның этногенетикалық процестерінде үлкен рөл атқарды.

Қазақ халқын құраған тайпалардың ішінде ежелгі ірі түркі тайпаларының бірегейі наймандар жайлы кім қалам тартпады? Наймандардың тарихы, шежіресі, этимологиясы, батырлары т.б тақырыптар бүгінде өзінің өзектілігін жоймаған, кімді болмасын елең еткізеді. Жоңғарға қарсы күрескен батыр Қожан Жұмықұлынан тараған ұрпақтарды қожандар дейді. Найман тайпасынан Төлегетай-Қаракерей-Байторы-Мейрам-Байыс-Байжігіт-Жұмық-Қожан тарайды [7].

Бұл өмірде жарты әлемді уысына ұстаған небір хандар мен әмірлер, кара қылды қақ жарған шешен билер, көзсіз ерлікке барған ержүрек батырлар өтті. Қазақ қазақ болғалы сонау ерте заманнан бергі әлемде береке бірлігі жарасып, айрандай ұйыған небір бейбіт күндер мен соғыс өрті лаулап, жалыны шартарапты шарпыған сұрапыл - зұлмат жылдар да өткені белгілі. Бұндай күйді Қаракерей ішіндегі «Ұлыс бии» атанған Байжігіттің ұрпақтары да басынан өткерді. Қазақ тарихында бірнеше Байжігіт болған. Оның бірі Сіргелі тайпасынан шығады, екіншісі найман тайпасына жатады. Байыс атасынан ерте жасынан шешендік өнерден тәрбие алған Байжігіт 14 жасында би атанған. Ол Төртуыл руын билеп, ел арасында әділеттілігі мен парасаттылығы арқылы таңылып ұлыс бии деп атанған екен.

Байжігіт Сары үйсіннің қызына үйленіп, одан Жұмық, Мәмбет, Тоғас үш ұл тарап, үлкені Жұмық жаугершілік замандағы батырлық ерлігі бүгінгі күні талай тарихи романдарға арқау болған айтулы батырлардың бірі. Ал Жұмықтаң «Алты Жұмық» атанған ұлдары жеке жеке тарих беттерінде өшпестей із қалдырған тарихи тұлғалар. Қожан батырдың әкесі Жұмық батыр болса XVII-XIX ғасырларда өмір сүріп Жоңғар шапқыншылығы кезінде ерлік көрсетті. Қазақтар мен жоңғарлардың соғысы екі жүз жылдан астам уақытқа созылды, қантөгіске ұласқан аяусыз қақтығыстар екі жаққа да есепсіз қасірет әкелді. XVII-XVIII ғасырлардағы қалмақтармен соғыс қазақтар үшін жоңғар басқыншыларына қарсы – Отан соғысы еді.

Қабанбай батырдың өзі Жұмық батырдың немерелес інісі болған. Жұмық батыр әкесінен ерте айырылған Қабанбай батырды соғыс тәсілдеріне үйретуші, ақылшысы болған.

Ат үстінде найзаласудың қас шебері, әскери тәрбиеші сол әулеттің ішкі шаруашылығы мен сыртқы дипломатиялық жұмыстарын басқарған даңқты қолбасшы Қабанбайдың әкесі Қожағұлмен немерелес Жұмық батырдың төртінші ұлы Қожан бабамыз 1670 жылдары шамасында Маңырақ қойнауында дүниеге келеді [7, 60 б]. Оның балалық шағы еркелеп өсетін бейбіт заман емес, жоңғар деген жаумен соғысқан уақытқа тұспа-тұс келді. Бала кезінен аңшылыққа қызығушылық танытқан жас батырдың бұл дағдысының өзі әскери ұрыс-шайқастарға дайындық іспеттес еді. Өйткені аңшылыққа әкесі оны аңның азық пен терісі үшін емес, із кесу, барлау, қаумалауға үйрету мақсатында шығарды. Сұрапыл соғыс кезінде туған ұландардың өмірінде аң аулау әскери жаттығуға баулу болды. Сонымен бірге жастайынан батылдық әділігімен, шешендік іскерлігімен ел көзіне түсіп, әкесі одан көп үміт күтіп жан жақты баули бастайды. Қожан батырдың туып өскен мекені қойнауы Сауыр-Тарбағатай мен Маңырақ таулары, шығыстың алтын қақпасы киелі Шілікті өңірі еді. Алайда осы өңірді мекендеген Қожанның өмірі арпалыс кезең, жаугершілік заманға тура келді. Тарихта қазақ-жоңғар соғыстары немесе азаттық үшін жоңғар басқыншыларына қарсы күрес жылдары ойраттар қазақтарға тыныштық бермеді.

Ата бабадан мирас болып қалған киелі жерді анталаған Жоңғар шапқыншылығынан қорғау үшін тарихта белгілі жорықтар басталғанда әкесі Жұмық басшылығындағы Байжігіт қосынының құрамындағы ағаларымен бірге Қожан да бірнеше шайқастарға қатысып, ерлік көрсетіп көзге түсіп үлгерді [7, 61 б.]. Әкесі ұлының елден ерек іскерлігі мен батылдығына тәнті болып, ішкі шаруашылықты басқару мен



сыртқы дипломатиялық жұмыстарды ретке келтіруге жастайынан араластыра бастайды. 1715 жылы Тәуке хан қайтыс болып, әкесі Жұмық хан ордасына кеткен кезде, қырықтың қырқасына шыққан Қожанды қалдырады. Сауыр тауындағы Төржайлауда, Манжұр, Жоңғардың жергілікті билеушілерімен шекара мәселесі жөніндегі маңызды келісімді өткізуді сеніп тапсырады. Батыл да ақылды жауынгер Қожан есімі осыдан былай халық арасында кең тарады. Көп ұзамай оны билер мен батырлар да мойындап, сол жылғы келісім қазақ пайдасына шешіліп, іскерлігі арқылы көзге түскен ол Тәуке хан ордасының Шығыс бөлігіне хан кеңесшісі және Байжігіт қосынының бас тәрбиешісі болып бекітіледі [8].

Көшпенділерде отырықшы тұрмыс салты қалыптаспағандықтан, оларда қару-жарақ, сауыт-сайман жасайтын тұрақты шеберхана болмайды. Байжігіт жасақтарын жабдықтау үшін Қожан батыр аталас рулардағы ел ағаларымен кеңесіп, алыс жақыннан ұсталар алдырып, қарапайым қару-жарақ жасатса, сауыт-саймандарды үлкен қалалардан алдырады. Ауылдағы қолөнер шеберлерін ұйымдастырып, жасақтың киім-кешек жағын қамтамасыз етіп, ат – тұрмандарын дайындатады. К.Мамырұлының келтірген деректерінде Қожан батыр әр жолғы жорықтарда ақбоз атқа мініп, тоқал найзаны қолына алып, қосынның ең алдында жүріп, жекпе-жекке сұранып, жоңғар нояндарын бірінің артынан бірін, жер жастандырғаны туралы жазылады [9]. Күш қайратының мығымдығы мен тақымының мықтылығынан қарсыласын найзаға түйреп, атымен қоса омақастыра береді екен. Содан болар, ел аузында «Қожан болсаң - тақымың мықты» деген тәмсіл сөз қалған. Қазақ батырларының соғыста шайқасу тәсілдері айрықша болған, әр-түрлі соғыс тактикасын пайдаланған. «Үш тоғыс соғысы», «Қаша ұрыс салу», «Екі аша соғысы», «Жүре соғыс», «Жекпе-жек соғыс», «Үлкәр жәрік соғысы», «Ошақ соғысы», «Қоян-қолтық соғыс», «Ай қораланды соғыс», «Қоян қашты жасау», Шұбыртпалы соғыс», «Аламан соғыс», «Хилар соғысы», «Дода соғыс», «Күйрық жеу соғысы», «Ұры соғыс» тәсілдерін қолданған [10]. Батыр ұлдары мен бауырларына әр соғыстың тәсілін, үйретіп отырған жеңіске жету мен соғыс тактикасын басты әдісі ретінде тұтқиылдан шабуылға шығуға баса көңіл бөлінді. Жекелеген жүздіктер мен мыңдық жасақтардың қимылдары бір мақсатқа бағытталды.

Қазақ халқының ерлігіне сын болған қазақ-жоңғар соғыстарының ішіндегі атақты шайқастардың бірі, ең ірісі 1717/1718 жылы көктемде Аякөзде өтті. Қожан батыр 1718 жылы Аякөздегі шайқаста қоршауда қалып, асқан ерлік көрсетіп, ауыр жараланады. Алдыңғы шепте шайқасып атпен шауып келе жатқан Қожан батырдың сауытының оймақтай көзінен жоңғар садағының оғы дәл тиеді. Атынан ауып бара жатқан оны Саян батыр бауырымен бірге жоңғарлармен қылыштасып, қорғайды [8, 14 б.]. Қоршаудан алып шыққан соң Қабанбай батырдың қолында Қожан батыр соңғы демін үзген. Шайқасқа бірге қатысқан ағалары Сайболат пен Қараша туған жеріне әкеліп жерлейді.

Ұлы тұлғалардың өмірі мен өлімі жөнінде қашанда аңыз еріп жүрері белгілі. Екінші бір деректерде әкесі қарт Жұмық батыр және ағалары бастап қайыра соғыс салып, жау қоршауындағы қаңсырап жатқан Қожанды қоршауды бұзып алып шығады [5, 66 б.]. Көп өтпей ауыр жарақатынан Қожан батыр қайтыс болып, өз өсиеті бойынша бірнеше жүз шақырымдағы Маңырақ тауының терсікей бөктеріндегі «Қарақойындағы» ата қонысы, яғни өз қыстауына жерленеді.

Шығыстағы тағы да бір сұрапыл шайқасқа жиналып жатқан жас батыр Қаракерей Қабанбай басқа жақын туыстарымен келіп, қарт батыр Жұмыққа көңіл айтып құран бағыштап қайтады. Қожан Жұмықұлы тірісінде қазақтың шығыс қақпасын жар құлағы жастыққа тимей қорғаған тарихи тұлға. Қожан баба есімі ұрпақ санасында асқан ерлігі, сұңғыла көрегенділігімен сақталынып қалды.

Қожан Жұмықұлының Тілеумет, Қабаш, Есенқұл атты ұлдарының үшеуі де ел қамын жеген, өз өмірлерінен халықтың мүддесін жоғары қойған абзал батырлар болды. Олардан тараған ұл-қызда ата жолын жалғастырып, еліне қорған болған батырлар еді. Қазіргі айтып, жазып жүрген Қазақстандық патриотизмнің биік үлгісін солардан көруге болады.

Тілеумет Қожанұлы XVII ғасырдың соңында дүниеге келген. Оның жастық жағы Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға кезінде өтті. Шайқастардың бірінде жоңғардың Дойырқара Қандыжапты деген батырымен жекпе-жекке шығып, олар бір-бірін ала алмағанда Абылай сұлтан «Ей Бөрі батыр, атаң Жұмық, ақылың жуық, алыстырмай қалмақты алып жық», – деп айғай салады. Осы шайқастан соң күрескенде жауырыны жер иіскемеген балуан, қайсар батырды халық «Бөрі батыр» атаған [11].

Қабаш Қожанұлы Абылай ханның бас сарбаздарының бірі болған. Әкесі Қожан батыр ерлікпен қаза тапқаннан кейін жас батыр атасы Жұмық пен Қабанбай батырдан тәлім-тәрбие алып, қайың сауған кезінде талай қан майданға қатысты. Сонымен қатар Түркістанды азат етуге, кейін Бұхар мен Хиуа, Қытаймен болған шайқастарға қатысты. Бала кезден шешендігі бар Қабаш батырды Қабанбай қалмақтан елшілер келген кезде сөз қағыстырып, келіссөздер жүргізуге қатыстырып отырған.

Қожанның кенже ұлы Есенқұл батыр — қазақ халқының тарихында есімі өшпес орын алатын ұлы тұлға. Ол тек әскери қолбасшы ғана емес, сонымен қатар жоңғар тілін меңгерген аудармашы және дипломат ретінде де кеңінен танымал болды. Есенқұл батырдың бойындағы дара қасиеттері мен ерліктері оны өз заманындағы көрнекті тұлға етті. Ол Ташкентте діни білім алып, оқып, кейінгі өмірінде алған білімін елінің игілігіне жаратты.

Есенқұл батыр қазақ-жоңғар шайқастарына белсене қатысып, елін қорғаудағы қажырлы қызметі үшін қазақ жұртының қадірлі батырына айналды. Оның ең үлкен ерліктерінің бірі — Шорға шайқасындағы айрықша батырлығы. ШҚО Тарбағатай жерінде өткен 80 күндік осы шайқас тарихи маңыздылығымен дараланады. Есенқұл батырдың жау қолына ойсырата соққы беруі, оның жауынгерлік шеберлігі мен әскери тактикасын дәл көрсетті.

Есенқұл батыр Түркістан мен Сыр бойын жоңғарлардан тазарту үшін атасы Жұмықпен бірге қол бастап, сансыз шайқастарда ерлік көрсетті. Ең үлкен жеңістерінің бірі — жоңғар батыры Сүбешті жеңіп, үш жүзге танымал болған сәті еді. Оның бұл жеңісі қазақ халқына үлкен рухани күш беріп, халықтың батырлық рухын көтерді.

Тәуелсіздік кезеңінде қазақ халқының тарихында өзіндік із қалдырған тарихи тұлғалардың еңбегі қайта бағаланып, олардың есімі ұрпаққа насихатталып жатыр. Ұлттың мүддесі мен тарихи шындық тұрғысынан қарағанда, Есенқұл батыр мен оның жолын қуған басқа да тарихи тұлғалардың ерліктері әрдайым есте сақталуы тиіс. Тарихтың ақтаңдақ беттері ашылып, қазақ елінің өткенін құрметтеу, сол өткеннен тағылым алу — бүгінгі ұрпақтың міндеті. Есенқұл батырдың ерлігі мен қайсарлығы еліміздің тәуелсіздік жолындағы күресінің бір бөлшегі ретінде бағалануы керек.

Осыған орай, бүгінде еліміздің тарихында өзіндік терең із қалдырған тарихи тұлғаларға ұлттық мүдде тұрғысынан лайықты баға беру жолында көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, тарихымыздың ақтаңдақ беттері ашыла түсуде. Өйткені, тарихи тұлғаларға ұлттық көзқарас ұстану жас ұрпақтың бойында отаншылдық сезімді қалыптастыратыны белгілі. Сондықтанда ұрпақтары Қожан батырдың 350 жылдығын атап өтуге «Тұрақты кеңес», «Редакциялық алқа» құрылып, «Қожан - 350» игі шарасын атқаруға жүйелі жоспармен жұмыс жасап, нәтижесінде «Қожан елінің тарихы мен шежіресі» атты кітапты жазылып шықты [5, 7 б.]. Оны жазуда Шіліктіде өмір сүрген Қоңыр қажы еңбегінің маңызы зор болды. Қоңыр қажы 1908 жылы Меккеге барған, 1905 жылы Қазақстанның шежіре жазу қоғамына мүше болған. Қуғын-сүргін басталған кезде Қытайға өтіп кеткен. Оның еңбегі Жұмық руының шежіресі, соның ішінде Қожан руының шежіресін қағазға түсірген. Шежіре – өлкетану, елтану мектебі болып табылады. Жекелеген азаматтар шежіре жазу ата текті тарату деп қана түсінеді [13]. Ғылыми шежіре мазмұны ол тек ата-тегімізді таратумен ғана шектелмесе керек. Елінің тағдырын өзінің жеке басының мұратынан биік қойған, халқының тұтастығын, жерінің бүтіндігін ойлаған, салт дәстүрінің сақталуын мақсат еткен батырларымыз, ақын-жырауларымыз, ел ағалары мен көсемдеріміз, елдің сөзін сөйлеген билеріміз, шешендеріміз және тағы басқа ірі тұлғалардың тарихта алар орны ерекше, олардың ұрпақ үшін жасаған әрбір игі істері айтқан әрбір ұлағатты сөздері, өнегелі өмірлері осылардың барлығы аталған шежіре жинаққа толық кірді.

Қожан батырдың басты ерекшелігі — оның тек қана жауынгерлік шеберлігі емес, сондай-ақ халықтың бірлігі мен ұлтжандылықты сақтаудағы ықпалы. Ол өз кезіндегі саяси, әлеуметтік жағдайларды ескере отырып, қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптары мен ұлттық құндылықтарын сақтауды басты мақсат етіп қойды. Бұл оған өз жауынгерлерін тиімді басқаруға және халықты қорғау үшін қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік берді.

Қожан батырдың ұлттық патриотизмді насихаттаудағы рөлі ерекше. Оның әрекеттері қазақ халқының өз жеріне, мәдениеті мен дәстүріне деген сүйіспеншілігін оятты. Қожан батыр халықтың бірлігі мен тәуелсіздігі үшін күрескенде, ол әрқашан ұлттың болашағына деген сенімділік пен ұлттық рухты жоғары ұстады.

Қазақстандық патриотизмнің негізі — туған жерге, ұлттық мәдениетке, дәстүр мен тарихқа деген құрмет пен сүйіспеншілік. Қожан батырдың өмірі мен ерліктері осы патриотизмнің жарқын үлгісі ретінде тарихта қалды. Ол өз ұлтының құндылықтарын қорғай отырып, жастарға елге қызмет етудің нағыз үлгісін көрсетіп, ұлттық бірлікті нығайтуға ықпал етті.

Қожан батырдың мұрасы және қазіргі Қазақстандағы орны. Қожан батырдың тарихи мұрасы қазіргі Қазақстан қоғамында өзекті. Оның ерлігі мен тәуелсіздік жолындағы күресі бүгінгі күнде ұлттық бірлікті, патриотизмді қалыптастырудағы маңызды факторлардың бірі болып табылады. Қожан батырдың есімі қазақ халқының мәдени мұрасында, әдебиеті мен тарихында ерекше орын алады.

Қазақстанның қазіргі заманындағы патриотизмді қалыптастыруда Қожан батырдың рухани мұрасы үлкен маңызға ие. Оның дәлелі ретінде әлеуметтік желіде жарық көрген арнау өлеңді айтуға болады.

«Қожан батыр»

Тарихым шертіп сырлы домбырасын,  
Төгілтіп, тебірентіп бір ыңырансын.  
Тау-тасқа, кең далаға қайта оралып,  
Өткенді баян еткен жыр жырласын.

Кезсінші, Шығыс өлке атырабын,  
Аралап мың бұралған сай-саласын.  
Кешегі бабалардың ізін тауып,  
Рухын биіктерге аспандатсын.

Қомдатып желмаямен араласын,  
Тарихым тұнып тұрған санада шын.  
Жер жәнаты – Шығыстың аймағынан  
Елу елге азық болар сыр жинасын.

«Барқытбел» – қазақ аты қойған тауға,  
Мекен еді бұйырған Наймандарға.  
«Тарбұғасын» жеген тасқа басып,  
Аштықта болған пана қалмақтарға.

«Тасқа басқан тарбұға» етін жеген,  
«Тарбиған» ол бәлесі суыр екен.  
«Тай» деп «тау» орнына айтылғаннан,  
Ел ауызына «Тарбағатай» енген.

Тарбағатай қарт абыз бәрін бүккен,  
Шежіресін жинақтап, көптен күткен.  
Шын танып, құлақ сал деп әр уақытта,  
Менмұндалар қауымға өткен-кеткен.

Қойнауы Тарбағатай көпті көрген,  
Жалғасып Сауыр-Сайқан шеп түзеген,  
Олармен қатарласқан Маңырақта  
Сырға толы, қилы сан заман өткен.

Арасында олардың кең көсілген,  
Шіліктінің даласы көшін керген.  
Бұл өңірден Асан қайғы аттанарда,  
Қимастықтан шығармапты есінен.

Үш есікті қасиетті осы алқапты  
«Үш Қожан» қоныс етіп жайлапты.  
Көзіндей бабалардың асыл туған  
Мирас қып ұрпақтарға табыстапты.

Алыстан орағатып сөз айтайын,  
Қатысты осы жерге істің жайын.  
Атасы үш арыстың батыр өткен,  
Өңгімені солардан мен бастайын.

Қаракерей ішінде Байжігіттен

Жұмық батыр ерлікпен көзге түскен.  
Сол бабадан тараған “алты Жұмық”  
Бірі боп дүниеге Қожан келген.

Ақылшы боп алдында ағалары,  
Інілері одан қорған таба алады.  
Бесеуден ерек туған текті Қожан  
Әулеттің ортаншысы атанады.

Жұмықтың Қожан еді зор дінгегі,  
Жасынан дүйім жұрттың түскен көзі.  
Ер жетіп, әкесінен бата алып,  
Баршаға сая болған бәйтерегі.

Мың жеті жүз он бесінші жыл келді,  
Хан Тәуке қайтып, халық күңіренді.  
Хан кеңесі ордаға шақырылып,  
Қарт Жұмыққа кел деп хабар берілді.

Аманаттап тапсырды мал мен жанын,  
Шақырып ап Қожандай арыстанын.  
Түркістанға жол тарттым қарағым деп,  
Түсіндірді алдағы істің жайын.

Қаныққан соң шаруаның жай-күйімен,  
Әкесін аттандырды нөкерімен.  
Балғын шақтан алған оның тәлімі  
Қайрат беріп, ісінен анық көрінген.

Қырықтың қырқасына шыққан кезі  
Әулетін ер Жұмықтың топтап еді.  
Сауырдың Төржайлауын орда етіп,  
Қабылдаған манжурлық елшілерді.

Күн санап, өмір зырлап, өтіп бақты,  
Жан-жақтан хабар-ошар келіп жатты.  
Ордадан қайтып келген Жұмық абыз  
Қорғауға бұйрық алған Шығыс жақты.

Уақыттар неткен түрлі келіп жетті,  
Сілкіндіріп жер жүзін жоңғар кепті.  
Тосын жаудан халық жапа шегіп,  
Шегініп, Арқа жаққа ауып кетті.

Ер Жұмық іште қайнап ыза-кегі,  
Еріксіз елін алып, ол да көшті.  
Күндердің бір күнінде келер кезек  
Деп дайындығын бастап кетті.

Жаушы жетті жар салып соғыс жайын,  
Сәлемін әкеліпті Қабанбайдың.  
Олдағы бөтен емес өз туысы  
Немере інісі атаның Жұмықтайын.

Алладан тілегенім келді ме деп,  
Жинады жігіттерін төбеге кеп.  
Қабанбайдың айтқанын жеткізді ол  
Қырандарым, сендерге сенемін деп.

Ұлдары да шетінен көк бөрідей,  
Қиып түсер ақ алмастың жүзіндей.  
Шүйліккенде жауларына именбей,  
Тура ұшып, ендеп кірер жебедей.

Айтқан соң мән-жайды жаушы кетті,  
Жұмық та аттанатын күнді шешті.  
Кездеспек боп бойында Аягөздің  
Барлығы да бір ауыздан серттесті.

Тұсына Аягөздің кеп тоқтады,  
Аңғармақ боп, тарапқа көз тастады.  
Қабанбай інісінің жолын күтіп,  
Сол жерге уақытша тұрақтады.

Қылаң беріп, боз ала таң атқанда,  
Дүбірі қалың қолдың барланғанда,  
Басынан бір төбенің берді белгі,  
Келгенде жау жасағы жақын маңға.

Жұмық батыр жинады қолын жылдам,  
Шеп құрып, қарсы алуға белді буған.  
Қарсы жақтан көрінді жау қарасы  
Сол кезде құтырынып, аласұрған.

Қарсы беттен шығады жеке батыр,  
Өзінше боп, айғайды сап, ол да тұр.  
«Жекпе-жекке» шығатын кімің бар деп,  
Атымен арлы-берлі ойқастап жүр.

Ер Қожан да талай айқас көріп еді;  
Сан шайқаста Қожақұлмен болып еді.  
Қолына тоқал найза ұстаған ол  
Жекпе-жектің шынайы көрігі еді.

Жасынан бола білген шын серігі  
Астындағы ақ боз аты еді есті.  
Тұғырына қонғанда қырандайын  
Жұмық оны Қожақұлдай көруші еді.

Рұқсат бер, ата мен шығайын деп,  
Бұл жаудың сырын мен ұғайын деп,  
Тебініп ақ боз атын алға шықты  
Тұрғаным жоқ менің де бұғайын деп.

Бойында аққан қаны ер Жұмықтан,  
Батырлық та бойына ерте қонған,  
Тоқал найза қолына кетті ұстап,  
Бұзып-жарып шықты орта тұстан.

Атылды ақ боз аты сұр жебедей,  
Найзасы сүйірленген сүңгідей,  
Қаны қайнап, есіне елі түсіп,  
Атанып кетті Қожан еңгезердей.  
Авторы: Рауан Төлеуқанұлы [14]

Оның үлгісі жас ұрпаққа еліміздің тәуелсіздігі мен азаттығын қорғаудың маңыздылығын, ұлттың болашағы үшін еңбек етудің қажеттілігін ұғындырады. Бүгінде Қожан батырдың есімін ұлықтау, оның өмірі мен ерліктерін насихаттау еліміздің мәдени және рухани дамуына зор үлес қосып отыр.

### **Қорытынды.**

Қазақ тарихында орыны ерекше Аягөз шайқасы болған. Қазақ тарихындағы ең маңызды әскери оқиғалардың бірі.

Аягөз шайқасы жоңғарлардың қазақ жерін басып алуына қарсы ұйымдасқан отан соғысы аясында болды. Шайқасқа қатысқан қазақтарды Әбілқайыр, Қайыптармен бірге Қабанбай батыр және басқа да қазақ батырлары басқарды. Бұл шайқаста қазақ жасақтары жоңғар әскерімен соғысып, жеңілсе де қазақ жерінде тәуелсіздік үшін күресін жалғастырды. Осы шайқас нәтижесінде жоңғар әскерінің бір бөлігі жеңіліске ұшырай бастаған еді, қазақтар ерлік көрсетті, бірақ Әбілқайыр мен Қайыптың ауызбірлігі болмағандықтан сәтсіз аяқталды. Қол бастаған Қабанбай батырлармен бірге шайқасқан Қожан батыр осы шайқаста көз жұмды. Бұл оқиға қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің бір бөлігі. Тарихқа дұрыс баға бере алсақ, жас ұрпаққа ұлттың сүйдіреді, ұлтжанды қылып тәрбиелейді. XIX ғасырда халықтың қоғамдық-рухани өміріндегі әлеуметтік топтардың ішінде қоғамды ең қозғаушы күш болып есептелетін батырлар тарихтағы өзінің орынын да, қызметінде ешқашан жоғалтқан емес. Қожан Батыр - қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің биік тұлғасы, Оның ерлігі, әскери стратегиясы мен ұйымдастырушылық қабілеті, халықты біріктірудегі рөлі бүгінде Қазақстанның ұлттық тарихының маңызды бөлігін құрайды. Қожан батырдың өмірі мен мұрасы қазақ халқының еркіндік, тәуелсіздік үшін күресінің тамыры ретінде бүгінгі ұрпақ үшін үлкен тәрбиелік мәнге ие. Қожан Батыр – қазақ халқының ерлік дәстүрінің жарқын үлгісі, ұлттық патриотизмнің көрнекті өкілі. Оның өмірі мен күресі Қазақстанның тәуелсіздігі мен еркіндігі үшін болған тарихи оқиғалармен тығыз байланысты. Қожан Батырдың ұлт үшін жасаған ерліктері, елінің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын қорғаудағы еңбегі, жастарға ұлттық патриотизмді, Отанға деген сүйіспеншілікті, елдің мүддесі үшін күресуді үлгі етеді. Батырдың ел тарихындағы орны мен бейнесі бүгінгі ұрпаққа рухани күш беріп, қазақ халқының ұлттық сана-сезімін жаңғыртуда маңызды рөл атқарады.

Қожан Батырдың ерліктері мен батырлығы арқылы қазақ халқының тарихындағы қиын-қыстау кезеңдерде ұлттың бірлігі мен татулығын сақтау, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді құрметтеу, сондай-ақ болашақ ұрпаққа ата-бабаларының ерліктерін ұмыттырмау қажеттігі тағы да бір мәрте айқындалады. Оның өмірі мен күресі қазақстандық патриотизмнің биік үлгісі болып табылады, және бұл рухани мұра бүгінде де өзектілігін жоғалтпай, ұлттың тарихын терең түсінуге, ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған жұмыстарда маңыздылығын сақтап келеді.

Қожан Батырдың есімі қазақ халқының ерлік тарихында мәңгі қалатындығы, оның патриоттық іс-әрекеттері мен қайсарлық рухы Қазақстанның болашақ ұрпақтары үшін ұлттық сана мен құрметтің өлшемі болары сөзсіз. Қазақтың батырлық рухын паш еткен Қожан батырдың есімі ел жадында мәңгі сақталады.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Тоқаев Қ-Ж. Батыр бабаларымыз сын сағатта бір тудың астына жиналған. 05 маусым. - 2023. <https://www.akorda.kz/kz/prezident-kasym-zhomart-tokaev-tu-koteru-rasimine-katysty-55035>
2. Дүкенбаева З. XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы ұлт зиялылары: Оқу құралы. – Павлодар, 2007. – 245 б.
3. Қозыбаев М. Тұлғалар тұғыры. – Алматы: Қазақпарат. - 2009. – 540 б.
4. Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: Тарих. Тұлға. Теория. Алматы: 2004.-340 б.
5. Енсенов Қ. Батырлар институтының әскери жорықтардағы стратегиясы. «Тарих және тағылым: жаугершілік замандағы қазақ батырлары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. Өскемен, «Өрлеу» БАҰО» АҚ «Шығыс Қазақстан облысы бойынша ҚДИ» филиалы. - 2024. – 220 б.

6. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Найман. X т. - 3-кіт. - Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008. - 430 б.
7. Қожан елінің тарихы мен шежіресі. - Алматы: Керемет медиа, 2021. - 464 б.
8. Мамырұлы К. Жұмық батыр. Қарағанды: Қарағанды полиграфиясы, 2011. - 71 б.
9. Мамырұлы К. Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресі. - Алматы: Ғылым, 2000. - 264 б.
10. Қушқумбаев А.К. Военное дело казахов в XVII-XVIII веках. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2001. – С.96-97.
11. Мұқашұлы Т. Қожан. - Алматы: Керемет медиа, 2023. -113 б.
12. Назарбайұлы Б. Тепкі. - Алматы, 2021. - 240 б.
13. Бейсенбайұлы Ж.Қазақ шежіресі. - Алматы: Атамұра, 1991. - 160 б.
14. [https://vk.com/wall-88423803\\_432](https://vk.com/wall-88423803_432)
15. Қайырғалиева Г. Батырлар институтының қазақ мемлекеттілігін сақтаудағы қызметі // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. - II-бөлім. - №3. - 2015. - 24-29 бб.
16. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). - Алматы: Дәуір, 1996. -238 б.

#### References:

1. Тоқаев Қ-Ж. Батыр бабаларымыз сын сағатта бір тудің астына жиналған. 05 маусым. - 2023. <https://www.akorda.kz/kz/prezident-kasym-zhomart-tokayev-tu-koteru-rasimine-katysty-55035>
2. Дүкенбаева З. XX ғасырдың 20-40 жұлдарындағы ұлттың зиялылары: Оқу қуралы. – Павлодар, 2007. – 245 б.
3. Қоқыбаев М. Тұлғалар туғыры. – Алматы: ҚазАқпарат. - 2009. – 540 б.
4. Назарбаева Г., Абянов Н. Қаззақстан: Тарих. Тұлға. Теория. Алматы: 2004.-340 б.
5. Есеннов Қ. Батырлар институтының әскери жорықтардағы стратегиясы. «Тарих және тағлым: жаугершілік замандағы қазақ батырлары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. Өскемен, «Өрлеу» БАҰО» АҚ «Сығым Қаззақстан облысы бойынша КДИ» филиалы. - 2024. – 220 б.
6. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Найман. X т. - 3-кіт. - Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008. - 430 б.
7. Қоқан елінің тарихы мен шежіресі. - Алматы: Керемет медиа, 2021. - 464 б.
8. Мамырұлы К. Жұмық батыр. Қарағанды: Қарағанды полиграфиясы, 2011. - 71 б.
9. Мамырұлы К. Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресі. - Алматы: Ғылым, 2000. - 264 б.
10. Қушқумбаев А.К. Военное дело казахов в XVII-XVIII веках. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2001. – С.96-97.
11. Мұқашұлы Т. Қоқан. - Алматы: Керемет медиа, 2023. -113 б.
12. Назарбайұлы Б. Тепкі. - Алматы, 2021. - 240 б.
13. Бейсенбайұлы Ж.Қаззақ шежіресі. - Алматы: Атамұра, 1991. - 160 б.
14. [https://vk.com/wall-88423803\\_432](https://vk.com/wall-88423803_432)
15. Қайырғалиева Г. Батырлар институтының қазақ мемлекеттілігін сақтаудағы қызметі // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. - II-бөлім. - №3. - 2015. - 24-29 бб.
16. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). - Алматы: Дәуір, 1996. -238 б.

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ  
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ  
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS

ҒТАХР/ МРНТИ / IRSTI 11.25.67  
ӘӨЖ /УДК/ UDC 327; 339.9

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2024.83.4.030>

М.С. Сарыбаев\*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Әлем тарихы кафедрасының докторанты, Алматы, Қазақстан,  
E-mail: [sarybaev09@mail.ru](mailto:sarybaev09@mail.ru)

ҚЫТАЙДЫҢ АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ  
ЕЛДЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫ ЖОЮДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қытайдың Орталық Азия елдері арасындағы қақтығыстарды жою үшін қауіпсіздік шараларын қолданудың жолдары сипатталады.

Біріншіден, Орталық Азия елдеріндегі геосаяси жағдайлар тұтастай қарастырылып, Орталық Азиядағы Терроризм мен радикалдану аса қауіпті проблема екендігі қарастырылады.

Екіншіден, трансұлттық қылмыстың түрлері туралы оның ішінде есірткі саудасы мен қару және адамдардың заңсыз айналымдары сипатталады.

Үшіншіден, этникалық және діни қарама-қайшылықтардың болуы қарастырылады. Осы қарама-қайшылықтардың болуының салдарынан аймақ елдерінде билікке байланысты қақтығыстар жиі көрініс алып тұрады.

Басты қарастырылатын мәселе: Қытайдың Орталық Азия елдері арасында әскери қақтығыстардың алдын алудағы іс-әрекеттері мен рөлі.

Зерттеудің негізгі мақсаты-Қытай мен Орталық Азия аймағындағы елдердің қауіпсіздік саласындағы, соның ішінде қауіп-қатерлер контекстіндегі ынтымақтастықтың перспективаларын, факторлары мен себеп-салдарларын, проблемаларын талдау және сипаттау болып табылады.

Бұл мақаланың ғылыми жаңалығы- халықаралық қатынастарды талдау мен бағалаудың жаңа тұжырымдамалық тәсілдерін әзірлеуге мүмкіндік беретін қауіпсіздік саласындағы мемлекеттер мен өңірлердің өзара іс-қимылы туралы ғылыми білімді кеңейтуден тұрады.

Зерттеудің ғылыми-практикалық маңыздылығы ол Қытай мен Орталық Азия елдерінің қауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимылын қалыптастыру және дамыту бойынша практикалық ұсыныстарды әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

**Кілт сөздер:** қауіпсіздік, Орталық Азия, Қытай, терроризм, радикалдану, Ислам мемлекеті, ЕҚЫҰ, медиация, бітімгерлік миссиясы

Сарыбаев М. С. \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Докторант кафедрасы всемирной истории КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан,  
E-mail: [sarybaev09@mail.ru](mailto:sarybaev09@mail.ru)

РОЛЬ КИТАЯ В ЛИКВИДАЦИИ КОНФЛИКТОВ МЕЖДУ СТРАНАМИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ  
ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ РЕГИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Аннотация

В этой статье описывается, как Китай применяет меры безопасности для устранения конфликтов между странами Центральной Азии.

Во-первых, геополитические условия в странах Центральной Азии рассматриваются в целом, а Терроризм и радикализация в Центральной Азии являются особенно опасной проблемой.

Во-вторых, о видах транснациональной преступности, в том числе о торговле наркотиками и оружием, а также о незаконном обороте людей.



В-третьих, рассматривается наличие этнических и религиозных противоречий. Из-за наличия этих противоречий в странах региона часто проявляются конфликты, связанные с властью.

Главный вопрос: действия и роль Китая в предотвращении военных конфликтов между странами Центральной Азии.

Основной целью исследования является анализ и описание перспектив, факторов и причинно-следственных связей, проблем сотрудничества Китая и стран Центрально-Азиатского региона в области безопасности, в том числе в контексте угроз.

Научная новизна данной статьи заключается в расширении научных знаний о взаимодействии государств и регионов в области безопасности, что позволяет разработать новые концептуальные подходы к анализу и оценке международных отношений.

Научно-практическая значимость исследования заключается в том, что оно может быть использовано для выработки практических рекомендаций по формированию и развитию взаимодействия Китая и стран Центральной Азии в области безопасности.

**Ключевые слова:** безопасность, Центральная Азия, Китай, терроризм, радикализация, Исламское государство, ОБСЕ, медиация, миротворческая миссия

*M.S. Sarybayev\*<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Doctoral student of the Department of World History, Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: [sarybaev09@mail.ru](mailto:sarybaev09@mail.ru)*

## CHINA'S ROLE IN ELIMINATING CONFLICTS BETWEEN CENTRAL ASIAN COUNTRIES TO ENSURE REGIONAL SECURITY

### *Abstract*

This article describes how China applies security measures to resolve conflicts between Central Asian countries. First, the geopolitical conditions in Central Asian countries are considered in general, and Terrorism and radicalization in Central Asia are a particularly dangerous problem.

Secondly, about the types of transnational crime, including drug and arms trafficking, as well as human trafficking.

Thirdly, the presence of ethnic and religious contradictions is considered. Due to the presence of these contradictions, conflicts related to power often manifest themselves in the countries of the region.

The main issue is China's actions and role in preventing military conflicts between the countries of Central Asia.

The main purpose of the study is to analyze and describe the prospects, factors and causal relationships, problems of cooperation between China and the countries of the Central Asian region in the field of security, including in the context of threats.

The scientific novelty of this article lies in the expansion of scientific knowledge about the interaction of states and regions in the field of security, which allows us to develop new conceptual approaches to the analysis and assessment of international relations.

The scientific and practical significance of the study lies in the fact that it can be used to develop practical recommendations for the formation and development of cooperation between China and Central Asian countries in the field of security.

**Keywords:** security, Central Asia, China, terrorism, radicalization, Islamic State, OSCE, mediation, peacekeeping mission

**Кіріспе.** Орталық Азия өңіріндегі қауіпсіздік ахуалы мәселесі қазіргі заманғы геосаяси қауіпсіздік сын-қатерлері контекстінде өзекті және маңызды болып табылады. Өз кезегінде Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықты дамыту өңірдегі халықаралық саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Екінші жағынан, әлемде COVID-19 пандемиясы, Украинадағы соғыс, экологиялық қауіптердің күшеюі және киберқылмыстың дамуы салдарынан қалыптасқан жаңа геосаяси жағдай мемлекеттер мен аймақтар арасындағы қатынастардың өзгеруіне егжей-тегжейлі назар аударуды және осы мәселелерді егжей-тегжейлі зерттеуді талап етеді.

Осыған байланысты Орталық Азия мен Қытай арасындағы жаңа геосаяси жағдайдағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты зерттеу осы бағыттағы ынтымақтастықтың тенденциялары мен перспективаларын анықтау және талдау үшін маңызды. Сонымен қатар, Қытай мен Орталық Азия елдерінің

қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығын зерттеу аймақтағы геосаяси қатынастардың динамикасын сипаттау тұрғысынан маңызды.

Айта кету керек, Орталық Азия Шығыс және Батыс Азия, сондай-ақ Еуропа мен Азия арасындағы байланыс жолдарының қиылысында жаһандық аспектіге орналасқан. Бұл факторлар бұл аймақтың әлемнің көптеген елдері үшін стратегиялық маңызды болуына әкеледі.

*Негізгі ережелер.* Қазіргі таңда Орталық Азияның қауіпсіздік мәселесінде Қытайдың рөлі артып келе жатқандығы анық. Болашақта бұл мәселе Ресеймен қақтығысқа алып келуі ықтимал.

Алдағы онжылдықта Мәскеудің Орталық Азиядағы ықпалына қауіп төнуі мүмкін екендігін Вашингтон қаласындағы Кеннан институтының жаңа есебі дәлел бола алады.

Қытайдың қауіпсіздік саласындағы рөлінің күшейгеніне қарамастан Орталық Азиядағы мақсаттары бірдей екі ел: Пекин мен Мәскеу соңғы жылдары өзара әріптестікті арттырған болатын. Екі елде Ауғанстаннан келетін тұрақсыздықтың алдын алып, экстремизм мен терроризмді ауыздықтауға мүдделі.

Сондай-ақ, Орталық Азия елдеріндегі геосаяси жағдайды зерттеуде Э.Ғабдуллин, Д.Баярху, М.Рахимов [1;2;3] сияқты ғалымдар айналысқан, олар өздерінің ғылыми еңбектерінде Орталық Азия елдерінің қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығының негізгі ықтимал сценарийлерін баяндаған, бірақ маңызды нюанс мынада бұл тұжырымдамалар біршама ескіргенін ескере отырып, жазбалар 10 жылдан астам уақыт бұрын жарияланған. Алайда, бұл ғылыми жұмыстарды қолдану өте маңызды, өйткені оларды өңдеу осы мәселеге деген көзқарасты кеңейтуге мүмкіндік береді.

**Материалдар мен әдістер.** Бұл мақалада Орталық Азия мен Қытай елдері арасындағы ынтымақтастықтың әртүрлі аспектілерінің өзара байланысы мен өзара іс-қимылын қарастыруға мүмкіндік беретін жүйелі талдаудың әдіснамалық тәсілі қолданылды. Атап айтқанда, бұл тәсілді қолдану Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың жай-күйіне әсер ететін экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқа аспектілер сияқты әртүрлі факторларды талдауды қамтиды.

Ғылыми мақаланың мақсаттарына жету үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды:

Әдеби дереккөздерді талдау. Бұл тақырыпты зерттеу ғылыми дереккөздерді, монографияларды, мақалаларды, есептерді, құжаттарды зерттеу негізінде жүргізілді, бұл зерттелетін мәселенің жай-күйін тексеруге және зерттеудің теориялық негізін құруға мүмкіндік берді.

Сараптамалық бағалау. Бұл ғылыми жұмыста Орталық Азия мен Қытай арасындағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық деңгейіне қатысты нақты ақпарат алу, ынтымақтастықтың негізгі проблемалары мен перспективаларын анықтау мақсатында түрлі сарапшылардың бірқатар ұстанымдары мен болжамдары қаралды.

Мақалада тарих және гуманитарлық пәндердің әдістері кең қолданылды. Тұлғалардың есімдерін анықтауда статистикалық әдіске сүйендік. Моңғолия қазақтарынан шыққан көрнекті қоғам қайраткерлерінің ұлт тарихы үшін атқарған қызмет жолын айқындау үшін тарихи-салыстырмалы әдіс іске қосылды. Зерттеу барысында соңғы уақыттарда қалыптасып келе жатқан жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдары, жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан жазылған еңбектер басшылыққа алынды. Мәселе нақты тарихи қажеттілік, тарихи тағылым, тарихи процестің объективтілігі тұрғысынан қарастырылды.

### **Нәтиже және талқылау.**

Моңғолия қазақтарында ұзақ уақыт бойы айтарлықтай оқшауланған және дәстүрлі мәдениет пен тұрмыстың көптеген элементтерін сақтаған шаруашылықтың бастапқы формасы: жартылай көшпелі-жартылай отырықшы мал шаруашылығының үстемдігі байқалады. С.Е. Әжіғалидің пікірінше, "Батыс Моңғолия - бұл қазақтардың дәстүрлі мәдениеті кешенді түрде сақталған-мал шаруашылығынан, қоныстанудың өзіндік жүйесінен бастап, салттық өмірдің, халықтық білімнің көріністеріне дейінгі бірегей жерде өмір сүрді" [6]. Қобда қазақтары ұлттық мәдениет туындыларын атадан-балаға жеткізіп, салт дәстүрді берік ұстағандығымен ерекшеленеді.

Батыс Моңғолиядағы қазақ диаспорасының қоныстану аймағы-Баян-Өлгей және Қобда аймағы, сондай-ақ Орталық және Солтүстік Моңғолиядағы қазақтардың қоныстануының жекелеген пункттері мен аудандары-Ұланбатор қалалары [7]. Моңғол үкіметінің арнайы қаулысымен 1940 жылы тамызда Баян-Ольгия аймағы құрылды. Бастапқыда аймақ 10 ауданнан тұрды, 32 301 халқы бар [8].

Аймақ басшылары үшін жұмыстың басты бағыттарының бірі халық арасындағы сауатсыздықты жою болды. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын басты фактордың бірі – тіл» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай Моңғолия қазақтары XIX ғасырда «Сулы жезит», XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсыновтың «Арабша төте жазуын», 1930 жылдары «латин», 1940 жылдан «криллица» қазақ әріптерін пайдаланып сауатты көзі ашық болды. «Моңғол үкіметінің 1939 жылы 28-ақпан күнгі жиналысы және мемлекеттік кіші құрылтайдың 17-қаулысы бойынша Қобда аймағындағы қазақтардың білім, мәдениет ісін Қазақстанның жаңа латин жазуы арқылы жүргізу туралы шешім қабылдаған. Қазақтар бұдан бұрын араб жазуын пайдаланған» [9]. Ол кездегі бала оқытудың басты жүйесі-үйде оқыту болды. Сонымен қатар мектеп ашып, ауыл балаларын біріктіріп те оқытты.. Осының нәтижесінде хат танытын адамдар саны өсіп, халық сауатын ашуға көп пайдасы тиеді. «1929 жылы Бұғы бастауыш мектебінде 60, Ботағара хошууының Тұлбадағы бастауыш мектебінде 40-тай бала оқиды. 1930 жылы Қазақстаннан Шәріп Өтепов, Абай Қасымов, Бердіқожа, Қайырбай және Шәріп пен Абайдың зайыптары бірігіп алты адам келеді. Олар келісімен көптеген балаларды жинап, мектеп ашып, Қайырбай, Шәріп, Баймұқамет молла сабақ үйретеді. Осы жылдардан бастап, қазақ жастарын оқуға аттандыра бастайды» [10,206 б.] 1931 жылдардан қазақ тілінде айлық курстар, мектептер ашыла бастаған. «Мектеп саны жыл сайын өсіп отырды. 1941 жылы аймақ көлемінде 695 оқушысы бар 11 бастауыш мектеп жұмыс істеді. 1942 жылы аймақ орталығында мұғалімдер даярлайтын қысқа мерзімді курс ашылып, осы курсқа және келешек орта мектептерге мұғалімдер даярлау мақсатымен Қазақстаннан білікті мұғалімдер шақырылды. Қазақстандық мұғалімдер қазақ мектептерінде және театрда 1950 жылдың орта шебіне дейін қызмет атқарды»[1,189 б.] Қазір криллицаға негізделген қазақ және Моңғол жазуларын қоса, жеттік меңгереді. «Баян-Өлгей аймағында 40-тан астам орта және бастауыш мектептерде 1000-нан астам ұстаздар қызмет жасап, 24000-нан астам оқушыларға ұлттық-қазақ тілінде дәріс беріп оқу ағарту ісін жүргізіп ортыр»[11]. Бұл ұлттық тілді сақтап қалуға айрықша әсер ететіні белгілі.

Моңғолиядағы қазақтардың рухани жағдайына келсек ойландыратын мәселелер көп-ақ. Әрине қанша дегенмен Баян-Өлгейде қазақы рухани орта бар. Бірақ 30 мыңға жуық қазақ Баян-Өлгиден тысқары моңғолдық ортада өмір сүріп жатыр. Сөйте тұра Қобда аймағындағы қазақ тілінде білім беретін екі орта мектептен өзге қазақша білім беретін ешбір оқу орны жоқ.

1931-1940 жылдары Қобда аймағының құрамына кірген қазақтар моңғол тілінде іс қағаздарын жүргізуге мәжбүр болды. Қазақтардың 90%-ы моңғол тілін меңгермегенін ескерсек, бұл көптеген қиындықтар туғызды. Осыған байланысты қазақтар өздері тұратын аумақта Қазақ ұлттық әкімшілік орталығын құру туралы мәселені үнемі көтеріп отырды. Моңғол Халық Республикасының VII съезі жергілікті қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескере отырып, олардың талаптарын негізді деп танып, Қазақ автономиялық облысын құру туралы тарихи шешім қабылдады. Бұл шешім қазақ халқының әлеуметтік, мәдени, рухани дамуына оң әсерін тигізді.

Моңғолияға Қазақстаннан келген ағарту мамандары Абай Қасымов, Шәріп Өтепов, Алдаберген Мырзабеков, Төлеубай Қордабаев, Тілеуберді Сауранбаев және басқалар үлкен рөл атқарды. Олардың көмегімен бастауыш мектептер саны бір жыл ішінде 2-ден 11-ге дейін өсті. Бұл мектептерде 25 мұғалім 970 оқушыны оқытты. Мектепте оқыту толығымен қазақстандық бағдарламаға негізделген. Қазақстаннан келген мұғалімдер оқытқан қазақ жастары Ұланбатордың жоғары оқу орындарын бітіріп, Моңғолиядағы қазақ зиялыларының алғашқы толқынын қалыптастырды. Кейінірек олардың арасында көрнекті қоғам қайраткерлері, саясаткерлер, ғалымдар, инженерлер, дәрігерлер және т. б. болды.

Жалпы қазақтар сияқты Қобда қазағының мәдениетінің ең бір еңселі бөлігі – қол өнері. Бұл да қазақтың көшпенді шаруашылық салтына байланысты. Көшпенді өмірде үй-жай, шаршуашылыққа қажетті заттар, ер-тұрман, киім-кешек барлығы да қолдан жасалады және олар көшпенді өмір сұранысына сай келеді. Нағыз көшпенді өмірде отырықшылар үшін жасалған бұйымдар көшпенділер өміріне сай келмейді. Осы сұраныс қолөнердің көшпенді өмірге ықшам барлық түрін талап етеді. Ол қол өнердің темір ұсталығы, ағаш шеберлігі, тоқыма, сырыма, қаптама, саптама, терме, зерделік, құрақ құрау, түйін тую, ою ою, кию кию, түзеу, ырғылау, иіру сияқты түрлері. Мұнда аталған қол өнердің біраз түрімен Моңғолиядағы қазақтар әлі күнге айналысады.

Моңғолия қазақтары арасында сурып салма ақын, әншілерде аз болған жоқ. Ақын Қ.Тауданбек, Б.Төлебай, Б.Ақтан, күйші М.Бердібай, А.Исабай, С.Сағынған, сыбызғышы Ш.Құмақайлар XIX-XX ғасыр алмасу дәуірінде Қобда қазағының ішінде өмір сүріп сол халықтың жырын жырлаған жандар. Моңғолия қазақтарының жазба әдебиеті 1940 жылдан басталып, 1950 жылдары Б.Ақтан, М.Құрманқан, Ж.Арғынбай, С.Мағауия тағы басқа ақын жазушылар көш басы болса, 1960 жылдары Ж.Байыт, Қ.Шабдарбай, Б.Имашхан сияқты орта буын өкілдері жалғасып, 1970 жылдары Ж.Кәкей, Ш.Жәмліха, О.Солтақан тағы басқалар жазба әдебиетінің жаңа замандық озық үлгісін жасады. Ауыз және жазба әдебиетін зерттеуші ғалым Қ.Қабидаш, Ж.Қуанған, Ж.Қиналған сияқты ғалымдар шықты. 1955 жылы Баян-Өлгийде әдеби үйірме құрылып, 1968 жылы ол Моңғолия Жазушылар Одағының бөлімі болып, одан осы ұйым 1957 жылдан «Жаңа талап», 1970 жылдан «Шұғыла» атты көркем әдеби журналы шығарылды. Қазақ халқының ауыз әдебиетін жинақтап оларды жалпы Қазақ әдеби қорына қосу ісіне тіл білімінің докторы Қабидаш Қалиясқарұлы және Нұрлан Қабидашұлы, жазушы Қ.Соян елеулі еңбек етіп келеді.

Баян-Өлгей аймағының азаматтарын оқып сауuttандыру мақсатымен қазақ баспасының бөлімі орнауы қазақ тілінде газет шығаруға үлкен ықпалын тигізді. 1941 жылы 19-желтоқсанда қазақ тілінде тұңғыш газеті жергілікті газеті «Өркендеу» 500 данамен жарық көрді. 1942 жылдан «Үгітші» журналы және үгіт насихат парақтарын шығара бастаған. «1947 жылы қазақ баспа сөзі үшін елеулі екі бірдей оқиға болды. Осы жылы Улаанбаатар радиосынан аптасына бір рет қазақ тілінде радио хабар беретін болып, оның бас редакторына сол кезде Партияның жоғарғы мектебінде оқытушы қызметін атқаратын С.Қабышай тағайындалса, Улаанбаатар қаласында мемлекеттік баспаханасының жанында қазақ тілінде кітап, газет шығаратын бөлім орнады»[12,6 б.]. 1957 жылдан «Өркендеу» газетін «Жаңа Өмір» деген атпен шығарылып таратыла бастады. 2002 жылдан «Жаңа Дәуір» газеті деген атпен шыға бастады. Осы газеттің жанында 1944 жылы алғаш рет қазақ жазушыларының көркем әдебиет үйірмесі орнап жетекшісіне әйгілі ақын Ақтан Бабиұлы тағайындалды. 1956 жылдан «Жаңа талап» (1969 жылдан «Шұғыла» атанған) атты әдеби-көркем журналы шыға бастаған. 1965 жылы Баян-Өлгей қаласында Радио станциясы орнап, күн сайын бір сағат, қазақ тілінде хабар жүргізіп отырды. Бұл тұңғыш жергілікті радио станциясы еді. 2004 жылы Баян-Өлгий радиосы мен «Жаңа дәуір» газеті, «Шұғыла» журналы, ТВК-10 телевизиясы біріккен басшылыққа өтіп, «Ақпарат баспасөз орталығы» деген атпен жұмыстайтын шешім қабылданады. Моңғолия қазақтары Қазақстан, Шыңжаң телевизиясының қазақ тілінің арналарымен қатар халқаралық әр тілдегі теле арналарды қабылдайтын толық мүмкіндікке ие болды. 2008 жылы Моңғолияны Ұлттық телеарнасынан «ТВ толқын» атты тележурналын аптасына бір рет жарты сағат уақытымен тұрақты шығара бастады. 2012 жылдан бастап БҰҰ-ның ЮНЕСКО-ның қолдауымен жүргізілген жобаның нәтижесінде Моңғолдың Ұлттық телеарнасының екінші арнасы арқылы аз ұлт, өкілдерінің ана тілінде хабар жүргізіліп, Моңғолия қазақтарының рухани талабына сай ұлттық тілде әр жақты хабар, ақпарат қабылдау құқығын ие болып отыр.

1940 жылы ұлттық Баян-Өлгей аймағы орнаған кезден бастап аймақтық клубтың ірге тасы қаланып, осы клубтың алғашқы менгерушісі болып Ақтан Бабиұлы болды. 1956 жылы Баян-Өлгей аймағында музыкалы драма театры орнап қазақтың ұлт аспаптар оркестрі құрылуы ұлттық өнеріне ықпал көрсетті. Содан бастап ұлттық әнші, күйші, сыбызғышы, биші, маманды актер, музыканттардың бірнеше легі өсіп жетілді. Баян-Өлгей аймағының ұлттық Музыка Драма Театрі саханасынан Моңғолияның Халық артистері: Ж.Қибадолда, Ә.Қабылаш А.Моңғолхан, еңбек сіңірген артистері: Т.Дүйсенбі, Б.Қайжамал,



Ж.Қаду, Ж.Төлеуқан, Д.Құсайын сияқты өнер иелері қалыптасты. Аймақ театры Моңғолия, Қазақстан авторлары мен әлемнің классикалық көптеген драмаларын саханаға қойып ұлт өнерін дәріптеді. Моңғолия қазақтарының арасынан сазгер күйші Қабыкей Ақмерұлы, ақын Имашхан Байбатырұлы, сазгер Мұсайф Құсайынұлының жинақтап басқаруымен 400-ге жуық ән кірген «Моңғолия қазақтарының халық әндері» атты жинақ жырлыққа шықты. Қобда қазақтарының әндерінде қазақ халқының өмірі мен тұрмысына қатысты және ел-жеріне арнаған өлеңдер басты орында болды. Қазақтың халық әні де, сөзі Қобда бетіндегі қазақтар өмірін бейнелейтін өлең-жырдың негізгі тақырыбы, мұның өзі жалпы қазақтың рухани өмірінен қол үзбегеннің белгісі. Шет жердегі қазақ ұлты өзінің ана тілін, мәдениет пен өнерін қастерлеген халық.

Моңғолиядағы жүргізілген социалистік эксперимент тек экономикаға ғана емес, қазақ диаспорасының рухани өміріне де әсер етті. 1920 жылдардың аяғынан бастап халықтың сауатсыздығын жою саясаты жүргізіле бастады. Қазақ әліпбиінің өзгеруіне байланысты бұл мәселеде белгілі бір қиындықтар болды. 1940 жылдарға қарай қазақтар латын әліпбиін игерді, ал 1950 жылдарға қарай толығымен кириллицаға көшті.

Алайда 1960 жылдардан бастап мемлекеттік орындарға тек моңғолдарды тағайындау туралы шешім қабылды үкімет тарапынан. Қазақ диаспорасына қатысты қатаң саясаттың тағы бір бағыты Қазақстанның қазақ ортасындағы мәдени ықпалына жол бермеу болды. Бұл Моңғолияға мәдениет күндерін өткізу үшін келген Қазақстанның мәдениет және өнер қайраткерлерінің өкілдері қазақ ортасына жіберілмегендіктен, қазақстандық кинематографистер мен суретшілердің туындылары халыққа көрсетілмегендіктен, Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқыған қазақ жастарының саны шектелгендіктен, қазақстандық оқулықтардың, кітаптардың, газеттердің, журналдардың түсуі азайғандығынан көрінді.

XX ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап қазақтар Баян-Өлгей аймағынан Моңғолияның басқа аймақтарына жұмыс іздеп немесе жоғары оқу орындарын бөлу бойынша белсенді қоныс аударды, бұған дейін іс жүзінде қазақ халқы болмаған. Осылайша, Ұланбаторда қазақтар 1927 жылдан бері тұрып келеді, 1989 жылғы санақ бойынша моңғолдар басым болған аймақтарда 37 750 қазақ таныстырылды, сондықтан қазақтардың балалары ана тілін ұмытып, моңғол тілінде оқытатын мектептерде оқуға мәжбүр болды [13]. 1978 жылы қазақ мектептері аралас оқыту жүйесіне ауыстырылды, нәтижесінде қазақ тілі мен әдебиетін оқуға арналған Сағаттар 50-60%-ға қысқарды, ал жоғары сыныптарда бұл пәндер мүлдем жойылды. КСРО-ны қамтыған жүйелі әлеуметтік-саяси және экономикалық дағдарыс моңғол қоғамына да үлкен әсер етті.

1990 жылы Моңғолияда болған бейбіт демократиялық революциядан, КСРО мен социалистік лагерьдің ыдырауынан кейін моңғол экономикасы күйреу шегіне жетті. 1980 жылдардың аяғында Баян-Ольгия аймағының әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму проблемалары, қазақтар арасындағы эмиграциялық көңіл-күйдің өсуі Моңғолия билігі ретінде хабардар болды. 1989 жылы Моңғолияда ресми мәліметтерге сәйкес 26 мың адам жұмыссыз болды, бірақ әрбір үшінші жұмыссыз Баян-Өлгей аймағында тұрды [13].

Соған қарамастан, Моңғолияның қазақ диаспорасы ұлттық сана-сезімді, тілді, дәстүрді сақтай алды. 1992 жылы Бүкіл әлемдік қазақтар құрылтайында академик А.Хайдаров "Моңғолия қазақтары арасындағы қазақ тілі таза, таза күйінде сақталған" деген қорытындыға келді [8]. 1995 жылы З. Кинаятұлы "қазақ диаспорасы: мәселелері мен болашағы" симпозиумында сөйлеген сөзінде мынадай деректерді келтірді: "Моңғолияның 135 мың қазағының 2 230-ы жоғары білімді, 8 ғылым докторы, 39 ғылым кандидаты, 4 профессор, 16 Еңбек Ері, 4 Халық әртісі, 16 ұшқыш. Моңғолияда болған екі ұшқыштар қазақтар болды. Қазақтар арасында бір министр, үш депутат бар парламентте". 1950-1960 жылдары қазақ тілінде "Өркендеу" газеті (кейін "Жаңа өмір" деп өзгертілді), "Жаңа талап", "Шұғыла" журналдары және т. б. жарық көрді.

Қазақ этносының қалыптасуының тағы бір негізгі мәселесі-олардың білім деңгейі, ой-санасы, ақыл-парасатының дамуына байланысты болмақ. Егер қазақтар арасындағы білім саласындағы көрсеткіштер туралы айтатын болсақ, онда 1956-1989 жылдардағы Баян-Өлгий аймағы тұрғындарының жалпы білімі, мамандықты игеру, орта және жоғары білім алу деңгейі бойынша мәліметтерге келетін болсақ, аймақта әрбір он жыл сайын барлық деңгейдегі студенттердің саны артып, орта, арнаулы және жоғары білімі бар мамандардың үлесі өсіп отырған. 2000 жылғы халық санағы бойынша 7 жастан асқан қазақтардың саны 82452 адамды құраса сауаттылардың саны - 63 250 адам болып отыр. Оның ішінде бастауыш білім алушылардың саны - 24 564, 4-8 сыныпта оқитындардың саны - 18039, 9-10 сыныпта оқитындардың саны - 9800, техникалық білім алушылардың саны - 3573, орта кәсіптік білім алушылар саны - 4416, жоғары білім алушылар саны - 2858, мектепке дейінгі балалар саны - 19202 адам болған [14, 36 б.].

Жоғары білімі бар мамандардың 60%-ында Ресейдің жоғары оқу орындарының дипломдары болды. Мал дәрігерлерінің 90%-ы да аталмыш елдің тәжірибиесі мен білімін алды. Кейбір қазақтар Жапонияның, Англияның, Германияның, АҚШ-тың, Венгрияның, Кореяның, Вьетнамның, Қытайдың, Польшаның алдыңғы қатарлы, беделді университеттерін, институттары мен академияларын тәмамдаған. Олардың арасында ұшқыштар, офицерлер, инженерлер, дәрігерлер, ғалымдар да бар.

2001 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Е.А. Мәмбетқазиевтің жеке бастамасымен С.Аманжолова атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің филиалын Баян-Өлгий ауданында құру туралы шешім қабылдады. Қазақстан Республикасының Моңғолиядағы Елшілігінің, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының, Моңғолия Қазақ мәдени орталығының, Баян-Өлгий аймағы әкімдігінің көмегімен 1992–2013 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті есебінен жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне ұлты қазақ 8687 талапкер қабылданды [14, 48 б.]. Қорытындылай келе, Моңғолия жеріндегі қазақтардың өз тілін мен ұлттық мәдениетін сақтаумен қатар, ұлттың рухани өсуіне үлестерін қосып келеді.

Барлық қиындықтарға қарамастан, Моңғолияның қазақ халқы 1934–2010 жылдар аралығында тұрақты өсім көрсетті, бұдан төмендегідей қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар, қазақтардың тарихи Отанға қоныс аударуына байланысты 1990 жылдардың аяғынан бастап 2010 жылдарға дейін, әсіресе елдің ішкі өңірлерінде қазақтардың азаю үрдісі байқалады.

Моңғолияның білім беру жүйесінің дамуы және қазақ диаспорасының өмірі туралы айтатын болсақ қазақтар расынан оқыған білімді азаматтар өсіп шықты. Мәселен, Нұртай Капитан ұлы Уенч мектеп-интернатында орыс тілі мұғалімі болып, қанша қазақ балаларының орыс тілін меңгеруге өз үлесін қоса білді. Моңғолияның аға буынында орыс тілін меңгерген қазақ азаматтарының ішінде, бүгінгі күнге дейін "Вокзал", "Жарғы", "Капитан", "Зарница", "қырағы" және тағы басқа есімдер жиі кездеседі. Нұртай Капитан ұлы Мәскеу Жоғары шекара командалық училищесін бітіріп, Моңғолияның әскери бөлімінде шекара жасағында қызмет етті. Қазіргі уақытта Нұртай Капитан ұлы мектеп-интернаттың 7, 8, 9-сыныптарында орыс тілінен сабақ береді. 2006 оқу жылынан бастап Моңғолияда жетінші сыныптан бастап орыс тілін үйрену міндетті болды. Кейіннен мектеп-интернатта орыс тілі аптасына 2 сағат қана оқытылады, соңғы жылдары орыс тілінің беделі өскелең ұрпаққа айтарлықтай төмендеді. Моңғолия студенттерінің көпшілігі қазіргі кезеңде ағылшын тілін үйренуге ден қойып таңдайды, ал орыс тілі әлдеқайда аз қолданылады. Қазіргі уақытта Моңғолиядағы сауатсыздық көшпелі отбасылардан шыққан балаларға арналған маусымдық мектеп-интернаттардың құрылуының арқасында іс жүзінде жойылды 2003 жылы Моңғолиядағы қазақтар арасында әсіресе үлкен адамдарда сауатсыздық азайған. 2008 жылдың қыркүйегінен бастап Моңғолия он екі жылдық мектеп біліміне көшті (бұрын елде мектептерде он бір жылдық білім алған). Осыған байланысты бірінші сыныпқа тек алты жасқа толған балалар алынды. Сабақтың ұзақтығыда қысқартылып, бастауыш сыныптарда сабақтар ойын түрінде өтеді. Моңғолияның барлық қазақтары моңғол тілін жақсы меңгерген, еркін білумен қатар, қазақтар өз ана тілінде үлкен мән береді. 1990 жылдары университеттерде оқу тегін болды, бірақ 2008 жылдан бастап оқу ақысы төленді, бірақ жақсы оқитын студенттер үшін үлкен жеңілдіктер жасалынған.

Моңғолиядағы ең беделді мамандықтар: құрылысшылар, инженерлер, мұғалімдер. Адамзат тарихындағы мәдениеттер диалогы сөзсіз қажет, өйткені мәдениет бөлек дами алмайды, оны басқа мәдениеттер есебінен байыту керек, біздің моңғол-қазақ мәдениетімізге және оның бірегейлігін түсіну үшін диалог пен ынтымақтастық қажет. Мәдени мұраның міндеттері: жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру, өскелең ұрпақтың халықтарымыздың салт-дәстүрлері туралы білімдерін жетілдіру, отандық тарих пен мәдениетке деген қызығушылығын арттыру.

Бүгінгі таңда жастардың жоғары әлеуметтік белсенділігін, Отан мүддесі үшін жасампаз қызмет үшін оң құндылықтар мен аса маңызды қасиеттерге ие руханиятты дамыту, оның ұлттық мүдделерін қорғау, моңғол-қазақ мәдени мұрасын есте сақтау мәселесі бұрынғыдан да өзекті болып отыр. Моңғолияның әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруы, ең алдымен, білім беру мен мәдениет саласындағы мемлекеттің этникалық аздыққа қатысты халықаралық құқық негізінде мақсатты саясат жүргізуі қазақ диаспорасына белгілі бір әсерін тигізді.

### **Қорытынды.**

Шетелдердегі қазақ диаспорасының тарихына үнілсек, оның қалыптасуы көптеген себеп-салдардан туындаған ұзақ уақытқа созылған тарихи процесс. Моңғолиядағы қазақ диаспорасының да қалыптасуына көртеген тарихи себептер өз ықпалын тигізді. XIX ғасырда Алтай аймағындағы қазақтың абақ-керей рулары мал шаруашылығы және басқада себептерге байланысты қонысын жан-жаққа кеңейте түсуі,

халықтың шашырай қоныстануының басты себебі болды. Сол кезде қазақтың бір бөлігі Алтай тауының теріскей бетіне ірге теуіп, мұнда алғаш қазақтың абақ-керей рулары келіп қоныстанса, кейін найман, уақ, арғын, төре секілді рулардың қазақтарымен толығып, қазақ этносының қалыптасып дамуының кезеңіне жетті. Осылайша Моңғолия жерінде қазақ диаспорасы қалыптасты.

Жоғарыда атап өткендей, Моңғолия жерін мекендеген қазақтар сан алуан тарихи себептермен көптеген қиыншылықтарды басынан өткерседе, Алтай, Қобда беттеріне қоныстана бастаған қазақтар сол кезден бастап, бұл өңірдің жер-суына, ауа-райына, қоғамдық-саяси ортаға ата бабалары сияқты өздері де бейімделуімен қатар, қазақ ұлтының қасиеттерін сақтап, Моңғолияда өзіндік саяси беделді этнос ретінде танылды. Осында мекен еткен қазақ рулары өзара қоғамдық, биологиялық ерекшелік нәтижесінде қазақ этносының қауымдастығын қалыптастыра отырып, оны жалғастыра білді. Бұл тек қазақ этносының қалыптасып дамуы территориялық жағынан үлкен кеңістікте, уақыт тұрғысынан ғасырларға жалғасқан, қазақтың ішкі, сыртқы даму заңдылығының ықтималдығы, мүмкіндігі, қорларының нәтижесінің көрінісі болып табылады. Алтайдың осы бөлігінде болып өткен тарихи ірі оқиғалар да өз белгісін қалдырды, халық ғасырлар өтсе де туған тілін, салт-дәстүрін, мәдениетін барынша сақтаған.

Дүниеде қазақ деген ұлт біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт санасы, әдет ғұрпы барша қазаққа тән, оның ғажап рухани қазынасын да бөліп жаруға жатпайтын ортақ байлық. Моңғолияны мекендеген қазақ диаспорасы өзінің қазақ тегінің біртұтас бейнесін сақтап қалған этнос болып табылады. Ал, Моңғолия қазақтары қазақ тілін таза, байырғы қалпында сақтап, қатынас құралы етіп, өмірдің барлық деңгейінде пайдаланып отырғаны белгілі. Моңғолиядағы қазақтар қазақ этникалық тобын қалыптастырып, моңғол халқымен ассимиляцияға түспей, этноста тән белгілерді толығымен сақтап қалған. Қазақтың шағын бір бөлігінде ғана ұлттық қасиеттерінің байқалуы осының бір айқын айғағы. Талай ғасырлық табиғи қатал жағдайға байланысты шыныққан қазақ этносы қандай қиын тарихи кезеңде болмасын өзінің ұлттық кодын сақтап қалды. Қазақтардың мәдени және рухани өмірінің дамуы мен кейінгі ұрпақты болашағы үшін Моңғолиядағы қазақтар тарихи отанына орала бастады. Осылайша ХХІ ғасырдың көшіне генетикалық қорын сақтап, тіл, психология, рухани мәдениет – ұлттық жай-күй, шаруашылық, қоғамдық-тарихи біртұтас негізде бастау алған қазақ қауымдастығының ерекшеліктерімен дараланды.

Қазіргі заманда Моңғолия халыққа білім беру жүйесі мен мәдениет дамуының кең жолына түсті. Жоғардағы мәліметтерден қазақтардың білім саласында халықаралық байланыстар кеңейді, сонымен қатар қандастар арасында жоғарғы және орта білім алғандардың сандық үлесіде өсе түсті. Мұның өзі рухани өмірдің барлық құрылымдық бөлімдерінде, атап айтқанда әдебиет, театр, өнер, қазақтың ұлттық бейнелеу өнері және басқа салалардың дами бастағандығында байқауға болады. Қазақтардың дүние-жүзілік конгресі шет жерде мекендеген қазақтардың мәдени өміріндегі ірі оқиға болды, оған планетаның барлық түкпірлерінен белгілі жазушылар мен ақындар, суретшілер мен саясаткерлер, ғалымдар мен кәсіпкерлердің және басқада қандастарымыздың келуі халықтар арасындағы мәдени байланыстарға кең жол ашты.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. – Алматы: Ата жұрт, 2001. – 318 б.
- 2 Тәтімов М.Б. Қазақ әлемі. – Алматы: Атамұра, 1993. – 158 б.
- 3 Меңдіқұлова Г.М. Исторические судьбы казахско диаспоры: Происхождение и развитие. – Алматы: Ғылым, 1997. – 261 с.; Казахская диаспора: история и современность. – Алматы: Реис, 2006. – 343 с.
- 4 Байгабатова Н. Этнокультурная идентичность диаспоры: представления и практики (на примере казахов Монголии и Китая). – Талдықорған: ИП «Дизайн-ОТ», 2020. – 182 с.
- 5 Петер Финк *Historical Nomelands and Transnational Ties: the Case of the Mongolian Kazaks. Zeitschrift fur Ethnologie-2013. p. 195*
- 6 Ажигали С.Е. Казахстану стратегически важно сохранить присутствие казахской диаспоры в Монголии // Туған тіл. Еларалық қоғамдық-саяси, әдеби-ғылыми альманах. - 2012. - № 2 (17). - С.31-42.
- 7 Ажигали С.Е. Общие итоги комплексного этнокультурного исследования казахской диаспоры Центральной Азии (Монголия, Россия, Китай) //Казахская диаспора Центральной Азии: история - культура - памятники: Матер. Межд. науч. конф. - Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. - С. 14-28.
- 8 Козганбаева Г.Б. Моңғолиядағы қазақ диаспорасы: тарихы, бүгінгі мен ертеңі: Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. - Түркістан, 1999. - 198 б./132 б/.
- 9 Қинаятұлы З. «Жылаған жылдар шежіресі», Алматы, 1995. 112 б.

10. Мұхамедиұлы Х. «Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы мен дамуы», Алматы, 2000. 206 б.
11. Тәукейұлы С. «Ұлт мәдениетінің ұлағатты ордасы» Бес Боғда журналы, УБ.2011.- 10 б.
12. Зүлкафиль М. «Баян-Өлгий аймағының бұқаралық баспасөзі және оның көкейтесті мәселелері», Тарлан Тағзым журналы, №1, 6-б.
13. Балтабаева К.Н. Казахи Баян-Ольгийского аймака Монголии: историко-демографический срез: 1989-2010 гг. // Казахская диаспора Центральной Азии: история - культура - памятники: Материалы между.научно-прак. конф. - Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. - С. 79-89.
14. Моңғолия халық республикасының 1989 - жылғы халық санағының қорытындысы. Уланбатор, 1990. - 165 б.
15. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. - Алматы, 1989. - 3 том. - 450 б.
16. Қабьшұлы И. Моңғолия қазақтарының тарихы. - Баян-Өлгий, 1980. - 240 б.
17. Мамашев Т., Балгабаев С. Әлем қазақтары Астанада бас қосты. - Алматы: Дүниежүзілік қазақтар қауымдасстығы, 2006. – 127 б.

#### References:

1. Qinaiatuly Z. Moñgoliadaǵy qazaqtar. – Алматы: Ata jurt, 2001. – 318 b.
2. Tatumov M.B. Qazaq әlemi. – Алматы: Atamira, 1993. – 158 b.
3. Meñdikulova G.M. İstoricheskie südbı kazahsko diasporı: Proishojdenie i razvitie. – Алматы: Fylym, 1997. – 261 s.; Kazahskaia diaspora: istoria i sovremennost. – Алматы: Reis, 2006. – 343 s.
4. Baigabatova N. Etnokülturnaia identičnost diasporı: predstavlenia i praktiki (na primere kazahov Mongolii i Kitaia). – Taldykorgan: İP «Dizain-OT», 2020. – 182 s.
5. Peter Fink Historical Nomelands and Transnational Ties: the Case of the Mongolian Kazaks. Zeitschrift für Ethnologie-2013. r. 195
6. Ajigali S.E. Kazahstanu strategicheski vajno sohranit prisutstvie kazahskoi diasporı v Mongolii // Tuǵan tul. Elaralyq qoǵamdyk-saiasi, әdebi-ǵylymi әlmanah. - 2012. - № 2 (17). - S.31-42.
7. Ajigali S.E. Obşie itogi kompleksnogo etnokülturnogo issledovaniia kazahskoi diasporı Sentralnoi Azii (Mongolia, Rosia, Kitai) //Kazahskaia diaspora Sentralnoi Azii: istoria -kültura - pamätniki: Mater. Mejd. nauch. konf. - Алматы: «Eltanym baspasy», 2014. - S. 14-28.
8. Kozganbaeva G.B. Moñgoliadaǵy qazañ diasporasy: tarihy, bugını men erteñi: Tarih gilymdarynyñ kandidaty gilymi дәrejesin alu uşın daiyndalǵan disertasiyası. - Turkistan, 1999. - 198 b./132 b/.
9. Qinaiatuly Z. «Jylaǵan jyldar şejiresi», Алматы, 1995. 112 b.
10. Mūhamadiuly H. «Moñgoliadaǵy qazaq etnikalyq tobynyñ qalyptasuy men damuy», Алматы, 2000. 206 b.
11. Täukeiuly S. «Ült mädenietiniñ ülaǵatty ordasy» Bes Boǵda jurnalı, UB.2011.- 10 b.
12. Zülkafil M. «Baian-Ölgi aimaǵynyñ būqaralyq baspasözi jäne onyñ kökeitesti mäseleleri», Tarlan Taǵzym jurnalı, №1, 6-b.
13. Baltabaeva K.N. Kazahi Baian-Ölgiskogo aimaka Mongolii: istoriko-demograficheski srez: 1989-2010 gg. // Kazahskaia diaspora Sentralnoi Azii: istoria - kultura - pamätniki: Materialy mejdu.nauchno-prak. konf. - Алматы: «Eltanym baspasy», 2014. - S. 79-89.
14. Mañgolia halyq respublikasynyñ 1989 - jylǵy halyq sanaǵynyñ qorytyndysy. Ulanbator, 1990. - 165 b.
15. Mongolian information on the history of Kazakhstan.- Алматы, 1989.-3 Vol.- 450 P.
16. Kabyshuly I. History of the Kazakh people of Mongolia.- Bayan-Olgiy, 1980. -240 P.
17. Mamashev T., Balgabayev S. Kazakh people from over the world assembled in Astana. - Алматы: World Association of Kazakhs, 2006. - 127 P.

I.T. Shakirbaeva \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>PhD doctoral student at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<https://orcid.org/0000-0002-5937-749X>

E-mail: [indira.81-81@mail.ru](mailto:indira.81-81@mail.ru)

## KAZAKH BIYS AND RUSSIAN IMPERIALISM: EXPLORING THE INTERSECTION OF MERITOCRACY AND COLONIAL CONTROL

### Abstract

This article examines the transformation of the social role and status of biys in Kazakh society under the influence of Russian colonial policies in the 19th century. Traditionally, biys were highly respected figures within the kara suyek (black bone) social stratum, valued for their deep understanding of customary law (adat), wisdom, and the respect they commanded within their communities. Unlike the hereditary power structures of the Chingissids, biys derived their authority from personal merit and communal trust, embodying a form of leadership distinct from the lineage-based rule of the Kazakh aristocracy. Russian colonial policies, including the 1822 Statute on the Siberian Kirghiz and reforms of 1867-1868, aimed to integrate biys into a hierarchical colonial system, thus curtailing their authority and diminishing their traditional social rank. This study examines how these colonial interventions altered the status of biys, repositioning them from autonomous leaders to regulated officials within the Russian legal framework. Despite these changes, biys retained cultural influence, continuing to serve as informal leaders and custodians of Kazakh identity, thus embodying resilience in the face of colonial control. This research contributes to a nuanced understanding of how indigenous leadership roles were redefined under imperial rule while preserving significant elements of their traditional cultural standing.

**Keywords:** Kazakh society, biys, social role, rank, customary law, Russian colonialism, meritocratic leadership.

И.Т. Шакирбаева \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің PhD докторанты, Алматы, Қазақстан

<https://orcid.org/0000-0002-5937-749X>

E-mail: [indira.81-81@mail.ru](mailto:indira.81-81@mail.ru)

## ҚАЗАҚ БИЛЕРІ МЕН РЕСЕЙ ИМПЕРИАЛИЗМІ: МЕРИТОКРАТИЯ МЕН ОТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ТОҒЫСУЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

### Аңдатпа

Бұл мақалада XIX ғасырдағы Ресейдің отаршылдық саясатының ықпалымен қазақ қоғамындағы билердің әлеуметтік рөлі мен мәртебесінің өзгеруі қарастырылады. Дәстүр бойынша билер қазақ қоғамындағы қара сүйек әлеуметтік иерархиясында жоғары орынға ие болды, олар әдет-ғұрыпты терең білуімен, даналығымен және өз қауымында ерекше құрметімен бағаланды. Шыңғыс тұқымы негізінде билікке келу жолынан айырмашылығы, әдетте билердің өз қауымында билікке жетуі жеке беделі мен қоғамдық жалпы сенімге негізделген болатын. Бірақ Ресейдің отаршылдық саясаты, оның ішінде 1822 жылғы Сібір қазақтарының Жарғысы мен 1867-1868 жылдардағы реформалар билерді отаршылдық басқарудың иерархиялық жүйесіне енгізуге, сол арқылы олардың дәстүрлі билігі мен әлеуметтік жағдайын шектеуге тырысты. Бұл зерттеу отаршылдық шаралардың билердің мәртебесін қалай өзгерткенін, оларды автономиялық басшылардан бақылаудағы шенеуніктерге айналдырғанын зерттейді. Осыған қарамастан билер отаршылдық бақылауға қарсылықты бейнелейтін өз қауымының көшбасшылары мен қазақ идентикасының сақтаушысы рөлін атқара отырып, мәдени ықпалын жүргізіп отырды.

**Кілт сөздер:** қазақ қоғамы, билер, әлеуметтік рөл, мәртебе, әдет-ғұрып, Ресей отаршылдығы, меритократия.

И.Т. Шакирбаева \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>PhD докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

<https://orcid.org/0000-0002-5937-749X>

E-mail: [indira.81-81@mail.ru](mailto:indira.81-81@mail.ru)

## КАЗАХСКИЕ БИИ И РОССИЙСКИЙ ИМПЕРИАЛИЗМ: ИЗУЧЕНИЕ ПЕРЕСЕЧЕНИЯ МЕРИТОКРАТИИ И КОЛОНИАЛЬНОГО КОНТРОЛЯ

### Аннотация

Данная статья рассматривает трансформацию социальной роли и статуса биев в казахском обществе под влиянием российской колониальной политики в XIX веке. Традиционно бии занимали высокое положение в социальной иерархии кара суюк, ценимые за глубокие знания обычного права, мудрость и уважение, которым они пользовались среди своего социума. В отличие от наследственных структур власти чингизидов, авторитет биев основывался на личных заслугах и общественном доверии, что представляло собой уникальную модель лидерства, отличающуюся от правления, основанного на происхождении. Российская колониальная политика, включая Устав о сибирских киргизах 1822 года и реформы 1867-1868 годов, стремилась включить биев в иерархическую систему колониального управления, тем самым ограничив их традиционную власть и социальный статус. В данном исследовании рассматривается, как колониальные меры изменили статус биев, преобразовав их из автономных лидеров в контролируемых должностных лиц. Несмотря на это, бии сохранили культурное влияние, продолжая играть роль неофициальных лидеров и хранителей казахской идентичности, символизируя сопротивление колониальному контролю.

**Ключевые слова:** казахское общество, бии, социальная роль, статус, обычное право, российский колониализм, меритократия.

### Introduction

The institution of biys in traditional Kazakh society stands as a unique and enduring symbol of indigenous governance, justice, and cultural integrity. In Kazakh society, biys were not simply legal authorities but were esteemed figures who embodied the values, customs, and collective identity of their communities. Unlike the hereditary nobility of the aq suyek (white bone), whose rank and social influence stemmed from lineage, biys were part of the kara suyek (black bone), a class distinguished by personal merit rather than inheritance. The role of biys offered a distinctive model of leadership rooted in wisdom, oratory skill, knowledge of customary law (adat), and community respect. This meritocratic model not only provided stability in Kazakh society but also promoted a relatively egalitarian form of governance, as the selection of biys was based on demonstrated abilities rather than noble birth. Serving as judges, mediators, and advisors, biys were crucial to the social, legal, and political fabric of the Kazakh steppe.

The influence and social role of biys within Kazakh society was comprehensive and complex, shaping various aspects of communal life, dispute resolution, and clan relationships. This role is significant for understanding the decentralized, clan-based structure of Kazakh society, where biys functioned as both upholders of justice and respected community leaders. As custodians of adat, biys wielded substantial influence through their ability to mediate disputes, protect community interests, and maintain harmony within and between clans.

With the Russian Empire's expansion into the Kazakh steppe, the social and legal status of biys was transformed as colonial authorities sought to incorporate them into the imperial administration. The Statute on the Siberian Kirghiz (1822) marked the first major step in subordinating biys to a new, hierarchical legal system. According to Bezzikov, this statute restricted the biys' jurisdiction to minor civil cases and placed them under the authority of sultans, who were directly answerable to Russian officials. This restructuring altered the biys' traditional role, reducing their autonomy and aligning them more closely with Russian interests [1, p. 104].

The judicial reforms of 1867-1868 represented an even more significant shift, as Russian administrators introduced elected biys who were subject to confirmation by colonial officials. Virginia Martin explains that these reforms stripped biys of their grassroots legitimacy, transforming them into state-sanctioned agents who were constrained by colonial regulations [2, p. 91]. This change effectively subordinated biys to the Russian legal framework, reducing their role as autonomous community leaders and reshaping their influence within Kazakh society.

The central research problem of this study is the transformation of the biys' role, rank, and influence under Russian colonial rule. This investigation addresses the significant question: How did the social role and authority of biys in Kazakh society change under Russian colonial policies, and what impact did these changes have on Kazakh legal and cultural identity? This research question seeks to uncover the ways in which Russian colonialism altered the traditional functions and rank of biys, reshaping their status and influence within Kazakh society as the empire sought to impose a new legal order.

The biys, traditionally viewed as autonomous community leaders and respected arbiters of justice, experienced a transformation in their role that reflected the broader tensions between colonial authorities and indigenous governance structures. The shift in the biys' role—from esteemed community figures who embodied Kazakh customary law to colonial intermediaries operating under Russian regulation—provides a critical lens through which to examine the larger implications of colonial rule on Kazakh society. By focusing on the ways in which Russian reforms affected the social role, influence, and legal authority of biys, this study seeks to understand the adaptive responses of Kazakh society to external pressures.

This research contends that despite Russian attempts to integrate and regulate the role of biys within a hierarchical colonial structure, the meritocratic principles, communal respect, and cultural attachment that defined the biys in Kazakh society persisted throughout the colonial period. Although the biys' official capacity was diminished, they continued to serve as informal leaders, cultural custodians, and symbols of Kazakh resilience. The adaptability and enduring influence of the biys illustrate the depth of Kazakh society's attachment to the institution and underscore its importance as a legal, social, and cultural cornerstone.

By focusing on the rank and transformation of biys under colonial rule, this study contributes to the historiographical gap regarding indigenous governance systems that were neither fully assimilated nor entirely abolished by Russian authorities. Contemporary scholars such as Mazhitova [3] and Virginia Martin [2] emphasize that the role of biys represents an enduring legacy of Kazakh customary law, one that continued to shape social and legal interactions even as Russian reforms sought to limit their authority.

This research is significant for several reasons. First, it provides insight into the adaptability of Kazakh governance structures within an environment of external political control. The persistence of the influence of biys despite colonial pressures reflects a broader theme of resilience in Kazakh legal traditions, which were able to maintain elements of communal respect, fairness, and cultural identity. Second, this study contributes to the discourse on indigenous legal systems by illustrating how non-hereditary governance structures can function effectively in complex social environments. The biy institution's reliance on personal merit and community recognition rather than hereditary privilege highlights a model of leadership that challenged traditional social hierarchies, fostering a relatively egalitarian approach to justice within the *kara suyek* class.

### **Materials and methods**

This research examines the evolving role and social standing of biys within Kazakh society, especially focusing on how their influence was redefined under Russian colonial rule. Rather than focusing solely on the institution of biys, this study highlights the biys themselves—their social rank, authority, and impact within Kazakh communities. Traditionally, biys were highly esteemed figures who embodied Kazakh values, acting as community leaders, judges, and trusted mediators whose authority derived not from lineage but from personal merit, wisdom, and community respect. By analyzing the ways in which their role adapted and transformed under Russian influence, this research provides insight into the resilience of biys as an enduring social force within Kazakh society.

The study employs several research methods, examining both Kazakh and Russian sources to trace the evolution of the biy's role across different historical periods. Through historical analysis, the research explores the foundational aspects of the biys' authority, starting with significant documents like *Tauke Khan's Jetti Jargy* (Seven Charters). This legal code, established in the late 17th and early 18th centuries, formalized the role of biys, granting them official jurisdiction in legal matters and solidifying their position as arbiters of justice within the Kazakh clan structure. By situating the biys within this context, the study reveals how their role was integral to maintaining social cohesion and order in a decentralized, clan-based society. The analysis of *Jetti Jargy* provides a baseline for understanding the original social role and influence of biys in Kazakh society before the onset of Russian colonial transformations.

Archival research also plays a central role in this study. By examining documents from the Central State Archive of Kazakhstan and records from Russian colonial administrations, particularly those from the Orenburg Border Commission, the research explores the complex dynamics between Russian officials and local biys. These archival sources show how Russian administrators initially recognized the strategic influence of biys, seeing them

as valuable figures for maintaining order and authority within Kazakh communities. Reports from Russian officials detail the efforts to integrate biys into the colonial governance framework, revealing how their traditional authority was both utilized and curtailed.

### **Discussion**

The historical evolution of the biy institution and its significance within Kazakh society have been the subject of considerable academic exploration. Early foundational work was undertaken by S.L. Fuks, a pioneer in the history of Kazakh state and legal traditions. Fuks' approach is noteworthy for its methodical analysis of customary legal institutions in Kazakh society, often comparing them with similar institutions among other, non-nomadic societies. His work, based on extensive archival and pre-revolutionary sources, offers a distinctive "outsider's perspective." This detachment, while potentially limited by Fuks' lack of direct exposure to Kazakh society, also provides fresh insights into Kazakh customs and highlights innovative practices embedded within these legal traditions [4].

Legal anthropologist T.M. Kultelyev also made significant contributions to understanding Kazakh customary criminal law, describing the biy court as "feudal in substance, with patriarchal-feudal characteristics" [5]. Under his guidance, the publication of *Materials on Kazakh Customary Law* brought together pre-Soviet legal sources, providing invaluable context for the biy institution and indigenous legal frameworks in Kazakh society. This collection remains crucial for scholars studying Kazakh customary law and its foundational role in community governance.

Expanding on this groundwork, A.I. Orazbayeva explores the origins of the biy court, arguing that it developed over centuries as a central part of the Kazakh judicial system. She draws parallels between the Kazakh biy institution and judicial structures in ancient Turkic societies, particularly among the Uyghurs in the 8th century. However, Orazbayeva is cautious about attributing the origins of the biy court to even earlier eras, such as those of the Saks or Usuns, emphasizing that it is uniquely tied to Kazakh society. A recent contribution to this discourse is A.I. Orazbayeva's extensive analysis of the biy institution during the reign of Tauke Khan, who codified customary law and solidified the role of the biy as a judicial authority. Orazbayeva identifies this period as the institution's "golden age," reflecting a consolidation of nomadic legal principles that would persist through subsequent eras [6].

Following this line of inquiry, S.A. Orazbekova delves into the etymology of the term "biy," linking it to ancient Turkic titles like *bek* or *bey*, meaning "ruler" or "authority." This linguistic connection is supported by scholars such as Vambery, Radlov, and Valikhanov, who have examined similar titles in Turkic traditions. Orazbekova concludes that while the term has ancient roots, the specific role of the biy as a community judge in Kazakh society developed through distinct sociocultural activities [7].

Pochekaev traces the biy institution's historical development from its beginnings to its formal dissolution, suggesting that the Mongol court of tribal elders (*bek*) was an antecedent to the Kazakh biy court. Drawing on *The Secret History of the Mongols*, he argues that these early judges managed both legal interpretation and governance, roles that were later curtailed under Chinggis Khan's centralizing reforms. As Mongol influence waned, local customary practices, including the biy institution, re-emerged in successor states such as the Golden Horde [8].

A civilizational perspective on Kazakh legal evolution is offered by S.Z. Zimanov, who argues that Kazakh law predated both the formation of the Kazakh ethnic group and the Kazakh Khanate. Based on a wide range of pre-revolutionary sources, Zimanov contends that the biy court could only have developed within a nomadic civilization, yet he warns against isolating the nomadic legal practices from those of settled Kazakh communities. He describes the biy institution as a product of classic nomadic society, evolving through communal needs and practices [9].

Additionally, B.B. Khaydarov emphasizes the rigorous selection and mentorship process that young candidates underwent to become biys. Aspiring biys were trained by elders and tested on their language, reasoning skills, and understanding of Kazakh customs. This mentorship not only fostered legal knowledge but also embedded the biy institution in social legitimacy [10].

Contrasting views from scholars like K.A. Alimzhan argue that biy status was earned rather than inherited, based on community respect and demonstrated legal skill. Alimzhan's argument, supported by historians A.Kuzembaiuly and Ye. Abil, stresses the meritocratic nature of the biy institution, where recognition came from legal expertise and eloquence [11].

Exploring the sociopolitical dimensions, J.O. Artykbayev positions the biy institution within the broader tribal hierarchy, describing its essential role in maintaining order within Kazakh nomadic society. His analysis



